

"Өрт қауіпсіздігіне қойылатын жалпы талаптар" техникалық регламентін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 16 қаңтардағы N 14 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 5 желтоқсандағы № 809 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.12.2017 № 809 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

ҚР мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша 2014 жылғы 29 қыркүйектегі № 239-V ҚРЗ Заңына сәйкес ҚР Ішкі істер министрінің 2017 жылғы 23 маусымдағы № 439 бұйрығын қараңыз.

"Техникалық реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 қарашадағы Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған "Өрт қауіпсіздігіне қойылатын жалпы талаптар" техникалық регламенті бекітілсін.

2. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2009 жылғы 16 қаңтардағы

N 14 қаулысымен

бекітілген

"Өрт қауіпсіздігіне қойылатын жалпы талаптар" техникалық регламенті

1. Қолданылу саласы

1. Осы "Өрт қауіпсіздігіне қойылатын жалпы талаптар" техникалық регламенті (бұдан әрі - Техникалық регламент):

1) "Өрт қауіпсіздігі туралы" 1996 жылғы 22 қарашадағы, "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" 2001 жылғы 16 шілдедегі, "Техникалық реттеу туралы" 2004 жылғы 9 қарашадағы Қазақстан Республикасының заңдарын іске асыру;

2) азаматтар өмірі мен денсаулығын, жеке және заңды тұлғалардың мүлкін, сондай-ақ мемлекеттік мүлікті өрттен қорғау мақсатында қабылданды.

2. Техникалық регламент өрт қауіпсіздігі саласындағы техникалық реттеудің негізгі ережелерін анықтайды және мыналарды:

1) осы Техникалық регламенттің 1-қосымшасында келтірілген өрт және оның қауіпті факторлар, заттар мен материалдар, сондай-ақ өрт-жарылыс және өрт қауіптілігі бойынша технологиялық құралдар; жарылыс қауіпті және өрт қауіпті аймақтар; өрт қауіптілігі бойынша құрылыс материалдар; құрылыс құрастырылымдары мен өртке қарсы тосқауылдар; өрт жарылыс және өрт қауіптілігі бойынша электр жабдықтар, сыртқы қондырғылар, ғимараттар, имараттар және үй-жайларды жіктеу;

2) өмірлік циклінің барлық сатысында түрлі мақсаттағы шаруашылық объектілеріне қойылатын; қала және елді мекендерді жобалаған кезде; ғимараттар мен имараттарды жобалаған және құрылысы кезінде; өнімдерге қойылатын өрт қауіпсіздігі талаптарын белгілейді.

3. Осы Техникалық регламенттің ережелері:

1) жобалау, құрылыс, күрделі жөндеу, күрделі құрылыс объектілерін қайта салған, техникалық қайта жаратандыру, атқарымдық тағайындалуы өзгерген, техникалық қызмет көрсету, арналуы мен меншік түріне қарамай объектілерді пайдалану;

2) техникалық регламенттер, ішінде өрт қауіпсіздігі талаптары бар нормативтік және техникалық құжаттардың ұсынылатын ережелерін әзірлеу, қабылдау, қолдану және орындау кезінде міндетті.

4. Арнайы мақсаттағы объектілер, оның ішінде әскери мақсаттағы, радиоактивті және жарылыс заттары мен материалдарын өндіру, қайта өңдеу, сақтау бойынша, химиялық қаруды; космостық объектілер мен стартты кешендерді; тау қазбаларын жою және сақтау бойынша объектілер үшін осы техникалық регламентпен қатар басқа техникалық регламенттерде, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде және белгіленген тәртіпте бекітілген өрт қауіпсіздігі саласындағы құжаттарда баяндалған өрт қауіпсіздігі талаптары сақталуға тиіс.

2. Терминдер мен анықтамалар

5. Осы Техникалық регламентте " Өрт қауіпсіздігі туралы ", " Қазақстан Республикасындағы архитектура, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы ", " Техникалық реттеу туралы " Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес терминдер мен анықтамалар, сондай-ақ тиісті анықтамалары бар мынадай терминдер қолданылады:

1) апаттық есік - көшіру жолына, тікелей сыртқа немесе қауіпсіз аймаққа алып келетін, адамдарды құтқару үшін қосымша шығу ретінде пайдаланылатын, алайда эвакуация жолдары мен шығу есіктерінің қажетті саны мен көлемінің өрт кезінде адамдарды қауіпсіз көшіру шарттарына сәйкестігін бағалау кезінде ескерілмейтін шығу жолы (есік, люк);

2) қауіпсіз аймақ - адамдар өрттің қауіпті факторлары әсерінен қорғалатын немесе өрттің қауіпті факторлары жоқ аймақ;

3) өрттің пайда болу ықтималдығы - өрттің пайда болуына қажетті және жеткілікті жағдайлардың пайда болуы мүмкіндігінің математикалық шамасы;

4) заттар мен материалдардың өрт-жарылыс қауіптілігі - өрт жағдайында (немесе) физикалық-химиялық қасиеттерімен және қалпымен сипатталатын, заттар мен материалдардың жанғыш (өрт қауіпті немесе жарылыс қауіпті) ортаны жасау қабілеті;

5) жалындау — от алу көзінен басталған және оны жойғаннан кейін де жалғасатын заттың жалындап жануы;

6) лапылдау - от алу көзінің әсерінен өртене бастауы;

7) өрт пайда болуы - өртке алып келетін процестер жиынтығы;

8) тұтану - қысқа мерзімді көрінетін жарқырау қоса жүретін газ бу ауа қоспасының жанғыш зат бетінде тез жануы;

9) жанғыш орта - тұтану көзі әсері кезінде жалындауға қабілетті орта;

10) жанғыштық - заттар мен материалдардың жалындауға, өздігінен жану және (немесе) бықсу қабілеттілігі;

11) рұқсат етілетін өрт қаупі - деңгейі рұқсат етілген және әлеуметтік-экономикалық жағдайларға сүйенетін өрт қаупі;

12) жеке өрт қаупі (өрт кезінде адам өлімінің қаупі) - өрттің қауіпті факторлары әсері нәтижесінде жеке адам өлімінің сандық ықтималдылығы;

13) тұтану көзі - жанудың пайда болуын бастайтын энергетикалық әсер ету құралы;

14) өрттің сыни ұзақтығы - біткеннен кейін өрттің тым болмаса бір қауіпті факторы адам өмірі мен денсаулығына қауіпті мәнге жететін өрт ұзақтығы;

15) эвакуацияның қажетті уақыты - өрттің қауіпті факторы әсері нәтижесінде адамдардың өмірі мен денсаулығына зиян келтірмей қауіпсіз аймаққа эвакуацияланатын уақыт ұзақтығы;

16) жалын таралудың төменгі (жоғарғы) шоғырланған шегі - жалынның жану көзінен қоспа бойынша кез келген қашықтыққа таралуы мүмкін болатын қышқыл ортасы бар біртекті қоспада жанғыш заттың ең аз мөлшері;

17) жалын таралудың қалыпты жылдамдығы - жалын фронтының оның бетіне перпендикуляр бағытта жанбаған газға қатынаста орын ауыстыру жылдамдығы;

18) өрт қауіпсіздігі саласындағы нормативтік құжат - нормалар, ережелер және өрт қауіпсіздігі саласындағы басқа да талаптарды белгілейтін құжат;

19) объекті - өрт қауіпсіздігі белгіленген немесе белгіленуге тиіс заңды немесе жеке тұлғаның мүлік кешені (немесе оның бөлігі) (аумақ, ғимарат, имарат, көлік құралдары, технологиялық қондырғылар, жабдықтар, агрегаттар, бұйымдар және өзге мүлікті қоса алғанда);

20) адамдар көп келетін объект – бір мезгілде жүз және одан астам адамның келуіне есептелген сауда, қоғамдық тамақтандыру, тұрмыстық қызмет көрсету кәсіпорындарының, дене шынықтыру-сауықтыру, спорт, мәдени-ағарту және ойын-сауық ұйымдарының, діни мекемелердің, көңіл көтеру орындарының, барлық көлік түрлері вокзалдарының ғимараттары, құрылыстары мен үй-жайлары, сондай-ақ бір мезгілде жиырма бес және одан астам адамның келуіне есептелген денсаулық сақтау, білім беру ұйымдарының, қонақ үйлердің ғимараттары мен құрылыстары;

21) өрттің қауіпті факторлары - әсері адамның жарақаттануына, улануына немесе өлімге және (немесе) материалдық шығынға алып келуі ықтимал өрт факторы;

22) ерекше өрт жарылыс қауіпті электр-өрт-қауіпсіз электр жабдығы - жану көзі пайда болуының және оның жанғыш ортамен байланысының алдын алу үшін арналған қосымша қорғаныш құралдары бар өрт қауіпсіз электр жабдық;

23) өрт ошағы - өрттің бастапқы пайда болған жері;

24) өрт сөндірудің бірінші құралдары - өрттің бастапқы дамуы кезінде өртпен күресу үшін пайдаланылатын адамдар алып жүретін немесе тасымалданатын өрт сөндіру құралдары;

25) өрт - адам өмірі мен денсаулығына зиян, қоғам және мемлекет мүддесіне материалдық шығын келтіретін бақыланбайтын жану;

26) объектінің өрт қауіптілігі - өрт туындай және дамуы, сондай-ақ өрттің қауіпті факторларының адамдарға және материалдық құндылықтарға әсер ету мүмкіндігін сипаттайтын объекті күйі;

27) объектінің өрт қауіпсіздігі - өрттің пайда болуы және дамуының, сондай-ақ өрттің қауіпті факторларының адам және материалдық құндылықтарға әсерін алдын алу мүмкіндігін сипаттайтын объекті күйі;

28) өрт бөлігі - ғимараттың басқа бөліктерінен отқа төзімділігі 2,5 сағ кем емес шегі бар өртке қарсы аражабын және қабырғамен бөлектенген ғимарат бөлігі;

29) өрт қауіпі - өрт қауіпі мен оның салдарының адамдар мен материалдық құндылықтарға таралу мүмкіндігінің сандық сипаттамасы;

30) өрт қауіпті (жарылыс қауіпті) аймақ - шегінде жанғыш заттар тұрақты немесе кезеңдік айналыста болатын және олар технологиялық процестің немесе

ол бұзылған кезде (апат) қалыпты режимде болатын тұйық немесе ашық кеңістік бөлігі;

31) құрастырылымның отқа төзімділік шегі - от әсерінің басынан бастап оттөзімділік бойынша осы құрастырылым үшін нормаланатын шекті күйге дейінгі уақыт;

32) өндірістік объектілер - өнеркәсіпте және ауыл шаруашылығына арналған, оның ішінде қоймалар, инженерлік және көлік инфрақұрылым (теміржол, автомобиль, өзен, әуе және құбыржол көлігі), байланыс объектілері;

33) өртке қарсы тосқауыл - оттөзімділіктің нормаланған шегі және құрастырылымдық өрт қауіптілігінің нормаланған класы бар құрылыс құрастырылымы, ғимараттың көлемді элементі немесе ғимараттың (имараттың) бір бөлігінен екіншісіне немесе ғимараттар (имарат, екпелер) арасында өрттің таралуын болдырмауға арналған басқа тәсіл;

34) өртке қарсы үзіліс (өртке қарсы аралық) - өрттің таралуын болдырмау үшін белгіленген ғимараттар және (немесе) имараттар арасындағы нормаланатын аралық;

35) адамдарды көшірудің есептік уақыты - көшіру жолының берілген көлемдік-жоспарлау және құрастырылымдық шешімдері кезінде адамдарды өрт туралы хабарландырған сәттен бастап ғимарат, имараттан қауіпсіз аймаққа көшіру аяқталған сәтке дейінгі уақыт аралығы;

36) өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйесі - өрттің алдын алу және объектіге одан келетін шығынды азайтуға бағытталған ұйымдастыру шаралары мен техникалық құралдар жиынтығы;

37) өрт қауіпсіздігі жүйесі - экономикалық, әлеуметтік, ұйымдастыру, ғылыми-техникалық және құқықтық шаралар, сондай-ақ өрт және одан келетін шығынды азайтуға бағытталған өртке қарсы қызмет, күш және техникалық құралдар жиынтығы;

38) өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша ұйымдастыру-техникалық шаралар жүйесі - Қазақстан Республикасы субъектілері, қала және елді мекендер аумағында өртті болдырмау және одан келетін шығынды азайтуға бағытталған ұйымдастыру шаралары және техникалық құралдар кешені;

39) өртті болдырмау жүйесі - объектіде өрттің туындау жағдайларын болдырмауға бағытталған ұйымдастыру шаралары және техникалық құралдар кешені;

40) өртке қарсы қорғаныш жүйесі - адамдар мен мүлікті өрттің қауіпті факторлары әсерінен қорғау және (немесе) олардың объектіге әсер ету салдарын шектеуге бағытталған ұйымдастыру шаралары және техникалық құралдар кешені ;

41) түтінге қарсы қорғаныш жүйесі - өрт кезінде ғимараттар мен имараттардың түтіндеу қаупін, сондай-ақ оның қауіпті факторларының адамдар мен материалдық құндылықтарға әсерін болдырмау немесе шектеуге бағытталған ұйымдастыру шаралары, көлемдік-жоспарлау шешімдері, инженерлік жүйелер және техникалық құралдар кешені;

42) мұнай және мұнай өнімдері қоймалары - мұнай және мұнай өнімдерін қабылдау, сақтау және беру үшін арналған ғимараттар, сұйық қоймалар және басқа да имараттар кешені;

43) жану жылдамдығы - аудан бірлігінен уақыт бірлігіне жанатын сұйықтық мөлшері;

44) имарат - ішіне атқарымдық арналуына қарай адамдарды тұру немесе келуіне және технологиялық процестерді орналастыруға арналған үй-жайлар кіретін жер үсті және (немесе) жер асты типті құрылыс жүйесі;

45) элеуметтік өрт қаупі (өрт кезінде адамдардың топтық өлу қаупі) - өрттің қауіпті факторы әсер ету нәтижесінде он және одан көп адамның өлу мүмкіндігінің сандық сипаттамасы;

46) электр жабдығының өрт-жарылыс қауіптілігі деңгейі - электр жабдығының ішінен жану көзінің туындау қаупі және (немесе) электр жабдығын қоршаған жанғыш ортамен жану көзінің байланыс қаупі;

47) жалын таралуының температуралық шегі (жалындау) - қаныққан бу тотықтырғыш ортада жалын таралудың сәйкесінше төменгі (төменгі температуралық шегі) және жоғарғы (жоғарғы температуралық шегі) концентрациялық шегіне тең концентрация жасайтын зат температурасы;

48) технологиялық орта — технологиялық аппаратурада (технологиялық жүйеде) айналатын заттар мен материалдар;

49) бықсу - жалынсыз жану;

50) өрт қауіпсіздігі саласындағы уәкілетті орган - Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес өрт қауіпсіздігі саласында мемлекеттік реттеуді жүзеге асыруға уәкілеттік берілген мемлекеттік орган;

51) өрт қаупінің деңгейі - объекті күйінің өрт туындау және даму, сондай-ақ өрттің қауіпті факторының адамдар мен материалдық құндылықтарға әсер ету мүмкіндігін сипаттайтын сандық шарасы;

52) жылу өздігінен жанудың шарты - қоршаған орта температурасы, зат (материал) саны және оның өздігінен жану сәтіне дейінгі уақыт арасындағы эксперименттік анықталған тәуелділік;

53) объектінің өрт кезінде тұрақтылығы - өрттің қауіпті әсер етуі және оның қайталама пайда болуы кезінде объектінің құрастырылымдық тұтастығын және (немесе) атқарымдық арналуын сақтау қасиеті;

54) эвакуация - адамдардың үй-жайдан сыртқа немесе өрттің қауіпті факторларының әсер ету мүмкіндігі бар қауіпсіз аймаққа ұйымдастырылған өздігінен қозғалу, сондай-ақ қозғалу мүмкіндігі шектеулі тұрғындар тобына жататын адамдардың өздігінен емес, қызмет көрсетуші мамандар жүзеге асыратын процесі;

55) эвакуациялық жол (эвакуация жолы) - адамдардың өрт кезінде қауіпсіз көшіру талаптарын қанағаттандыратын қауіпсіз аймаққа немесе тікелей сыртқа алып келетін қозғалыс және (немесе) орын ауыстыру жолы;

56) эвакуациялық шығу - тікелей сыртқа немесе қауіпсіз аймаққа эвакуация жолына алып баратын шығу;

57) электр жабдығы - электрэнергиясын пайдаланып жұмыстың сәйкес түрін орындау үшін арналған электротехникалық бұйымдар және (немесе) электротехникалық құрылғылар жиынтығы;

58) электр-техникалық өнімдер - электржелісін жасауға арналған, сондай-ақ жұмысында электр энергиясын пайдаланатын өнім (оның ішінде электротехникалық бұйым, радиоэлектрондық аппаратура, ақпараттық технологиялар жабдығын қоса алғанда);

59) электр-техникалық бұйымдар - электрлік энергияны өндіру, түрлендіру, тарату, беру және пайдалану үшін және оны беру мүмкіндігін шектеу үшін арналған бұйымдар.

Ескерту. 5-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2011.10.31 № 1249 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

3. Объектілердің өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйесіне қойылатын талаптар

3.1. Жалпы талаптар

6. Объектілердің өрт қауіпсіздігі:

- 1) өртті болдырмау;
- 2) өртке қарсы қорғаныш;
- 3) ұйымдастыру-техникалық шаралар жүйесімен қамтамасыз етіледі.

7. Объектілердің өрт қауіпсіздігінің ішінде адамдардың қауіпсіздігінің нормативтік деңгейін қамтамасыз етуге және өрт нәтижесінде үшінші тұлғаға зиян келтіру қауіптілігін болдырмауға бағытталған шаралар кешені болуға тиіс.

8. Өртті болдырмау, өртке қарсы қорғаныш жүйесі және ұйымдастыру-техникалық шаралар құрамын шаруашылық ету объектісінің

атқарымдық арналуы анықтайды және осы Техникалық регламентте, сондай-ақ Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілері және өрт қауіпсіздігі мәселелерін регламенттейтін нормативтік құжаттар белгілейді.

9. Егер мына шарттардың бірі орындалса:

1) осы Техникалық регламентте, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілері және өрт қауіпсіздігі мәселелерін реттейтін нормативтік құжаттарда белгіленген өрт қауіпсіздігі талаптары толық көлемде орындалса;

2) өрт қауіпі осы Техникалық регламентте белгіленген рұқсат етілген мәндерден аспаса, объектінің өрт қауіпсіздігі қамтамасыз етілген деп саналады.

10. Өрт кезінде адамдар өлімінің қаупін бағалау әдісі:

1) өрт кезінде өрттің аса қауіпті даму сценарийі үшін адамдар өлімі қаупін анықтауға;

2) өрттің қауіпті факторы динамикасын болжаудың және адамдарды қауіпсіз аймаққа көшіру уақытын анықтау есептік әдісін пайдалануға;

3) заттар мен материалдардың физикалық-химиялық қасиеттері мен өрт қауіптілігі көрсеткіштерін пайдалануға негізделеді.

3.1.1. Өртті болдырмау жүйесіне қойылатын талаптар

11. Өртті болдырмауға:

1) жанғыш ортаның;

2) жанғыш ортада жану көздерін мыналардың пайда болуын болдырмай қол жеткізіледі.

12. Жанғыш ортаның пайда болу жағдайларын болдырмауға мына тәсілдермен:

1) жанбайтын заттар мен материалдарды максималды мүмкін қолданып;

2) жанғыш заттар мен материалдардың салмағын және (немесе) көлемін шектеп технология және құрылыс шарттары бойынша максималды мүмкін;

3) жанғыш заттар мен материалдарды, сондай-ақ бір-бірімен өзара байланысы жанғыш ортаның пайда болуына алып келетін материалдарды орналастырудың аса қауіпсіз тәсілдерін пайдаланып;

4) тотықтырғыш және (немесе) жанғыш заттар ортасында қауіпсіз концентрациясын ұстап;

5) қорғалатын көлемге флегматизаторды енгізу арқылы жанғыш ортада тотықтырғыш концентрациясын азайтып;

6) жалынның таралуы болмайтын ортаның температурасын және қысымын ұстап тұру;

7) жанғыш заттармен жұмыс істеуге байланысты технологиялық процестерді механикаландыру және автоматтандыру;

- 8) жеке үй-жайда немесе ашық алаңқайда өрт қауіпті жабдықты орнату;
 - 9) жанғыш заттарды үй-жай немесе құрылғы көлеміне шығуын болдырмайтын, үй-жайда жанғыш ортаның пайда болуын болдырмайтын өндірістік жабдықтарды қорғау құрылғысын қолданып;
 - 10) үй-жай, технологиялық жабдық және коммуникациядан өндірістің өртқауіпті қалдықтарын, шаң, мамық жиналуын жойып қол жеткізіледі.
13. Жанғыш ортада жану көздерінің пайда болу жағдайларын болдырмауға мына тәсілдермен:
- 1) жарылыс қауіпті және (немесе) өрт қауіпті аймақ класына, жарылыс қауіпті қоспа санаты мен тобына сәйкес келетін электр жабдығын қолданып;
 - 2) құрастырылымға электр қондырғысы және жану көздерінің пайда болуына алып келетін басқа құрылғылардың қорғаныш ажыратудың жылдам әсер ететін құралдарын қолданып;
 - 3) статикалық электрдің пайда болуын болдырмайтын технологиялық процестерді жүргізудің жабдықтары мен режимін қолданып;
 - 4) ғимарат, имарат және жабдықты жайдан қорғау құрылғысымен;
 - 5) жанғыш ортамен байланыста болатын заттар, материалдар және беттердің қызуының қауіпсіз температурасын ұстап;
 - 6) жанғыш ортада ұшқын разрядының энергиясын қауіпсіз мәнге дейін шектеу тәсілдері мен құрылғысын қолданып;
 - 7) тез тұтанатын сұйықтықтар мен жанғыш газдармен жұмыс істеген кезде, ұшқынға қауіпсіз аспапты қолданып;
 - 8) заттар, материалдар және бұйымдардың жылу, химиялық және (немесе) микробиологиялық өздігінен жануы үшін жағдайларды болдырмау;
 - 9) пирофор заттардың ауамен байланысын болдырмау;
 - 10) жанғыш ортаны жану көзінен оқшаулау (оқшауланған бөлік, камера, кабинаны қолданып) қол жеткізіледі.

14. Жану көздері параметрінің қауіпсіз мәндері оның ішінде айналатын заттар мен материалдардың өрт қауіптілігі көрсеткіштері негізінде технологиялық процесті жүргізу шартында анықталады.

3.1.2. Өрттен қорғау жүйесіне қойылатын талаптар

15. Адамдар мен мүлікті өрттің қауіпті факторының әсерінен қорғау және (немесе) оның салдарын шектеуге мына тәсілмен қол жеткізіледі:

- 1) көлемдік-жоспарлық шешімдерді және ошақтан тыс өрттің таралуын шектеуді қамтамасыз ететін құралдарды қолданып;
- 2) өрт кезінде адамдарды қауіпсіз көшіру талаптарын қанағаттандыратын эвакуация жолдары құрылғысымен;

3) өртті анықтау, өрт кезінде адамдарды хабарландыру және көшіруді басқару жүйесі құрылғысымен (өрт сигнал беру жабдығы қондырғысы және жүйесі);

4) өрттің қауіпті факторы әсерінен адамдары ұжымдық қорғау жүйесі (оның ішінде түтінге қарсы) және жеке қорғау жүйелерін қолдану;

5) ғимараттардың, имараттардың және құрылыстардың талап етілетін отқа төзімділігі дәрежесіне және оның құрылымдық өрт қауіпсіздігі класына сәйкес келетін отқа төзімділік шектерімен және өрт қауіпсіздігі кластарымен, сондай-ақ көшіру жолдарында құрылыс құрастырылымдарының беткі қабаттарының (әрлеу, қаптама және оттан қорғау құралдары) өрт қауіпсіздігін шектеумен негізгі құрылыс құрастырылымдарын қолдану;

6) құрылыс құрастырылымдарының отқа төзімділік шектерін арттыру үшін оттан қорғау құрамдарын (соның ішінде антипиренттерді және оттан қорғау бояуларын) қолдану;

7) өртке қауіпті сұйықтықтарды апаттық төгу және жанғыш газдарды аппаратурадан апаттық жою құрылғылары;

8) жарылысқа қарсы қорғау жүйелерінің технологиялық жабдығына орнату;

9) өрт сөндірудің алғашқы құралдарын қолдану;

10) өрт сөндірудің автоматты қондырғыларын қолдану;

11) өртке қарсы қызмет бөлімшелерінің қызметін ұйымдастыру.

16. Әрбір ғимараттар мен имараттарда өрт кезінде адамдарды қауіпсіз көшіруді қамтамасыз ететін эвакуациялық жолдарды көлемдік-жоспарлық шешу және құрастырылымдық орындау болуға тиіс. Адамдарды қауіпсіз көшіру мүмкін болмаған жағдайда, ұжымдық қорғау жүйелерін қолдану арқылы оларды қорғау қамтамасыз етілуге тиіс.

17. Адамдарды қауіпсіз көшіруді қамтамасыз ету үшін:

1) көшіру жолдары мен шығатын жолдардың қажетті санын және оларды тиісті құрылымдық орындау белгіленуге;

2) Эвакуация жолдарымен және эвакуациялық шығу жолдары арқылы адамдардың еркін қозғалуы қамтамасыз етілуге;

3) адамдарға хабарландыру тарату және олардың көшіру жолдарымен қозғалуын басқару (соның ішінде жарық көрсеткіштерін пайдаланып, дыбыстап және сөйлеп хабарландыру) ұйымдастырылуға тиіс.

18. Егер өрт анықталған сәттен бастап адамдарды қауіпсіз аймаққа көшіру процесі аяқталғанға дейінгі уақыт аралығы өрт кезінде адамдарды көшірудің қажетті уақытынан аспаса, өрт кезінде адамдарды ғимараттардан, имараттардан және құрылыстардан қауіпсіз көшіру қамтамасыз етілді деп есептеледі.

Қажетті және есептеу уақыты, сондай-ақ адамдарды кедергісіз және өз уақытында көшіру шарттары Қазақстан Республикасы аумағында қолдануға рұқсат етілген мемлекеттік, мемлекетаралық, халықаралық стандарттардың,

құрылыс нормалары мен ережелерінің және белгіленген тәртіппен бекітілген өрт қауіпсіздігі саласындағы нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес анықталады.

19. Өрттің қауіпті факторлары әсерінен адамдарды ұжымдық қорғау жүйелері мен жеке қорғау құралдары өрттің қауіпті факторлары әсер ететін барлық уақыт ішінде адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге тиіс.

20. Адамдарды ұжымдық қорғау жүйелері өрттің даму және өртті сөндіру уақыты немесе өртке қауіпті аймаққа адамдарды көшіруді қажетті уақыт ішінде олардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге тиіс. Осы жағдайда адамдардың қауіпсіздігі ғимараттардағы, имараттардағы және құрылыстарда қауіпсіз аймақтарды көлемдік-жоспарлық және құрастырылымдық орындау арқылы (соның ішінде түтіндемейтін саты торларын салу арқылы), сондай-ақ өрттің қауіпсіз факторлар әсерінен көшіру жолдарына адамдарды техникалық қорғау құралдарын пайдалану арқылы қол жеткізілуге тиіс.

21. Адамдарды жеке қорғау (соның ішінде көру және тыныс алу органдарын қорғау) құралдары қауіпсіз аймаққа адамдарды көшіруді қажетті уақыт ішінде немесе өрт сөндіру жөнінде арнайы жұмыстар жүргізуге қажетті уақыт ішінде олардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге тиіс. Адамдарды жеке қорғау құралдары эвакуацияланатын және құтқарылатын адамдарды қорғау үшін де, сол сияқты өрт сөндіруге қатысатын өрт сөндірушілерді қорғау үшін де қолданылуға тиіс.

22. Ғимараттарды, имараттарды және құрылыстарды тыныс алу және көру органдарын жеке қорғау құралдарымен, сондай-ақ құтқару құрылғыларымен қамтамасыз ету қажеттігі осы Техникалық регламенттің, Қазақстан Республикасы аумағында қолдануға рұқсат етілген құрылыс нормалары мен ережелерінің және белгіленген тәртіппен бекітілген өрт қауіпсіздігі саласындағы нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес анықталады.

23. Ғимараттарды, имараттарды немесе құрылыстарды түтінге қарсы қорғау жүйесі көшіру жолдарында және қауіпсіз аймақтарда қауіпті өрт факторлары әсерінен адамдарды қауіпсіз аймаққа көшіруді қажетті уақыт ішінде немесе өрттің дамитын барлық уақыты және жанатын және термикалық бөлшектенетін өнімдерді жою және (немесе) олардың таралуының алдын алу арқылы өртті сөндірудің барлық уақытында адамдарды қорғау қамтамасыз етілуге тиіс.

24. Түтінге қарсы қорғау жүйесі:

1) өрт кезінде түтіндеумен күресу үшін ғимараттар мен имараттарды көлемдік-жоспарлау орындауды;

2) өрт кезінде түтіндеумен күресу үшін ғимараттар мен имараттарды құрастырылымдық орындауды;

3) қорғалатын үй-жайларда, тамбур-шлюздерде және саты торларында ауаның артық қысымын жасау үшін ағынды түтінге қарсы желдетуді;

4) жану және термикалық бөлшектену өнімдерін жою үшін механикалық және табиғи сору түтінге қарсы желдету құрылғылары мен құралдарын қолданып, қорғау тәсілдерін қарастыруға тиіс.

25. Ғимараттар мен құрылымдарды түтіннен қорғау жүйелері осы Техникалық регламенттің, мемлекеттік, мемлекетаралық, халықаралық стандарттардың және белгіленген тәртіппен бекітілген өрт қауіпсіздігі саласында нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес келуге тиіс.

26. Ғимараттарда, құрылымдар мен құрылыстарда ғимараттардың, имараттардың, құрылыстардың отқа төзімділігінің талап етілетін дәрежесіне және олардың құрастырылымдық өрт қауіпсіздігі класына сәйкес келетін отқа төзімділік шектерімен және өрт қауіпсіздігі кластарымен негізгі құрылыс құрастырылымдары қолданылуға тиіс.

27. Ғимараттардың, құрылымдар мен құрылыстардың қажет етілетін отқа төзімділік дәрежесі және олардың құрастырылымдық өрт қауіпсіздігі класы осы Техникалық регламенттің, Қазақстан Республикасы аумағында қолдануға рұқсат етілген мемлекеттік, мемлекетаралық, халықаралық стандарттардың және белгіленген тәртіппен бекітілген өрт қауіпсіздігі саласында нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес белгіленеді.

28. Құрылыс құрастырылымдарының отқа төзімділігі және өрт қауіпсіздігі класы олардың құрастырылымдық орындалуы, тиісті құрылыс материалдарын қолдану, сондай-ақ оттан қорғау құралдарын пайдалану есебінен қамтамасыз етілуге тиіс.

29. Ғимараттардың, құрылымдар мен құрылыстардың отқа төзімділік дәрежесіне байланысты таңдалатын құрылыс құрастырылымдарының отқа төзімділігінің талап етілетін шектері осы Техникалық регламентінің 5-қосымшасының 1-кестесінде берілген.

30. Өрттің өрт ошағы шегінен тыс таралуын шектеу мынадай тәсілдермен:

- 1) өртке қарсы бөгеттер салу;
- 2) өрт бөліктерін және секцияларын салу, сондай-ақ ғимараттардың, имараттар мен құрылыстардың қабаттарын шектеу;
- 3) өрт кезінде қондырғылар мен кәріздерді апаттық ажырату және қайта қосу құрылғыларын қолдану;
- 4) өрт кезінде сұйықтықтардың төгілуі мен ағуының алдын алатын немесе шектейтін құралдарды қолдану;
- 5) жабдық ішіне отты бөгейтін құрылғыларды қолдану;
- 6) өрт сөндіру қондырғыларын қолдану тәсілдерімен қамтамасыз етіледі.

31. Қалаларды, елді мекендерді және шаруашылық объектілерін ұялы өрт техникасы сапта тұруға тиісті өртке қарсы қызмет бөлімшелері қорғауға тиіс.

32. Ғимараттарды, құрылымдарды және құрылымдарды жобалау, кеңейту, қайта құрастыру, оларды салудың технологиялық процесін өзгерту кезінде осы Техникалық регламенттің, сондай-ақ "Объектілерді қорғауға арналған өрт техникасы қауіпсіздігіне қойылатын талаптар" техникалық регламентінің, "Ғимараттарды, үй-жайларды және құрылымдарды автоматты өрт сөндіру жүйелерімен және автоматты өрт сигналымен жабдықтау жөніндегі талаптар, өрт кезінде адамдарға хабарлау және оларды көшіруді басқару" техникалық регламентінің, Қазақстан Республикасы аумағында қолдану үшін рұқсат етілетін санитарлық нормалар мен ережелердің және белгіленген тәртіппен бекітілген өрт қауіпсіздігі саласындағы нормативтік құжаттардың талаптары сақталуға тиіс.

33. Өрт сөндіруді автоматты қондырғылар үй-жайда (ғимаратта):

- 1) өрттің қауіпті факторларының сыни мәндері туындағанға дейін;
- 2) құрылыс құрастырылымдарының отқа төзімділігі шектері пайда болғанға дейін;
- 3) қорғалатын мүлікке ең үлкен жол берілетін зиян тигенге дейін;
- 4) технологиялық қондырғыларды бұзу қаупі туындағанға дейін өртті жоюды қамтамасыз етуге тиіс.

34. Автоматты өрт сөндіру қондырғысының типі, өрт сөндіретін құралдың түрі және оны өрт ошағына беру тәсілі жанғыш материалдың, ғимаратты немесе құрылымды көлемдік-жоспарлық орындау түріне және қоршаған орта параметрлеріне байланысты анықталады.

35. Өртті анықтау (өрт сигнализациясы қондырғылары мен жүйелері), өрт кезінде адамдарға хабарлау және оларды көшіруді басқару жүйелері нақты объект жағдайларында адамдарды қауіпсіз (жол берілетін өрт қаупін ескеріп) көшіруді ұйымдастыру мақсатында өрт туралы хабарлау жүйелерін қосуға қажетті уақыт ішінде өртті автоматты анықтауды қамтамасыз етуге тиіс.

36. Ғимараттар, құрылымдар мен құрылыстар өртке қарсы қызмет бөлімшелері келгенге дейін қызмет көрсетуші қызметкерлердің өртті жою қажеттігі жағдайларына сүйеніп алғашқы өрт сөндіру құралдарымен жабдықталуға тиіс.

Ғимараттардағы, құрылымдардағы және құрылыстардағы алғашқы өрт сөндіру құралдарының номенклатурасы, саны мен орындары жанғыш материалдың, ғимаратты немесе құрылымды көлемдік-жоспарлық орындау түріне және қоршаған орта параметрлері мен қызмет көрсететін қызметкерлердің орналасқан орындарына байланысты анықталады.

37. Ықтимал өрттерді жою үшін жеке меншік түріне қарамастан ұйым аумағында, ғимараттарында, құрылымдары мен құрылыстарында өртке қарсы сумен жабдықтау көздері болуға тиіс.

38. Өртке қарсы сумен жабдықтау көздері ретінде табиғи және жасанды су қоймаларын, сондай-ақ ішкі және сыртқы су құбырын (соның ішінде ауыз су, шаруашылық-ауызсу, шаруашылық және өртке қарсы) пайдалану керек.

39. Табиғи су қоймаларын, жасанды су қоймаларын және өртке қарсы су құбырын пайдалану қажеттігі, сондай-ақ олардың параметрлері Қазақстан Республикасы аумағында қолдануға рұқсат етілген құрылыс нормалары мен ережелерінің және белгіленген тәртіппен бекітілген өрт қауіпсіздігі саласындағы нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес анықталады.

3.1.3. Ұйымдастыру-техникалық шаралары жүйесіне қойылатын талаптар

40. Өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі ұйымдастыру-техникалық іс-шараларының жүйесіне мынадай:

- 1) өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелерін шешуге жұртшылықты тарту;
- 2) өндірісте және тұрмыста өрт қауіпсіздігі шараларына халықты оқытуды ұйымдастыру;
- 3) өрт қауіпсіздігі мәселелерін реттейтін нормативтік құқықтық актілер мен нормативтік құжаттарды әзірлеу;
- 4) өрт қауіпсіздігі саласында насихаттау жүргізу;
- 5) өрт қауіпсіздігінің алғашқы шараларын қамтамасыз ету;
- 6) сөндіру үшін әр түрлі өрт сөндіру құралдары пайдаланылатын заттар мен материалдарды сақтау тәртібін белгілеу;
- 7) өрт кезінде адамдарды ғимараттан немесе құрылымнан көшіру қауіпсіздігіне кепілдік беретін мәндерге дейін олардың ғимараттардың немесе құрылымдардың ішіндегі санын шектеу;
- 8) ғимараттарда және құрылымдарда өрт шыққан кезде және адамдарды көшіруді ұйымдастыру кезінде әкімшіліктің, қызметкерлердің және халықтың іс-әрекеттері;
- 9) өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша заттарды, материалдарды, бұйымдарды, технологиялық процестерді, ғимараттарды, құрылымдар мен елді мекендерді паспорттау;
- 10) өнеркәсіптік объектінің қауіпсіздігі декларациясын әзірлеу.
Өнеркәсіптік объектінің қауіпсіздігі декларациясын беру ережелері мен нысаны Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 19 мамырдағы N 764 "Өнеркәсіптік объектінің қауіпсіздігі декларациясын беру ережелері мен нысанын бекіту туралы" қаулысының талаптарына сәйкес келуге тиіс;
- 11) Қалаларда және елді мекендерде, сондай-ақ әр түрлі жекеменшік түрлері объектілерінде өртке қарсы қызметтің әр түрлі түрлерін жасау және олардың қызметін ұйымдастыру жөніндегі іс-шаралар кіреді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 15 желтоқсандағы N 1251 "Өртке қарсы қызмет өрттерден қорғайтын қоныстанған аумақтардың және аса маңызды мемлекеттік меншік объектілерінің тізбесін бекіту туралы" қаулысына сәйкес қалаларда, елді мекендерде және аса маңызды мемлекеттік меншік объектілерінде өрт сөндіруді және басқа төтенше жағдайларды жоюды Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің өртке қарсы қызмет бөлімшелері жүзеге асырады.

Қала және елді мекен аумағына өртке қарсы қызмет бөлімшелерін орналастыру қаладағы шақыру жасаған орынға алғашқы өрт бөлімшесінің жету уақыты 10 минуттан аспауға, ал елді мекен үшін - 20 мин аспауға тиіс деген шартқа сүйеніп анықталады.

Қалалар мен елді мекендер үшін өрт деполары мен өрт сөндіру автомобильдерінің саны Қазақстан Республикасы аумағында қолдануға рұқсат етілген құрылыс нормалары талаптарына сәйкес анықталады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 8 қыркүйегіндегі N 781 "Міндетті тәртіппен өртке қарсы қызмет құратын ұйымдар мен объектілердің тізбесін бекіту туралы" қаулысына сәйкес объектілерде (кәсіпорындарда) құрылуға тиісті өртке қарсы қызмет бөлімшелерінің объектілері мемлекеттік меншікке жатпайтын объектілерде (кәсіпорындарда) өрттерді сөндіруді және басқа төтенше жағдайларды жоюды жүзеге асырады.

Өндірістік объект аумағындағы өртке қарсы қызмет объектісі бөлімшелерін орналастыру қорғалатын объектілердің өрт қауіпсіздігіне және өрт сөндіру үшін өртке қарсы қызмет бөлімшесінің шығу мақсаттарына байланысты анықталады.

Объектілерді қорғауға арналған өрт депосына қызмет көрсету радиусы "Объектілерді қорғауға арналған өрт техникасы қауіпсіздігіне қойылатын талаптар" техникалық регламентінің талаптарына сәйкес анықталады.

41. Өрт сөндіру автомобильдерінің саны мен өрт сөндіру бөлімшелерінің объектілерінің жеке құрамының санын Қазақстан Республикасы заңнамасында айқындалған тәртіппен өрт қауіпсіздігі саласындағы уәкілетті органмен келісілуге тиісті есептер негізінде объекті (кәсіпорын) әкімшілігі белгілейді.

3.2. Қала және елді мекендерді жобалау кезіндегі өрт қауіпсіздігі талаптары

3.2.1. Қала құрылысы қызметіне қойылатын өрт қауіпсіздігі талаптары

42. Қала және ауыл елді мекендері көп қырлы экономиканың экономикалық және әлеуметтік дамуына байланысты, сондай-ақ осы Техникалық регламентте белгіленген өрт қауіпсіздігі талаптарын қамтамасыз етуді ескеріп мемлекеттік бағдарламалар, Қазақстан Республикасы аумағында өндірістік күштерді таратып

қоныстандыру мен орналастырудың бас сызбасы, аудандық жоспарлау сызбалары мен жобалары негізінде қолданыстағы заңнамаға және нормативтік актілерге сәйкес жобалануға тиіс.

43. Елді мекендердің өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйелерінің құрамы мен атқарымдық сипаттамалары Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің аумақтық органымен келісілуге тиісті "Өрт қауіпсіздігі" жобасының жеке бөлімі түрінде рәсімделеді.

44. Елді мекендер аумақтарын, өрт қатерін бағалау негізінде әзірленетін өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйелерін жоспарлау белгіленген тәртіппен әзірленіп, бекітілген техникалық тапсырмаға сәйкес жүзеге асырылады.

45. Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2012.12.07 N 1567 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

46. Елді мекендер аумақтарын жоспарлауға арналған жобалар мен техникалық тапсырмалардағы "Өрт қауіпсіздігі" бөлімдері өрт қауіпсіздігі талаптарына сәйкестігіне үш жылда кемі бір рет міндетті түзетілуге тиіс.

47. Өрт-жарылыс қауіпті заттар мен материалдарды өндіретін, пайдаланатын, қайта өңдейтін, жасайтын, сақтайтын, тасымалдайтын және жоятын және осылар үшін өнеркәсіп қауіпсіздігі туралы декларация әзірлеу міндетті қауіпті өндірістік объектілер қала және ауыл елді мекендері шекараларынан тыс орналастырылуға тиіс, егер бұл мүмкін болмаса немесе мақсатқа сай келмесе, онда өрт-жарылыс қауіпті объекті аумағынан бас жерлердегі адамдарды, ғимараттарды, құрылымдар мен құрылыстарды өрттің және (немесе) жарылыстың қауіпті факторлары әсерінен қорғау жөнінде шаралар әзірленуге тиіс.

Аумақтарында өрт-жарылыс және өрт қауіптілігі бойынша А, Б және В1-В4 санатты ғимараттар, құрылымдар мен құрылыстар орналасқан өзге өндірістік объектілер қала және ауыл елді мекендерінің аумақтарына да, сол сияқты шекараларынан тыс жерлерге де орналаса алады. Бұл ретте өрт қатерінің есептік мәні осы Техникалық регламентте белгіленген ең үлкен жол берілетін өрт қатерінен аспауға тиіс.

48. Қала және ауыл елді мекендері шекараларына өрт-жарылыс қауіпті объектілерді орналастыру кезінде қауіпті өрт факторларының көрші объектілерге, климаттық және географиялық ерекшеліктерге, жергілікті жер бедеріне, өзендердің ағу бағытына және желдің басым бағытына әсер ету мүмкіндігі ескерілуі қажет.

49. Сұйытылған табиғи газдардың жиынтығы елді мекендердің жел соғатын жағына орналастырылуға тиіс.

50. Сұйытылған көміртекті газдардың және тез тұтанатын сұйықтықтардың қоймалары елді мекендердің тұрғын аймағынан тыс тұрғын аудандарға қатысты желдің басым бағытының желдетілетін жағына орналастырылуға тиіс.

51. Сұйытылған көміртекті газдардың және тез тұтанатын сұйықтықтардың қоймаларын орналастыру бойынша жер учаскелері елді мекендерге, кемежайларға, өзен вокзалдарына, гидроэлектр стансаларына, кеме жөндейтін және кеме құрылысы ұйымдарына, көпірлер мен құрылымдарға өзен ағысымен төмен, егер көрсетілген құрылымдардан бері Техникалық регламентте үлкен арақашықтықтар белгіленбесе, олардан бері қарай 300 м кем емес арақашықтыққа орналастырылуға тиіс.

Қоймалар хабарлағыш және байланыс құралдарымен, сондай-ақ өрттерді жою және сөндіру құралдарымен жабдықталған жағдайда, қоймаларды көрсетілген құрылымдарға қатысты өзен ағысы бойымен жоғары олардан 3 мың м кем емес арақашықтыққа орналастыруға жол беріледі.

52. Сұйытылған көміртекті газдар мен жылдам тұтанатын сұйықтықтар қоймаларының құрылымдары көрші елді мекендердің, ұйымдар мен жалпы желілік теміржол жолдарының аумағы белгілерімен салыстырғанда өте төмен деңгейлі жер учаскелеріне орналастырылуға тиіс.

Көрсетілген қоймаларды көрші елді мекендердің, ұйымдар мен жалпы желілік теміржол жолдарының аумағы белгілерімен салыстырғанда өте жоғары деңгейлі жер учаскелеріне, олардан 300 м артық арақашықтыққа орналастыруға жол беріледі.

53. Елді мекендерден, ұйымдар мен жалпы желілік теміржол жолдарынан 100 м-ден 300 м дейінгі аралықтағы арақашықтыққа орналасқан сұйытылған көміртекті газдар мен жылдам тұтанатын сұйықтықтар қоймаларына елді мекендердің, ұйымдар мен жалпы желілік теміржол жолдарының аумағына сұйықтықтардың ағуын болдырмайтын шаралар (соның ішінде екінші топырақ үйіп бекіту, апаттық ыдыстар, ағызу арналары, олар) қарастырылуға тиіс.

54. Өндірістік объектілерді қауіпті өндірістік объектілерге жатқызу тәртібі Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес анықталады.

55. Қала және ауыл елді мекендерін санитарлық-эпидемиялық талаптар бойынша аумақтық аймақтарға бөлу кезінде тұрғын, қоғамдық іскери, өндірістік аймақтар, инженерлік және көлік инфрақұрылымдары аймақтары, ауылшаруашылығын пайдалану аймақтары, рекреациялық тағайындалған аймақтар, ерекше қорғалатын аумақтар аймақтары, арнайы тағайындалған, әскери объектілер орналастырылатын аймақтар және басқа да аумақтық аймақтар түрлері арасындағы арақашықтықтарды анықтау және орналастыру жөніндегі өрт қауіпсіздігі талаптары, сондай-ақ осы Техникалық регламентте жазылған талаптар сақталуға тиіс.

56. Тұрғын құрылыстары аймақтарының, қоғамдық іскери аймақтардың және қала мен ауыл елді мекендерінің рекреациялық тағайындалу аймақтарының шегінде аумақтарында өрт-жарылыс және өрт қаупі бойынша А, Б және В1 - В4 санатты ғимараттар, құрылымдар мен құрылыстар жоқ өндірістік объектілерді орналастыруға жол беріледі.

57. Тұрғын құрылыс аймағы шегінде орналасқан өрт-жарылыс қауіпті объектілерде қауіпті өрт факторларының әсерін жою мүмкін болмаған жағдайда, қуаттылықты азайту, ұйымдарды (кәсіпорындарды) немесе жекелеген өндірісті қайта пішіндеу немесе ұйымды (кәсіпорынды) тұрғын құрылыс шегінен тыс жерлерге қайта негіздеу қарастырылуы керек.

58. Өнеркәсіп кәсіпорындарының санитарлық-қорғау аймақтарына бау-бақшалық, бақшалық және саяжайлық коммерциялық емес бірлестіктерді орналастыруға тыйым салынады.

59. Өрт сөндіру автомобильдерінің:

1) екі бойлық жақтан - биіктігі 28 м және одан артық (9 қабат және одан артық) көп пәтерлі тұрғын үйлердің ғимараттарына, биіктігі 18 м және одан артық (6 және одан артық қабатты) адамдар тұрақты тұратын және уақытша келетін өзге ғимараттарға, көрсетілім жасалатын және мәдени-ағарту мекемелерінің, халыққа қызмет көрсету ұйымдарының, жалпы білім беру ұйымдарының, стационарлық типті емдеу мекемелердің, мекемелерді басқару органдарының ғимараттарына;

2) барлық тараптардан - көп пәтерлі тұрғын үйлердің, жалпы білім беру мекемелерінің, балаларға арналған мектепке дейінгі білім беру мекемелерінің, стационары бар емдеу мекемелерінің, ғылыми және жобалық ұйымдардың, мекемелерді басқару органдарының бір секциялы ғимараттарына жақын келуі қамтамасыз етілуге тиіс.

60. Өндірістік объектілердің ғимараттарына, құрылымдары мен құрылыстарына олардың бүкіл ұзына бойына өрт сөндіру машиналарының:

1) бір жағынан - ғимараттардың, құрылымдар мен құрылыстардың ені 18 м артық болмаған жағдайда;

2) екі жағынан - ғимараттардың, құрылымдар мен құрылыстардың ені 18 м артық болған жағдайда, сондай-ақ аулалар тұйықталып және жартылай тұйықталып салынған жағдайда, жақын келуі қамтамасыз етілуге тиіс.

61. Құрылысының ауданы 10 мың м² артық немесе ені 100 м артық өндірістік объектілер ғимараттарына өрт сөндіру техникасының жақын келуі жан-жағынан қамтамасыз етілуге тиіс.

62. Өрт сөндіру техникасының жүріп өтуін қамтамасыз ететін өту бөлігінің немесе жоспарланған үстіңгі бетінің шетінен өндірістік ғимараттардың, құрылымдар мен құрылыстардың қабырғаларына дейінгі арақашықтық:

- 1) биіктігі 13 м-ден 28 м дейінгі ғимараттар үшін - 8 м;
- 2) биіктігі 28 м артық ғимараттар үшін - 10 м артық болмауға тиіс.

Автомобиль жолының өту бөлігінің шетінен өндірістік ғимараттардың, құрылымдар мен құрылыстардың қабырғаларына дейінгі арақашықтықты өрт сөндіру техникасының бұрылуы үшін алаңдары бар және осы алаңдарда өрт гидранттары орнатылған осы ғимараттарға, құрылымдар мен құрылыстарға тұйық жолдар салынған жағдайда 60 м дейін ұлғайтуға жол беріледі. Бұл ретте өндірістік ғимараттардан, құрылымдар мен құрылыстардан өрт техникасының бұрылуына арналған алаңдарға дейінгі арақашықтық 100 м артық болмауға тиіс.

63. Өрт сөндіру техникасына арналған өтпе жолдардың жол төсемінің құрастырылымы өрт сөндіру автомобильдерінің түсіретін жүктемесіне есептелуге тиіс.

64. Тұрғын және көп функциялы биік ғимараттардың стилобаты шатырын өрт сөндіру техникасы жақын келуі үшін пайдалану кезінде өрт сөндіру автомобильдерінен оське түсетін 16 т кем емес жүктемеге есептелуге тиіс.

65. Өрт сөндіру машиналарының биіктігі 75 м артық тұрғын үй ғимараттарына жақын келуін қамтамасыз ету үшін тұрғын үйлердің биік бөлігінің сыртқы қабырғаларынан 8 м-ден 10 м дейінгі арақашықтықта ені 6 м кем емес қатты жабынды шеңбер жолдар салу керек.

66. Өтпе жолдар, галереялар сияқты немесе биіктігі 75 м артық тұрғын үйлердің ғимараттары (арқалары) арқылы тік өтетін жолдарды биіктігі 4,5 м кем емес және саңылаудағы ені 3,5 м кем емес етіп орындалуы керек.

Егер өрт сөндіру гидранттары бар сыртқы су құбыры желісі қасбеттердің бірінің тарабынан салынған болса, тұрғын үйлердің саты торлары (вестибюльдері) арқылы тік өтетін жолдарды бір-бірінен 100 м кем емес арақашықтықта қарастыру керек.

67. Тұйық жолдар өрт сөндіру техникасы бұрылуы үшін өлшемі 15 x 15 м кем емес алаңдармен аяқталуға тиіс.

68. Азаматтардың бау-бақ, бақшалық және саяжайлық коммерциялық емес бірлестік аумағында барлық бақша учаскелеріне, біріккен топтарға және жалпы пайдаланылатын объектілерге өрт сөндіру техникасының жақын келуі қамтамасыз етілуге тиіс.

69. Қала және ауыл елді мекендерінің аумағында сыртқы және (немесе) ішкі өртке қарсы сумен жабдықтау көздері болуға тиіс.

Сыртқы өртке қарсы сумен жабдықтау көздеріне мыналар жатады:

- 1) өрт сөндіру гидранттары бар сыртқы су құбыры желілері;

2) Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес өрт сөндіру мақсаттарына пайдаланылатын табиғи және жасанды су көздері.

70. Өртке қарсы су құбыры қала және елді мекендерде, сондай-ақ өндірістік объектілерде қарастырылуға тиіс.

Шаруашылық-ауызсу немесе өндірістік су құбыры бар өртке қарсы су құбыры біріктірілуге тиіс.

71. Сұйық қоймалардан және (немесе) су қоймаларынан сыртқы өртке қарсы сумен жабдықтауды:

1) тұрғындарының саны 5 мың адамға дейінгі елді мекендер үшін;

2) сақиналы өртке қарсы су құбыры жоқ елді мекендерде орналасқан, көлемі 1 мың м³ дейінгі жеке тұрған қоғамдық ғимараттар;

3) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2011.10.31 № 1249 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен;

4) сыртқы өрт сөндіруге секундына 10 л су жұмсаған жағдайда өрт-жарылыс және өрт қауіптілігі бойынша В1 - В4, Г және Д санатты өндірістері бар өндірістік ғимараттар;

5) көлемі 1 мың м³ дейінгі ірі жем қоймалары;

6) ғимараттарының көлемі 5 мың м³ дейінгі ірі жем қоймалары;

7) радио-телевизиялық стансалардың ғимараттары;

8) көкөністер мен жемістерге арналған тоңазытқыштар мен қоймалары ғимараттары үшін қарастыруға жол беріледі.

Ескерту. 71-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2011.10.31 № 1249 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

72. Мыналар:

1) биіктігі екі қабатқа дейін ғимараттарды салу кезінде 50 адамға дейін тұрғын саны бар елді мекендер;

2) ғимараттарының көлемі 1 мың м³ жеке тұрған, елді мекендерден тыс орналасқан қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындары және ауданы 150 м² дейінгі сауда кәсіпорындары, сондай-ақ елді мекендерге орналасқан көлемі 250 м³ отқа төзімділік дәрежелері I және II қоғамдық ғимараттар;

3) өрт-жарылыс қауіптілігі және өрт қауіптілігі бойынша Д санатты өндірістері бар көлемі 1 мың м³ дейінгі I және II дәрежелі отқа төзімді өндірістік ғимараттар (көлемі 250 м³ дейінгі металл қорғалмаған немесе ағаш арқаулық құрастырылымы бар, сондай-ақ полимер жылытқышы бар ғимараттардан басқа);

4) ғимараттардың көлемі 1 мың м³ болған жағдайда ауылшаруашылығы өнімдерінің мерзімдік әмбебап қабылдау-дайындау пункттері;

5) ауданы 50 м² дейін жанатын орауышқа салынған жанатын материалдардың және жанбайтын материалдардың қоймалары ғимараттары үшін сыртқы өртке қарсы сумен жабдықтауды қарастырмауға жол беріледі.

73. Су құбыры желісінің магистральдық (есептік сақиналы) желілерін есептеу үшін сыртқы өрт сөндіруге жұмсалатын су шығыны (бір өрт үшін) және елді мекендердегі бір мезгілдегі өрттер саны осы Техникалық регламенттің 6-қосымшасы кестесінде берілген мәндерге сәйкес келуге тиіс.

74. Аймақтық сумен қамтамасыз ету кезінде сыртқы өрт сөндіруге кететін су шығыны және әрбір аймақтағы бір мезгілдегі өрттер саны аймақта тұрып жатқан тұрғындар санына байланысты қабылданады.

75. Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2011.10.31 № 1249 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

76. Топтық су құбыры үшін бір мезгілде болған өрттердің саны су құбырына қосылған елді мекендердегі тұрғындардың жалпы санына байланысты қабылданады.

77. Топтық құбыржолы бойынша өрт көлемін қалпына келтіруге жұмсалатын су шығыны мынадай жағдайларда:

өрт сөндіруге жұмсалатын ең үлкен шығындарды талап ететін елді мекендер үшін (бір мезгілдегі өрттер санына сәйкес) су шығындарының жинағы ретінде анықталады.

1) өртті сөндіру ұзақтығы 3 сағаттан кем емес, ал өрт-жарылыс қауіптілігі мен өрт қауіптілігі бойынша Г және Д санатты үй-жайлары бар I және II дәрежелі отқа төзімді ғимараттар үшін 2 сағаттан кем емес уақыт болып қабылдануға тиіс.

2) судың өрт сөндіру көлемін ең үлкен қалпына келтіру уақыты: өрт-жарылыс қауіптілігі мен өрт қауіптілігі бойынша А, Б, В1 - В4 санатты үй-жайлары бар елді мекендер мен өндірістік объектілер үшін - 24 сағаттан;

өрт-жарылыс қауіптілігі мен өрт қауіптілігі бойынша Г және Д санатты үй-жайлары бар өндірістік объектілер үшін - 36 сағаттан;

ауылдық елді мекендер мен ауылшаруашылығы кәсіпорындары үшін - 72 сағаттан аспауға тиіс.

78. Елді мекенде сыртқы өрт сөндіруге жұмсалатын су шығыны осы Техникалық регламенттің 7-қосымшасы кестесінде берілген тұрғын және қоғамдық ғимараттардың өрт сөндіруге жұмсалатын су шығынынан кем болмауға тиіс.

79. Тұрғын және қоғамдық ғимараттардағы бір өртті сөндіруге су құбыры желісінің қосу және тарату желілерінен, сондай-ақ микро аудан немесе квартал ішіндегі су құбыры желісінен жұмсалатын су шығыны осы Техникалық регламенттің 7-қосымшасы бойынша ең үлкен су шығынын талап ететін ғимарат үшін қабылдануға тиіс.

Ескерту. 79-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2011.10.31 № 1249 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

80. Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2011.10.31 № 1249 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

81. Өртке қарсы қабырғалармен бөліктерге бөлінген ғимараттардағы өртті сыртқы сөндіруге жұмсалатын су шығыны судың көп шығыны талап етілетін ғимарат бөлігі бойынша қабылдануға тиіс.

82. Өртке қарсы қоршаулармен бөлінген ғимараттардағы сыртқы өрт сөндіруге жұмсалатын су шығыны ғимараттың жалпы көлемі және өрт-жарылыс қауіптілігі және өрт қауіптілігі бойынша аса қауіпті санаты бойынша анықталуға тиіс.

83. Арқалық болат құрастырылымдары және жанатын немесе полимер жылытқышты болат пішінделген немесе асбест-цемент табақтардан жасалған қоршау құрастырылымдары бар биіктігі 18 м артық емес бір және екі қабатты өндірістік объектілердегі бір қабатты қоймалық ғимараттардағы сыртқы өрт сөндіруге жұмсалатын су шығыны осы Техникалық регламенттің 8-қосымшасы 1-ші және 2-ші кестелерінде көрсетілген нормативтерден 10 л/с-қа артық қабылдануға тиіс.

84. Кәсіпорында екі есептік өрт кезінде өрт сөндіруге жұмсалатын есептік су шығыны аса көп су шығынын талап ететін екі ғимарат бойынша қабылдануға тиіс.

85. Жеке тұрған көмекші ғимараттардың сырттан өрт сөндіруге жұмсалатын су шығынын мәндері осы Техникалық регламенттің 8-қосымшасы 1-кестесіне сәйкес, ал өндірістік ғимараттарға қосып салынған объектілер үшін - ғимараттың жалпы көлемі бойынша қабылдау керек.

86. Сыйымдылығы 10 мың м³ дейінгі ағаш материалдары қоймаларының сырттан өрт сөндіруге жұмсалатын су шығыны оларды өрт-жарылыс қауіптілігі және өрт қауіптілігі бойынша В1 - В4 санатты өндірісті V дәрежелі отқа төзімді ғимараттарға жатқызып, осы Техникалық регламенттің 8-қосымшасы 1-кестесі бойынша қабылдануға тиіс.

Қоймаларды сыйымдылығы үлкен жағдайда тиісті нормативтік құжаттардың талаптарды басшылыққа алуы қажет.

87. Егер осы Техникалық регламенттің 8-қосымшасының 1-ші және 2-ші кестесі бойынша көп су шығыны талап етілмесе, ғимараттардың көлемі мен елді мекендерде тұратын адамдардың санына қарамастан радио-телевизиялық беру стансалары ғимараттарының сырттан өрт сөндіруге жұмсалатын су шығынын 15 л/с кем емес етіп қабылдау керек. Көрсетілген талаптар қолданыста бар және жобаланатын байланыс объектілеріне орнатылатын радио-телевизиялық трансляторларға таратылмайды.

88. Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2011.10.31 № 1249 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

89. Ағаш құрастырылымды II дәрежелі отқа төзімді ғимараттар үшін осы Техникалық регламенттің 8-қосымшасының 1-ші және 2-ші кестелерінде көрсетілгеннен 5 л/с артық қабылдануға тиіс.

90. 5 тоннаға дейін жүк салынатын контейнерлерді сақтайтын ашық алаңдардың сырттан өрт сөндіруге жұмсалатын су шығыны мынадай контейнерлер санымен қабылдануға тиіс:

- 1) 15 л/с кем емес - контейнерлер 30-дан 50 дейін;
- 2) 20 л/с кем емес - контейнерлер 50-ден артық 100 дейін;
- 3) 5 л/с кем емес - контейнерлер 100-ден артық 300 дейін;
- 4) 40 л/с кем емес - контейнерлер 300-ден артық 1000 дейін.

91. Өндірістік объектілердегі бір мезгілдегі өрттердің есептік саны олар алатын ауданға байланысты қабылдануға тиіс: ауданы 150 га дейін болған жағдайда бір өрт, ауданы 150 га артық болған жағдайда екі өрт.

92. Елді мекен және өнеркәсіптік немесе елді мекен пунктінен тыс орналасқан ауыл шаруашылығы кәсіпорнының өртке қарсы біріккен құбыржолы кезінде мыналар бір мезгілдегі өрттің есептік саны болып қабылданады:

1) елді мекендегі тұрғындар саны 10 мың адамға дейін болған кезде 150 га дейін кәсіпорынның аумағы ауданы кезінде - бір өрт (кәсіпорын немесе елді мекенде судың ең үлкен шығыны бойынша);

2) сол сияқты, елді мекенде адамдар саны 10 мың адамнан артық 25 мың адамға дейінгі кезде - екі өрт (бірі кәсіпорында және бірі елді мекенде);

3) кәсіпорын аумағы ауданы 150 га жоғары және елді мекендегі адамдар саны 25 мыңға дейін болғанда - екі өрт (ең үлкен шығын бойынша кәсіпорында екі немесе елді мекенде екі);

4) елді мекенде 25 мыңнан артық адам болған кезде бір мезгілдегі өрт саны осы Техникалық регламенттің 6-қосымшасының кестесі бойынша қабылданады, сонымен қатар су шығыны тұтынылатын үлкен шығын жиынтығы (кәсіпорында

немесе елді мекенде) және ең кіші шығынның 50 % (кәсіпорында немесе елді мекенде) ретінде анықталуға тиіс;

5) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2011.10.31 № 1249 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен;

Ескерту. 92-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2011.10.31 № 1249 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

93. Жер бетінен ғимаратқа кіруде максималды шаруашылықтық-ауыз су суын тұтыну кезінде елді мекеннің су құбыры желісінде минималды бос арын 10 м кем емес бір қабатты құрылыс кезінде қабылдануға тиіс, үлкен қабаттар кезінде әрбір қабатқа 4 м қосылуы керек.

94. Су аз тұтынылған уақытта бірінші қабаттан басқа әрбір қабатқа арынды 3 м тең қабылдауға рұқсат етіледі, сонымен қатар сақтау үшін сыйымдылыққа су беру қамтамасыз етіледі.

95. Жекелеген көп қабатты ғимараттар немесе құрылыстың аз қабаты бар ауданда орналасқан оның топтары үшін немесе жоғарылаған орындарда арынды жоғарылату үшін жергілікті сорғы қондырғысын қарастыруға рұқсат етіледі.

96. Су үлестіру колонкасы желісінде бос арын 10 м кем болмауы қажет.

97. Төмен қысымды өртке қарсы су құбырын пайдаланған жөн, жоғары қысымды өртке қарсы су құбырын сәйкес негіздемесі бар болған кезде ғана қабылдауға рұқсат етіледі.

Жоғары қысымды су құбырында стационарлық өрт сорғысы өрт пайда болғаны туралы сигнал берілгеннен кейін 5 мин кейін кешіктірмей сорғыны іске қосуды қамтамасыз ететін құрылғымен жабдықталуға тиіс.

98. Өрт сөндірген кезде төмен қысымды өртке қарсы су құбыры желісіндегі минималды бос арын (жер беті деңгейінде) 10 м кем болмауға тиіс.

99. Жоғары қысымды өртке қарсы су құбыры желісінде минималды бос арын өрт сөндіруге судың толық шығыны кезінде және өрт бағаны ең жоғарғы ғимараттың жоғарғы нүктесі деңгейінде орналасқан кезде 20 м кем болмайтын шағын ағын биіктігін қамтамасыз етуге тиіс.

100. Біріккен су құбыры желісінде максималды бос арын 60 м артық болмауы керек.

101. Су құбыры желісі сақиналы болуға тиіс.

Су құбырының тұйық желісін суды беру үшін қолдануға рұқсат етіледі:

1) өндірістік қажеттіліктерге - апатты жою уақытында сумен жабдықтауда рұқсат етілген үзіліс кезінде;

2) шаруашылықтық-ауыз су қажеттілігіне - 100 мм артық емес құбыр диаметрі кезінде;

3) өртке қарсы немесе шаруашылықтық-ауыз су қажеттілігіне өрт сөндіруге су шығынына қарамай - желінің ұзындығы 200 м артық емес.

Сыртқы су құбыры желісін ғимараттар мен құрылымдардың ішкі су құбырымен сақиналауға рұқсат етілмейді.

102. 50 мың адамға дейін тұрғыны бар және сыртқы өрт сөндіру үшін 10 л/с су шығыны бар елді мекендерде немесе ішкі өрт краны 12 бірлікке дейінгі ғимаратта өртке қарсы сұйыққойма құрылғысы немесе су қоймасы, су арынды мұнара немесе тұйық соңында бақылау сұйыққоймасы бар болғанда ұзындығы 200 м артық тұйық желіге рұқсат етіледі.

103. Сыртқы өрт сөндіру үшін судың 20 л/с және одан кем шығыны бар өндірістік объектілер үшін өрт сөндіру мақсаты үшін өртке қарсы сұйыққоймада су қорын қалпына келтіру уақытын ұлғайтуға рұқсат етіледі:

1) 48 сағ дейін - өртжарылыс және өрт қауіптілігі бойынша Г және Д санатты үй-жай үшін;

2) 36 сағ дейін - өртжарылыс және өрт қауіптілігі бойынша В1 - В4 санатты үй-жай үшін.

104. Қызыл желі 60 м шегінде және одан көп көше ені кезінде су құбыры желісін көшенің екі жағынан төсеу қарастырылады.

105. Өрт гидрантын өтетін бөліктің шетінен бастап 2,5 м артық емес, алайда ғимарат қабырғасынан 5 м кем емес аралықта автомобиль жолы бойымен орнату қажет.

Өрт гидрантын өтетін бөлікте орнатуға рұқсат етіледі, сонымен қатар су құбыры желісінен тармақтануда өрт гидрантын орнатуға тыйым салынады.

106. Су құбыры желісінде өрт гидрантын орналастыру сыртқы өрт сөндіруге 15 л/с және одан көп су шығыны кезінде екі өрт гидрантынан кем емес және 15 л/с кем су шығыны кезінде бір гидрант осы желі қызмет көрсететін кез келген ғимарат, құрылым, құрылыс немесе оның бөліктерінде өрт сөндіруді қамтамасыз етуге тиіс.

107. Су құбыры желісінде өрт гидранты арасындағы 200 м аспайтын аралық қабылдануға тиіс және жобалау ұйымы өрт сөндіруге судың жиынтық шығынын және орнатылатын өрт гидранты типінің өткізу қабілетін ескеретін есептеу арқылы негіздейді.

108. Өрт сөндіру мақсатына арналған сұйыққоймадағы таза судың пайдаланылмаған су қоры өрт сөндіру үшін қажетті су мөлшерін сумен қамтамасыз ету көзінен тікелей алу техникалық мүмкін болмаса немесе экономикалық жағынан мақсатқа сай болмаған жағдайда қарастырылуға тиіс.

Таза су сұйыққоймасындағы өрт сөндіруге арналған судың пайдаланылмаған қоры мыналарды қамтамасыз етуден қабылдануға тиіс:

1) сыртқы гидранттан және ішкі өрт кранынан өрт сөндіру;

2) өрт сөндірудің автоматты су және көбік қондырғысы;

3) максималды шаруашылықтық-ауыз су және өрт сөндірудің барлық мерзімінде өндірістік қажеттіліктер үшін.

Сұйыққоймадағы судың өрт көлемін анықтаған кезде егер оған су келу І және ІІ санатты сумен жабдықтау жүйесінен жүзеге асырылса, өрт сөндіру кезінде толтыруды есепке алу қажет.

109. Су арыны мұнарасының бағындағы өрт сөндіруге арналған судың пайдаланылмаған қоры басқа қажеттіліктер үшін бір мезгілдегі судың үлкен шығыны кезінде бір сыртқы және бір ішкі өртті сөндірудің он минуттық ұзақтығына есептелуі керек.

110. Өрт сұйыққоймасы немесе су қоймасының саны екіден кем болмауы керек, сонымен қатар оның әрқайсысында өрт сөндіру үшін судың 50 % кем емес көлемі сақталуы керек.

111. Өрт сұйыққоймасы немесе су қоймасы мыналар бар болған кезде:

1) өрт автомобилі, 200 м аспайтын аралықта;

2) өрт мотопомпасы, 100 м аспайтын аралықтағы радиуста болатын ғимараттарға қызмет көрсеткен жағдайда орналасуға тиіс.

Қызмет ету радиусын ұлғайту үшін 200 м аспайтын ұзындығы бар тұйық құбыржол су қоймасы немесе сұйыққоймасынан бастап төсеуге рұқсат етіледі.

Егер өрт сұйыққоймасынан немесе су қоймасынан суды өрт автомобилі немесе мотопомпамен тікелей жинау қиындық тудырса, көлемі 3 м^3 бастап 5 м^3 дейінгі қабылдау құқықтары қарастырылады. Сұйыққойманы немесе су қоймасын қабылдау құқығымен қосатын құбыржол диаметрі судың сыртқы өрт сөндіруге есептік шығынынан, алайда 200 мм кем емес қабылданады. Қабылдау құқығы алдында қосатын құбыржолға ысырмасы бар құқық орнатылады, оның штурвалы люк қақпағы астына шығарылуы керек.

112. Сұйыққоймадан немесе су қоймасынан су жинау нүктесінен бастап оттөзімділіктің ІІІ, ІV және V деңгейлі ғимараттарына және жанғыш материалдардың ашық қоймасына дейінгі аралық 30 м кем болмауға, оттөзімділіктің І және ІІ деңгейлі ғимаратына дейін - 10 м кем болмауға тиіс.

113. Объекті аумағында немесе оның 200 м радиус маңайында табиғи немесе жасанды су көздері (өзен, көл, бассейн, градирия) бар болған кезде оларға жылдың кез келген мезгілінде су жинау және өрт автомобилін орнату үшін 12×12 м кем емес көлемі бар қатты жабынды алаңқайы (пирс) бар кіре беріс орнатылуы керек.

114. Сыртқы өртке қарсы су құбыры параметрлері, сондай-ақ өртгидрантының қажетті саны және орнату орындарын анықтау әдістері Қазақстан Республикасы аумағында қолдануға рұқсат етілген құрылыс

нормалары мен талаптарына және белгіленген тәртіпте бекітілген өрт қауіпсіздігі саласындағы нормативтік құжаттарға сәйкес келуге тиіс.

115. Азаматтардың коммерциялық емес бақшалық және саяжай бірлестіктері аумағында өрт сөндіруді қамтамасыз ету үшін учаскелер саны:

1) 300 дейін - сыйымдылығы 25 м^3 кем емес;

2) 300 артық - өрт сорғысымен су жинау мүмкіндігі бар әрқайсысы кемінде екі өрт автомобилін орнатуға арналған алаңдары бар сыйымдылығы 60 м^3 кем емес болған кезде сыйымдылықты өртке қарсы су қоймалары немесе сұйыққоймалар қарастырылуға тиіс.

3.2.2. Қалалық және ауылдық елді-мекендер аумағында ғимараттар мен құрылымдар арасында өртке қарсы аралыққа қойылатын талаптар

116. Оттөзімділік деңгейіне қарай өнеркәсіптік кәсіпорындардың тұрғын үй, қоғамдық және қосымша ғимараттары арасындағы өртке қарсы аралықты осы Техникалық регламенттің 9-қосымшасы 1-кестесіне сәйкес қабылдаған жөн.

117. Оттөзімділік деңгейіне қарай өнеркәсіптік кәсіпорындардың өндірістік ғимараттары арасындағы өртке қарсы аралықты осы Техникалық регламенттің 9-қосымшасы 2-кестесіне сәйкес қабылдаған дұрыс.

118. Оттөзімділік деңгейі бойынша ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының өндірістік ғимараттары арасындағы өртке қарсы аралықты осы Техникалық регламенттің 9-қосымшасы 3 және 4-кестесіне сәйкес қабылдаған жөн.

119. Ғимараттар және құрылымдар арасындағы өртке қарсы аралық болып ғимараттың сыртқы қабырғасы немесе басқа құрастырылымы арасындағы аралық анықталады. Жанбайтын материалдан жасалған ғимараттар мен құрылымдар құрастырылымының 1 м артық шығыңқылығы бар болса, осы құрастырылымдар арасындағы аралық қабылданады.

120. Терезе ойығы жоқ ғимараттар, имараттар және құрылыс арасындағы өртке қарсы аралықты өттөзімділіктің III, IIIa, IIIб, IV, IVa және V деңгейлі ғимараттарды қоспағанда, 20 % кішірейтуге рұқсат етіледі.

121. I B климаттық кіші аудандарда өттөзімділіктің IV және V деңгейлі тұрғын ғимараттар арасындағы аралықты 50% арттырған дұрыс.

122. Сейсмикалығы 9 балл және одан жоғары аудандарда тұрғын ғимараттар, сондай-ақ өттөзімділіктің IV, IVa және V деңгейлі тұрғын және қоғамдық ғимараттары арасындағы өртке қарсы аралықты 20 % арттырған жөн.

123. Оттөзімділіктің V деңгейлі каркас және қаңқалы құрастырылымды екі қабатты ғимарат, сондай-ақ жанғыш материалдан жасалған төбесі бар ғимараттар үшін өртке қарсы аралықты 20 % арттырған жөн.

124. Оттөзімділіктің I және II деңгейлі ғимараттары арасындағы өртке қарсы аралықты егер басқа ғимаратқа қарсы орналасқан одан жоғары ғимарат қабырғасы I типті өртке қарсы болып табылса, 3,5 м дейін кішірейтуге рұқсат етіледі.

125. Тұрғын үйлерге дейін үй жанындағы жер учаскесінде шаруашылық құрылысы (сарай, гараж, монша) және бір, екі пәтерлі тұрғын үйден бастап көршілес үй маңының жер учаскесіндегі тұрғын үй және шаруашылық құрылысына дейінгі өртке қарсы аралықты осы Техникалық регламенттің 9-қосымшасы 1-кестесіне сәйкес қабылдаған жөн.

126. Тұрғын үй және шаруашылық құрылысы арасындағы, сондай-ақ үй маңындағы бір учаске шегінде шаруашылық құрылысы арасындағы өртке қарсы аралық нормаланбайды.

127. Оттөзімділіктің I және II деңгейлі Ф1, Ф2, Ф3, Ф4 өрт қауіптілігінің атқарымдық класының тұрғын, қоғамдық және әкімшілік (тұрмыстық) ғимараттарынан минималды өртке қарсы аралығы:

1) Ф5 класты өндірістік және қоймалық ғимараттардан, сондай-ақ өттөзімділіктің I және II деңгейлі гараждарына дейін 9 м кем емес;

2) Ф5 атқарымдық өрт қауіптілігі класты және С2, С3 құрастырылымдық өрт қауіптілігі класты ғимараттарға дейін - 15 м кем емес;

3) өттөзімділіктің III, IIIa, IIIб деңгейлі ғимараттарына дейін - 12 м кем емес;

4) өттөзімділіктің IV, IVa және V деңгейлі ғимараттарына дейін - 15 м кем емес.

128. Ф1, Ф2, Ф3, Ф4 IV, IVa атқарымдық өрт қауіптілігі класты және өттөзімділіктің V деңгейлі тұрғын, қоғамдық және әкімшілік (тұрмыстық) ғимараттардан бастап Ф5 атқарымдық өрт қауіптілігі класының өндірістік және қойма ғимараттарына, сондай-ақ өттөзімділіктің сондай деңгейі бар гаражға дейінгі аралық 18 м кем емес болып қабылданады. Оттөзімділіктің III, IIIa және IIIб деңгейлі аталған ғимараттары үшін олардың арасындағы аралық 12 м кем емес болып қабылданады.

129. Уақытша құрылыс, дүңгіршек, ларек және қалқаны орнату осы Техникалық регламенттің 9-қосымшасы 1-кестесінде келтірілген өртке қарсы аралықты есепке алып жүзеге асырылады.

130. Оттөзімділіктің REI 150 кем емес шегі бар бүйір қабырғалар, Ф1.1, Ф4.1 класты атқарымдық өрт қауіптілік типті балалар, емдеу мекемелері ғимараттарын қоспағанда, I - III, IIIa, IIIб деңгейлі ғимараттар және автомобильдер пассивті жүретін көп ярусты гараж-тұрақтар арасындағы өртке қарсы аралық нормаланбайды.

131. Ыдысты сақтауға арналған алаңдар торлы қоршаумен қоршалуға тиіс және ғимарат пен құрылымнан кемінде 15 м аралықта орналасуы керек.

132. Қалалық мекендер құрылысы шекарасынан бастап орман алқабына дейінгі өртке қарсы аралық 100 м кем болмауға тиіс.

Ескерту. 132-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2011.10.31 № 1249 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

133. Қалалық мекендерде үй маңындағы учаскесі бар бір-екі қабатты жеке құрылысы бар аудандар үшін үй маңындағы учаске шекарасынан бастап орман алқабына дейінгі аралық 50 м кем болмауы керек.

Ескерту. 133-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2011.10.31 № 1249 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

134. Мұнай және мұнай өнімдері қоймасы аумағында орналасқан өртжарылыс және өрт қауіптілігі бойынша А, Б және В1 - В4 санатты ғимараттар және құрылымдардан бастап көрші объектілерге дейінгі өртке қарсы аралық осы Техникалық регламенттің 10-қосымшасының 1-кестесі бойынша қабылданады.

Осы Техникалық регламенттің 10-қосымшасының 1-кестесінде көрсетілген аралықтар:

1) ғимарат және құрылымның сыртқы қабырғасы және құрастырылымы арасындағы аралық ретінде ғимарат және құрылма арасындағы;

2) құю-төгу құрылғысынан бастап - құю-төгу эстакадасы бар теміржол осінен бастап;

3) автомобиль цистернасының құю-төгу құрылмасы үшін, сорғы, ыдыстар үшін алаңдардан (ашық және қалқа асты) бастап - осы алаңдар шекарасынан бастап;

4) технологиялық эстакададан және құбыржолдан бастап - шеткі құбыржолдан бастап;

5) алаулы қондырғыдан бастап - алау оқпанынан бастап анықталады.

135. Құрылысы ағаш кесуге байланысты болатын орман алқабында мұнай және мұнай өнімдерін сақтау үшін қоймаларды орналастырған кезде қылқанды орман алқабына дейінгі аралықты екі есе азайтуға рұқсат етіледі, сонымен қатар қойма маңында орман алқабы шекарасы бойында ені 5 м кем емес жыртылған жер жолағы қарастырылуға тиіс.

136. Сұйыққойма паркінен 200 м дейінгі аралықта орналасқан жалпы желідегі теміржол жолдары, көршілес елді мекендер және кәсіпорындар аумағы белгісін салыстыру бойынша жоғары белгілері бар алаңдарда мұнай және мұнай өнімдерінің сұйыққойма паркін орналастырған кезде, сондай-ақ су кемерінен 200 м және одан кіші (максималды деңгейде) аралықта өзен жағасында мұнай және мұнай өнімдері қоймасын орналастырған кезде сұйыққойманың апаты кезінде мұнай және мұнай өнімдерінің елді мекен немесе кәсіпорын аумағына, жалпы

желідегі теміржол жолына немесе су қоймасына төгілу ықтималдығын болдырмайтын қосымша шаралар қарастырылуға тиіс.

Мұнай және мұнай өнімдері қоймасы аумағы биіктігі 2 м кем емес жанбайтын материалдан жасалған үрленетін қоршаумен қоршалуы керек.

137. Тұрғын үй және қоғамдық ғимараттардан бастап жалпы сыйымдылығы 2 мың м³, тұрғын және қоғамдық ғимараттарға қызмет көрсететін қазандық, дизельді электрлік станса және басқа энергетикалық объектілер құрамында қаралатын III санатты мұнай және мұнай өнімдерін сақтауға арналған қоймаға дейінгі өртке қарсы аралық осы Техникалық регламенттің 10-қосымшасы 2-кестесінде белгіленгеннен кем болмайтындай қабылдануға тиіс.

138. Мұнай және мұнай өнімдері қоймасының санаты осы Техникалық регламенттің 10-қосымшасы 3-кестесі бойынша анықталады.

139. Елді мекен пункті аумағында автоқұю стансасын орналастырған кезде өртке қарсы аралық апатты сұйыққойма және отын сақтауға арналған қабырғадан, отын және (немесе) оның буы айналатын жер үсті жабдығынан бастап, отын сақтауға арналған сұйыққойма және апатты сұйыққойманың тыныс алу арқауынан, отын-үлестіру колонкасы тұрқы және сұйылтылған көмірсутекті газдар немесе сұйылтылған табиғи газ, автоцистерна және технологиялық құдыққа арналған алаңдар шекарасынан, тазарту құрылымының технологиялық жабдық қабырғасынан бастап және автоқұю стансасы ғимаратының сыртқы қабырғасы және құрастырылымынан бастап:

1) мектепке дейінгі балаларға жалпы білім беретін мекемелер, жалпы білім беретін мекеме, интернат типті жалпы білім беретін мекеме, стационарлық типті емдеу мекемелері, бір пәтерлі тұрғын ғимарат жер учаскесінің шекарасына;

2) терезе немесе есіктерге дейін (басқа мақсаттағы тұрған және қоғамдық ғимараттар үшін).

140. Автоқұю стансасынан бастап ғимараттар, құрылым және автоқұю стансасы кешеніне жатпайтын басқа объектілерге дейінгі минималды өртке қарсы аралық станса типіне байланысты болады және осы Техникалық регламенттің 11-қосымшасы 1-кестесіне сәйкес анықталады.

141. Жер үсті сұйыққоймасы бар автоқұю стансасы ғимараты және құрылымы арасындағы минималды өртке қарсы аралық осы Техникалық регламенттің 11-қосымшасы 2-кестесіне сәйкес қабылданады.

142. Жер үсті сұйыққоймасы бар автоқұю стансасы аумағында орналасқан ғимараттар және құрылым арасындағы минималды өртке қарсы аралық осы Техникалық регламенттің 11-қосымшасы 3-кестесіне сәйкес қабылданады.

143. Автоқұю стансасы аумағында орналасатын мұнай өнімдерін сақтауға арналған сұйыққойманың жалпы сыйымдылығы:

1) автоқұю стансасын қалада және елді мекен пунктінде орналастырған кезде - 100 м³ артық емес;

2) автоқұю стансасын елді мекен пункті шегінен тыс орналастырған кезде - 150 м³ артық емес (сақталатын автоцистерна сыйымдылығын есепке алып) болуға тиіс.

Қалада және басқа елді мекен пунктінде тек қана отынды сақтаудың жер асты сұйыққоймасы бар автоқұю стансасын орналастыруға рұқсат етіледі.

144. Жер үсті және жер үсті-жер асты гараждар, жеңіл автомобильді тұрақты және уақытша сақтауға арналған ашық тұрақтар және техникалық қызмет көрсету стансасынан бастап тұрғын үйлер және қоғамдық ғимараттар, сондай-ақ елді мекендердің тұрғын, қоғамдық-іскерлік және рекреациялық мақсаттағы аймақтарда орналасқан мектепке дейінгі балаларға жалпы білім беретін мекемелер, жалпы білім беретін мекеме, интернат типті жалпы білім беретін мекеме, стационарлық типті емдеу мекемелеріне дейін өртке қарсы аралық осы Техникалық регламенттің 12-қосымшасы кестесінде келтірілгеннен кем қабылданбауы керек.

145. Өртке қарсы аралықты тұрғын үй және қоғамдық ғимараттар, құрылымдар және құрылыстан бастап және мектепке дейінгі балаларға жалпы білім беретін мекемелер, жалпы білім беретін мекеме және стационарлық типті емдеу мекемесінен бастап гараж қабырғасы немесе ашық тұрақ шекарасына дейін анықтаған жөн.

146. Секциялық тұрғын үйден бастап бойлық фасад бойында орналасатын сыйымдылығы 101 машинадан бастап 300 машинаға дейінгі ашық алаңдарға дейінгі өртке қарсы аралықты 50 м кем емес деп қабылдаған дұрыс.

147. Осы Техникалық регламенттің 12-қосымшасының кестесінде келтірілген оттөзімділіктің I—II деңгейлі гаражы үшін аралықты гаражда ашылатын терезе, сондай-ақ тұрғын және қоғамдық ғимараттар жағына бағдарланған кірулер болмаған кезде 25 % азайтуға рұқсат етіледі.

148. Гараждар және сыйымдылығы 300 артық машина-орны бар жеңіл автомобильдерді сақтауға арналған ашық тұрақтар және 30 артық бекет кезінде техникалық қызмет көрсету стансасы тұрғын үйден 50 м кем емес аралықта өндірістік аумақта тұрғын ауданнан тыс орналасуға тиіс. Аралық мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау органының келісімімен анықталады.

149. Сұйылтылған табиғи газ кешені құрамына кіретін сұйыққоймадан бастап сұйылтылған табиғи газ кешеніне жатпайтын ғимараттар және құрылымға дейінгі өртке қарсы аралық осы Техникалық регламенттің 13-қосымшасы 1-кестесі бойынша қолданылуға тиіс.

150. Қысымы осы Техникалық регламенттің 13-қосымшасы 1-кестесінде келтірілген мәннен ерекшеленетін сұйық қоймадан бастап көршілес объектілерге дейінгі өртке қарсы аралық осы Техникалық регламенттің 13-қосымшасы 2-кестесінде келтірілген.

151. Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2011.10.31 № 1249 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

152. Қойма аумағында орналасатын сұйылтылған көмірсутекті газ сұйық қоймасынан бастап қойма аумағынан тыс басқа объектілерге дейінгі өртке қарсы аралық осы Техникалық регламенттің 13-қосымшасының кестесінде келтірілген мәндерге сәйкес келуге тиіс.

Жеке тұрған құю-төгу эстакадасынан бастап көрші ұйымдар, тұрғын және қоғамдық ғимараттарға дейінгі өртке қарсы аралық сұйылтылған көмірсутекті газдар және қысым асты жеңіл тұтанатын сұйықтықтар қоймасы сұйыққоймасынан бастап сияқты қабылданады.

153. Қойма аумағында орналасатын сұйылтылған көмірсутекті газдар қоймасы шекарасынан бастап қойма аумағынан тыс өндірістік объектілер, тұрғын және қоғамдық ғимараттар және құрылымдарға дейінгі өртке қарсы аралық осы Техникалық регламенттің 13-қосымшасы 4-кестеде келтірілген мәндерге сәйкес келуге тиіс.

154. Газ құбыры, мұнай құбыры және мұнай өнімдері құбырының жер асты және жер үсті (төгіндіде) осінен бастап елді мекендер және жеке тұрған өндірістік объектілер, елді мекендер аумағындағы ғимараттар мен құрылымдарға дейінгі өртке қарсы аралық осы Техникалық регламенттің 14-қосымшасы 1-кестеде келтірілген мәндерден кем болмайтындай қабылдануға тиіс.

155. Шеткі сұйыққоймадан бастап жалпы сыйымдылығы 50 м^3 сұйылтылған көмірсутекті газдың сұйыққоймалық қондырғысынан бастап елді мекен ғимараты мен құрылымы және оның коммуникациясына дейінгі аралық осы Техникалық регламенттің 14-қосымшасы 2-кестеде келтірілген мәндерге сәйкес келуге тиіс.

156. Жалпы сыйымдылығы 50 м^3 артық сұйылтылған көмірсутекті газдың сұйыққоймалық қондырғысынан бастап аралық осы Техникалық регламенттің 14-қосымшасы 3-кестеде келтірілген мәндерге сәйкес келуге тиіс.

157. Бірлік сыйымдылығы 50 м^3 бойынша сұйылтылған көмірсутекті газдың екі сұйыққоймасын орнатқан кезде газ толтыру кіші стансасына жатпайтын ғимараттарға (тұрғын, қоғамдық, өндірістік) дейінгі аралықты:

- 1) жер үсті сұйыққоймалары үшін - 100 м дейін;
- 2) жер асты сұйыққоймалары үшін - 50 м дейін азайтуға рұқсат етіледі.

158. Сұйылтылған көмірсутекті газдардың жер үсті сұйыққоймасынан бастап бір мезгілде 800-ден артық адам болуы мүмкін (стадион, базар, парк, тұрғын үй) орындарға дейінгі, сондай-ақ мектеп, мектепке дейінгі және емдеу-сауықтыру мекемелеріне дейінгі аралық орын санына қарамай, осы Техникалық регламенттің 14-қосымшасы 3-кестеде келтірілген мәндермен салыстырып 2 есе арттыруға рұқсат етіледі.

3.3. Ғимараттар мен құрылымдарды жобалау және салу кезінде қойылатын өрт қауіпсіздігі талаптары

3.3.1. Ғимараттар мен құрылымдарды жобалау кезінде қойылатын жалпы өрт қауіпсіздігі талаптары

159. Ғимаратқа, құрылым мен құрылысқа арналған жобалық құжаттамада адамдардың өмірі мен денсаулығын, меншігін, ұлттық байлықты және қоршаған ортаны қамтамасыз ететін, өрттің пайда болуын және өршуін болдырмауға, сондай-ақ оны сәтті сөндіруге бағытталған талаптар болуға тиіс.

160. Жобалау кезінде өрт қауіпсіздігі талаптарын белгілейтін нормалар мен ережелер болмайтын ғимараттар, құрылымдар мен құрылыстар салуға, жобалық құжаттаманы әзірлеушілер тиісті ғылыми-зерттеу және мамандандырылған ұйымдарды тарта отырып, олардың өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ететін ерекшеліктерді бейнелейтін және қажетті инженерлік-техникалық және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша ұйымдастыру іс-шаралар кешені болатын жобалық шешімдер әзірлейді.

Жобалық шешімдер өрт қауіпсіздігі талаптарын белгілейтін нормалар мен ережелер болмайтын объектілер салуға арналған жобалық құжаттаманы әзірлеу үшін негізгі бастапқы құжат болып табылады.

Жобалық шешімдер өрт қауіпсіздігі саласындағы органмен Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен келісілуі керек.

161. Мемлекеттік нормаларға, ережелерге, стандарттарға және жобалауға арналған тапсырмаларға сәйкес әзірленген жобалық құжаттама жауапты орындаушының (жобаның бас инженері, жобаның бас архитекторы) тиісті жазбасымен куәландырылған болуға тиіс және Қазақстан Республикасының заңдық актілерінде ерекше ескертілген жағдайларды қоспағанда, қосымша келісілуге жатпайды.

162. Ғимараттар, құрылымдар және құрылыстардағы жеке өрт қауіпсіздігі ғимаратта өрт өршіген және адамдарды ғимараттан, үй-жайдан және құрылымнан шыға берістерден барынша алыстатылған жерлерге орналастырудың күрделі жағдайлары үшін, жылына 10^{-6} аспауға тиіс.

Қауіпті өрт факторларының әсері нәтижесінде адамдардың апатқа ұшырау катері ғимараттардың, үй-жайлар мен құрылымдардың өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйелерін қолдану есебімен анықталуға тиіс.

Ғимараттарда, құрылымдар мен құрылыстардағы жеке өрт қатерін есептеу тәртібі Қазақстан Республикасы аумағында қолдануға рұқсат етілген мемлекеттік, мемлекетаралық, халықаралық стандарттардың және белгіленген тәртіппен бекітілген, өрт қауіпсіздігі саласындағы нормативтік құжаттар талаптарына сәйкес болуы керек.

163. Ғимараттар, құрылымдар мен құрылыстардың құрастырылымдық, көлемдік-жоспарлау және инженерлік-техникалық шешімдері өрт жағдайында мыналарды қамтамасыз етуге тиіс:

1) адамдарды қауіпсіз аймаққа олардың өмірі мен денсаулығына қауіпті өрт факторларының әсері салдарынан зиян келтірілгенге дейін эвакуациялау;

2) адамдарды құтқару бойынша іс-шаралар өткізу мүмкіндігі;

3) өртке қарсы қызмет бөлімшелерінің жеке құрамының жол ашу және өрт сөндіру құралдарын ғимараттың, құрылым мен құрылыстың кез келген үй-жайына жеткізу мүмкіндігі;

4) өрт сөндіргіш заттарды өрт ошағына беру мүмкіндігі;

5) өртті көршілес ғимараттарға, құрылымдар мен құрылыстарға таратпау.

164. Ғимаратта өртке қарсы тосқауылдармен бөлінген әр түрлі функционалдық өрт қауіпті бөліктер болған кезде, осындай бөліктердің әрқайсысы функционалдық өрт қауіптілігіне сәйкес келетін ғимаратқа қойылатын өрт қауіпсіздігі талаптарына жауап беруге тиіс.

165. Ғимараттарда, құрылымдарда және өрт сөндіру бөліктерінде жарылыс-өрт және өрт қауіптілігі бойынша А және Б санатындағы үй-жайлар сыртқы қабырғаларда, ал көп қабатты ғимараттарда - жоғарғы қабаттарда орналасуы керек.

166. Жөртөлелік және цокольдық қабаттарда жанғыш газдар мен сұйықтықтар, сондай-ақ тез тұтанатын материалдар қолданылатын немесе сақталатын үй-жайлар орналастыруға тыйым салынады.

167. Ғимараттардың, құрылымдар мен құрылыстардың немесе ондағы жеке үй-жайлардың функционалдық тағайындалымы өзгерген кезде, сондай-ақ көлемдік-жоспарлау және құрастырылымдық шешімдер осы ғимараттардың, құрылымдар мен үй-жайлардың жаңа тағайындалымына сәйкес өзгерген кезде, Техникалық регламентте және белгіленген тәртіппен бекітілген өрт қауіпсіздігі саласындағы нормативтік құжаттарда белгіленген талаптардың орындалуы қамтамасыз етілуі қажет.

3.3.2. Ғимараттар, құрылымдар мен құрылыстардың өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйелерінің құрамына және функционалдық сипаттамаларына қойылатын талаптар

168. Ғимарат, құрылым және құрылыстың өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйелерінің функционалдық сипаттамалары, сондай-ақ ғимарат, құрылым мен құрылыстың инженерлік жабдығы Қазақстан Республикасы аумағында қолдануға рұқсат етілген мемлекеттік, мемлекетаралық, халықаралық стандарттардың және белгіленген тәртіппен бекітілген, өрт қауіпсіздігі саласындағы нормативтік құжаттар талаптарына сәйкес анықталады.

169. Көп қабатты, көпшілік адамдар болатын ғимараттарда, құрылымдар мен құрылыстардағы, сондай-ақ балалар және қозғалу мүмкіндігі шектеулі адамдар тобы болатын ғимараттар мен құрылымдардағы жеке өрт қатері бірінші кезекте өрттің алдын алу жүйесімен және ұйымдастыру-техникалық іс-шаралар кешенімен қамтамасыз етілуге тиіс.

170. Ғимараттардың, құрылымдар мен құрылыстардың өртке қарсы қорғау жүйелері адамдарды қауіпсіз аймаққа қауіпті өрт факторларының шекті рұқсат етілген мәндері болғанға дейін эвакуациялау мүмкіндігін қамтамасыз етуге тиіс.

171. Ғимараттың құрастырылымдық шешімдерінде өрт және өртті сөндіру кезінде адамдарды құтқару үшін қажетті уақыт ішінде оларға жүктелген функциялардың орындалуын қамтамасыз ететін құралдар (басқыш шабақтары, өртке қарсы қабырғалар, өрт сөндіру лифтілері, сыртқы өрт сөндіру сатылары, апаттық люктер) қарастырылуы керек.

172. Ғимараттар мен құрылымдардың электр жабдығы олар орнатылған жарылыс қауіпті және өрт қауіпті аймақтардың жанғыш қоспаларының санаттары мен топтарына сәйкес болуға тиіс.

173. Ғимараттар мен құрылымдарда электрлік қабылдағыштарды коректендіру:

1) өртті байқау, өрт кезінде адамдарға хабарлау және эвакуациялауды басқару жүйелері;

2) эвакуация жолдарында апаттық жарық түсіру;

3) апаттық желдету және түтінге қарсы қорғау жүйелері;

4) автоматты өрт сөндіру жүйелері;

5) ішкі өртке қарсы су құбыры;

6) өрт сөндіру бөлімшелерін тасымалдауға арналған лифтілер өрт кезінде адамдарды қауіпсіз аймаққа толық эвакуациялау және өртті сөндіру үшін қажетті уақыт көлемінде қамтамасыз етілуге тиіс.

174. Резервтік қоректену көздерінің трансформаторлық қосалқы стансаларынан бастап енгізу-тарату құрылғыларына дейінгі кабельдер бөлек отқа төзімді арналарда төселуге немесе оттан қорғанышы болуға тиіс.

175. Ғимараттар, құрылымдар мен құрылыстардың үй-жайларын электрмен жабдықтау желілерінің электрлік қабылдағыштар бұзылған кезде, өрттің пайда болуының алдын алатын қорғанышты сөндіру құрылғылары болуы керек. Қорғанышты сөндіру құрылғысын орнату ережелері және параметрлері "Қазақстан Республикасында электрлік қондырғыларды орнату ережелерінің" және белгіленген тәртіппен бекітілген өрт қауіпсіздігі саласындағы нормативтік құжаттар талаптарына сәйкес болуы қажет.

176. Тарату қалқандарында оның шектерінен жанудың әлсіз ток бөлігінен күші ток бөлігіне немесе керісінше таралуын болдырмайтын құрастырылымы болуы керек.

177. Қабаттық тарату қалқандарынан бастап үй-жайларға дейін кабельдер мен сымдарды тарту, жанбайтын құрылыс құрастырылымдарынан жасалған арналарда немесе өрт қауіпсіздігі талаптарына сәйкес келетін бойлық арқаулықта іске асырылуы керек.

178. Ғимараттар мен құрылымдарда электрлік кабельдер мен сымдарды төсеуге арналған көлденең және тік арналардың өрттің таралуынан қорғауы болуға тиіс. Отқа төзімділік шегімен нормаланған құрылыс құрастырылымдары арқылы кабельдік арналардың, қораптардың, кабельдер мен сымдардың өтетін жерлерінде отқа төзімділік шегі осы құрастырылымдардағы отқа төзімділік шегінен төмен болмайтын кабельдік өткелдер қарастырылуы қажет.

Ашық төселген кабельдер жануды таратпайтын болуға тиіс.

179. Автономды қорек көздері болатын эвакуациялау жолдарында апаттық жарық түсіретін шырағандар негізгі қорек көзін сөндіретін елестету кезінде олардың жұмыс қабілеттілігін тексеруге арналған құрылғылармен қамтамасыз етілуі керек. Автономды қорек көзінің жұмыс қоры эвакуациялау жолдарында адамдарды қауіпсіз аймаққа эвакуациялауға есептелген уақыт көлемінде апаттық жарық түсіруді қамтамасыз етуге тиіс.

180. Жарылыс-өрттен қорғау құралдары болмайтын электр жабдығын ғимараттар, құрылымдар мен құрылыстардың жарылыс қауіпті, жарылыс-өрт қауіпті және өрт қауіпті үй-жайларында жанғыш ортада жану көзінің пайда болу қаупін болдырмауға бағытталған қосымша шараларсыз пайдалануға рұқсат етілмейді.

181. Жарылыс қауіпті және жарылыс-өрт қауіпті үй-жайларда өрттен қорғалған электр жабдығын пайдалануға тыйым салынады.

182. Жарылыстан қорғалған электр жабдығын өрт қауіпті және өрт қауіпті емес үй-жайларда, ал жарылыс қауіпті үй-жайларда - жарылыс қауіпті қоспаның

санаты мен тобының жарылыстан қорғалған электр жабдығының түріне сәйкес келетін жағдайда пайдалануға рұқсат етіледі.

183. Электр жабдықты әр түрлі тағайындалымдағы ғимараттар мен құрылымдарда оның жарылыс қауіпті және өрт қауіпті деңгейіне байланысты қолдану ережесі, сондай-ақ электр жабдықтың өрт қауіптілігінің көрсеткіштері және оларды анықтау әдістері Қазақстан Республикасы аумағында қолдануға рұқсат етілген мемлекеттік, мемлекетаралық, халықаралық стандарттардың және белгіленген тәртіппен бекітілген, өрт қауіпсіздігі саласындағы нормативтік құжаттар талаптарына сәйкес белгіленеді.

184. Автоматты өрт сөндіру және өрт сигналын беру қондырғылары ғимараттар мен құрылымдарда белгіленген тәртіппен әзірленген және бекітілген жобалық-сметалық құжаттамаға сәйкес құрастырылуы керек.

185. Автоматты өрт сөндіру қондырғылары мыналармен қамтамасыз етілуге тиіс:

1) қорғалатын үй-жайда, ғимаратта немесе құрылымда өртті жою үшін жеткілікті өрт сөндіру заттарының есептік санымен;

2) қондырғының жұмыс қабілеттілігін бақылауға арналған құрылғымен;

3) адамдарға өрт туралы, сондай-ақ кезекші жұмыскерлеріне және (немесе) өрт күзетінің бөлімшесіне оның шығу орны туралы хабарлау құрылғысымен;

4) өрт шыққан үй-жайдан адамдарды эвакуациялау үшін қажетті уақытта газды және ұнтақты өрт сөндіру заттарының берілуін кідіртуге арналған құрылғымен;

5) өрт сөндіру қондырғысын қолмен қосуға арналған құрылғымен.

186. Резервтік өрт сөндіру заттарының болуы және саны "Ғимараттарды, құрылымдар мен құрылыстарды өрт кезінде автоматты өрт сөндіру және автоматты өрт сигналын беру, адамдарға хабарлау және эвакуациялауды басқару жүйелерімен жабдықтау жөніндегі талаптар" атты Техникалық регламенттің және белгіленген тәртіппен бекітілген өрт қауіпсіздігі саласындағы нормативтік құжаттар талаптарына сәйкес анықталуға тиіс.

187. Өрт сөндіретін затты өрт ошағына беру тәсілі жанғыш материалдардың төгілуі, шашырауы немесе тозаңдануы, жанғыш және уытты газдардың бөлінуі салдарынан өрт аумағының ұлғаюына әкелмеуі керек.

188. Өрт сөндіретін затты үй-жайдан, ғимараттан немесе құрылымнан оны бергеннен кейін алып тастау, өрт қауіпсіздігі саласындағы нормативтік құжаттарға және автоматты өрт сөндіру қондырғыларын құрастыруға арналған жобаға сәйкес іске асырылуға тиіс.

189. Автоматты өрт сигналын беру қондырғылары өртті автоматты табуды, адамдарды құлақтандыру және эвакуациялауды басқарудың техникалық құралдарын басқару сигналдарының қалыптасуын, өрт сөндіру, түтінді кетіру

қондырғыларын, инженерлік және технологиялық жабдықтарды басқару аспаптарымен қамтамасыз етуге тиіс.

190. Автоматты өрт сигналын беру қондырғылары жеке техникалық құралдар арасындағы байланыс желілерінің ақауын байқағаны туралы өрт туралы сигналдардан ерекшеленетін жарық түсіру және дыбыстық сигналдар көмегімен кезекші қызметкерге мәлімет берілуін қамтамасыз етуі керек.

191. Автоматты өрт сигналын беру жүйесінің өрт туралы хабарлағыштары және автоматты өрт сөндіру жүйелерін қозғағыштар қорғалатын үй-жайда өртті осы үй-жайдың кез келген нүктесінде байқайтындай болып орнатылуы қажет.

192. Өрт сигналын беру жүйелері өрттің шығуы туралы жарықтық және дыбыстық сигналдың ғимараттың, құрылымның барлық үй-жайына, үй-жайдағы кезекші қызметкердің қабылдау-бақылау құрылғысына немесе шығарылатын арнайы хабарлау құрылғыларына берілуін қамтамасыз етуге тиіс.

193. Автоматты өрт сөндіру жүйелерінің өрт сөндіретін қабылдау-бақылау аспаптары кезекші қызметкер тәулік бойы болатын үй-жайларда орнатылуы керек.

194. Қолмен өрт сөндіретін хабарлағыштар эвакуациялау жолдарында, өрт шыққан кезде олардың қосу үшін қол жеткізілетін орындарда орнатылуға тиіс.

195. Ғимараттар мен құрылымдарда адамдарға өрт туралы хабарлау, өрт кезінде адамдарды эвакуациялауды басқару және оларды қауіпсіз эвакуациялауды қамтамасыз ету, мынадай тәсілдердің біреуімен немесе олардың құрамдастырылуымен жүзеге асырылуы керек:

- 1) адамдар үнемі және (немесе) жарықты сигналдардың берілуін;
- 2) эвакуацияның қажеттігі, эвакуациялау жолдары, қозғалу бағыттары және өрт кезінде адамдардың қауіпсіздігін және үрейдің алдын алуды қамтамасыз етуге бағытталған басқа әрекеттер туралы арнайы әзірленген мәтіндердің берілуі;
- 3) эвакуациялау жолдарында өрт қауіпсіздігі белгілерінің нормативтік уақыт ішінде орналастырылуын және жарықпен қамтамасыз етілуін;
- 4) эвакуациялық (апаттық) жарық түсірудің қосылуын;
- 5) эвакуациялық шығу есіктері тиектерінің қашықтан ашылуын;
- 6) диспетчерлік өрт сөндіру күзетінің өрт кезінде хабарлау аймақтарымен байланысының қамтамасыз етілуін.

196. Адамдарды құлақтандыру және эвакуациялауды басқару жүйесі құрылымдардың әрбір қабатында әзірленген және адамдарды эвакуациялау жоспарларында болатын ақпаратқа сәйкес болуға тиіс.

197. Өрт кезінде адамдарды құлақтандыру және эвакуациялауды басқару жүйесі мынадай жағдайларды қоспағанда, автоматты өрт сөндіру сигналы немесе автоматты өрт сөндіру қондырғысы іске қосылған кезде автоматты түрде қосылуға тиіс:

1) ғимараттар мен құрылымдарда автоматты өрт сөндіру сигналы немесе автоматты өрт сөндіру қондырғысы болмағанда. Бұндай жағдайда, өрт кезінде адамдарды құлақтандыруды және эвакуациялауды басқару жүйесін қашықтан қосу қолмен қосылатын өрт сөндіру хабарлағыштарынан іске асырылуы керек;

2) ғимараттың немесе құрылымның функционалдық тағайындалымы және өрт қауіптілігі жартылай автоматты басқаруды, жекелеген хабарлау аймақтарында өрт кезінде адамдарды құлақтандыруды және эвакуациялауды басқару жүйесін қашықтан және (немесе) жергілікті қосуды пайдаланған кезде, адамдарды қауіпсіз эвакуациялауды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

198. Өрт кезінде адамдарды құлақтандыруды және эвакуациялауды басқару жүйесін басқару тәсілін таңдауды "Ғимараттарды, құрылымдар мен құрылыстарды өрт сигналын беру, кезінде автоматты өрт сөндіру және автоматты өрт сигналын беру, адамдарға хабарлау және эвакуациялауды басқару жүйелерімен жабдықтау жөніндегі талаптар" атты Техникалық регламенттің және белгіленген тәртіппен бекітілген өрт қауіпсіздігі саласындағы нормативтік құжаттар талаптарына сәйкес жобалаушы-ұйым анықтайды.

199. Ғимаратты, құрылымды немесе құрылысты хабарлау аймақтарына бөлген кезде, ғимараттың әр түрлі үй-жайларында болатын адамдарға өрт туралы хабарлау кезектілігі әзірленеді.

200. Өртті хабарлау аймақтарының өлшемдері, хабарлау кезектілігі және жекелеген аймақтарда хабарлауды бастау уақыты өрт кезінде адамдарды қауіпсіз эвакуациялауды қамтамасыз ету жағдайына байланысты анықталады.

201. Адамдарға өрт туралы хабарлау және оларды эвакуациялауды басқару жүйесі ғимараттан, құрылымнан немесе құрылыстан адамдарды эвакуациялауды аяқтау үшін қажетті уақыт көлемінде қолданылуға тиіс.

202. Өрт кезінде хабарлау және ғимараттан, құрылымнан немесе құрылыстан эвакуациялауды басқару жүйелерінің техникалық шешімдері эвакуацияланатын адамдардың денсаулық жағдайы мен жасын ескеруге тиіс.

203. Эвакуациялық шығулардың жарық нұсқағыштары адамдардың қорғалатын үй-жайларда болатын уақыты ішінде қосылған күйінде болуы керек.

204. Дыбыстық және сөйлеу өрт хабарлағыштары, оларды орнына қою және қуаты адамдар үнемі немесе уақытша болатын барлық жерлерде өрт туралы ақпарат алу үшін жеткілікті дыбыс деңгейін қамтамасыз етуге тиіс. Дыбыстық хабарлау сигналдары үндестілігі бойынша басқа қолданыстағы дыбыстық сигналдардан ерекшеленуге тиіс.

205. Өрт кезінде адамдарды құлақтандыру және эвакуациялауды басқару жүйелерінің хабарлағыштарының (дауыс зорайтқыштар) дыбыс реттегіші болмауы керек және ажырататын құрылғыларсыз, электр желілеріне қосылған болуы қажет. Құлақтандыру және эвакуациялауды басқару жүйелерінің

коммуникацияларын ғимараттың радио арқылы хабар тарату желісімен бірге орналастыруға рұқсат етіледі.

206. Өрт кезінде адамдарды құлақтандыру және эвакуациялауды басқару жүйелерін іске қосу, өрт сөндіретін диспетчерлік күзет үй-жайында немесе өрт қауіпсіздігі талаптарына жауап беретін басқа арнайы үй-жайда іске асырылуы керек.

207. Ғимараттарда үй-жайлар мен құрылымдарда өрт кезінде адамдарды құлақтандыру және эвакуациялауды басқару жүйелерін орнату және параметрлері "Ғимараттарды, құрылымдар мен құрылыстарды өрт кезінде автоматты өрт сөндіру және автоматты өрт сигналын беру, адамдарға хабарлау және эвакуациялауды басқару жүйелерімен жабдықтау жөніндегі талаптар" атты Техникалық регламенттің, Қазақстан Республикасы аумағында қолдануға рұқсат етілген мемлекеттік, мемлекетаралық, халықаралық стандарттардың және белгіленген тәртіппен бекітілген өрт қауіпсіздігі саласындағы нормативтік құжаттар талаптарына сәйкес болуға тиіс.

208. Көлемдік-жоспарлау және құрастырылымдық шешімдерге байланысты, ғимараттар мен құрылымдардан түтінді кетіру жүйесі табиғи немесе механикалық қозғалтумен орындалуы керек.

Қозғалту тәсіліне қарамастан, түтінді кетіру жүйесінің түтінге қарсы желдетудің атқарушы механизмдері мен құрылғыларын автоматты және қашықтан қолмен іске қосуы болуға тиіс.

209. Ғимараттар мен құрылымдардың көлемдік-жоспарлау шешімдері жану өнімдерінің өрт сөндіру үй-жайының, өрт сөндіру бөлімінің және (немесе) бөлігінің шегінен тыс таралу мүмкіндігін болдырмауы керек.

210. Ғимараттар мен құрылымдардың функционалдық тағайындалымына және көлемдік-жоспарлау және құрастырылымдық шешімдеріне байланысты, онда тартып-соратын немесе түтінге қарсы желдететін сору жүйесі қарастырылған болуға тиіс.

211. Түтінге қарсы желдетудің тартып-сору жүйесі архитектуралық-жоспарлау шешімдерімен немесе механикалық желдету көмегімен кетірілетін жану өнімдерінің көлеміне сәйкес келетін көлемде ауа ағыны қамтамасыз етілетін ғимараттар мен құрылымдарда қолданылады.

212. Түтінге қарсы желдетудің тартып-сору жүйесі архитектуралық-жоспарлау шешімдерімен кетірілетін жану өнімдерінің көлеміне сәйкес келетін көлемде ауа ағыны қамтамасыз етілетін ғимараттар мен құрылымдарда қолданылады.

213. Жану өнімдерін табиғи немесе механикалық түтінге қарсы желдету құрылғысынсыз, ғимараттар мен құрылымдар шегінен тыс ығыстыру үшін, кірме ағындық желдетуді пайдалануға тыйым салынады.

214. Түтінге қарсы соратын желдету өрт кезінде жану өнімдерінің өрт болған үй-жайдан, эвакуациялау жолындағы дәліздер мен холлдардан тікелей кетірілуін қамтамасыз етуге тиіс.

215. Ғимараттар мен құрылымдарды түтінге қарсы қорғау жүйесінің кірме Ағындық желдетуі өрт шыққан үй-жаймен аралас үй-жайларға, басқыш шабақтарында, лифті холлдары мен тамбурларда - шлюздарда ауа берілуін және артық қысым жасалуын қамтамасыз етуі керек.

216. Ғимараттар мен құрылымдарды түтінге қарсы қорғау элементтерінің құрастырылымдық орындауы және элементтері адамдарды қауіпсіз аймаққа эвакуациялау үшін қажетті уақыт ішінде немесе өрт ұзақтығының барлық уақытында түтін кетіру жүйесінің ақаусыз жұмысын қамтамасыз етуге тиіс.

217. Ғимараттар мен құрылымдардың түтінге қарсы желдететін атқарушы механизмдері мен құрылғыларының автоматты жетегі автоматты өрт сигналын бергіштер немесе автоматты өрт сөндіргіш қондырғылар іске қосылған кезде іске асырылуы керек.

218. Ғимараттар мен құрылымдардың түтінге қарсы желдететін атқарушы механизмдері мен құрылғыларының қашықтан қолмен басқарылатын жетегі өрт сөндіру шкафтарында, эвакуациялық шығуларда және өрт сөндіру күзетінің үй-жайларында немесе диспетчерлік қызметкерлер үй-жайларындағы іске қосылатын элементтерден жүзеге асырылуы қажет.

219. Өрт кезінде ғимараттар мен құрылымдардағы түтінді кетіру жүйесін қосқан кезде, жалпы ауысымдық желдету және ауа баптау жүйелерінің міндетті түрде ағытылуы іске асырылуы керек.

220. Ұнтақты немесе газды автоматты өрт сөндіру қондырғыларының немесе өрт сөндіру үй-жайындағы түтінге қарсы желдету жүйелерінің бір мезгілдегі жұмысына тыйым салынады.

221. Ғимараттар мен құрылымдардың түтінге қарсы қорғау жүйелерінің элементтерінің құрастырылымдық орындалуы, пайдалану ерекшелігі және қосу жүйелігі Қазақстан Республикасы аумағында қолдануға рұқсат етілген мемлекеттік, мемлекетаралық, халықаралық стандарттардың, құрылыс нормалары мен ережелерінің және белгіленген тәртіппен бекітілген, өрт қауіпсіздігі саласындағы нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес болуға тиіс.

222. Ғимарат, үй-жай және құрылымдар Қазақстан Республикасы аумағында қолдануға рұқсат етілген құрылыс нормалары мен ережелерінің және белгіленген тәртіппен бекітілген, өрт қауіпсіздігі саласындағы нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес, өрт сөндіру мақсаттары үшін қажетті су шығынын қамтамасыз ететін өртке қарсы ішкі су құбырымен жабдықталған болуы керек.

223. Өртке қарсы ішкі су құбыры өрт сөндіру мақсаттарына қол жеткізуді қамтамасыз ететін көлемде ішкі өрт сөндіру крандарымен қамтамасыз етілуі керек.

224. Ішкі өрт сөндіру су құбырының параметрлері, сондай-ақ ішкі өрт сөндіру крандарының қажетті санын және орналасу орындарын анықтау әдістері Қазақстан Республикасы аумағында қолдануға рұқсат етілген мемлекеттік, мемлекетаралық, халықаралық стандарттардың, құрылыс нормалары мен ережелерінің және белгіленген тәртіппен бекітілген, өрт қауіпсіздігі саласындағы нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес болуға тиіс.

3.3.3. Ғимараттар, құрылымдар мен өрт сөндіру бөліктерінің отқа төзімділігіне және өрт қауіпсіздігіне қойылатын талаптар

225. Ғимараттар, құрылымдар мен өрт сөндіру бөліктерінің отқа төзімділік деңгейі олардың қабатына, функционалдық өрт қауіптілігіне, өрт сөндіру бөліктерінің ауданына және онда орналастырылған технологиялық процестердің өрт қауіптілігіне байланысты белгіленуге тиіс.

226. Құрылыс құрастырылымдарының отқа төзімділік шектері ғимараттар, құрылымдар мен өрт сөндіру бөліктерінің отқа төзімділік деңгейіне сәйкес болуы керек.

Құрылыс құрастырылымдарының отқа төзімділік шектері ғимараттар, құрылымдар мен өрт сөндіру бөліктерінің отқа төзімділік деңгейі, сондай-ақ онда қолданылатын құрылыс құрастырылымдарының отқа төзімділік деңгейі осы Техникалық регламенттің 5-қосымшасының 1-кестесінде берілген.

227. Ойықтарды толтырудың отқа төзімділік шектері (есіктерді, қақпаларды, терезелер мен люктерді, сондай-ақ қолшамдарды, оның ішінде учаскелердің зенитті және басқа жарық түсетін жабын төсемдерін) өртке қарсы кедергілердегі ойықтарды толтыруды қоспағанда, нормаланбайды.

228. Өртке қарсы аймақтардың және тамбур-шлюздардың өртке қарсы қабырғалары, аражабындары, жабындары, құрастырылымдары, сондай-ақ өртке қарсы кедергілердегі жарық түсіру ойықтарын толтырулар (өртке қарсы есіктер, қақпалар, люктер, клапандар, терезелер, перделер) жанбайтын материалдардан орындалуға тиіс.

229. Ғимараттың, құрылымдар мен өрт сөндіру бөліктерінің құрастырылымдық өрт қауіптілік класы олардың қабатына, функционалдық өрт қауіптілігіне, өрт сөндіру бөліктерінің ауданына және онда орналастырылған технологиялық процестердің өрт қауіптілігіне байланысты белгіленуге тиіс.

230. Құрылыс құрастырылымдарының өрт қауіптілік класы ғимараттардың, құрылымдар мен өрт сөндіру бөліктерінің құрастырылымдық өрт қауіптіліктің қабылданған класына сәйкес болуы керек.

Ғимараттардың, құрылымдар мен өрт сөндіру бөліктерінің және онда қолданылатын құрылыс құрастырылымдарының өрт қауіптілігі кластарының құрастырылымдық өрт қауіптілігі класына сәйкестігі осы Техникалық регламенттің 5-қосымшасының 2-кестесінде берілген.

231. Ғимараттың қоршайтын құрастырылымдарындағы ойықтарды толтырудың өрт қауіптілігі (есіктер, қақпалар, терезелер мен люктер) өртке қарсы кедергілердегі ойықтарды толтыруды қоспағанда, нормаланбайды.

232. Құрылыс құрастырылымдарының отқа төзімділік шектері және өрт қауіптілік кластары Қазақстан Республикасы аумағында қолдануға рұқсат етілген мемлекеттік, мемлекетаралық, халықаралық стандарттарда және белгіленген тәртіппен бекітілген, өрт қауіпсіздігі саласындағы нормативтік құжаттарда берілген әдістер бойынша, стандарттық сынаулар жағдайында анықталуға тиіс.

233. Құрылыс құрастырылымдарының отты сынаулардан өтілген формасы, материалдары, құрылыс құрастырылымдарының құрастырылымдық орындауы бойынша ұқсас отқа төзімділік шектерін және өрт қауіптілік класын белгіленген тәртіппен бекітілген, өрт қауіпсіздігі саласындағы нормативтік құжаттарда белгіленген есептік-аналитикалық әдістер бойынша анықтауға рұқсат етіледі.

3.3.4. Ғимараттарда, құрылымдар мен өрт сөндіру бөліктерінде өрттің таралуын шектеуге қойылатын талаптар

234. Ғимараттар, құрылымдар, өрт сөндіру бөліктері, сондай-ақ функционалдық өрт қауіптілік кластары әр түрлі үй-жайлар бөліктері өзара отқа төзімділік шектері және құрастырылымдық өрт қауіптілік кластары нормаланған қоршау құрастырылымдарымен немесе өртке қарсы кедергілермен бөлінген болуы керек. Өртке қарсы кедергілердің осындай қоршау құрастырылымдары мен типіне қойылатын талаптар үй-жайдың функционалдық өрт қауіптілігі, өрт жүктемесінің шамасы, ғимараттың, құрылымның, құрылыстың, өрт сөндіру бөлігінің отқа төзімділік деңгейі және құрастырылымдық өрт қауіптілік класы ескеріліп белгіленеді.

235. Өртке қарсы кедергілер қызметін орындайтын құрылыс құрастырылымдарының отқа төзімділік шектері және типтері, ойықтар мен тамбур-шлюздарды толтыратын олардың тиісті типтері осы Техникалық регламенттің 4-қосымшасының 1-кестесінде берілген.

236. Өртке қарсы кедергілерде ойықтарды толтырудың тиісті типтеріне арналған отқа төзімділік шектері осы Техникалық регламенттің 4-қосымшасының 2-кестесінде берілген.

237. Әр түрлі типтегі тамбур-шлюздардың элементтеріне қойылатын талаптар осы Техникалық регламенттің 15-қосымшасының кестесінде берілген.

238. Өртке қарсы қабырғалар ғимараттың, құрылымның барлық биіктігіне салынып, өрттің аралық өрт сөндіру бөлігіне, оның ішінде өрт ошағы жағындағы құрастырылымның бір жақты қирауы кезінде таралмауын қамтамасыз етуге тиіс.

239. Өртке қарсы қабырғалардың, аражабындар мен бөлгіштердің ғимараттың, құрылымның, құрылыстың, өрт сөндіру бөліктерінің басқа қоршау құрастырылымдарымен жанасатын жерлерінде жанасатын кедергілердің отқа төзімділік шегінен кем болмайтын отқа төзімділік шегі болуы керек.

Өртке қарсы қабырғалардың ғимараттар мен құрылымдардың басқа қабырғаларымен жанасу орындарының құрастырылымдық атқарылуы өрттің осы кедергілерді айналып таралу мүмкіндігін болдырмауы керек.

240. Өртке қарсы кедергілерде терезелер ашылмайтын, өртке қарсы есіктер, қақпалар, люктер мен клапандардың өздігінен жабылуға арналған құрылғылары болуға тиіс.

Ашық күйінде пайдаланыла алатын өртке қарсы есіктер, қақпалар, перделер, люктер мен клапандар олардың өрт кезінде автоматты жабылуын қамтамасыз ететін құрылғылармен жабдықталған болуы қажет.

241. Өртке қарсы кедергілерде ойықтардың жалпы ауданы олардың ауданының 25 %-ынан аспауға тиіс.

242. А және Б санатты үй-жайларды басқа санаттағы үй-жайлардан, дәліздерден, басқыш шабақтарынан және лифтілік холлдардан бөліп тұратын өртке қарсы кедергілерде үнемі ауа тіреліп тұратын тамбур-шлюздар қарастырылуы керек. Жалпы тамбур-шлюздарды А және Б санатындағы екі және одан артық аралық үй-жайларда орнатуға тыйым салынады.

243. Өртке қарсы кедергілердегі тамбур-шлюздарды А және Б санатты үй-жайларды басқа санаттағы үй-жайлардан немесе өртке қарсы кедергілердегі өртке қарсы есіктерден, қақпалардан, перделерден, люктер мен клапандардан, В1 - В4 санатты үй-жайларды бөліп тұратын басқа үй-жайларда орнату мүмкін болмаған кезде, аралық қабаттар мен үй-жайларға өрттің таралуының алдын алу бойынша іс-шаралар кешені қарастырылуға тиіс.

244. Өртке қарсы қабырғалар мен аражабындарда өртке қарсы есіктермен немесе қақпалармен жабыла алмайтын ойықтарды жобалаған кезде В1 - В4, Г және Д санатты аралық үй-жайлар арасында қатынасу үшін, осы ойықтар орындарында тамбурдың 1 м^2 еденінде 1 л/с судың көлемді шығыны болатын,

ұзындығы 4 м учаскеде автоматты өрт сөндіру қондырғыларымен жабдықталған, ұзындығы 4 м кем болмайтын ашық тамбурлар (есіктерсіз немесе қақпаларсыз) қарастырылуы керек. Тамбурдың қоршау құрастырылымдары REI 45 отқа төзімділік шегі болатын өртке қарсы болуға тиіс.

245. Өртке қарсы кедергілерде ойықтарды толтыру жанбайтын материалдардан орындалуға тиіс.

246. Өртке қарсы есіктер, қақпалар, люктер мен клапандар осы құрастырылымдардың отқа төзімділік шегінің нормативтік мәнін қамтамасыз етуге тиіс.

247. 1-типті өртке қарсы қабырғалар мен аражабындарды арналармен, шахталармен және жанғыш газдарды, ауа-тозаң қоспаларда, сұйықтықтарды, өзге заттар мен материалдарды тасымалдауға арналған құбыр желілерімен кесіп өтуге тыйым салынады. Осындай өртке қарсы кедергілерді арналармен, шахталармен және түтінге қарсы жүйелердің арналарын қоспағанда, жоғарыда аталғандардан ерекше заттар мен материалдарды тасымалдауға арналған құбыр желілерімен қиып өтетін жерлерде жану өнімдерінің арналар, шахталар және құбыр желілері бойынша таралуының алдын алатын автоматты құрылғыларды қарастыру қажет.

248. Басқыш шабақтарынан және лифтілердің машиналық бөлімшелерінің (төбеде орналасқандарынан басқа) үй-жайынан, сондай-ақ коммуникацияларды төсеуге арналған арналар мен шахталардан тыс орналасқан лифті шахталарының қоршау құрастырылымдары өртке қарсы 1-типті аражабындарға және 3-типті бөлгіштерге қойылатын талаптарға сәйкес болуға тиіс.

Лифті шахтасы мен лифтінің машина бөлімшесі арасындағы қоршау құрастырылымдарының отқа төзімділік шегі нормаланбайды.

249. Лифті шахталарының қоршауларында басқыш шабақтарынан басқа, олардан дәлізге және басқа үй-жайларға шығатын есік ойықтары отқа төзімділік шегі EI 30 кем болмайтын өртке қарсы есіктермен немесе отқа төзімділік шегі EI 45 кем болмайтын жанбайтын материалдардан жасалған қалқалармен қорғалған болуы керек, лифті шахталарының өрт кезінде автоматты жабылатын есік ойықтары, не ғимараттағы, құрылымдар мен құрылыстардағы лифті шахталары дәліздерден, басқыш шабақтарынан және басқа үй-жайлардан өртке қарсы 1-типті аражабындары және 3-типті бөлгіштері болатын тамбурлармен немесе холлдармен бөлінуге тиіс.

250. Биіктігі 28 м және одан артық ғимараттарда, құрылымдар мен құрылыстарда олардан шығатын жерлерде ауа тіреліп тұратын тамбур-шлюздары болмайтын лифті шахталары өрт кезінде лифтінің шахтасында артық қысым жасау жүйесімен жабдықталған болуы керек.

251. Автоматты өрт сигналын беру немесе өрт сөндіру жүйелерімен жабдықталған ғимараттарда, құрылымдар мен құрылыстарда лифтілердің

кабинының қозғалысының өрт кезінде негізгі төмен түсіру алаңына автоматты түрде оралуын, кабина есіктерінің ашылуын және шахтаның ашық күйінде ұсталуын қамтамасыз ететін жүктемесі мен бағытына тәуелсіз бұғаттауы болуға тиіс.

252. Басқыштардың және басқыш шабақтарының көлемдік-жоспарлық шешімдері мен құрастырылымдық атқарылуы өрт кезінде адамдарды ғимараттан, құрылымдар мен құрылыстардан қауіпсіз эвакуациялауды қамтамасыз етуге және өрттің қабаттар арасына таралуына кедергі жасауға тиіс.

253. Ғимараттардың, құрылымдар мен құрылыстардың цокольдық және жер асты қабаттарында лифтіге кіру өрт кезінде ауаның артық қысымы болатын 1-типті тамбур-шлюз арқылы іске асырылуы керек.

254. Ғимараттардың, құрылымдардың, құрылыстардың және өрт сөндіру бөліктерінің, өрт сөндіру бөліктерінің аудандарының отқа төзімділігі және ғимарат пен құрылым ішінде өрттің таралуының алдын алудың басқа тәсілдері олардың функционалдық өрт қауіптілік кластарына байланысты Қазақстан Республикасы аумағында қолдануға рұқсат етілген осы Техникалық регламенттің , құрылыс нормалары мен ережелерінің және белгіленген тәртіппен бекітілген өрт қауіпсіздігі саласындағы нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес болуға тиіс.

3.3.5. Көшіру жолдарына, көшіру және апатты шығуларға қойылатын талаптар

255. Ғимараттар, құрылымдар және құрылыстардың көшіру жолдары мен шығулары адамдарды қауіпсіз көшіруді қамтамасыз етуге тиіс. Көшіру жолдары мен шығулардың есебі оған қолданылатын өрт сөндіру құралдарын есепке алмай жүргізіледі.

256. Адамдар көп болатын, оның ішінде балалар және қозғалыс мүмкіндігі шектеулі тұрғындар тобы бар үй-жайды орналастыру, көшіру жолдарының құрастырылымдық элементтерінде өрт қауіпті құрылыс материалдарын қолдану осы Техникалық регламент талаптары, Қазақстан Республикасы аумағында қолдану үшін рұқсат етілген құрылыс нормалары мен ережелеріне және белгіленген тәртіпте бекітілген өрт қауіпсіздігі саласындағы нормативтік құжаттарға сәйкес анықталуға тиіс.

257. Ғимараттан, құрылым және құрылыстан көшіру шығуларына мыналарға:

1) бірінші қабат үй-жайынан сыртқа:

тікелей;

дәліз арқылы;

вестибюль (фойе) арқылы;

басқыш шабағы арқылы;

дәліз және вестибюль (фойе) арқылы;

дәліз, рекреациялық алаң және басқыш шабағы арқылы;

2) біріншіден басқа, кез келген қабат үй-жайынан:

тікелей басқыш шабағына немесе 3 типті басқышқа;

тікелей басқыш шабағына немесе 3 типті басқышқа алып келетін дәлізге;

тікелей басқыш шабағына немесе 3 типті басқышқа шығуы бар холлға (фойе);

пайдаланылатын төбе немесе 3 типті басқышқа алып келетін арнайы жабдықталған төбе учаскесіне;

3) сол қабатта орналасқан және осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген шығулармен қамтамасыз етілген көршілес үй-жайға (А және Б санатты Ф5 класты үй-жайдан басқа) алып келетін шығулар жатады.

Егер техникалық үй-жайда осы өрт қауіпті үй-жайға қызмет көрсету бойынша жабдық орналасқан болса, тұрақты жұмыс орны жоқ техникалық үй-жайдан А және Б санатты үй-жайға шығу көшіру болып саналады.

258. Жертөле және цокольдық қабаттан көшіру шығуларын тікелей сыртқа қарастырған жөн және ғимарат, құрылым, құрылыстың ортақ басқыш шабағынан оңашалануы керек.

259. Сондай-ақ:

1) бірінші және екінші қабаттар арасында жертөле еденінен бастап басқыш маршының аралық алаңдарына дейін басқыш маршы арасында орналасқан, басқыш шабағының қалған бөлігінен 1 типті өртке қарсы арақабырғамен бөлінген, сыртқа жеке шығуы бар тамбурға ортақ басқыш шабағы арғыны жертөледен шығулар;

2) В4, Г және Д санатты үй-жайы бар жертөле және цокольдық қабаттардан В4, Г, Д санатты үй-жайға және Ф5 класты ғимараттың бірінші қабатында орналасқан вестибюльге шығулар;

3) Ф2, Ф3 класты ғимараттың жертөле немесе цокольдық қабаттарда орналасқан фойе, гардероб, темекі шегетін орын және санитарлық үй-жайдан және 2 типті жеке басқыштармен бірінші қабат вестибюліне шығулар;

4) үй-жайдан тікелей 2 типті басқышқа, осындай басқышқа алып келетін дәліз немесе холлға (фойе, вестибюль) шығулар;

5) теміржол және автомобиль көлігі кіруге (шығу) арналған қақпадағы ашылатын есіктер көшіру шығулары болып саналады.

260. Ғимарат, құрылым және құрылыста апатты шығуларға:

1) балкон (лоджия) бүйірінен бастап терезе ойығына (әйнектелген есіктер) дейінгі 1,2 м кем емес немесе балконға (лоджия) шығатын әйнектелген ойық арасында 1,6 м кем емес шет жатқан аралық қабырғасы бар балкон немесе лоджияға;

2) Ф1.3 класты ғимараттың аралас секциясына немесе аралас өрткесіндісіне алып келетін ені 0,6 м кем емес өтпе;

3) балкон немесе лоджияны қабатпен қосатын, сыртқы басқышпен жабдықталған балкон немесе лоджияға;

4) 4,5 м кем емес және 5,0 м жоғары емес өлшемдері 0,75 x 1,5 м кем емес есік немесе терезе арқылы, сондай-ақ өлшемдері 0,6 x 0,8 м кем емес люк арқылы таза еден белгісі бар үй-жайдан тікелей сыртқа шығатын. Сонымен қатар шұңқыр арқылы шығу шұңқырдағы басқышпен, ал люк арқылы шығу үй-жайдағы басқышпен жабдықталуға тиіс. Аталған басқыштар еңісі нормаланбайды;

5) өлшемдері 0,75 x 1,5 м кем емес есік немесе терезе арқылы, сондай-ақ өлшемдері 0,6 x 0,8 м кем емес люк арқылы тік немесе еңіс басқышпен С0 және С1 класты оттөзімділіктің I, II және III деңгейлі ғимарат, құрылым және құрылыс төбесіне алып келетін шығулар жатады.

261. Көшіру шығуларының ойығында жылжымалы және көтеру-түсіру есіктері, айналмалы есіктер, турникет және адамдардың еркін өтуіне кедергі келтіретін басқа заттарды орнатуға тыйым салынады.

262. Үй-жайдан, қабаттар және ғимараттан көшіру шығуларының саны мен ені ол жерден көшірілетін адамдардың максималды ықтимал санына және адамдар ықтимал болатын алыс жерден бастап (жұмыс орны) жақын жердегі көшіру шығуына дейінгі шекті рұқсат етілген аралыққа байланысты анықталады.

Өрт қауіптілігінің түрлі атқарымдығы бар ғимарат бөліктері өртке қарсы тосқауылмен бөлінеді және өзіндік көшіру шығуларымен қамтамасыз етілуге тиіс.

263. Үй-жайдан көшіру шығуларының саны алыс жатқан нүктеден бастап (жұмыс орны) жақын жердегі көшіру шығуына дейін шекті рұқсат етілген аралыққа байланысты белгіленуі керек.

264. Ғимарат, құрылым және құрылыстан көшіру шығуының саны ғимарат, құрылым және құрылыстың кез келген қабатынан көшіру шығуының санынан кем болмауға тиіс.

265. Ғимарат қабатындағы пәтердің жалпы ауданы 500 м кем болған кезде (секция типті ғимаратқа арналған секция) атқарымдық өрт қауіптілігі Ф1.3 класты ғимаратта және көшіру шығуынан басқа, 15 м артқы биіктікте орналасқан әрбір пәтер қабатынан бір көшіру шығуында апатты шығу қарастырылуға тиіс.

Ғимараттар көшіру шығуының саны ғимараттың кез келген көшіру шығуы санынан кем болмауға тиіс.

266. Көшіру жолы осімен өлшенетін үй-жайдың алыс жатқан нүктесінен бастап (Ф5 класты ғимарат, құрылым және құрылыс үшін - алыс жатқан жұмыс орнынан бастап) жақын арадағы көшіру шығуына дейінгі шекті рұқсат етілген аралық атқарымдық өрт қауіптілігі класы және ғимарат, құрылым және

құрылыстың өрт-жарылыс және өрт қауіптілігі бойынша санаты, үй-жайдың көшірілетін, геометриялық параметрлері және көшіру жолдарының саны, құрастырылымдық өрт қауіптілігінің класы және ғимарат, құрылыс және құрылыстың оттөзімділік деңгейіне қарай белгіленеді.

267. 2 типті басқышпен үй-жайға көшіру жолының ұзындығын оның үш еселенген биіктігіне тең анықтау қажет.

268. Көшіру жолдарына лифт, эскалаторлар, сондай-ақ:

1) лифт шахтасынан шығулары бар дәліздер арқылы, егер лифт шахтасының есігін қоса алғанда, лифт шахтасының қоршау құрастырылымы өртке қарсы тосқауылдарға қойылатын талаптарға жауап бермесе лифт алдындағы тамбур және лифт холлы арқылы;

2) басқыш шабағы алаңы дәліз бөлігі болып табылған кезде басқыш шабақтары арқылы, сондай-ақ көшіру болып табылмайтын 2 типті басқыш орналасқан үй-жай арқылы;

3) пайдаланылатын төбені немесе құрастырылым бойынша пайдаланылатын төбеге ұқсас арнайы жабдықталған төбе учаскесін қоспағанда, ғимарат төбесіне;

4) екіден артық қабатты (ярустерді) қосатын, сондай-ақ жертөле мен цокольдық қабаттардан алып шығатын 2 типті басқышқа;

5) жер асты және жер үсті қабаттардың арасындағы қатынасқа арналған басқыш және басқыш шабақтарына алып келетін учаскелер кірмеуі керек.

3.3.6. Өрт-құтқару бөлімшелерінің қызметін қамтамасыз ететін өрт қауіпсіздігі талаптары

269. Ғимарат, құрылым және құрылыс үшін:

1) арнайы немесе біріккен атқарымдық кірулер мен өтулері бар өрттехникасы үшін ғимараттар, құрылым және құрылысқа өрт өтулері және өту жолдары;

2) ғимарат, құрылым және құрылыс төбесіне және қабатына өрттехникасын және өртке қарсы қызмет бөлімшесінің жеке құрамын көтерудің сыртқы өрт басқышы және басқа құралдары;

3) шаруашылықтық немесе арнайы біріккен, құрғақ құбыр және өртсыйымдылығын (сұйыққойма) қоса алғанда өрт қарсы су құбыры;

4) өртке қарсы қызмет бөлімшесінің жеке құрамының ғимарат, құрылым және құрылыс ішінде жылжу жолын өртке қарсы қорғау жүйесі;

5) адамдарды жеке және ұжымдық қорғау құралдары құрылғысымен қамтамасыз етілуге тиіс.

270. Биіктігі 10 м және өрт сөндіру машиналарының өтетін жерінің үстінің бетінен бастап, төбенің қаңқасына және сыртқы қабырғаның төбесіне (жақтау) дейінгі белгіден артық болатын ғимараттарда, құрылымдар мен құрылыстарда

басқыш шабақтарынан тікелей немесе шатырдың асты арқылы, не 3-типті сатылар бойынша немесе сыртқы өрт сөндіру сатылары бойынша төбеге шығатын жерлер қарастырылуға тиіс.

271. Төбеге шығатын жерлер санын (бірақ біреуден кем болмайтын шығу) және олардың орналасуын ғимараттың, құрылым пен құрылыстың функционалдық өрт қауіптілігіне және өлшемдеріне байланысты қарастыру керек:

1) шатыр жабыны және біреуден кем болмайтын шығуы болатын ғимарат, құрылым және құрылыстың әрбір толық және толық емес 100 м ұзындығында, Ф1 - Ф4 кластарының ғимараттары үшін шатырсыз жабыны болатын ғимарат, құрылым және құрылыстың төбесінің 1 мың м² ауданының толық және толық емес ұзындығында;

2) Ф5 класының ғимарат, құрылым және құрылыстарының периметрі бойынша әрбір 200 м сайын өрт сөндіру басқыштары бойынша.

Қарастыруға рұқсат етілмейді:

1) егер ғимараттың негізгі қасбетке қарама-қарсы жағынан ені 150 м аспаса, өртке қарсы су құбыры желісі болатын болса, ғимарат, құрылым және құрылыстың негізгі қасбетінде өрт сөндіру сатылары;

2) ауданы 100 м² артық болмайтын жабыны болатын бір қабатты ғимарат, құрылым және құрылыстың төбесіне шығатын жерлер.

272. Ғимарат, құрылым және құрылыстың шатыры астында, Ф 1.4 класының ғимараттарын қоспағанда, өлшемі 0,6 x 0,8 м кем болмайтын есіктер, люктер немесе терезелер арқылы стационарлық басқыштармен жабдықталған төбеге шығатын жерлер қарастырылуы керек.

273. Басқыш шабақтарынан төбеге немесе шатыр астына шығатын жерлерді өлшемі 0,75 x 1,5 м кем болмайтын, өртке қарсы 2-типті есіктер арқылы шығатын жер алдындағы сатылық жайылмалар бойынша қарастыру керек. Аталған жайылмалар мен алаңдар жанбайтын материалдардан орындалып, 2:1 артық болмайтын еңісі және 0,9 м кем болмайтын ені болуға тиіс.

274. Биіктігі 15 м артық болмайтын, Ф1 - Ф4 кластарының ғимарат, құрылым және құрылысында бекітілген болат асылмалы басқыштар бойынша өлшемі 0,6 x 0,8 м, өртке қарсы 2-типті люктер арқылы басқыш шабақтарынан шатыр астына немесе төбеге шығу орнатуға рұқсат етіледі.

275. Техникалық қабаттарда, оның ішінде техникалық еден астыларында және техникалық шатыр астыларында өту биіктігі 1,8 м кем болмауға; барлық ғимарат, құрылым және құрылыс қасындағы шатыр астыларында - 1,6 м кем болмауға тиіс. Осындай өтетін жерлер ені 1,2 м кем болмауы керек.

Ұзындығы 2 м артық болмайтын жеке учаскелерде өтетін жердің биіктігін 1,2 м дейін, ал енін - 0,9 м азайтуға рұқсат етіледі.

276. Үйдің төбесінде бөлмелері болатын ғимарат, құрылым және құрылыстарда шатыр асты қуыстарын қоршайтын құрастырылымдарда люктер қарастыру керек.

277. Биіктігі 1 м артық төбеден құлайтын жерлерде (оның ішінде төбеге жарық аэрациялық қолшамдарды көтеру үшін) өрт сөндіру сатыларын қарастыру қажет.

Егер төбенің ауданы 100 м^2 артық болатын әрбір учаскесінде төбеге шығатын жерлер болса немесе төменгі учаскенің биіктігі 10 м аспайтын болса, биіктігі 10 м артық болатын төбеден құлаған кезде өрт сөндіру сатыларын қарастырмауға рұқсат етіледі.

278. 10 м бастап 20 м дейінгі биіктікке көтеру үшін және төбе биіктігінен құлау орындарында П1 типті өрт сөндіру сатыларын, 20 м артық биіктікке көтеру үшін және биіктігі 20 м артық төбеден құлайтын орындарда - П2 типті өрт сөндіру сатыларын.

Өрт сөндіру сатылары жанбайтын материалдардан дайындалып, терезелерден 1 м жақын болмай орналастырылуға және өртке қарсы қызмет бөлімшелерінің жеке құрамының әскери киімде және қосымша жабдықпен қозғалу мүмкіндігін қамтамасыз ететін құрастырылымдық орындауы болуы керек.

279. Басқыш жайылмалары арасында және басқыш жайылмаларының қоршауларының тұтқалары арасында ені 75 мм кем болмайтын саңылау қарастырылуға тиіс.

280. Функционалдық өрт қауіптілік класы Ф1.1, биіктігі 10 м артық болатын ғимарат, құрылым және құрылыстарының, Ф1.3 класының биіктігі 50 м артық ғимарат, құрылым және құрылыстың, функционалдық өрт қауіптілігінің өзге кластарының биіктігі 28 м артық, екі қабаттан артық жерасты автотұрақтары болатын ғимарат, құрылым және құрылыстың әрбір өрт сөндіру бөлігінде өрт сөндіретін бөлімшелерін тасымалдауға арналған лифтілер қарастырылуы керек.

281. Төбесінің еңісі 12%-дан артық болмайтын ғимарат, құрылым және құрылыстарда, сыртқы қабырғаның (жақтау) ернеуіне немесе төбесіне дейінгі 10 м артық биіктігін қоса алғанда, сондай-ақ төбесінің еңісі 12 %-дан артық, ал ернеуге дейінгі биіктігі 7 м артық ғимарат, құрылым және құрылыстарда осы Техникалық регламентте белгіленген талаптарға сәйкес, төбеде қоршау қарастырылуы керек.

Ғимараттың биіктігіне қарамастан, аталған қоршауларды пайдаланылатын жалпақ төбе, балкон, лоджия, сыртқы галереялар, сыртқы басқыштардың ашық жайылмалары мен алаңдары үшін қарастыру керек.

282. 75 м артық жоғарғы қабаттың еденінің белгісі болатын ғимарат, имарат және құрылыстың жабынында өрт сөндіретін тікұшақтың көліктік-құтқару кабинасы үшін, өлшемі 5 x 5 м кем болмайтын алаң қарастырылуға тиіс. Аталған алаңдар үстінде антенналар, электр сымдары мен кабельдер орналастыруға тыйым салынады.

3.3.7. Құрылыс-құрастыру және отты жұмыстарды жүргізу кезіндегі өрт қауіпсіздігі талаптары

283. Құрылыс-құрастыру және отты жұмыстарды жүргізу кезінде Қазақстан Республикасы аумағында қолдану үшін рұқсат етілген осы Техникалық регламенттің, құрылыс нормалары мен ережелерінің, "Қазақстан Республикасындағы өрт қауіпсіздігі ережелері" және белгіленген тәртіппен бекітілген өрт қауіпсіздігі саласындағы өзге нормативтік құжаттар талаптары сақталуға тиіс.

3.4. Өндірістік объектілерге қойылатын өрт қауіпсіздігі талаптары

3.4.1. Өндірістік объектілерге арналған өрт қатерінің нормативтік мәндері

284. Ғимараттардағы, құрылымдардағы, құрылыстардағы және өндірістік объектілер аумақтарындағы жеке өрт қатерінің шамасы жылына 10^{-6} аспауы керек. Қауіпті өрт факторларының әсерінің нәтижесінде адамдардың қырылу қатері ғимараттарды, құрылымдарды және құрылыстарды өрт қауіпсіздігімен қамтамасыз ету жүйелерінің қолданылуы ескеріліп анықталуы керек.

285. Жылына 10^{-6} жеке өрт қауіпінің шамасын технологиялық процестердің қолданылу ерекшелігіне байланысты мүмкін болмайтын өндірістік объектілер үшін, жылына 10^{-4} мәніне дейін жеке өрт қауіпін арттыруға рұқсат етіледі, мұндайда қызметкерлер құрамын өрт кезінде және жұмыскерлерді жоғары қауіп жағдайында олардың жұмысының орнын толтыратын әлеуметтік қорғау бойынша әрекеттерге оқыту бойынша шаралар қарастырылуға тиіс.

286. Объектінің жанындағы адамдар тұратын аймақта болатын адамдар үшін, өндірістік объектідегі қауіпті өрт факторларының әсері нәтижесінде жеке өрт қауіпінің шамасы жылына 10^{-8} аспауы керек.

287. Объектінің жанындағы адамдар тұратын аймақта болатын адамдар үшін, өндірістік объектідегі қауіпті өрт факторлары әсерінің әлеуметтік өрт қауіпінің шамасы жылына 10^{-7} аспауға тиіс.

288. Технологиялық процестердің өрт қауіптілігін талдау технологиялық процесс параметрлері болатын технологиялық процесте айналатын заттар мен материалдардың өрт қауіптілігі көрсеткіштерін салыстыруды қарастырады.

289. Технологиялық ортаның өрт қауіптілігі сипаттамалары үшін қажетті және жеткілікті олардың агрегаттық жағдайына байланысты, заттар мен материалдардың өрт қауіптілігі көрсеткіштерінің тізбесі осы Техникалық регламенттің 2-қосымшасының 1-кестесінде берілген.

290. Өрт қауіпті технологиялық ортаның әлеуетті жану көздерінің тізбесі технологиялық процесс параметрлерін және заттар мен материалдардың өрт қаупінің көрсеткіштері болатын өзге жану көздерін салыстыру көмегімен анықталады.

291. Өндірістік объектідегі өрт қауіпті жағдайларды анықтау технологиялық процестің әрқайсысының өрт қаупін талдау негізінде іске асырылуға және қауіпті өрт факторларымен және қауіпті өрт факторлары әсерінің қайталанатын зардаптары әсер ететін аймақта болатын адамдар үшін туындайтын қауіпті жүзеге асыру кезінде жағдайды таңдауын қарастыруға тиіс.

Өрт қауіпті апатты жағдайларға адамдардың өмірі мен денсаулығы үшін қауіп тудырмайтын апатты жағдайлар жатады. Бұл жағдайлар өрт қауіптілігін есептеген кезде ескерілмейді.

292. Өндірістік объектіде әрбір өрт қауіпті жағдай үшін, өрт қауіпті жағдайлардың пайда болу және даму себептерін, адамдар болатын жерде олардың өмірі мен денсаулығы үшін қауіп тудыратын олардың факторлары мен туындау орындарын сипаттау берілуі керек.

293. Өрт қауіпті жағдайлардың туындау себептерін анықтау үшін, жүзеге асыру жанғыш ортаның түзілуіне және жану көзінің пайда болуына әкелетін оқиғалар анықталуға тиіс.

294. Өндірістік объектідегі өрт қаупін бағалау мыналарды қарастыруы қажет:

- 1) өндірістік объектінің өрт қауіптілігін талдау;
- 2) өндірістік объектідегі өрт қауіпті апатты жағдайлардың жүзеге асырылу жиілігін анықтау;
- 3) өрттің белең алуының түрлі сценарийлері үшін, оның қауіпті өрт факторларының алаңын салу;
- 4) өрттің белең алуының түрлі сценарийлері үшін, қауіпті өртфакторлары әсерінің зардаптарын бағалау;
- 5) өрт қаупін анықтау.

295. Өндірістік объектілердің өрт қауіптілігін талдау мыналарды

қарастыруға тиіс:

- 1) технологиялық ортаның өрт қауіптілігін және өндірістік объектідегі технологиялық процестер параметрлерін талдау;

2) өрт қауіпті апатты жағдайлар мен әрбір технологиялық процеске арналған параметрлер тізбесін анықтау;

3) әрбір технологиялық процесс үшін, жағдайды өрт қауіпті ретінде сипаттауға мүмкіндік беретін туындау себептерінің тізбесін анықтау;

4) адамдардың опат болуына әкелетін өрттің туындау және белең алу сценарийлерін құру.

296. Өндірістік объектіде өрт қауіпті жағдайлардың жүзеге асу жиілігін анықтау үшін, мынадай ақпарат пайдаланылады:

1) өндірістік объектіде пайдаланылатын жабдықтың істен шығуы туралы;

2) өндірістік объектіде қолданылатын жабдықтың сенімділік параметрлері туралы;

3) өндірістік объектінің қызметкерлер құрамының қате әрекеттері туралы;

4) өндірістік объектінің орналастыру ауданындағы гидрометеорологиялық жағдай туралы;

5) өндірістік объектінің орналастыру ауданындағы географиялық жер ерекшеліктері туралы.

297. Қауіпті өрт факторларын, олардың белең алуының түрлі сценарийлеріне арналған жарылысты бағалау өндірістік объекті аумағында және оған іргелес жатқан аумақта қауіпті факторлар динамикасын жасау туралы ақпаратты және адамдардың өмірі мен денсаулығы үшін талданатын өрт, жарылыстың қауіпті факторларының мәндері туралы ақпаратты салыстыру негізінде іске асырылады.

298. Өрт, жарылыстың қауіпті факторларының адамдарға әсерінің зардаптарын өрт қауіпті оқиғалардың белең алатын түрлі сценарийлері үшін бағалау, өрт, жарылыстың қауіпті факторларының әсер ету аймағына тап болған адамдар санын анықтауды қарастырады.

299. Өрттің, жарылыстың қауіпті факторларының адамдарға әсер ету зардаптарын бағалау үшін, өрт қауіпті жағдайлардың белең алуының және олардың қауіпті факторларының адамдарға әсер ететін ықтимал модельдері сияқты, детерминдеу модельдері де қолданылуға тиіс.

3.4.2. Өндірістік объектілердің бас жоспарларына қойылатын талаптар

300. Өндірістік объектілер аумақтарының бас жоспарларын жобалау және белдемдеу, сондай-ақ қалаларды, кенттерді және ауылдық елді мекендерді жоспарлау және салу кезінде Қазақстан Республикасы аумағында қолдануға рұқсат етілген осы Техникалық регламенттің, құрылыс нормалары мен ережелерінің талаптары сақталуға тиіс.

301. Өндірістік объектілерді жобалаған кезде, олардың аумақтарын белдемдеу орналастырылатын құрылымдар мен құрылыстардың қолданылу

белгісі бойынша технологиялық байланыстар және өрт қауіпсіздігі талаптары ескеріліп қарастырылуы керек. Белдемдеу жобалық құжаттаманың өзіндік бөлімі болып табылатын өндірістік объектілердің бас жоспарларында бейнеленуге тиіс.

302. Өндірістік объектінің аумағы қолданылу белгісі бойынша мынадай аумақтарға бөлінеді:

- 1) зауыт алдындағы (кәсіпорынның қоршауы немесе шартты шекарасы шектерінде);
- 2) өндірістік;
- 3) қосалқы;
- 4) қоймалық.

303. Бөлімшенің өндірістік объектісінің аумағында осы бөлімшелердің өрт сөндіру техникасын және жеке құрамды орналастыру үшін, өрт сөндіру депосының өртке қарсы қызметін құру кезінде жалпы қолданыстағы жолдармен қиылысатын жер учаскелерінде орналасуы керек.

304. Өрт сөндіру деполарынан шығу жолдары одан шығатын өрт сөндіру автомобильдері негізгі көлік ағынын қиып өтпейтіндей болып орналастырылуы керек.

305. Өлшемі 5 га артық алаңдары болатын өндірістік объектілерде алаң өлшемдеріне қарамастан, жалпы тораптағы автомобиль жолдарына немесе қойманың немесе кәсіпорынның кіре беріс жолдарына шығатын екеуден кем болмайтын шығатын жолы болатын, I және II санатты мұнай және мұнай өнімдерінің қоймаларын қоспағанда, екеуден кем болмайтын шығу жолы болуы керек.

306. Өндірістік объектінің 1 мың м артық болатын алаң бетінің өлшемі және осы бетте оны көше немесе автомобиль жолдары жағынан орналастыру кезінде, алаңға келетін екеуден кем болмайтын шығу жолы қарастырылуы қажет. Шығу жолдары арасындағы арақашықтық 1,5 мың м аспауға тиіс.

307. Өрт сөндіру машиналарына арналған кіре берістер лапылдап жану мүмкіндігін болдырмайтын материалдардан жасалған ғимараттарға, құрылымдарға және құрылыстарға қарастырылуға тиіс.

308. Объекті ішіндегі теміржолдар арқылы өтетін өткелдер немесе аралықтар өрт сөндіру автомобильдерінің еркін өтуі үшін әрқашан бос болуы қажет.

309. Автомобильдердің өндірістік объектінің алаңына шығатын жолдарының қақпаларының ені негізгі және арнайы өрт сөндіру автомобильдерінің кедергісіз өтуін қамтамасыз етуге тиіс.

310. Өндірістік объектілер сыртқы өрт сөндіретін сумен жабдықтау жүйесімен (өртке қарсы су құбыры, табиғи немесе жасанды суқоймалары) қамтамасыз етілуі керек.

311. Сыртқы өртке қарсы су құбырының біріктірілген немесе жеке жүйесінің сумен жабдықтау көзі қалалық су құбыры желісі немесе су жинайтын ұңғымалар, ал сыртқы өртке қарсы су құбырының жеке жүйесінің сумен жабдықтау көзі - су жинайтын ұңғымалар немесе жер үстіндегі су қоймалары болуға тиіс.

312. Біріктірілген су құбыры желісі шаруашылық-ауыз су қажеттіліктері ескеріліп, су шығынын есептеуді және өрт сөндіру мақсаттарын қамтамасыз етуге тиіс.

313. Су құбыры желісіндегі өрт сөндіру гидранттарын орналастырып қою ғимараттың, имараттың, құрылыстың немесе оның бөліктерінің аталған жүйемен кез келген қызмет көрсетумен өрт сөндіруді қамтамасыз етуі қажет.

314. Өрт сөндіру сұйыққоймаларында және басқа жасанды су көздерінде өрт сөндіру мақсаттарына арналған су қоры сыртқы өрт сөндіруге жұмсалатын есептік шығындарына және өрт сөндіру ұзақтығына негізделіп анықталады.

315. Ғимараттардың, имараттардың және құрылыстардың арасындағы, қоймалардан, ашық технологиялық агрегаттардан бастап ғимаратқа, құрылымға және құрылысқа дейінгі агрегаттар мен жабдықтардан, қоймалар, ашық технологиялық қондырғылар, агрегаттар мен жабдықтар арасындағы, жанғыш газдарға арналған газ сақтағыштардан бастап өндірістік объекті аумағындағы имараттарға, құрылымдар мен құрылыстарға дейінгі арақашықтық ғимараттың отқа төзімділік деңгейінен бастап жарылыс өрті және өрт қауіптілігі және басқа сипаттамалары бойынша санатына байланысты, өрттің бір ғимараттан, имараттан немесе құрылыстан басқасына өту мүмкіндігін болдырмауға тиіс.

316. Өндірістік объектінің мұнай өнімдері, сұйытылған ыстық газдар, улы заттар болатын сұйыққоймалық парктері өндірістік объектінің ғимараттарына, құрылымдарына және құрылыстарына қатысы бойынша барынша төменгі белгілерінде орналастырылуға тиіс және жанбайтын материалдардан орындалған үрленетін дуалмен қоршалған болуға тиіс (жер бедері ескеріліп).

Тез тұтанатын және жанғыш сұйықтықтар құйылған жер үстіндегі сұйыққоймаларды ғимараттарға, құрылымдарға және құрылыстарға қатысы бойынша барынша жоғары белгілерге орналастыру жағдайларында, сұйыққоймаларда апат болған кезде төгілетін сұйықтықтың аталған ғимараттарға, құрылымдарға және құрылыстарға жайылып кетуінен сақтау бойынша шаралар қарастырылған болуға тиіс.

317. Ыстық сұйықтықтар мен газдар болатын сыртқы желілерді өндірістік объектінің ғимараттарының, құрылымдары мен құрылыстарының астына орналастыруға тыйым салынады.

318. Өндірістік объектілердің мұнай өнімдерін ыдыста сақтау алаңдарының периметрі бойынша тұйықталған үйіп көму құрылысы немесе жанбайтын материалдардан жасалған қоршау қабырғалары қарастырылуы керек.

319. Тұйықталған жерде үйіп көму немесе жанбайтын материалдардан жасалған қоршау қабырғалары жер үстіндегі сұйыққоймалардың әрбір тобының жеке тұрған сұйыққоймаларының периметрі бойынша қарастырылған және жайылып кететін сұйықтықтың гидростатикалық қысымына есептелген болуға тиіс.

320. Бір топ шегіндегі жер үсті сұйыққоймаларын ішкі топырақ белестерімен немесе қоршау қабырғаларымен бөліп қою керек:

1) көлемі 20 мың м³ және одан артық әрбір келесі сұйыққойма немесе жиынтық көлемі 20 мың м³ бірнеше шағын сұйыққоймалар;

2) басқа мұнай өнімдері құйылған сұйыққоймалардан бастап май және мазут құйылған сұйыққоймалар;

3) этилденген бензинді басқа сұйыққоймалар топтарынан сақтауға арналған сұйыққоймалар.

321. Топырақпен үйілген ішкі еңістер немесе қоршау қабырғалары арасында жасалған үйілген аумақтың құрылыс салудан бос алаңдарын топтағы барынша үлкен сұйыққойманың немесе жеке тұрған сұйыққойманың номиналды көлеміне тең болатын, төгілген сұйықтықтың есептік көлемі бойынша анықтау керек.

322. Әрбір сұйыққоймалар тобының топырақ үйіндісінің немесе қоршау қабырғасының биіктігі, сұйыққоймалар қабырғасынан бастап үйіндінің ішкі еңістерінің табанына дейінгі немесе қоршау қабырғаларына дейінгі арақашықтық Қазақстан Республикасы аумағында қолдануға рұқсат етілген құрылыс нормалары мен ережелерінің талаптарына сәйкес анықталады.

323. Жер астындағы сұйыққоймалардың топырақ үйіндісін осы сұйыққоймаларда мұнайды және мазутты сақтаған кезде ғана қарастыру керек.

Үйіндінің ішкі еңістері арасында пайда болатын алаңдарды топтағы барынша үлкен жер асты сұйыққоймасы көлемінің 10 %-ына тең болатын мөлшерде төгілген сұйықтықты ұстап қалу жағдайына сүйеніп анықтау керек.

324. Өндірістік объекті аумағында жанғыш сұйықтықтар мен газдар

болатын жер үстіндегі құбыржол желілерін орналастыру мыналар үшін тыйым салынады:

1) эстакадалар бойынша - жанғыш сұйықтықтар мен газдар болатын алаң ішіндегі транзиттік құбыр желілері, жанғыш материалдардан жасалған, жеке тұрған бағаналар мен тіреулер, сондай-ақ отқа төзімді I және II деңгейлі ғимараттарды қоспағанда, ғимараттардың қабырғалары мен төбелері бойынша;

2) галереяларда - жанғыш сұйықтықтар мен газдар болатын құбыр желілерін, егер осы өнімдерді араластыру жарылыс немесе өртті тудыратын болса;

3) жанғыш сұйықтықтар мен газдар болатын құбыр желілерін - жанатын жабындар мен қабырғалар бойынша, жарылыс өрті және өрт қауіптілігі бойынша А және Б санатындағы ғимараттардың жабындары мен қабырғалары бойынша;

4) жанғыш газдардың газ құбырлары - қатты және сұйық жанғыш материалдар қоймаларының аумағы бойынша.

325. Жеке тіреулер мен эстакадаларда қойылатын жанғыш сұйықтықтарға арналған жер үстіндегі құбыржол желілерін ойықтары болатын ғимарат қабырғаларынан 3 м кем болмайтын және ойықтары болмайтын ғимарат қабырғаларынан 0,5 м кем болмайтын арақашықтықта орналастыру керек.

3.5. Объектілерді пайдалану кезінде қойылатын өрт қауіпсіздігі талаптары

3.5.1. Объектілердің өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі ұйымдастыру іс-шаралары

326. Объектілерді пайдалану кезінде осы Техникалық регламенттің, "Қазақстан Республикасындағы өрт қауіпсіздігі ережелері" және объектілерді пайдалану кезінде өрт қауіпсіздігі талаптары болатын, белгіленген тәртіппен бекітілген өзге нормативтік-құқықтық актілер талаптары сақталуға тиіс.

327. Ұйым басшылары немесе жеке кәсіпкерлер өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында, жекелеген жұмыс учаскелерінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін жауапты тұлғаларды белгіленген тәртіппен тағайындауға тиіс.

328. Әрбір ұйымда бұйрықпен немесе нұсқаумен олардың өрт қауіптілігіне сәйкес келетін өртке қарсы режим белгіленеді, оның ішінде мыналар:

- 1) ашық отты пайдалану тәртібі және қауіпсіздік шаралары анықталады;
- 2) темекі шегуге арналған орын анықталады және жабдықталады;
- 3) өрт сөндіретін автомашиналардың объектіге өту тәртібі анықталады;
- 4) үй-жайда бір мезгілде болатын шикізат, шала өнімдер және дайын өнімдердің орны және рұқсат етілген мөлшері анықталады;
- 5) жанғыш қалдықтар мен шаңды жинау, май болған арнайы киімді сақтау тәртібі белгіленеді;
- 6) өрт жағдайында және жұмыс күні аяқталған кезде, электр жабдықтарын тоқсыздандыру тәртібі белгіленеді;
- 7) уақытша отты және басқа өрт қауіпті жұмыстарды жүргізу тәртібі реттеледі;
- 8) үй-жайды жұмыс аяқталғаннан кейін қарап шығу және жабу тәртібі реттеледі;
- 9) жұмыскерлердің өртті байқаған кездегі әрекеттері реттеледі;
- 10) мамандықтар (лауазымдар) тізбесі, өртке қарсы нұсқамадан өту тәртібі және мерзімі және өрт-техникалық минимум бойынша оқытулар

анықталады, сондай-ақ оларды өткізуге жауапты тұлғалар тағайындалады.

329. Әрбір объектіде әрбір жарылыс-өрт қауіпті және өрт қауіпті учаске (шеберхана, цехтар) үшін, осы Техникалық регламенттің 16-қосымшасында берілген талаптарға сәйкес өрт қауіпсіздігі шаралары туралы нұсқаулар әзірленген болуы қажет.

330. Түтінді кетіру және өртті автоматты қондырғылармен байқау және сөндіру жүйелерімен жабдықталған ғимараттар мен құрылымдарды пайдалану үшін жауапты ұйым (оның ішінде тұрғындық-пайдалану) басшылары аталған жүйелерді дұрыс күйінде күтіп ұстауға міндетті.

331. Ғимараттың өртке қарсы қорғау жүйелерінің техникалық құралдарының (өрт дабылының және өрт сөндірудің автоматты қондырғылары, түтінге қарсы қорғау жүйелері, өрт кезінде адамдарды құлақтандыру және басқа жерге көшіру және қолмен өрт сөндіргіштерді басқару) тиімді жұмысын қамтамасыз ету үшін, басшының бұйрығымен өртке қарсы қорғау жүйелерін пайдалану, бастапқы өрт сөндіру құралдарын сатып алу, жөндеу, сақтау және дайындау, техникалық қызмет көрсетудің (қолмен өрт сөндіргіштерді қайта зарядтау) және жоспарлық-сақтандыру жөндеуінің уақытылы және сапалы өткізілуіне жауапты тұлғаны ұйым басшыларының қатарынан лауазымды тұлға тағайындалған болуға тиіс.

332. Өртке қарсы қорғау жүйелерінің техникалық құралдарының техникалық қызмет көрсету және жоспарлық-сақтандыру жөндеу бойынша жұмыстарды пайдаланушы-ұйым осы жұмыстарды орындау бойынша білікті мамандар болған кезде, өздері жүргізуге тиіс.

Арнайы оқытылған қызмет көрсетуші қызметкерлер болмаған жағдайда, өртке қарсы қорғау жүйелерінің техникалық құралдарының техникалық қызмет көрсету және жоспарлық-сақтандыру жөндеу бойынша реттеу жұмыстарын дайындаушы-зауыттың техникалық құжаттамасы және реттеу жұмыстарын жүргізу мерзімдері ескеріліп жасалған жылдық жоспар-кестеге сәйкес, мамандандырылған ұйымдар келісім-шарт бойынша іске асыруға тиіс.

333. Өртке қарсы қорғау жүйелерінің техникалық құралдарының техникалық қызмет көрсету және жоспарлық-сақтандыру жөндеу бойынша жұмыстарының есебі, бастапқы өрт сөндіру құралдарының болуын және жағдайын тексерулер арнайы журналда көрсетілуі керек.

334. Қондырғының (жеке желілер, хабарлауыштар) немесе жүйенің сөндірілуімен байланысты, техникалық қызмет көрсету және жоспарлық-сақтандыру жөндеуі бойынша жұмыстарды орындау кезеңінде, ұйым басшысы ғимаратты, құрылымды, үй-жайларды, жабдықтарды өрттен қорғау бойынша қосымша шаралар қабылдауға міндетті.

Ғимараттар мен имараттардың барлық үй-жайларында (тұрғын үйлер ғимараттарын қоспағанда), сондай-ақ заттар мен материалдарды ашық сақтау және технологиялық қондырғыларды орналастыру жерлерінде өртке қарсы қызметтің телефон нөмірі көрсетілген кестелер ілінуге тиіс.

Кестелер бастапқы өрт сөндіру құралдарын және ішкі өрт сөндіру қрандарын орналастыру жерлерінде, сондай-ақ пайдалану шыға берістерінде орнатылуы керек.

335. Ұйым жұмыскерлері жұмысқа өртке қарсы нұсқамадан өткен соң ғана жіберілуге және өрт-техникалық минимум бағдарламасы бойынша кезекті оқудан өтуге тиіс.

Өртке қарсы нұсқамадан өту барысында, жаңа келген жұмысшылар мен қызметшілер мыналармен танысуға тиіс:

1) ұйымда белгіленген өртке қарсы режиммен, сондай-ақ ішкі тәртіп нұсқауларымен және өзге өрт қауіпсіздігі талаптарымен;

2) жұмыс учаскелеріндегі барынша өрт қауіпті жерлермен;

3) өрт туындайтын ықтимал көздермен және себептермен, олардан сақтандыру шараларымен және өртті байқаған кездегі әрекеттермен;

4) жұмыс орнында, қондырғыда, аппаратта, цехта және ұйым аумағында лапылдап жануды болдырмау үшін, жұмысты бастар алдында, процесте және аяқтағаннан кейін, жұмыстан кетер алдында сақталуға тиіс өрт қауіпсіздігі шараларымен;

5) өрт сөндіру құралдарын пайдалану әдістерімен, өрт сөндіру ережелерімен және тәсілдерімен.

336. Аумағында ғимараттар (құрылымдар), сондай-ақ жарылыс өрті және өрт қауіптілігі бойынша А, Б және В санатының сыртқы технологиялық қондырғылары, көпшілік адамдар болатын қоғамдық және өндірістік ғимараттар орналасқан ұйымдарда ұйым басшысының бұйрығымен өрт-техникалық комиссиялары және өртке қарсы ерікті құрамалар құрылуы керек.

337. Көпшілік адамдар болатын қоғамдық ғимараттар (құрылымдар), өндірістік және қоймалық ғимараттар (құрылымдар) үшін, сондай-ақ жарылыс өрті және өрт қауіптілігі бойынша А, Б және В1-В4 санатындағы өндірістік және қоймалық ғимараттар (құрылымдар) орналасқан ұйымдар үшін, ұйым басшысының бұйрығымен өрт қауіпсіздігі шаралары туралы нұсқаулық әзірленген болуға тиіс. Осы ғимараттардың (құрылымдар) жекелеген үй-жайлары, технологиялық қондырғылар үшін аталған нұсқаулықтарды және олардың тізбесін әзірлеу қажеттігін ұйым басшысы немесе егер бұл жалға беру келісім-шартында қарастырылған болса, мүлікті жалдаушы (қосалқы жалдаушы) анықтайды.

338. Ғимараттар мен құрылымдарда өртке қарсы бөлімшенің жеке құрамын өрт орнына ("Өрт сөндіру бөлімшелерін тасымалдаудың" жұмыс режимі болатын) жеткізу үшін қолданылатын лифтілерді пайдалану, ұйым басшысы бекіткен немесе Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің аумақтық органымен келісілген нұсқаулыққа сәйкес іске асырылады.

339. Көпшілік адамдар болатын ғимараттарда (құрылымдарда) (тұрғын үйлерден басқа), сондай-ақ басқа ғимараттар мен құрылымдарда, кез келген қабатта 10 немесе одан көп адам бір мезгілде болған жағдайда, ғимараттың әр қабатында, қабаттардан көшіріп шығаруларда және дәліздің ұзындығы бойынша 20 м артық болмайтын жерлерде адамдарды қауіпсіз аймаққа қауіпсіз көшіруді өткізу, өртке қарсы қызметті шақыру және өрт сөндіру бөлімшелері келгенге дейін өрт сөндіруді ұйымдастыру бойынша ұйым жұмыскерлерінің әрекет ету тәртібі болатын, өрт туындаған кезде адамдарды көшіру жоспары әзірленген және ілінген болуға тиіс.

340. Биіктігі 2 қабат және одан артық ғимараттарда орналасқан қонақ үйлер, кемпингтер, мотельдер мен жатақханалар нөмірлерінде өрт пайда болған кезде, аталған нөмірі және эвакуациялық шығуларға қарай қозғалу бағыты көрсетілген адамдарды эвакуациялау жоспары ілінуге тиіс.

341. Қонақ үйлер, кемпингтер, мотельдер жатақханаларда тұрып жатқан азаматтар адамдар тұратын ғимараттардағы өрт қауіпсіздігі шаралары туралы жадынамамен және өрт кезінде адамдарды эвакуациялау жоспарымен танысып, қол қоюлары керек.

342. Шетел азаматтарының тұруы үшін тағайындалған қонақ үйлерде, кемпингтерде, мотельдер мен жатақханаларда өрт қауіпсіздігі туралы жадынамалар және өрт және адамдарды эвакуациялауды басқару туралы хабарлау жүйелерінде тілдік хабарламалар бірнеше тілдерде орындалуға тиіс.

343. Өрт туындау кезінде ұйым жұмыскерлерінің әрекет ету тәртібін анықтайтын, адамдар тәулік бойы болатын ғимараттар (мектеп-интернаттар, қарттар мен мүгедектер үйлері балалар үйлері, ауруханалар) үшін әзірленген нұсқаулықтарда адамдардың өзіндік эвакуациялану, сондай-ақ өздігінен эвакуациялануға қабілетсіз адамдарды ұйымның қызметкерлер құрамының тәуліктің жарық және қараңғы уақыттарында эвакуациялау нұсқалары болуға тиіс.

344. Объектілер (мектеп-интернаттар, қарттар мен мүгедектер үйлері балалар үйлері, ауруханалар) басшылары:

1) орналасқан объектіден шығатын ауданда өрт сөндіру бөліміне өртке қарсы қызмет белгілеген уақытта күн сайын әр объектіде болатын адамдар саны туралы ақпаратты хабарлауы;

2) ғимаратты өртке қарсы қорғау жүйесінің барлық элементтерінің өрт кезіндегі жұмыс қабілеттілігін бір уақытта тексерумен, олардың әрекеттері бойынша қызметкерлер құрамын жаттықтыруды жарты жылда бір реттен кем өткізілмеуін қамтамасыз етуі;

3) өрт кезінде ғимаратта болатын адамдарды қауіпсіз эвакуациялауды ұйымдастыру үшін жеткілікті қызмет көрсететін қызметкерлер құрамының тәулік бойы кезекшілігін ұйымдастыруы керек.

345. Әр қабат бойынша жауапты кезекшіде өзімен бірге ғимараттың эвакуациялық шығу есіктері кілттерінің жиынтығы болуы қажет.

Кілттердің қосалқы жиынтығы ғимараттың бірінші қабатындағы кезекші қызметкерлер құрамында сақталуға тиіс.

Әрбір кілтте оның қай құлыпқа тиісті екендігі жазылған жазу болуы керек.

Кезекшілер телефон орнатылған үй-жайларда орналасуға, түнде ғимаратта қалған ересектер мен балалардың нақты санын және олардың орналасуын білуге тиіс.

346. Ғимараттар мен құрылымдарда көпшілік қатысатын іс-шараларды (демалу кештері, дискотекалар, жаңа жылдық және басқа қойылымдар) өткізуге олардың өрт туындаған кезде, адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша талаптарға сәйкестігін тексергеннен кейін ғана рұқсат етіледі.

Тексеріс нәтижелері тексерістер журналында тіркелуге және іс-шаралар өткізу кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жауапты тұлға немесе объекті жетекшісі қол қоюға тиіс.

347. Адамдар тұруға арналған ғимараттарда, сондай-ақ адамдар көп болатын ғимараттарда (құрылымдарда) өрт кезінде электр энергиясы сөніп қалған жағдайда, кезекші қызметкерлер құрамында жұмыс істейтін жағдайдағы электрлік қолшамдар болуға тиіс электрлік қолшамдар санын объектінің ерекшеліктеріне және кезекші қызметкерлер құрамының санына байланысты, ұйым басшысы анықтайды.

348. Үй-жайлардың, ғимараттардың (құрылымдардан), өндірістік және қоймалық қолданыстағы ғимараттардың эвакуациялық шығу есіктерінде, сыртқы технологиялық қондырғыларда олардың өрт-жарылыс және өрт қауіптілігі бойынша санаттары туралы, сондай-ақ онда орналасқан жарылыс қауіпті немесе өрт қауіпті аймақтардың кластары туралы ақпарат орналастырылған болуға тиіс.

349. Ауылдық жерлердің елді пункттерінің, адамдардың коммерциялық емес бау-бақшалық және саяжайлық бірлестіктерінің (серіктестіктер, тұтынушы кооперативтері, коммерциялық емес серіктестіктер) өртке қарсы қызмет бөлімшелері, жергілікті атқарушы органдар немесе азаматтардың жоғарыда аталған коммерциялық емес бірлестіктерінің басқармалары орналаспаған аймағында осы үшін арнайы қашықтатылған жерде немесе жеке тұрғын үйлерде

(аула ішіндегі құрылыстар) өрт сөндіру мотопомптарының ерікті өрт сөндіру құрамалары мүшелерінің өрт сөндіру кезінде пайдаланатын түтік құбырлар мен ұңғылардың, бастапқы өрт сөндіру құралдарының, механикаландырылмаған құрал-сайманның және өрт сөндіру керек-жарақтарының қажетті жиынтығын сатып алу және сақтау ұйымдастырылуға тиіс.

Өрт болған жерге түтік құбырлар мен ұңғылардың қажетті жиынтығы болатын өрт сөндіру мотопомптарын жеткізуге жауапты тұлғалар тағайындалуға тиіс.

Аталған елді мекендер үй-жайлар (участкелер) саны есептеліп, өрт сөндіру мотопомптарымен қамтамасыз етілген болуы керек:

- 1) 300-ден артық емес - тасымалданатын бір өрт сөндіру мотопомпасы;
- 2) 300-ден бастап 1 мыңға дейінгі - тіркемелі бір өрт сөндіру мотопомпасы;
- 3) 1 мыңнан артық - екеуден кем болмайтын өрт сөндіру мотопомпасы.

350. Ауылдық елді мекендер аумақтарында, азаматтардың бау-бақшалық және саяжайлық коммерциялық емес бірлестіктерінде, блок-жүк сауыттық ғимараттарда жергілікті атқарушы органдар және азаматтар бірлестіктерінің басқармалары тиісінше, өрт туралы адамдарды хабарландыруға арналған дыбыстық сигнал беру құралдарын орнатуға, өрт сөндіру мақсаттары үшін су қоры сақталуға, сондай-ақ өртке қарсы қызмет бөлімшелерін шақыру тәртібі белгіленуге тиіс.

351. Құрғақ әрі ыстық жаз мезгілдерінде ауылдық елді мекендер аумақтарында, азаматтардың бау-бақшалық және саяжайлық коммерциялық емес бірлестіктерінде және кәсіпорындарда жергілікті атқарушы органдар, азаматтардың бау-бақшалық және саяжайлық коммерциялық емес

бірлестіктерінің басқармалары, кәсіпорын басшылары, тиісінше, өртке қарсы ерекше режимді белгілеп, өрттің туындау қауіптерін азайту бойынша қосымша шаралар қабылдап, өрт қауіпсіз жұмыстарды жүргізу, от жағу, автомотокөліктің орман алқаптарына шығуы бойынша шектеулер енгізуге, елді мекендер аумақтарындағы және онымен шектес жатқан орман (дала) алқаптарындағы тұрғындардың және бастапқы өрт сөндіру құралдары болатын ерікті өрт сөндіру құрамалары мүшелерінің күшімен шолу, сондай-ақ өрт сөндіру мақсаттары үшін бейімделген техниканы пайдалану мүмкіндігіне дайындық ұйымдастыруға тиіс.

Аталған кезеңде жергілікті өзін-өзі басқару органдары азаматтардың өрт қауіпсіздігі саласындағы әлеуметтік маңызды жұмыстарға тартылуын және өрт сөндіру автомобильдердің әскери есебін толық жиынтықтау үшін, өртке қарсы қызмет бөлімшелерінде олардың кезекшілігін ұйымдастыруды қамтамасыз етуге тиіс.

352. Телефон байланысымен қамтамасыз етілген елді мекендерде өртке қарсы қызметпен ақылы қызмет көрсететін таксофондарда байланысуға арналған телефон нөмірін жүргізуге тыйым салынады.

3.5.2. Ұйымдардың және елді мекендердің аумақтарын күтіп ұстауға қойылатын өрт қауіпсіздігі талаптары

353. Өртке қарсы үзіктер шегіндегі елді мекендер мен ұйымдардың аймақтары уақытын жанғыш қалдықтардан, қоқыстан, ыдыстан, ағаш жапырақтарынан, құрғақ шөптен және басқа жанғыш материалдардан тазартылуға тиіс.

Ғимарат (құрылым) қабырғаларынан 15 м арақашықтықтағы шипажайлар, демалыс үйлері және басқа сауықтыру мекемелерінің аумақтары (оның ішінде жазғы балалар саябақтары, балалардың сауықтыру лагерьлері) жанғыш шөгінділерден (құрғақ шөп, түктер, жапырақтар) тазартылған болуы керек.

Жанғыш материалдарды қоймалауға, көлік тұрағына, ғимараттар мен имараттар, оның ішінде өртке қарсы үзіктер шегіндегі уақытша құрылымдар құрылысына (орнатуға) тыйым салынады.

354. Ғимараттарға, құрылымдарға, ашық қоймаларға, сыртқы өрт сөндіру сатыларына және өртке қарсы сумен жабдықтау көздеріне апаратын жолдар, өтетін жерлер және кіре берістер өрт сөндіру техникасының өтуі үшін қашан да бос болуға және дұрыс күйінде күтіп ұсталуға, ал қыста қардан тазартылуға тиіс.

Жолдар мен өтетін жерлердің оларды жөндеу немесе өрт сөндіру техникасының өтуіне кедергі келтіретін басқа себептер бойынша жабылатындығы туралы, оларды пайдалануға жауапты ұйым осы жолдар мен өтетін жерлерден шығу аудандарында Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің аумақтық органына уақытылы хабарлауы керек.

Тиісті жерлерде жолдарда жабу кезеңінде айналып өту бағытын сілтегіштер орнатылуға немесе жолдың немесе өтетін жерлердің жөнделетін учаскелері арқылы өткелдер салынуға тиіс.

355. Ғимараттар мен құрылымдарға өтетін және кіре беріс жерлерде өрт сөндіру техникасының өтуіне кедергі келтіретін автокөлік тұрағына, сондай-ақ өрт сөндіру гидранттары құдықтарының қақпақтарында автокөлік тұрағына тыйым салынады.

356. Қоймалар мен базалар, астық қабылдау пункттері, жанғыш газдарды, тез тұтанатын және жанғыш сұйықтықтарды сату, өндіру, қайта өңдеу және сақтау кәсіпорындары, жарылғыш заттар кәсіпорындары, өрт-жарылыс қауіпті және өрт қауіпті учаскелер аумағында, сондай-ақ осы мақсаттар үшін арнайы қашықтатылған және жабдықталған өзге кәсіпорын жерлерінен тыс және дәнді

дақылдар өсіретін ауылшаруашылық кәсіпорындарының егістіктерінде ашық отты пайдалануға және темекі шегуге тыйым салынады.

Аталған ұйымдар аумағында "Ашық отты пайдалануға және темекі шегуге тыйым салынады" деген өрт қауіпсіздігі белгілері орналастырылуға тиіс. Темекі шегу үшін арнайы қашықтатылған орындар "Темекі шегуге арналған орын" деген өрт қауіпсіздігі белгілерімен белгіленуге тиіс.

Өрт қауіпсіздігі белгілерін түрлі-түспен бейнелеу және орналастыру (орнату) орны "Өндірістік объектілердегі сигналдық түстерге, қауіпсіздік таңбалары мен белгілеріне қойылатын талаптар" атты Техникалық регламент талаптарына сәйкес болуға тиіс.

357. Елді пункттер мен ұйымдар аумағында тәуліктің қараңғы уақытында өрт сөндіру гидранттарын, сыртқы өрт сөндіру сатыларын және өрт сөндіру керек-жарақтарының орналасқан орнын, өрт сөндіру суқоймаларының пирстарына, ғимараттар мен құрылымдарға кіретін кіре берістерді тез табу үшін, сыртқы жарық түсіруі болуы керек.

Өрт қауіпсіздігі белгілерін түрлі-түспен бейнелеу және орналастыру (орнату) орындары "Өндірістік объектілердегі сигналдық түстерге, қауіпсіздік таңбалары мен белгілеріне қойылатын талаптар" атты Техникалық регламент талаптарына сәйкес болуға тиіс.

358. Ұйым аумағындағы теміржол өткелдері тәуліктің кез келген уақытында өрт сөндіру автомобильдерінің теміржол төсемін кедергісіз кесіп өтуге мүмкіндік беруге тиіс.

359. Елді мекендер (өнеркәсіптік кәсіпорындар шегінен тыс) және азаматтардың бау-бақшалық және саяжайлық коммерциялық емес бірлестіктерінің аумағында тез тұтанатын және жанғыш сұйықтықтар құйылған ыдысты, сондай-ақ қысылған және сұйылтылған газ толтырылған баллондарды ашық қоймалауға (сақтауға) тыйым салынады.

360. Елді мекендер мен ұйымдар аумағында жанғыш қалдықтар қоқысының болуына тыйым салынады.

361. Ғимараттар мен құрылымдар, орман қатқабаттары, кесілетін материалдар, басқа материалдар мен жабдықтар арасындағы өртке қарсы арақашықтықтарды үйіп тастауға, қоймалау үшін, көлік қою үшін және ғимараттар мен құрылымдар құрылысы (орнату) үшін материалдарды, жабдықтар мен ыдыстарды пайдалануға тыйым салынады.

362. Уақытша құрылыстар басқа ғимараттар мен құрылымдардан немесе өртке қарсы қабырғалардан 15 м кем болмайтын арақашықтықта орналасуға тиіс (өзге нормалар бойынша басқа өртке қарсы арақашықтықтар талап етілетін жағдайлардан басқа).

363. Жеке блок-жүксауытты ғимараттар 10-нан артық болмайтын топтармен және 800 м^2 артық болмайтын ауданда орналасуы керек. Осы ғимараттар топтарының арасындағы және олардан бастап басқа құрылыстарға, сауда дүңгіршектеріне дейінгі арақашықтық 15 м кем болмауы қажет.

364. От жағу, қалдықтар мен ыдыстарды өртеу ғимараттар мен құрылымдардан 50 м кем болмайтын арақашықтықта іске асырылуға тиіс.

Қалдықтар мен ыдыстарды осы мақсат үшін арнайы қашықтатылған жерлерде өртеу қызмет көрсетуші қызметкерлер құрамының бақылауымен жүргізілуі керек.

365. Қылқан жапырақты ормандар алқабында орналасқан шипажайлар, демалыс үйлері және басқа сауықтыру мекемелерінің (оның ішінде жазғы балалар саяжайы, балалардың сауықтыру лагерьлері) аумақтарында периметрі бойынша орман өрттері болған кезде, ғимараттар мен құрылымдарға өрттің таралу мүмкіндігін болдырмайтын, ені 3 м-ден кем болмайтын минералданған қорғау жолағы болуы керек.

366. Орман алқаптарында орналасқан елді мекендер үшін, жергілікті атқарушы органдар орман өрттері болған кезде, ғимараттар мен құрылымдарға өрттің таралу мүмкіндігін болдырмайтын іс-шаралар (өртке қарсы қорғау жолақтарын салу, жапырақты көшеттер отырғызу, жаз мезгілінде құрғақ өсімдіктерді және басқаларын жұлып тастау) әзірлеуге және орындауға тиіс.

3.5.3. Ғимараттарды, құрылымдар мен құрылыстарды күтіп ұстауға қойылатын өрт қауіпсіздігі талаптары

367. Белгіленген тәртіппен әзірленген және бекітілген жобалық-сметалық құжаттамасыз ғимараттарды, құрылымдар мен құрылыстардың функционалдық тағайындалымын өзгертуге, күрделі жөндеу жүргізуге, техникалық қайта жабдықтау, қайта жаңарту және қайта жоспарлауға тыйым салынады.

368. Ғимараттарды, имараттар мен құрылыстарды қайта жоспарлаған, олардың функционалдық тағайындалымын өзгерткен кезде немесе жаңа технологиялық жабдық орнатқанда, осы ғимараттардың, құрылымдар мен құрылыстардың жаңа тағайындалымына сәйкес нормативтік құжаттар қолданылады.

369. Үй-жайларды жалгерлер жалға алған кезде, осы Техникалық регламенттің және аталған ғимарат типі үшін белгіленген тәртіппен бекітілген өрт қауіпсіздігі саласындағы нормативтік құжаттар талаптары орындалады.

370. Барлық өндірістік және қоймалық үй-жайлар үшін, жарылыс өрті және өрт қауіптілігі санаттары, сондай-ақ аймақтар кластары үй-жайлар есіктерінде

тиісті белгілермен белгіленетін "Қазақстан Республикасының электрлік қондырғыларын орнату ережесі" талаптарына сәйкес анықталуға тиіс.

Жоғары өрт қауіптілігі болатын жабдықтың жанында қауіпсіздік белгілері орнатылуы керек.

Өндіріс процестерінде жарылыс өрт қауіпті көрсеткіштері зерттелмеген материалдар мен заттарды қолдануға, сондай-ақ оларды басқа материалдармен және заттармен бірге сақтауға рұқсат етілмейді.

371. Ғимараттар, құрылымдар мен құрылыстар осы Техникалық регламенттің 17-қосымшасының талаптарына сәйкес келетін мөлшерде дұрысталған бастапқы өрт сөндіру құралдарымен, өртке қарсы қызметті шақыру үшін байланыс құралдарымен қамтамасыз етілген және "Ғимараттарды, құрылымдар мен құрылыстарды автоматты өрт сөндіру және өрт сигналын беретін, өрт кезінде адамдарды құлақтандыру және эвакуациялауды басқару жүйелерімен жабдықтау жөніндегі талаптар" атты Техникалық регламент талаптарына сәйкес, автоматты өрт сигналын беретін жүйелермен автоматты өрт сөндіру және адамдарды өрт туралы құлақтандыру қондырғыларымен қамтамасыз етілген болуға тиіс.

Бастапқы өрт сөндіру құралдарын, байланыс құралдарын, сондай-ақ өрт сөндіру автоматикасы жүйелерін орналастыру орындары тиісті өрт қауіпсіздігі белгілерімен белгіленген болуы керек.

372. Табиғи немесе жасанды су көздерінен 100 м артық арақашықтықта орналасқан ауылдық жердегі әрбір тұрғын үйде көлемі 100 л кем болмайтын сыйымдылық (бөшке) орнатылуы керек. Тұрғын үйлерде құрылыс төбесінің биіктігіне дейінгі жиылмалы саты болуы керек.

373. Үй-жайлардың, ғимараттар мен құрылымдардың өртке қарсы қорғау жүйелері мен құралдары (өрт сөндіру және өрт белгісін беру қондырғылары, өрт кезінде адамдарды құлақтандыру және эвакуациялауды басқару, түтінге қарсы қорғау және өртке қарсы сумен жабдықтау жүйелері, өртке қарсы есіктер, клапандар мен люктер, басқа өртке қарсы кедергілерде ойықтарды толтырғыштар, бастапқы өрт сөндіру құралдары) үнемі дұрысталған жұмыс күйінде болуы керек.

Өртке қарсы қорғау жүйелері мен құралдарын жөндеу кезеңінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша қосымша шараларды іске асырусыз, ғимараттарды, құрылымдар мен құрылыстарды пайдалануға тыйым салынады.

374. Ғимараттарды, құрылымдар мен құрылыстарды Қазақстан Республикасында қолдануға рұқсат етілген құрылыс нормаларының талаптарына сәйкес, найзағайдан қорғайтын құрылғылармен жабдықтау керек.

375. Есіктердің өздігінен жабылуына арналған құрылғы дұрыс күйінде күтіп ұсталуға тиіс.

Өртке қарсы немесе түтінге қарсы есіктердің (құрылғылардың) еркін жабылуына кедергі жасайтын қандай да бір айлабұйымды орнатуға тыйым салынады.

376. Өрттің туындауына әкеліп соқтыратын бұзылулары болатын жабдықта, қондырғы мен станокта, сондай-ақ сөндірілген бақылау-өлшеу аспаптарында және белгіленген температура режимдерін, қысымды және қауіпсіздік шарттарымен реттелген басқа параметрлерді бақылауды қамтамасыз ететін технологиялық автоматикада жұмыстар жүргізуге рұқсат етілмейді.

377. Құрылыс құрастырылымдарының, өңдейтін және жылу оқшаулайтын жанғыш материалдардың, жабдықтың металл тіреулерінің оттан қорғайтын жабындарының (сылақ, арнайы бояулар, лактар, оттан қорғайтын қасиеттерінің кемуін және төмендеуін қоса алғанда, сылама) бұзылуына тыйым салынады.

Нормативтік құжаттар талаптарына сәйкес өңделген (сіндірілген) ағаш құрастырылымдар мен маталар өңдеудің қолданылу мерзімі аяқталғанда немесе құрамдарының оттан қорғау қасиеттері кеміген жағдайда, қайта өңделуге (сіндірілуге) тиіс.

Оттан қорғап өңдеу (сіндіру) жағдайы техникалық құжаттамада көрсетілген мерзімде немесе жылына бір реттен кем болмай тексерілуге тиіс.

378. Өртке қарсы қабырғалардың, аражабындар мен қоршау құрастырылымдарының түрлі инженерлік және технологиялық коммуникациялармен қиысатын жерлерінде пайда болатын тесіктер мен саңылаулар құрылыс ерітіндісімен немесе отқа төзімділігінің қажетті шегін және түтін-газ өткізбеушілігін қамтамасыз ететін басқа жанбайтын материалдармен бітелуге тиіс.

379. Жарылыс-өрт қауіпті объектілер, республикалық мәндегі мекемелер мен кәсіпорындар, ірі ойын-сауық-театр кәсіпорындары мен тарихи объектілер, мұнай өңдейтін, ағаш өңдейтін объектілер, химия өнеркәсібі, сондай-ақ театрлар, кинотеатрлар, цирктер, мұражайлар, галереялар өртке қарсы қорғау қызметінің жақын бөлімшесімен немесе елді мекендердің өрт сөндіру байланысының орталық пунктімен тікелей байланыс жүйесімен қамтамасыз етілген болуы керек.

380. Ұйымның ғимараттарында, құрылымдары мен құрылыстарында (жеке тұрғын үйлерді қоспағанда) тыйым салынады:

1) жертөлелер мен цокольдық қабаттарда тез тұтанатын және жанғыш сұйықтықтарды, оқ-дәрілерді, жарылғыш заттарды, газ толтырылған баллондарды, аэрозолдық буып-түюдегі тауарларды, целлулоидты және басқа жарылыс-өрт қауіпті заттар мен материалдарды сақтауға және қолдануға;

2) шатырдың астын, техникалық қабаттарды, желдету камераларын және басқа техникалық үй-жайларды өндірістік учаскелерді, шеберханаларды

ұйымдастыру үшін, сондай-ақ өнімді, жабдықты, жиһазды және басқа заттарды сақтау үшін пайдалануға;

3) лифті холлдарында қамбалар, дүңгіршектер, дүкеншіктер орналастыруға;

4) қабаттардағы дәліздерден, холлдардан, көрермен жайынан, тамбурлардан және басқыш шабақтарынан эвакуациялық шығулардың жобада қарастырылған есіктерін, эвакуациялау жолында қауіпті өрт факторларының таралуына кедергі келтіретін басқа есіктерді алып тастауға;

5) нәтижесінде адамдарды қауіпсіз эвакуациялау жағдайы нашарлайтын, өрт сөндіргіштерге, өрт сөндіру крандарына және басқа өрт қауіпсіздігі құралдарына қол жеткізу шектелетін немесе автоматты өртке қарсы қорғау жүйелерінің (автоматты өрт сигналын беру, стационарлық автоматты өрт сөндіру қондырғылары, түтінді кетіру жүйелері, құлақтандыру және эвакуациялауды басқару жүйелері) әрекет ету аймағы азаятын көлемдік-жоспарлау шешімдерін өзгертуді жүргізуге;

6) балкондар мен лоджияларда есіктерді, люктерді, аралас секцияларға өтетін жерлерді және сыртқы эвакуациялау сатыларына шығуларды жиһазбен, жабдықпен немесе басқа заттармен үйіп тастауға;

7) үй-жайды жинауды және бензин, жермай және басқа тез тұтанғыш және жанғыш сұйықтықтарды қолданып жууды жүргізуге, сондай-ақ қатып қалған құбырларды дәнекерлеу шамымен және ашық от қолданылатын басқа тәсілдермен жылытуды жүргізуге;

8) май болған сүрту материалын жинамай қалдыруға;

9) ғимараттың барлық қабаттарының терезелерінде, жертөлелер терезелеріндегі шұңқыршаларда торлар орнатуға (мекемелердің қоймаларының, кассаларының, үй-жайларын, қару тұратын бөлмелері, құпия бөлімдерін қоспағанда);

10) өрт жағдайында қауіпсіздік аймақтарына жататын балкондарды, лоджиялар мен галереяларды шынылауға;

11) басқыш шабақтары мен дәліздерде қамбалар (қосалқы үй-жайлар) орнатуға, сондай-ақ басқыш жайылмаларының астында және басқыш алаңдарында заттарды, жиһаз және басқа жанғыш материалдарды сақтауға. Бірінші және цокольдық қабаттардағы басқыш жайылмаларында орталық жылытуды басқару тораптарына, су өлшеу және жанбайтын материалдардан жасалған бөлгіштермен қоршалған электрқалқанды тораптарға арналған үй-жайды ғана орналастыруға рұқсат етіледі;

12) ғимараттардың өндірістік және қоймалық үй-жайларында (отқа төзімділігі V деңгейлі ғимараттардан басқа) антресолдар мен бөлгіштер, қызмет көрсететін қосымша бөлмелерді, қамбалар, конторкаларды және басқа жанғыш материалдардан салынған құрамдас үй-жайларды орналастыруға.

Ескерту. 380-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2011.10.31 № 1249 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

381. Ғимараттардың, құрылымдар мен құрылыстардың шатырындағы сыртқы өрт сөндіру сатылары мен қоршаулары дұрыс күйінде күтіп ұсталуға және бес жылда бер реттен кем болмай пайдалану сынауларына түсуге тиіс.

382. Бір эвакуациялық шығуы болатын үй-жайларда 50 және одан артық адамның бір мезгілде болуына тыйым салынады.

Отқа төзімділік деңгейі IV және V ғимараттарда, құрылымдар мен құрылыстарда 50 және одан артық адамның бір мезгілде болуына бірінші қабаттағы үй-жайда ғана рұқсат етіледі.

383. Көрермен, түскі тамақ ішетін, көрме, сауда, биржалық, діни және басқа залдарда (үй-жайларда), трибуналарда, сондай-ақ басқа үй-жайлардағы келушілер санының жобалау нормаларымен белгіленген немесе эвакуациялау жолдарының өткізу қабілеттілігіне байланысты есептеліп анықталған саннан асуына тыйым салынады.

Жобалау нормаларында есептеуге арналған деректер болмаған кезде, адамдарды залдардан 2 минуттан артық болмайтын уақытта эвакуациялау, ал есептік ауданы бір келушіге есептегенде $0,75 \text{ м}^2$ кем болмай қабылдауға тиіс.

384. Шатыр асты үй-жайларының, сондай-ақ технология шарттары бойынша адамдардың тұрақты болуы талап етілмейтін техникалық қабаттар мен жертөлелер есіктері құлыппен жабылуы керек. Аталған үй-жайлардың есіктерінде кілттердің сақталатын орны туралы ақпарат ілінеді.

Ғимараттардың, құрылымдар мен құрылыстардың жертөлелік және цокольдық қабаттарының терезе ойықтарының шұңқыршаларын қоқыстан және басқа заттардан уақытылы тазарту керек. Аталған шұңқыршаларды қорғайтын металл торлар ашылатын болып орындалуы, ал терезелердегі тиектер ішінен кілтсіз ашылуы керек.

385. Пайдаланылған сүрту материалдары қақпақпен жабылатын, жанбайтын материалдан жасалған жүксауытқа жиналуы керек. Пайдаланылған сүрту материалдарын жинау кезеңділігі олардың жұмыс орындарында жинақталып қалуын болдырмауға тиіс. Жұмыс ауысымы аяқталған кезде, аталған жүксауыттар ішіндегісін ғимараттың шетіне апарып тастау қажет.

386. Маймен, лактермен, бояулармен және басқа тез тұтанатын және жанғыш сұйықтықтармен жұмыс жасайтын тұлғалардың арнайы киімі осы мақсат үшін арнайы алыстатылған жерлерде орнатылған металл шкафтарда ілінген түрінде сақталуға тиіс.

387. Биіктігі 1-қабаттан артық сөрелері болатын ғимараттарда әрбір қабат деңгейіндегі сөрелерде орнатылған түтін өткізбейтін жанбайтын диаграммалардың құрастырылымын бұзуға рұқсат етілмейді.

388. Өрттің пайда болуына әкелетін пиротехника бұйымдарын және ашық от көздерін қолданумен байланысты арнайы отты эффектілерді өткізу қажет болған кезде, жауапты қоюшы (бас режиссер, көркемдік жетекші, көрсетуші-шебер) Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің аумақтық органының келісімі бойынша өрттен сақтандыру жөніндегі шараларды (оның ішінде от шашуларды өткізу тәртібі, өрт сөндіру құралдарын орналастыру, от шашатын пиротехникалық бұйымдар және қауіпті аймақтар сұлбалары, жарамсыз бұйымдарды сақтау және жою тәртібі, өрттен сақтандыру жөніндегі іс-шаралар жоспары) әзірлеп іске асыруға тиіс.

389. Өрт қауіптілігінің көрсеткіштері және пиротехникалық бұйымдарға ұсынылатын өрт қауіпсіздігі талаптары, сондай-ақ оларды сынау әдістері Қазақстан Республикасында қолдануға рұқсат еткен мемлекеттік, мемлекетаралық, халықаралық стандарттар талаптарына, белгіленген тәртіппен бекітілген өрт қауіпсіздігі саласындағы нормативтік құжаттарға сәйкес болуға тиіс.

От шашатын пиротехникалық бұйымдарды көпшілік адамдар болатын ғимараттар мен құрылымдарда дайындауға тыйым салынады.

390. Ғимараттар, құрылымдар мен құрылыстардың үй-жайларында тиісті қауіпсіздік белгілерімен белгіленген, өрт сөндіргіштермен және жанбайтын материалдардан жасалған сауытпен жабдықталған, осы мақсат үшін арнайы қашықтатылған орындарды есептемегенде, темекі шегуге тыйым салынады.

3.5.4. Эвакуациялық жолдар мен шығуларды күтіп ұстауға қойылатын өрт қауіпсіздігі талаптары

391. Эвакуациялық жолдар мен шығуларды пайдалану кезінде белгіленген тәртіппен бекітілген өрт қауіпсіздігі саласындағы жобалық шешімдерді және нормативтік құжаттар талаптарын сақтау қамтамасыз етілуге тиіс (оның ішінде эвакуациялық жолдар мен шығуларға жарық түсіру, саны, өлшемдері және көлемдік-жоспарлау шешімдері бойынша, сондай-ақ эвакуациялау жолдарында өрт қауіпсіздігі белгілерінің болуы бойынша).

392. Эвакуация жолдарындағы есіктер еркін және ғимараттан шығатын бағыт бойынша ашылуға тиіс.

393. Эвакуациялық шығулар есіктеріндегі тиектер ғимарат (құрылым) ішінде болатын адамдардың тиектерді ішінен кілтсіз ашу мүмкіндігін қамтамасыз етуге тиіс.

394. Көлемді өздігінен жарқырайтын, автономды және электр желісінен қоректенетін, эвакуациялау жолында пайдаланылатын өрт қауіпсіздігі белгілері (оның ішінде "Эвакуациялық (қосалқы) шығу", "Эвакуациялық шығу есігі" деген жарық нұсқағыштар) үнемі дұрыс және қосылған күйінде болуға тиіс.

Көрермен, көрсету, көрмелік және басқа залдарда жарық нұсқағыштарды адамдардың қатысуымен іс-шаралар өткізген уақытта қосуға рұқсат етіледі.

Эвакуациялық жарық түсіру жұмыстық жарық түсіру электр қорегі тоқтатылған кезде қосылуға тиіс.

395. Эвакуациялық жолдар мен шығуларды пайдаланған кезде:

1) эвакуациялық жолдар мен шығуларды (оның ішінде өтетін жерлер, дәліздер, тамбурлар, галереялар, лифті холлдары, басқыш алаңдары, басқыш шабақтары, есіктер, эвакуациялық люктер) түрлі материалдармен, бұйымдармен, жабдықтармен, өндірістік қалдықтармен, қоқыспен және басқа заттармен үйіп тастауға, сондай-ақ эвакуациялық шығу есіктерін шегелеп тастауға;

2) шығу тамбурларында (пәтерлер мен жеке тұрғын үйлерді қоспағанда) киімге арналған кептіргіштер мен ілгіштер, гардеробты орналастыруға, сондай-ақ керек-жарақтар мен материалдарды сақтауға (оның ішінде уақытша);

3) эвакуациялау жолдарында табалдырықтар (есіктердің ойықтарындағы табалдырықтарды есептегенде), қозғалмалы және көтеріліп-түсірілетін есіктер мен қақпалар, айналатын есіктер мен турникеттер, сондай-ақ адамдарды еркін эвакуациялауға кедергі келтіретін басқа құрылғыларды орнатуға;

4) қабырғалары мен төбелерін өңдеуге, қаптауға және бояуға арналған жанғыш материалдарды, сондай-ақ отқа төзімділік деңгейі V ғимараттарды есептегенде, эвакуациялау жолындағы сатылар мен басқыш алаңдарын қолдануға;

5) басқыш шабақтарының, дәліздердің, холлдар мен тамбурлардың өздігінен жабылатын есіктерін ашық күйінде бекітуге, сондай-ақ оларды алып тастауға;

6) түгіндемейтін басқыш шабақтарының ауа аймақтарының терезе жапқыштарын шынылауға немесе жабуға;

7) арқауланған шыныны есіктер мен фрамугтарды шынылауда жай шынымен ауыстыруға тыйым салынады.

396. Үй-жайдың технологиялық, көрмелік және басқа жабдықтарын орналастырған кезде, жобалау нормаларына сәйкес, эвакуациялаудың басқыш шабақтарына және басқа жолдарына эвакуациялық өтетін жерлер қамтамасыз етілуі керек.

397. Көпшілік адамдар болатын объектілерде электр энергиясы сөніп қалған жағдайда, қызмет көрсететін қызметкерлер құрамы электрлік қолшамдармен қамтамасыз етілуі тиіс.

Қолшамдар санын басшы объектінің ерекшеліктеріне, кезекші қызметкерлер құрамының болуына, ғимараттағы адамдар санына байланысты анықтайды, бірақ кезекші қызметкерлер құрамының әрбір кезекшісіне біреуден кем болмай.

398. Көпшілік адамдар болатын үй-жайлардағы кілемдер, кілем алашалар және басқа еден төсеніштері еденге сенімді бекітілуі керек.

Эвакуациялау жолында жанған кезде жанғыш және уытты өңдеу материалдарды, кілемдерді және үстіңгі бетке жануды тез таратуға қабілетті басқа еден төсеніштерін қолдануға тыйым салынады.

3.5.5. Ғимараттардың құрылымдар мен құрылыстардың электрлік қондырғыларын күтіп ұстауға қойылатын өрт қауіпсіздігі талаптары

399. Қозғалмалы және тасымалданатын электрлік қабылдағыштарды пайдаланған кезде, қоршаған ортаға және механикалық әсерге сәйкес келетін орнықты қабықтағы (оқшаулау) иілгіш кабельдер мен сымдар қолданылуға тиіс.

400. Үй-жайлардағы электрлік қондырғылар мен тұрмыстық электрлік аспаптар жұмыс ауысымы аяқталған кезде тоқсыздандырылуы керек.

Кезекші жарық түсіру, өрт сөндіру және өртке қарсы сумен жабдықтау қондырғылары, өрт сөндіру және күзет-өрт сигналын бергіштер кернеуде қосылып қалуы керек. Басқа электрлік қондырғылар мен электртехникалық бұйымдарды (оның ішінде тұрғындық үй-жайларда), егер бұл олардың функционалдық қолданысымен шарттасқан және (немесе) пайдалану жөніндегі нұсқаулық талаптарымен қарастырылған болса, кернеуде қалдыруға рұқсат етіледі.

401. Жанғыш шатырдың, қалқаның, сондай-ақ жанғыш заттар, материалдар мен бұйымдардың ашық қоймаларының (қатқабат, шөмеле) үстінде электр берілісінің (оның ішінде уақытша және кабель төселген) әуе желілерін төсеуге және пайдалануға рұқсат етілмейді.

402. Электрлік қозғалтқыштар, шырағандар, өткізгіштер, тарату құрылғылары айына екі реттен кем болмай, ал шаң көп бөлінетін үй-жайларда - айына төрт реттен кем болмай шаңнан тазартылуы керек.

403. Электрлік қондырғыларды пайдаланған кезде тыйым салынады:

1) дайындаушы-кәсіпорынның нұсқаулығында баяндалған қауіпсіздік талаптары бұзылған электр желілері мен электр энергиясын қабылдағыштарды, бұзылулары өрттің туындауына әкелуі мүмкін электр қабылдағыштарын пайдалануға (ұшқын, қысқа тұйықталу, кабельдер мен сымдардың оқшаулауының рұқсат етілгеннен жоғары қызуын, апатқа қарсы және өртке

қарсы қорғауды автоматты басқару жүйелерінің істен шығуын тудыратын), сондай-ақ бүлінген немесе қорғаныш қасиеттері мен оқшаулауын жоғалтқан электр сымдары мен кабельдерін пайдалануға;

2) бүлінген және бекітілмеген розеткаларды, шаппа қосқыштарды, басқа электрлік қондырғы бұйымдарын пайдалануға;

3) құрастырылымда қарастырылған жылу реттегіштер болмаған немесе бұзылған кезде электр қыздырғыш аспаптарды қолдануға;

4) электр шамдары мен шырағдандарды қағазбен, матамен және басқа жанғыш материалдармен орауға, сондай-ақ шырағданның құрастырылымында қарастырылған қалпақтары (шашыратқыштары) және қорғаныш торлары алынып қалған шырағдандарды пайдалануға;

5) егер олардың болуы дайындаушы-кәсіпорынның нұсқаулығында қарастырылған болса, электр үтіктерді, электр плиткаларды, электр шәйнектерді және басқа электрмен қыздырылатын аспаптарды өрттің туындау қаупін болдырмайтын арнайы тұғырықтарсыз (қоректену цокольдері, қыздырғыш дөңгелектер) пайдалануға;

6) электрмен қыздырылатын аспаптарды барлық жарылыс-өрт қауіпті және өрт қауіпті үй-жайларда қолдануға;

7) стандартты емес (қолдан жасалған) электрмен қыздырылатын аспаптарды қолдануға, калибрленбеген балқыма өндірімелерді және ток күшінің көбеюі мен қысқа тұйықталудан қорғайтын қолдан жасалған басқа аппараттарды пайдалануға;

8) электрлік қалқандар, электр қозғалтқыштар және іске қосу аппаратурасы жанында жанғыш (оның ішінде тез тұтанатын) заттар мен материалдарды орналастыруға (қоймалауға);

9) жарылыс қауіпті және өрт қауіпті аймақтарда дайындаушы-зауыттың жарылыстан және (немесе) өрттен қорғау деңгейі мен түрі белгісі болмайтын электр жабдығын қолдануға;

10) электр сымдары мен кабельдердің жалғаулары мен ұштарын оқшаулаусыз қалдыруға;

11) үй-жай ішіне ыстық кендір қабығын алмай, сауытпен қапталған кабельдерді төсеуге.

404. Эвакуациялау жолдарында (оның ішінде "Эвакуациялық шығу",

"Апаттық шығу", "Эвакуациялық шығу есігі" атты жарық нұсқағыштары) пайдаланылатын, автономды электр қорегі және электр желісінен қоректенетін, өздігінен жарқырайтын өрт қауіпсіздігі белгілері дұрыс және қосылған күйінде болуға тиіс.

Көрермен, көрсету, көрмелік және басқа залдарда жарық нұсқағыштарды адамдардың қатысуымен іс-шаралар өткізген уақытта қосуға рұқсат етіледі.

405. Өрт қауіпсіздігі белгілерін түрлі-түспен бейнелеу және орналастыру орындары (орнату) "Өндірістік объектілердегі сигналдық түстерге, қауіпсіздік таңбалары мен белгілеріне қойылатын талаптар" атты Техникалық регламент талаптарына сәйкес болуға тиіс.

406. Софиттерді орнату және пайдалану кезінде бекіткіш құрастырылымдар мен жарық тұтатын және көрсететін қалқалар ретінде жанғыш материалдарды пайдалануға тыйым салынады.

Прожекторлар мен софиттерді жанғыш құрастырылымдар мен материалдардан 0,5 м кем болмайтын, ал линзалық прожекторларды - 2 м кем болмайтын арақашықтықта орналастыру қажет.

Прожекторлар мен софиттерге арналған жарық сүзгіштер жанбайтын материалдардан дайындалуға тиіс.

407. Жабық тұратын тарату құрылғыларының үй-жайлары мен дәліздерінде сақтауға арналған үй-жайлар орналастыруға, сондай-ақ электртехникалық жабдықты, қосалқы бөлшектерді, жанғыш сұйықтықтар құйылған сыйымдылықтарды және түрлі газбен толтырылған баллондарды сақтауға тыйым салынады.

408. Кабельдік құрылымдардың бөліктік бөлгіштерінің есіктері өздігінен жабылатын, ғимараттан эвакуациялау барысында ашылуы және есік жабылған кезде тығыздамасы болуы керек.

Кабельдік құрылымды пайдаланған кезде, аталған есіктер жабық күйінде болуға және бекітілуге тиіс.

Кабельдік үй-жайларды желдету жағдайы бойынша өздігінен жабылатын есіктерді егер олардың жабылуы үшін өрт кезінде құрылымның тиісті бөлігінде өрт сигналын беретін қарқыннан іске қосылатын автоматты құрылғылар пайдаланылатын болса, ашық күйінде бекітуге рұқсат етіледі.

409. Металл қораптарға салынған кабельдік желілер жанбайтын материалдармен нығыздалуға, ал қораптардың өзі мынадай жерлерде 0,75 сағ. кем болмайтын отқа төзімділік шегімен бөлгіштермен бөлінуге тиіс:

- 1) басқа кабельдік құрылымдарға кірген кезде;
- 2) кабельдік қораптардың көлденең учаскелерінде әрбір 30 м сайын, ал басқа қораптарға тармақталған кезде электрлік кабельдермен;
- 3) кабельдік қораптардың тік учаскелерінде әрбір 20 м сайын. Бөлгіш арқылы өткен кезде, осындай отқа төзімді нығыздаулар аражабынның әрбір таңбасында қосымша орындалуға тиіс.

Металл қораптарға салынған кабельдік желілердің нығыздалу орны қораптардың сыртқы қабырғаларында қызыл жолақтармен белгіленуі керек. Қажет жағдайларда, қосымша түсіндірме жазбалар орындалуы қажет.

410. Кабельдер және олар төселетін металл беттердің металл қабықтарын қорғау үшін қолданылатын тоттануға қарсы жабындар жанбайтын болуға тиіс.

411. Май толтырылған кабельдерге май берілуін (толықтыру) қамтамасыз ететін қондырғылар үй-жайында осы қондырғыға қатыссыз жанғыш материалдар мен бұйымдарды сақтауға тыйым салынады.

412. Электрлік қондырғылар мен тұрмыстық электр аспаптарының бұзылуы (кабельдер мен сымдардың рұқсат етілгеннен артық қызуы немесе оқшаулауының бүлінуі, түтіннің бөлінуі, ұшқын) байқалған кезде, олар дереу тоқсыздандырылуы керек. Оларды қайта қосуға тек бұзылулар жойылғаннан кейін ғана рұқсат етіледі.

3.5.6. Ғимараттар, құрылымдар мен құрылыстардың жылыту және желдету жүйелерін күтіп ұстауға қойылатын өрт қауіпсіздігі талаптары

413. Жылыту және желдету жүйелері дұрыс жұмыстық күйінде болуға тиіс.

414. Жылу өндіретін аппараттардың жану өнімдері ғимараттар мен құрылымдар шетіне осы мақсаттар үшін арнайы тағайындалған түтін арналары арқылы жойылуы қажет. Түтін арналары ретінде желдету жүйесінің ауа арналарын пайдалануға тыйым салынады.

415. Түтін арнасының құрастырылымында оларды күйеден кезеңдік тазартуға арналған технологиялық тесіктер қарастырылуға тиіс.

416. Жылу өндіргіш аппараттардың күлдіктерін еден астындағы алшақтық кеңістігімен қосуға тыйым салынады.

Жылу өндіргіш аппараттардың күлдіктерін жертөлелік және цокольдық үй-жайлармен қосуға жанбайтын материалдардан жасалған арналар көмегі кезінде ғана рұқсат етіледі.

417. Қатты отынмен жұмыс істейтін жылу өндіргіш аппараттардың от жағатын есігі астындағы жанғыш материалдардан жасалған еден пеш жанындағы оның ұзындығында орналасқан тесіктерсіз 0,5 x 0,7 м кем болмайтын өлшемдегі оттық алдындағы металл табақпен қорғалған болуға тиіс.

418. Қаңқалы пештер астындағы жанғыш едендер балшық ерітіндісіне көлденең төселген кірпіштердің бір қатарымен немесе үстінде төбе жабатын болаттан жасалған қаптамасы болатын, қалыңдығы 12 мм кем болмайтын таскендір картонмен оқшаулануға тиіс, мұндайда пеш түбінен еденге дейінгі арақашықтық 100 мм кем болмауы керек.

419. Сұйық отынмен жұмыс істейтін аппараттар апаттық төгілу кезінде отын бәгінде болатын отынның барлық мөлшерін араластыратын металл тұғырыққа орнатылуы керек. Аталған тұғырық құммен немесе басқа жанбайтын аптағышпен толтырылуға тиіс.

420. Тұрғындық үй-жайларда тұтану температурасы 40°C төмен болатын сұйық отынмен жұмыс жасайтын жылу өндіргіш аппараттарды, сондай-ақ жылыту жүйелерінде жылу тасымалдағыш ретінде ыстық сұйықтықтарды пайдалануға тыйым салынады.

421. Сұйық, қатты және газ тәрізді отынмен жұмыс істейтін жылу өндіргіш аппараттардың бұзылмаған есіктері және жанғыш құрастырылымдардан нормалармен белгіленген өртке қарсы өңдеулері болуы (жылжулар) қажет.

Жылыту қазандықтары мен жылу өндіргіш қондырғылардың әрбір бүріккішіне арналған отын жетегінде екеуден кем болмайтын шұрасы болуы керек: біреуі — пештің оттығы жанында, екіншісі - отын салынған сыйымдылық жанында.

Қандай да бір бұзылуы немесе бүлінуі (оның ішінде жылу беретін беттердегі күйлер және жарылулар) болатын жылу өндіргіш аппараттарды пайдалануға тыйым салынады.

422. Жылыту пештері мен жүйелерінің түтін құбырлары, түтіндіктері және басқа элементтері тікелей жылыту маусымының алдында, сондай-ақ көлемінде:

- 1) үш айда бір реттен кем болмай - жылыту пештері үшін;
- 2) екі айда бір реттен кем болмай - үздіксіз әрекеттегі пештер мен ошақтар үшін тазартылуға тиіс.

Асхана плиталары және үздіксіз (ұзақ мерзімде) от жағылатын басқа пештер айына бір реттен кем болмай тазартылып тұруы керек.

423. Елді мекендерде ұйымдарды және тұрғын үйлерді жылыту үшін қолданылатын орталық от қазандықтарын пайдаланған кезде:

- 1) жұмысқа арнайы оқудан өтпеген және тиісті біліктілік куәліктерін алмаған тұлғаларды жіберуге;
- 2) сұйық отынды осы мақсаттар үшін тағайындалмаған үй-жайларда сақтауға;
- 3) жабдықты пайдалану жөніндегі нұсқаулықтарда қарастырылмаған жанғыш заттарды (қатты, сұйық, газ тәрізді) отын ретінде қолдануға;
- 4) отынның берілу жүйелерінен сұйық отын аққан немесе газдың кемуі кезінде жылу өндіргіш қондырғыларды пайдалануға;
- 5) жанбайтын бүріккіштер немесе газды жанарғылар кезінде оттықтарды алдын ала үрлеусіз қондырғыны жағуға және отын беруге;
- 6) бақылау және реттеу аспаптарының құрастырылымында қарастырылған жылу өндіргіш қондырғылар болмаған, бұзылған немесе сөндірілген кезде жұмыс істеуге;
- 7) жанғыш материалдарды от қазандықтарында немесе бу өткізгіштерде кептіруге тыйым салынады.

424. Отпен жылытуды пайдалану кезінде:

- 1) жағылатын пешті қараусыз қалдыруға;
- 2) жағу үшін дайындалған отынды, сондай-ақ басқа жанғыш заттар мен материалдарды пештің алдындағы табаққа орналастыруға;
- 3) қатты отын жағылатын пештерді жағу үшін тез тұтанатын және жанғыш сұйықтықтарды қолдануға;
- 4) пештерді пайдалану жөніндегі нұсқаулықтарда қарастырылмаған жанғыш заттарды (қатты, сұйық, газ тәрізді) отын ретінде қолдануға;
- 5) үй-жайларда көпшілік адамдардың болуымен онда іс-шаралар өткізу уақытында пеш жағуға;
- 6) пешті пайдалану жөніндегі нұсқаулықта белгіленген уақыттан артық жағуға;
- 7) жанғыш заттар мен материалдарды (аяқ киім, киім, ағаш) пештер мен түгіндіктердің беттерінен 0,5 м кем болатын арақашықтықта кептіруге тыйым салынады.

425. Пештің оттығынан алып шыққаннан кейінгі қыздырылған және бықсыған материалдар болатын күл және қож өрттің туындау мүмкіндігін болдырмайтын, олар үшін арнайы қашықтатылған жерге әкетіліп, су құйылуы керек.

426. Жанғыш заттарды, материалдарды, бұйымдар мен жабдықтарды пештердің оттығының саңылауларына дейін 1,25 м болатын және пештің басқа қыздырылатын бөліктеріне дейін 0,7 м кем болатын арақашықтықта орналастыруға тыйым салынады.

427. Қатты отынмен жұмыс істейтін от қазандығы қондырғыларының түгіндік құбырлары осы мақаланың талаптарына сәйкес ұшқын сөндіргіштермен жабдықталуға және күйеден тазартылуға тиіс.

428. Ауаарналардағы автоматты от тұтқыш құрылғылар (қалқалағыштар, сұқпажапқыштар, клапандар), автоматты өрт сигналын беретін немесе өрт сөндіру құрылғылары болатын желдету жүйелерінің бұғаттау құрылғылары, өрт кезінде желдетуді автоматты сөндіру құрылғылары дұрыс күйінде ұсталуға тиіс.

Автоматты от тұтқыш құрылғылар жетегінің сезімтал элементтері (тез балқитын құлыптар, тез жанатын өндірмелер, жылу сезгіш элементтер) ластанудан тазартылған болуы керек.

429. Сауда мекемелерінің ғимараттарымен құрамдас от қазандықтарын қатты отыннан сұйық отынға ауыстыруға рұқсат етілмейді.

430. Отын (өздігінен лапылдап жанатын көмір) осы үшін арнайы бейімделген үй-жайларда немесе жанатын құрылыстардан 8 м жақын болмай орналасқан, арнайы бөлінген алаңдарда сақталуға тиіс.

431. Зауытта дайындалған пештерді кәсіпорынның жатақхана, әкімшілік, қоғамдық және қосалқы ғимараттарының үй-жайларында, тұрғын үйлерде

орнатқан кезде, дайындаушы-кәсіпорынның өнімнің осы түрлеріне арналған нұсқаулық талаптары, сондай-ақ жылыту жүйелеріне қойылатын жобалау нормаларының талаптары орындалуға тиіс.

432. Уақытша металл пештерді орнатқан кезде, мынадай өрт қауіпсіздігі талаптары сақталуы керек:

1) металл пештердің табандарының биіктігі 0,2 м кем болмауы керек;

2) металл пештер мыналардан кем болмайтын арақашықтықта орнатылуға тиіс:

1 м - ағаш құрастырылымдардан, жиһаздан, тауарлардан, көрмелерден, сөрелерден, сатушы үстелдерінен және басқа жабдықтардан;

0,7 м - лапылдап жанудан қорғалған құрастырылымдардан;

1,25 м - оттық саңылауларынан бастап ағаш құрастырылымдары мен басқа жабдықтарға дейін.

433. Металл түтіндік құбырларды терезе арқылы шығарған кезде, оған өңдеуді ауыстыратын өлшемі түтіндік құбырдың үш диаметрінен кем болмайтын төбе жабатын темірден жасалған жайма қоса салынуға тиіс.

Құбырдың ұшы ғимараттың қабырғасына 0,7 м кем болмай орнатылып, биіктігі 0,5 м қысқа құбырдан жоғары бағытталуы қажет.

Жоғарғы қабаттан шығарылған қысқа құбыр ернеуден 1 м кем болмай шығып тұруға тиіс. Қысқа құбырға қақпақ орнатылуы керек.

434. Ауаны желдету және баптау жүйелерін пайдалану кезінде:

1) желдету камераларының есіктерін ашық қалдыруға;

2) сору арналарын, саңылаулар мен торларды жабуға;

3) ауаарналарға газбен жылытылатын аспаптарды қосуға;

4) ауаарналарда жиналып қалған майлы тұнбаларды, шаң немесе басқа жанғыш заттарды жағып жіберуге тыйым салынады.

435. Желдету камералары, циклондар, сүзгілер, ауаарналар жанғыш шаңдардан және өндіріс қалдықтарынан тазартылуға тиіс.

436. Жарылыс қауіпті және өрт қауіпті өндірісі (қондырғылары) болатын үй-жайлардағы технологиялық жабдық жұмысына бұзылған және сөндірілген гидравликалық, құрғақ сүзгілер, шаң ұстайтын және желдету (шаң-тозаң соратын) жүйелерінің басқа құрылғыларында тыйым салынады.

437. Жанатын шаңды, талшық және қатты қоспалары болатын басқа қалдықтарды кетіретін желдеткіштерге қатты денелер түсіп кетуін болдырмау үшін, олардың алдына тас ұстағыштар, ал металл заттарды алып тастау үшін - магнитті айырғыштар орнатылуға тиіс.

438. Пневматикалық көліктің құбыр желілерінде және жергілікті сору жүйелерінің ауаарналарында кезеңдік қарау, тексеру және өрт туындаған жағдайда, оны сөндіру үшін, тығыз жабылатын люктер қарастырылуы керек.

439. Байқау люктері бір-бірінен, сондай-ақ үштіктерден, бұрылыстарда, құбыр желілерінің қабырғалар мен аражабындар арқылы өтетін жерлерінде 15 м-ден артық болмай орналастырылуы керек.

440. Машиналар мен агрегаттардың шанды кетіретін құрылғыларынан кетірілетін ауаны тазартуға арналған сүзгілер оқшауланған үй-жайларда орнатылуға тиіс.

441. Жабдықтан бөлінетін шаң болған ауаны қайта айналдыру кезінде сүзгілердің көмегімен екі сатылы тазартуға түсуі керек.

3.5.7. Ғимараттар, құрылымдар мен құрылыстардың инженерлік жабдығын күтіп ұстауға қойылатын өрт қауіпсіздігі талаптары

442. Ғимараттар мен құрылымдардағы сыпырынды тастайтын жерлерде жобада қарастырылған клапандар болуы керек. Клапандар үнемі жабық, ақаусыз күйінде және жабылғанда нығыздауы болуы керек.

443. Қоқыс жинағыштардың камераларының есіктері үнемі құлыппен жабылуы қажет.

444. Ғимараттар мен жер үстіндегі құрылымдардағы лифтілер мен көтергіштер (өрт сөндіру лифтілерін қоспағанда) өрт шыққан кезде бірінші қабатқа автоматты түрде түсірілуге, ал жерасты имараттарында - жоғарғы қабатқа көтеріліп тоқсыздануға тиіс.

445. Жерасты құрылымдарындағы эскалаторлар өрт шыққан кезде, адамдарды үстіңгі бетке көтеру режиміне автоматты түрде ауыстырылып қосылуы керек.

446. Ғимараттар, құрылымдар мен құрылыстар, сондай-ақ сыртқы технологиялық қондырғылар жобада қарастырылған найзағайдан қорғайтын ақаусыз құрылғылармен жабдықталуы керек.

Найзағайдан қорғау құрылғыларының жерге қосатын құрылғысының электрлік кедергісін өлшеу жылына бір реттен кем болмай өткізілуге және тиісті актімен ресімделуге тиіс. Жерге қосатын құрылғысының электрлік кедергісін өлшеуді білікті мамандар немесе мамандандырылған ұйым жүргізуге тиіс.

447. Тез тұтанатын немесе жанғыш сұйықтықтар, сондай-ақ жанғыш газдар айналатын, сақталатын немесе қайта өңделетін ғимараттардың ішінде және ашық кеңістікте орналасқан технологиялық аппараттардың барлық металл құрастырылымдарын, сұйыққоймаларды, газ құбырларын, мұнай құбырларын, мұнай өнімдерін өткізгіштерді және басқа құрылғыларды қайта пайда болатын найзағайдан және статикалық электр зарядтарынан қорғау үшін қорғанышты жерге қосуы болуы керек.

448. Қызметкерлер құрамын электр тоғынан қорғау немесе найзағайдан қорғау үшін тағайындалған жерге қосатын құрылғыларды статикалық электр тоғын бұру үшін пайдалануға рұқсат етіледі.

449. Ғимараттарда, құрылымдарда орналастырылған технологиялық жабдықтар мен құбыр желілерінің, сондай-ақ сыртқы технологиялық қондырғылар мен эстакадаларының "Қазақстан Республикасының электрлік қондырғыларын орнату ережелерінің" талаптарына сәйкес қорғанышты жерге қосуы болуға тиіс.

Ғимараттар мен құрылымдардың технологиялық құбыр желілерін жерге қосатын (нөлдеу) өткізгіштер ретінде пайдалануға тыйым салынады.

450. Металл эстакадалар және соларға салынған металл құбыр желілері эстакаданың басында және соңында, сондай-ақ олардың ұзындығы бойынша 300 м сайын өзара және қорғанышты жерге қосу құрылғыларымен жалғануы керек.

451. Ток бұрғыштарды өзара, жерге қосатын құрылғылармен және технологиялық аппараттармен қосу пісіру көмегімен орындалуға тиіс. Кейбір жағдайларда, оларды бұрандамалармен қосуға рұқсат етіледі, мұндайда жерге қосушы құрылғылардың түйісу беті металл жылтырақтардан тазартылған және қорғасынмен қапталған қалайы қорытпасы болуы керек.

452. Өнеркәсіптік кәсіпорындардың технологиялық процесінде тез тұтанатын және жанғыш сұйықтықтар, сондай-ақ жанғыш булар мен газдар айналатын кәріз желісі гидравликалық ысырмалармен қамтамасыз етілген болуы қажет. Әрбір гидравликалық ысырмадағы сұйықтық қабаты 0,25 м кем болмайтын биіктікте болуы керек. Гидравликалық ысырмалар құрастырылымы олардың кезеңдік тазартылу мүмкіндігін қамтамасыз етуге тиіс.

453. Тез тұтанатын және жанғыш сұйықтықтар қолданылатын ғимараттар мен имараттардың жаңбыр ағатын құбыр желілері, өндірістік және біріктірілген кәріздік жүйелер бойымен ұшқын таралуын болдырмайтын гидравликалық ысырмалар (сифондар) үнемі ақаусыз күйінде болуға тиіс.

Ақауы және дұрыс орындалмаған гидравликалық ысырмалары болатын кәріздік жүйелерді пайдалануға тыйым салынады.

454. Технологиялық процестерінде тез тұтанатын және жанғыш сұйықтықтар, сондай-ақ жанғыш булар мен газдар айналатын кәсіпорындардың өндірістік және біріктірілген кәріздік жүйелері ұзына бойына жабық болуы керек.

Кәріздердің байқау құдықтары үнемі қақпақтармен жабылған және 0,1 м қабат құм төгілген болуы қажет.

455. Аумағында ғимараттар, құрылымдар және (немесе) A_n , B_n және B_n санатты сыртқы технологиялық қондырғылар орналастырылған

кәсіпорындардың өндірістік және біріктірілген кәріздік жүйелері жарылыс-өрт және өрт қауіптілігі бойынша 40 ° С аспауға тиіс.

Тез тұтанатын және жанғыш сұйықтықтарды кәріз жүйелеріне ағызуды тыйым салынады (оның ішінде апат кездерінде).

456. Газ баллон қондырғыларын орналастыру және пайдалану, оның ішінде адамдар тұруға арналған ғимарат ішінде орналастыру газ шаруашылығындағы қауіпсіздік жөніндегі нормативтік құжаттар талаптарына сәйкес іске асырылуы керек.

457. Тұрмыстық газ аспаптарын пайдаланған кезде, жиһазды және басқа жанғыш материалдарды орналастыру жақындау вертикаль бетке дейінгі көлденеңінен 0,2 м кем болмайтын және осы бұйымдарға жақындау ілінген көлденең бетінің үстіне дейінгі вертикаль бойынша 0,7 м кем болмайтын арақашықтықта іске асырылуға тиіс.

458. Объектілерде құрылыс, күрделі жөндеу, қайта жаңарту және (немесе) техникалық қайта жабдықтау аяқталғаннан кейін, пайдалануға енгізілетін тұрмыстық және өнеркәсіптік аспаптарға оны жағу үшін газ келтіретін құбыр желілері өрт кезінде үй-жайда 100 ° С орта температурасына жеткен кезде, газ құбырын автоматты түрде жабатын жылу сезгіш ілгекті құрылғылармен (клапандармен) жабдықталуы қажет. Аталған құрылғылар (клапандар) газ құбырындағы сөндіру құрылғыларының, газ есептегіштің және басқа құбыр желісінің арқауы алдында тікелей үй-жайда барынша ықтимал биіктікте орнатылуға тиіс.

459. Жылу сезгіш ілгекті құрылғыларды (клапандарды) орнатпауға рұқсат етіледі:

1) отқа төзімділік деңгейі V ғимараттарда, сондай-ақ ғимараттың шетінде орналасқан газ құбырлары электр магнитті және газ талдағыш немесе автоматты өрт сигнал бергіші іске қосылған кезде, газ құбырын жабатын клапанмен жабдықталған ғимараттарда;

2) газ құбырлары электрмагниттік клапанмен жабдықталған, ал газ жағуға арналған қондырғылары болатын үй-жайлары автоматты өрт сөндіру қондырғыларымен қорғалған қауіпті өндірістік объектілер ғимараттарында.

460. Тұрмыстық газ аспаптарын (оның ішінде асхана плиталары, су жылытатын қазандар, газ мұнаралары) газбен жабдықтауға арналған газ баллондар (жұмыстық және қосалқы) ғимараттан тыс жапсарлас салынған үйлерде және ғимаратқа, цокольдық және жертөле қабаттарына кіретін жерлерден 5 м кем болмайтын арақашықтықтағы қабырғаның бітеу аралық қабырғаларында жанбайтын материалдардан жасалған шкафтарда орналастырылуға тиіс.

Газ баллондарға арналған жапсарлас салынған үйлер мен шкафтарға құлып салынып, желдету үшін перделері, сондай-ақ "От қауіпті. Газ толтырылған баллон" деген сақтандыру жазбалары болуы қажет.

461. Ғимараттың немесе құрылымның (оның ішінде жеке тұрғын үйлер, коттедждер, саяжайлар) газ баллондар сақталатын және пайдаланылатын өрт сөндіру бөлігіне кіре берісте "От қауіпті. Газ толтырылған баллон" деген жазу болатын сақтандырғыш өрт қауіпсіздігі белгілері орналастырылуға тиіс.

462. Ғимараттар мен құрылымдарда орналасқан аммиакты тоңазыту қондырғыларын пайдалану кезінде, "Аммиакты салқындату қондырғыларын орнату және қауіпсіз пайдалану ережелерінің" талаптары сақталуы қажет.

463. Аммиакты салқындату құрылғыларының машина және аппараттар бөлімінің үй-жайларында газ талдағыштарды сорып-тартатын желдетуді автоматты қосатын және салқындату қондырғыларының сығымдағыштарын автоматты сөндіретін құрылғылары болатын салқындатқыш агент буларымен бұғаттау үнемі ақаусыз күйінде болуға және тиісті актімен немесе арнайы журналдағы жазбамен ресімделіп, жұмыс қабілеттілігі тексерілуге тиіс.

464. Салқындату қондырғыларына арналған аммиак толтырылған баллондар ғимараттың немесе құрылымның арнайы қоймалық үй-жайларында сақталуы қажет.

Тыйым салынады:

1) аммиак толтырылған баллондарды салқындату қондырғыларының машина бөлімдерінде сақтауға тыйым салынады;

2) аммиак болатын құбыр желілерін эвакуация жолдары бойынша, лифтілер мен көтергіштер шахталарында, сондай-ақ жарылыс-өрт және өрт қауіптілігі бойынша А, Б және В1-В4 санатты үй-жайлар арқылы төсеуге.

465. Аммиакты салқындату қондырғыларының машина және аппараттар бөлімдерінің үй-жайларын жарылыс кезінде (оның ішінде оңай тасталатын құрастырылымдар, сындырылған панельдер, арнайы шынылау, терезе блоктарының ашылатын фрамугалары) қираудан қорғауға арналған құрылғылар жобалық-сметалық құжаттамаға сәйкес болуға және ақаусыз күйінде ұсталуға тиіс.

Салқындату камераларының және салқындатқыш агрегаттардың үй-жайларын тікелей тағайындалымынсыз пайдалануға тыйым салынады.

466. Ғимараттар мен құрылымдарда оларда көпшілік адамдардың қатысуымен іс-шаралар (оның ішінде спорттық және мәдени ойын-сауық іс-шаралары) өткізу уақытында аммиакты салқындату қондырғыларына техникалық қызмет көрсетуге және жөндеуге тыйым салынады.

467. Аммиак толтырылған баллондар жұмыс істейтін жылыту аспаптарынан 5 м кем болмайтын арақашықтықта орналастырылуға тиіс. Аммиак толтырылған баллондарды жүйені толтыруды тездету үшін қыздыруға тыйым салынады.

468. Салқындату камераларының өртке қарсы белдіктерінде тесіктер салуға, түтіктер өткізуге, бекітулер орнатуға, сондай-ақ оларды жанғыш материалдармен қаптауға тыйым салынады.

469. Салқындатқыш агрегаттарды салқындату камераларының тамбурларында орналастыруға тыйым салынады.

Салқындатқыш қондырғыларды камераларын тұздықпен салқындатып орналастыруға басқа үй-жайлардан сыртқа шығатын немесе дәліз арқылы есіктермен бөлінген шығу болатын машина бөлімінде ғана рұқсат етіледі.

470. Пайдалану және жөндеу процесінде жобада қарастырылған салқындату камераларының жанбайтын жылу оқшаулауын жанатын жылу оқшаулауына ауыстыру жүргізуге тыйым салынады.

3.5.8. Өртке қарсы сумен жабдықтау көздерін күтіп ұстауға қойылатын өрт қауіпсіздігі талаптары

471. Өртке қарсы табиғи және жасанды сумен жабдықтау көздері (оның ішінде өртке қарсы су құбыры, өрт сөндіру су қоймалары, өрт сөндіру мақсатына арналған суды сақтау сыйымдылықтары), сондай-ақ суды жинау үшін оларға кіре берістер үнемі ақаусыз күйде ұсталуға тиіс.

472. Өртке қарсы су құбыры желілерінің, өрт сөндіру гидранттары мен өрт сөндіру крандарының, тиісінше, жылына екі реттен кем болмай су жібергіштігі мен жұмыс қабілеттілігі тексерілуге тиіс (көктемде және күзде).

473. Өрт сөндіру гидранттары ақаусыз күйінде болуға, ал қысқы уақытта жылытылған және қар мен мұздан тазартылуға тиіс.

474. Өртке қарсы сумен жабдықтау көздеріне апаратын жолдар және кіре берістер оларға өрт сөндіру техникасының жылдың кез келген мезгілінде өтуін қамтамасыз етуге тиіс.

Өрт сөндіру гидранттарының құдықтарының қақпақтарында автокөлік тұрағына тыйым салынады.

475. Су құбыры желісі учаскелері сөніп қалған, гидранттар бұзылған немесе желіде қысым қажеттіден төмен болып азайған кезде, су арнасының (елді мекендердің су құбыры желілері бойынша) диспетчері немесе өртке қарсы сумен жабдықтау үшін жауапты тиісті ұйымның (ұйымның немесе кәсіпорынның су құбыры желілері бойынша) жауапты тұлғасы бұл туралы Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігінің аумақтық органына хабарлауға тиіс.

476. Өртке қарсы сумен қамту көздерінің (оның ішінде өрт сөндіру гидранттарын, өрт сөндіру су қоймаларын), өрт сөндіру машиналарын орнатуға арналған пирстардың болу орындарын, өрт сөндіру машиналарын ғимараттар мен құрылымдардың өрт сөндіретін құрғақ құбырларына қосу орындары, сондай-ақ қозғалысты олардың болатын жерлеріне бағыттау "Өндірістік объектілердегі сигналдық түстерге, қауіпсіздік таңбалары мен белгілеріне қойылатын талаптар" атты Техникалық регламент талаптарына сәйкес өрт қауіпсіздігі белгілерімен белгіленген болуға тиіс.

477. Өрт сөндіру гидрантын орналастыру орнында нұсқағыштан бастап гидрантқа дейін метрмен және құбыр желісінің ішкі диаметріне дейін миллиметрмен арақашықтықты цифрлық мәндермен әріптік "ӨГ" индексі салынған жарық түсіретін немесе флуоресцентті нұсқағыш орнатылған болуы керек.

Өрт сөндіру су қоймасында шаршы метрлерде су қорының цифрлық мәндерімен, әріптік "ӨС" индексі және бір мезгілде су қоймасы алаңында қойылуы мүмкін өрт сөндіру автомобильдерінің саны салынған ұқсас нұсқағыш орнатылуға тиіс.

478. Өртке қарсы ішкі су құбырының өрт сөндіру крандары 1,35 м биіктікте орнатылып, түтік құбырлар мен ұңғымалар жиынтықталып және пломбаланатын өрт сөндіру шкафтарына жабылып қойылуы керек.

Шкафтың есігінде әріптік "ӨК" индексі, жақын өрт сөндіру бөлімінің телефон нөмірі көрсетіледі.

Өрт сөндіретін түтік құбырларды құрғақ, жақсы шиыршықталған және крандар мен ұңғымаларға жалғанған күйінде күтіп ұстау қажет.

Өрт сөндіру крандарының жұмысқа қабілеттілігін қамтамасыз ету мақсатында, 6 айда бір реттен кем болмай оларды тексеру жүргізілуге, су жіберу және түтік құбырларды жаңадан ширату іске асырылуға тиіс.

479. Сорғы стансасының үй-жайларында өртке қарсы сумен жабдықтаудың жалпы сұлбасы және сорғыларды байлау сұлбасы ілінуі керек.

Әрбір ысырмада және өрт сөндіргіш сорғы-көтергіште олардың тағайындалымы көрсетілуге тиіс.

Сорғы-көтергіштерді қосу тәртібі техникалық нұсқаулықтарда анықталуға тиіс.

Елді мекендердің өртке қарсы су құбырларының сорғы стансаларының үй-жайларында Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің аумақтық органымен тікелей телефон байланысы болуы керек.

480. Кәсіпорынның электрмен жабдықтауы өрт сөндіру сорғыларының электр қозғалтқыштарының үздіксіз қоректенуін қамтамасыз етуге тиіс.

481. Су өлшегіш құрылғылардың суландыру желілерінде орнатылған электржетек болатын ысырмалар жылына екі реттен кем болмай, ал өрт сөндіру сорғылары - ай сайын тексерілуі қажет.

482. Объекті аумағында немесе оған жақын жерде (200 м радиуста) табиғи немесе жасанды су көздері (өзендер, көлдер, бассейндер, градирнялар) болған кезде, оларға жылдың кез келген уақытында өрт сөндіру автомобильдерін қою және су жинау үшін, өлшемі 12 x 12 м кем болмайтын қатты төсемі болатын алаңдары (пирстары) болатын кіре берістер салынуға тиіс.

483. Жасанды су қоймаларды, су көздеріне кіре берістер мен су жинағыш құрылғыларды үнемі дайындықта ұстау тиісті кәсіпорындарға жүктеледі.

484. Су қыспақты мұнаралар жылдың кез келген уақытында өрт сөндіру техникасының су жинауына бейім болуы керек.

Шаруашылық және өндірістік қажеттіктер үшін, өрт сөндіру мақсаттары үшін қолданылатын су қорын пайдалануға тыйым салынады.

3.5.9. Өрт сөндіру техникасын орналастыруға және қызмет көрсетуге қойылатын талаптар

485. Объектілерді өрттен қорғауға арналған өрт сөндіру техникасын орналастыру, күтіп ұстау және қызмет көрсету "Объектілерді қорғауға арналған өрт сөндіру техникасының қауіпсіздігіне қойылатын талаптар" атты Техникалық регламент талаптарына сәйкес болуға тиіс.

486. Өрт сигналын беретін және өрт сөндіру қондырғыларын жобалау, құрастыру және пайдалану, өрт кезінде адамдарды құлақтандыру және эвакуациялауды басқару, сондай-ақ олардың техникалық жағдайын бақылау " Гимараттарды, имараттар мен құрылыстарды өрт кезінде автоматты өрт сөндіру және автоматты өрт белгісі беру, адамдарды құлақтандыру және эвакуациялауды басқару жүйелерімен жабдықтау бойынша талаптар" атты техникалық регламенттің және белгіленген тәртіппен бекітілген өрт қауіпсіздігі саласындағы нормативтік құжаттар талаптарына сәйкес іске асырылуға тиіс.

3.6. Заттар мен материалдарға қойылатын өрт қауіпсіздігі талаптары

3.6.1. Заттар мен материалдардың өрт қауіптілігі туралы ақпаратқа қойылатын талаптар

487. Заттар мен материалдарды өндіруші өнімді қауіпсіз қолдану үшін қажетті ақпарат болатын техникалық құжаттаманы әзірлеуге міндетті.

488. Заттар мен материалдарға арналған техникалық құжаттамада (оның ішінде паспорттар, техникалық шарттар) заттар мен материалдардың жарылыс-өрт және өрт қауіпті көрсеткіштері туралы ақпарат болуы қажет.

Техникалық құжаттамаға қосу үшін міндетті көрсеткіштер мыналар болып табылады:

1) газдар үшін:

жану тобы;

өздігінен тұтану температурасы;

жалынның таралатын концентрациялық шектері;

2) сұйықтықтар үшін:

жану тобы;

тұтану температурасы;

жалындау температурасы;

өздігінен жалындау температурасы;

жалынның таралатын температуралық шектері;

3) қатты заттар үшін:

жану тобы;

жалындау температурасы;

өздігінен жалындау температурасы;

түтіннің түзілу коэффициенті;

жану өнімдерінің уыттылық көрсеткіші;

4) бытыраңқы қатты заттар үшін:

жану тобы;

жалындау температурасы;

жалынның таралатын концентрациялық төменгі шегі;

жарылыстың максималды қысымы;

жарылыс қысымының үдеу жылдамдығы;

жарылыс қауіптілігінің индексі.

Заттар мен материалдардың жарылыс-өрт және өрт қауіпті көрсеткіштері туралы қосымша ақпаратты қосу қажеттігін құжаттаманы әзірлеуші анықтауға тиіс.

3.6.2. Ғимараттарда, құрылымдар мен құрылыстарда құрылыс материалдарын қолдануға қойылатын өрт қауіпсіздігі талаптары

489. Құрылыс материалдары ғимараттарда, құрылымдар мен құрылыстарда олардың функционалдық тағайындалымына және өрт қауіптілігіне байланысты қолданылады және осы Техникалық регламент, "Құрылыс материалдарының, бұйымдары мен құрастырылымдарының қауіпсіздігі" атты Техникалық

регламент , Қазақстан Республикасы аумағында қолдануға рұқсат етілген мемлекеттік, мемлекетаралық, халықаралық стандарттардың және белгіленген тәртіппен бекітілген, өрт қауіпсіздігі саласындағы нормативтік құжаттар талаптарына сәйкес болуға тиіс.

490. Ғимараттарда, құрылымдар мен құрылыстарда құрылыс материалдарын қолдануға қойылатын өрт қауіпсіздігі талаптары осы Техникалық регламенттің 18-қосымшасының кестесінде берілген осы материалдардың өрт қауіптілік көрсеткіштері бойынша белгіленеді.

491. Құрылыс материалдарына арналған техникалық құжаттамада осы Техникалық регламенттің 18-қосымшасының кестесінде берілген осы материалдардың өрт қауіптілік көрсеткіштері, сондай-ақ оларды пайдаланған кездегі өрт қауіпсіздігі шаралары туралы ақпарат болуы керек.

492. Тез тұтанатын сұйықтықтар өндірілетін, қолданылатын немесе сақталатын А, Б және В1В санатты Ф5 класының үй-жайларында едендерді жанбайтын материалдан орындау керек.

Үй-жайларда және эвакуациялау жолдарындағы аспалы төбелердің қаңқаларын жанбайтын материалдардан орындау қажет.

493. Функционалдық тағайындалымы, қабаттылығы және сыйымдылығы әр түрлі ғимараттардағы эвакуациялау жолдарында сәндік-өңдеу, қаптау материалдары мен еден төсеніштерін қолдану аймағы осы Техникалық регламенттің 19-қосымшасының 1 және 2-кестелерінде берілген.

494. Ұйықтайтын және палаталық үй-жайларда, сондай-ақ Ф1.1 қосалқы класының балаларға мектепке дейінгі жалпы білім беретін мекемелерінің ғимараттарының үй-жайларында КМ2 қарағанда, өрт қауіптілігі барынша жоғары болатын сәндік-өңдеу, қаптау материалдары мен еден төсеніштерін қолдануға тыйым салынады.

495. Балалардың мектепке дейінгі білім беретін мекемелерінде музыка және дене тәрбиесі сабақтары өтетін залдарының қабырғалары мен төбелерін өңдеу КМО класының материалынан орындалуға тиіс.

496. Физиотерапевтік процедураларға арналған үй-жайларда КМ2 класына қарағанда, өрт қауіптілігі барынша жоғары болатын материалдарды қабырғаларды, төбелерді өңдеу және аспалы төбелерді толтыру үшін және КМ3 класына қарағанда, өрт қауіптілігі барынша жоғары болатын материалдарды еденге төсеу үшін қолдануға тыйым салынады.

Диагностикаға арналған үй-жайларда КМ3 класына қарағанда, өрт қауіптілігі барынша жоғары болатын материалдарды қабырғаларды, төбелерді өңдеу және аспалы төбелерді толтыру үшін және КМ3 класына қарағанда, өрт қауіптілігі барынша жоғары болатын материалдарды еденге төсеу үшін қолдануға тыйым салынады.

Операция және жан сақтау үй-жайларында КМ2 класына қарағанда, өрт қауіптілігі барынша жоғары болатын материалдарды қабырғаларды, төбелерді өңдеу және аспалы төбелерді толтыру үшін және КМ3 класына қарағанда, өрт қауіптілігі барынша жоғары болатын материалдарды еденге төсеу үшін қолдануға тыйым салынады.

497. Класс тармағы Ф1.2 ғимараттардың тұрғындық үй-жайларында КМ4 класына қарағанда, өрт қауіптілігі барынша жоғары болатын материалдарды қабырғаларды, төбелерді өңдеу және аспалы төбелерді толтыру үшін және КМ4 класына қарағанда, өрт қауіптілігі барынша жоғары болатын материалдарды еденге төсеу үшін қолдануға тыйым салынады.

498. Класс тармағы Ф2.1 ғимараттардың гардеробтық үй-жайларында КМ1 класына қарағанда, өрт қауіптілігі барынша жоғары болатын материалдарды қабырғаларды, төбелерді өңдеу және аспалы төбелерді толтыру үшін және КМ2 класына қарағанда, өрт қауіптілігі барынша жоғары болатын материалдарды еденге төсеу үшін қолдануға тыйым салынады.

499. Оқу залдарында КМ2 класына қарағанда, өрт қауіптілігі барынша жоғары болатын материалдарды қабырғаларды, төбелерді өңдеу және аспалы төбелерді толтыру үшін және КМ3 класына қарағанда, өрт қауіптілігі барынша жоғары болатын материалдарды еденге төсеу үшін қолдануға тыйым салынады.

500. Кітаптар сақтайтын және мұрағаттық үй-жайларда, сондай-ақ қызметтік каталогтар мен тізімдемелер болатын үй-жайларда қабырғалар мен төбелерді КМО класының материалдарымен өңдеуді қарастыру керек.

501. Класс тармағы Ф2.2 ғимарат үй-жайларының көрсету залдарында КМ2 класына қарағанда, өрт қауіптілігі барынша жоғары болатын материалдарды қабырғаларды, төбелерді өңдеу және аспалы төбелерді толтыру үшін және КМ3 класына қарағанда, өрт қауіптілігі барынша жоғары болатын материалдарды еденге төсеу үшін қолдануға тыйым салынады.

502. Би залдарында КМ2 қарағанда, өрт қауіптілігі барынша жоғары болатын материалдарды қабырғаларды, төбелерді өңдеу және аспалы төбелерді толтыру үшін және еденге төсеу үшін, КМ2 класына қарағанда, өрт қауіптілігі барынша жоғары болатын материалдарды қолдануға тыйым салынады.

503. Класс тармағы Ф3.1 ғимараттардың сауда залдарында КМ2 класына қарағанда, өрт қауіптілігі барынша жоғары болатын материалдарды қабырғаларды, төбелерді өңдеу және аспалы төбелерді толтыру үшін және КМ3 класына қарағанда, өрт қауіптілігі барынша жоғары болатын материалдарды еденге төсеу үшін қолдануға тыйым салынады.

504. Класс тармағы Ф3.3 ғимараттардың күту залдарында қабырғаларды, төбелерді өңдеу және аспалы төбелерді толтыру үшін, КМ0 класының материалдарынан орындалуы керек.

505. Класс тармағы Ф3.4 ғимараттардың процедуралық кабинеттері мен диагностикаға арналған үй-жайларында КМ2 класына қарағанда, өрт қауіптілігі барынша жоғары болатын материалдарды қабырғаларды, төбелерді өңдеу және аспалы төбелерді толтыру үшін және КМ3 класына қарағанда, өрт қауіптілігі барынша жоғары болатын материалдарды еденге төсеу үшін қолдануға тыйым салынады.

3.6.3. Оттан қорғау құралдарына қойылатын өрт қауіпсіздігі талаптары

506. Технологиялық жабдықты құрастырылымның отқа төзімділік шектерінің артуынан қорғау, жанғыш беттер бойынша жалынның таралуын шектеу үшін, ойықтарды, электр сымдарын қорғау үшін, мынадай оттан қорғау құралдары қолданылуға тиіс: сылақ, қаптау, майлау, лактар, кепкен бояулар.

Оттан қорғау құралдарын тандай мынадай есеппен жүргізілуі керек:

- 1) құрастырылымның, жабдықтың немесе коммуникациялардың типі, орналасуы, отқа төзімділігіне немесе өрт қауіптілігіне қойылатын талаптар;
- 2) жабынды төсеу, пайдалану және ауыстыру технологиясының қажетті мерзімі;
- 3) қолданылатын жағдайлардағы жабынның пайдалану сипаттамалары (механикалық әсер, діріл мүмкіндігі);
- 4) температуралық-ылғалдылық режимі, агрессивті орта әсері;
- 5) жабын есебінен құрастырылымға түсетін жүктеменің артуы;
- 6) эстетикалық талаптар;
- 7) техника-экономикалық негіздеме.

507. Оттан қорғау құралдарына арналған техникалық құжаттамада олардың қолданылу саласын, өрт қауіптілігін, бетті дайындау тәсілін, топырақтың түрлері мен маркалары, қорғалатын бетке төсеу тәсілі, кептіру шарттары, осы құралдардың оттан қорғау тиімділігі, қолайсыз климаттық әсерлерден қорғау тәсілі, оттан қорғау жабындарын пайдалану шарттары мен мерзімі, сондай-ақ оттан қорғау жұмыстарын жүргізген кездегі қауіпсіздік шараларын сипаттайтын техникалық көрсеткіштері туралы ақпарат болуға тиіс.

508. Оттан қорғау құралдарын оттан қорғау қабатына сәндік түр берілуін немесе оның қолайсыз климаттық әсерге орнықтылығын қамтамасыз ететін қосымша жабындары болатын материалдардан қолдануға рұқсат етіледі. Бұндай жағдайда, оттан қорғау тиімділігі осы қабат ескеріліп көрсетілуі керек.

509. Оттан қорғау құралдарын қолдану саласы және оттан қорғау тиімділігін бағалау әдістері Қазақстан Республикасы аумағында қолдануға рұқсат етілген

мемлекеттік, мемлекетаралық және халықаралық стандарттар және белгіленген тәртіппен бекітілген, өрт қауіпсіздігі саласындағы нормативтік құжаттар талаптарына сәйкес анықталуға тиіс.

3.7. Ғимараттар, құрылымдар мен құрылыстардың құрылыс құрастырылымдарына және инженерлік жабдығына қойылатын өрт қауіпсіздігі талаптары

3.7.1. Құрылыс құрастырылымдарына қойылатын өрт қауіпсіздігі талаптары

510. Ғимарат, құрылым және құрылыстардың құрылыс элементтерінің құрастырылымдық орындалуы ғимарат, құрылым немесе құрылыс бойынша жалынның жабық түрде таралу себебі болмауға тиіс.

Құрылыс құрастырылымдарының өзара бекітілген және біріктірілген тораптарының отқа төзімділік шегі түйісетін құрылыс элементтерінің қажетті отқа төзімді минималды шегінен кем болмауға тиіс.

511. Функционалдық қауіптілігі Ф2 класының ғимараттары, имараттары мен құрылыстары ғимараттарының үй-жайларында еден еңістігі пайда болатын құрастырылымдық элементтер осы ғимараттардың, құрылымдар мен құрылыстардың қабаттарының арасындағы аражабындарға қойылатын талаптарға сәйкес болуға тиіс.

512. Қоршайтын құрылыс құрастырылымдарының кабельдермен, құбыр желілерімен және басқа технологиялық жабдықпен қиысатын тораптарының осы құрастырылымдар үшін белгіленген қажетті шектерден төмен болмайтын отқа төзімділік шектері болуы керек.

513. Оттан қорғау құралдарын олардың жағдайын кезеңдік тексеру, ауыстыру немесе қалпына келтіру мүмкіндігін болдырмайтын жерлерде қолдануға тыйым салынады.

514. Аражабындар мен жабындардың отқа төзімділік шектерін арттыру үшін қолданылатын құрастырылымдық элементтердің отқа төзімділік шегі және өрт қауіптілік класы осы аражабындар мен жабындардың отқа төзімділік шегіне және өрт қауіптілік класына қойылатын талаптарға сәйкес болуы керек.

515. Оттың құрылыс құрастырылымдары бойынша таралу шегі Қазақстан Республикасы аумағында қолдануға рұқсат етілген құрылыс нормалары мен ережелерінің талаптарына сәйкес болатын әдістеме бойынша есептеумен анықталуға тиіс.

516. Аспалы төбелері болатын үй-жайлардағы өртке қарсы аралық қабырғалар олардың үстіндегі кеңістікті бөліп тұруға тиіс.

Аспалы төбелер үстіндегі кеңістікте жанғыш газдарды, ауаға шаң бөлетін қоспаларды, сұйық және қатты материалдарды тасымалдауға арналған арналар мен құбыр желілерін орналастыруға тыйым салынады.

517. Аспалы төбелерді жарылыс-өрт және өрт қауіптілігі бойынша А және Б санатындағы үй-жайларда қарастыруға тыйым салынады.

3.7.2. Жабдыққа, желдету, ауа баптау, түтінге қарсы қорғау жүйелеріне және олардың құрастырылымдарына қойылатын өрт қауіпсіздігі талаптары

518. Әр түрлі қолданыстағы желдету жүйелерінің түтінге қарсы желдету жүйелерінің және транзиттік арналарының (оның ішінде ауа арналар, жинағыштар, шахталар) ауа арналары мен арналарының құрастырылымдары отқа төзімді болуға және жанбайтын материалдардан орындалуға тиіс.

519. Қоршайтын құрылыс материалдарының желдету жүйелерінің отқа төзімді арналарымен және тіреулер құрастырылымдарымен (аспалар) қиысатын тораптарының осы арналар үшін қажетті шектерден кем болмайтын отқа төзімділік шегі болуы керек. Отқа төзімі ауаарналар құрастырылымының ажырайтын жалғануларын (оның ішінде ернемектік) тығыздау үшін, жанбайтын материалдарды ғана қолдануға рұқсат етіледі.

520. Өртке қарсы қалыпты ашылатын клапандар автоматты және қашықтан басқарылатын жетектермен жабдықталуға тиіс. Жылу сезгіш элементтерді осындай жетектер құрамында пайдалануды қайталанатындар ретінде ғана қарастыру керек.

Өртке қарсы қалыпты жабылатын және түтіндік клапандар үшін, жылу сезгіш элементтері болатын жетектерді қолдануға тыйым салынады.

Әр түрлі типтегі өртке қарсы және түтіндік клапандардың құрастырылымдарының бір-біріне жанасу тығыздығы түтін-газ өткізуге минималды қажетті қарсылығын қамтамасыз етуге тиіс.

521. Тартымды табиғи түрде қозғалтатын сору желдетуінің түтіндік люктерін механикалық жүктемеге (оның ішінде қар және жел) шыдау үшін қажетті тарту күштерін қамтамасыз ететін жетектермен (жылу элементтерін қайталау мүмкіндігімен) автоматты және қашықтан басқаруды қолдану керек.

522. Ғимараттың, имарат және құрылыстың түтінге қарсы қорғау жүйелерінің сору желдеткіштері адамдарды эвакуациялау (эвакуациялау жолдарында адамдарды қорғау кезінде) үшін қажетті уақыт ішінде немесе өрттің белең алатын және сөндіретін (өрт қауіпсіз аймақтарда адамдарды қорғау кезінде) барлық уақыт көлемінде жоғары температуралы жану өнімдерін тарату кезінде жұмыс қабілеттілігін сақтауға тиіс.

523. Өртке қарсы түтін-газ өткізбейтін есіктер олардың қажетті отқа төзімділік шегі кезінде қажетті түтін-газ өткізуге қарсылық мәндерін қамтамасыз ететін бір-біріне жанасу орындарында тығыздау тораптарымен жабдықталуы керек.

524. Түтінге қарсы қалқалар (перделер, шымылдықтар) автоматты және қашықтан басқарылатын жетектермен (жылу элементтерінсіз) жабдықталуға және үй-жайда өрт болған кезде пайда болатын түтін қабатының қалыңдығынан кем болмайтын шығарылымның жұмыстық ұзындығымен жанбайтын материалдардан орындалуға тиіс.

525. Желдету, ауа баптау және түтінге қарсы қорғау (оның ішінде отқа төзімділік және түтін-газ өткізуге қарсылық шектері) жүйелері параметрлерінің нақты мәндері сынау нәтижелері бойынша белгіленуі керек.

Сынауды өткізу әдістері Қазақстан Республикасы аумағында қолдануға рұқсат етілген мемлекеттік, мемлекетаралық, халықаралық стандарттар талаптарына сәйкес болуға тиіс.

3.7.3. Қоқыс жинайтын жүйелер жабдығына және олардың құрастырылымдарына қойылатын өрт қауіпсіздігі талаптары

526. Қоқыс жинайтын жүйе ұңғымалары жанбайтын материалдардан дайындалып, отқа төзімділіктің және түтін-газ өткізуге қарсылықтың қажетті шектерін қамтамасыз етуге тиіс.

Қоқыс жинайтын жүйе ұңғымалары құрастырылымының құрамында өрт кезінде жарылыс тәрізді қирауға бейім материалдарды қолдануға тыйым салынады.

527. Қоқыс жинау ұңғымаларының жүктеу клапандары жанбайтын материалдардан орындалуға және түтін-газ өткізуге қарсылықтың қажетті мәндерін қамтамасыз етуге тиіс.

528. Қоқыс жинау ұңғымаларының қоқыс жинайтын камераларында орнатылған сұқпажапқыштар өрт кезінде өздігінен жабылатын жетектермен жабдықталуы керек. Сұқпажапқыштардың қажетті отқа төзімділік шектері қоқыс жинау ұңғымалары үшін белгіленген шектерден кем болмауға тиіс.

529. Қоқыс жинау жүйелерінің құрастырылымы және жабдығы Қазақстан Республикасы аумағында қолдануға рұқсат етілген мемлекеттік, мемлекетаралық және халықаралық стандарттар, құрылыс нормалары мен ережелерінің және белгіленген тәртіппен бекітілген, өрт қауіпсіздігі саласындағы нормативтік құжаттар талаптарына сәйкес болуға тиіс.

3.7.4. Лифтілерге қойылатын өрт қауіпсіздігі талаптары

530. Құрастырылымның отқа төзімділік шектері және өңдеу үшін қолданылатын материалдар, сондай-ақ лифтілерді басқару, сигнал беру, байланыс және энергиямен жабдықтау жүйелері осы Техникалық регламенттің, "Лифтілердің қауіпсіздігіне қойылатын талаптар" атты Техникалық регламенттің, Қазақстан Республикасы аумағында қолдануға рұқсат етілген мемлекеттік, мемлекетаралық, халықаралық стандарттардың, құрылыс нормалары мен ережелерінің және белгіленген тәртіппен бекітілген, өрт қауіпсіздігі саласындағы нормативтік құжаттар талаптарына сәйкес болуы керек.

531. Қозғалу жылдамдығы 1 м/с және одан артық, автоматты есіктері болатын жолаушылар лифтілерінің ғимараттың автоматты өрт белгісін беру жүйелерінен келіп түсетін сигнал бойынша қосылатын, өрт қаупін білдіретін және жүктемеге және кабинаның қозғалу бағытына қарамастан, оның негізгі төмен түсу алаңына қайтып келуін, кабина және шахта есіктерінің ашылуын және ашық күйінде сақталуын қамтамасыз ететін жұмыс режимі болуға тиіс.

532. Өрт сөндіру бөлімшелерін тасымалдауға арналған лифтілер (бұдан әрі - өрт сөндіру лифтілері) әр түрлі қолданыстағы ғимараттар мен құрылымдарды инженерлік жабдықтау кешенінің құрамдас бөлігі, сондай-ақ өрт сөндіру бөлімшелерінің адамдарды құтқару, табу және өртті сөндіру бойынша жұмыстарды орындау үшін, әр түрлі қолданыстағы ғимарат (имарат) қабаттарына орын ауыстыруын қамтамасыз ететін өрт-техникалық құралдарының бір түрі болып табылуға тиіс.

533. Өрт сөндіру лифтілерінің 1 т кем болмайтын жүк көтерімділігі және 16 қабаттан артық биіктігі болатын ғимараттарда жедел көтеру мүмкіндігі болуға тиіс.

534. Өрт сөндіру лифтілері:

- 1) биіктігі 16 қабаттан артық ғимараттардың өрт сөндіру бөлігінде екеуден;
- 2) биіктігі 10 қабаттан бастап 16 қабатқа дейінгі ғимараттың өрт сөндіру бөлігінде және екі және одан артық қабаттарда көп қабатты жерасты кеңістігінде біреуден кем болмай қарастырылуға тиіс.

535. Өрт сөндіру лифтілері үшін, негізгі төмен түсіру қабаты ретінде ғимаратқа негізгі кіретін жердегі қабат қабылдануы керек.

Биіктігі 16 қабаттан артық ғимараттарда басқа қолданыстағы лифтілер тобының құрамын өрт сөндіру лифтілерін орналастыруға тыйым салынады.

536. Өрт сөндіру лифтілерінің кабиналары жанбайтын материалдардан орындалған және негізгі төмен түсіру қабатымен екі жақты байланыспен жабдықталған болуы қажет.

Негізгі төмен түсіру қабатындағы дауыс зорайтқыштар немесе телефондар өрт сөндіру лифтілеріне кіретін жерлерге жақын және өртке қарсы қорғау құралдарын орталық басқару пунктінде орнатылуға тиіс.

537. Өрт сөндіру лифтілерін басқару жүйесі лифтілер жұмысын қалыпты пайдалану режимінде, сондай-ақ "өрт қауіпі" режимінде қамтамасыз етуге тиіс. Өрт сөндіру лифтілерінің кабиналарын негізгі төмен түсіру қабатына "өрт қауіпі" режимінде орын ауыстырған кезде, лифтілерді одан әрі басқару кабиналарға қатыссыз іске асырылуы керек.

Лифтілерді кабиналардан автоматты басқару ықтимал тоқтаулардың кез келген санын қарастыруға тиіс.

Өрт сөндіру лифтілерінің кабинасы есіктерінің жарықпен бақылау құрылғылары болмауға тиіс.

538. Биіктігі 16 қабаттан артық ғимараттарда өрт сөндіру лифтілерін басқару жүйелерінің 1 санаттағы электрлік қабылдағыштары болуы керек.

Электрлік қабылдағыштарды қоректендіру тәуелсіз екі трансформаторлардан және дизель-өндіргіш ретінде резервтік көзден іске асырылуға тиіс.

539. Өрт сөндіру лифтілері шахталарының түтінге қарсы сорып желдету жүйелері жер үстінде орналастырылған автономды желдеткіштердің негізгі төмен түсіру қабаты деңгейінен сыртқы ауа берумен әрекет етуге тиіс.

540. Өрт сөндіру лифтілерін ғимараттың жер үстіндегі және жер астындағы бөліктеріне бірге қызмет көрсету үшін, ғимараттың барлық биіктігінде қолдануға рұқсат етіледі.

Жер үсті бөлігінің әрбір қабатындағы өрт сөндіру лифтілері шахталарының есіктері отқа төзімділік шегі 1 сағаттан кем болмайтын өртке қарсы болуға және жабылғанда тығыздаулармен жабдықталуы керек.

Әрбір жерасты қабатындағы өрт сөндіру лифтілеріне кіретін жерлер өрт сөндіру лифтісінің кабинасындағы "өрт қауіпі" режимі кезінде қашықтан басқару болатын түтінге қарсы сорып желдетудің автономды жүйесі қызмет көрсететін тамбур-шлюздар арқылы қарастырылуы керек.

541. Әдетте, өрт сөндіру лифтілерін жолаушылар лифтілерімен қатар пайдалануға рұқсат етіледі.

3.8. Электртехникалық өнімге және электр жабдыққа қойылатын өрт қауіпсіздігі талаптары

3.8.1. Электртехникалық өнімге қойылатын өрт қауіпсіздігі талаптары

542. Электр техникалық өнім Қазақстан Республикасы аумағында қолдану үшін рұқсат етілген осы Техникалық регламенттің, мемлекеттік, мемлекетаралық, халықаралық стандарттардың және белгіленген тәртіппен бекітілген өрт қауіпсіздігі саласындағы нормативтік құжаттар талаптарына сәйкес болуға тиіс.

543. Электр техникалық өнімді шығарушы осы өнімді қауіпсіз қолдану үшін қажетті ақпарат болатын техникалық құжаттаманы әзірлеуге міндетті.

Электр техникалық өнімге арналған техникалық құжаттамада (оның ішінде паспорттар, техникалық шарттар) оның өрт қауіпі туралы ақпарат болуы керек.

Электр техникалық өнімге арналған өрт қауіпсіздігі талаптары олардың құрастырылымдық ерекшеліктеріне және қолданылу саласына байланысты белгіленеді.

544. Электр техникалық өнім жану көзі болмауға тиіс және жанудың оның шегінде таралуын болдырмауы керек.

545. Электр техникалық өнімде оның жұмысы кезінде қалыпты және апатты режимдерде рұқсат етілген температуралардың артуы және жану көздерінің пайда болуы болмауға тиіс.

546. Электр техникалық өнімде пайдаланылатын құрастырылым элементтері мыналардың әсеріне төзімді болуы керек:

- 1) жалынның;
- 2) әбден қыздырылған элементтердің;
- 3) электрлік доғаның;
- 4) құрастырылым элементтері сияқты, түйіспелік қосуларда қыздыруда;
- 5) ток өткізгіш серіппелерде (трекингке төзімділігі).

547. Электр техникалық өнім апатты жұмыс режимдері кезінде (қысқа тұйықталу, артық жүктеу) жанудың туындауына және таралуына төзімді болуға тиіс.

548. Өрт жағдайында жұмыс қабілеттілігін сақтауға тиіс электр техникалық өнім отқа қажетінше төзімді болуы керек.

549. Электр техникалық өнім қаптамасын жанудың қаптама шегінен тыс таралуынан қорғау деңгейі өнімнің қолданылу саласымен анықталуға тиіс.

550. Қорғау аппараттары апатты жұмыс режимдерінің жанудың пайда болуына дейінгі пайда болуы кезінде электрлік тізбек учаскесін электр энергиясының көзінен ажыратуы керек.

3.8.2. Электр жабдыққа қойылатын өрт қауіпсіздігі талаптары

551. Электр жабдық жанудың пайда болуына және таралуына төзімді болуға және "Қазақстан Республикасының электр қондырғыларын орнату ережесі" талаптарына сәйкес болуға тиіс.

552. Электр жабдықта өрт туындау ықтималдығы жылына 10^{-6} аспауы керек.

Электрлік бұйымдардан өрт туындау ықтималдығын анықтау әдісі Қазақстан Республикасы аумағында қолдану үшін рұқсат етілген мемлекеттік, мемлекетаралық, халықаралық стандарттар және белгіленген тәртіппен бекітілген өрт қауіпсіздігі саласындағы нормативтік құжаттар талаптарына сәйкес болуы қажет.

4. Сәйкестік презумпциясы

553. Тіршілік әрекетінің объектілері мен өнімі (процестері) Қазақстан Республикасы аумағында қолданылу үшін рұқсат етілген осы Техникалық регламенттің, басқа Техникалық регламенттердің, мемлекеттік, мемлекетаралық, халықаралық стандарттардың және белгіленген тәртіппен бекітілген өрт қауіпсіздігі саласындағы нормативтік құжаттар талаптарына сәйкес болуға тиіс.

554. Өрт қауіпсіздігі талаптарын белгілейтін техникалық реттеу саласында қолданылатын немесе әзірленетін нормативтік құжаттар туралы ақпарат өнімнің сәйкестігін растау процедураларында техникалық реттеу жөніндегі өкілетті органның ресми басылымында және хабарлама түрінде жалпы қолданыстағы ақпараттық жүйеде орналастырылуға тиіс.

555. Мемлекеттік, мемлекетаралық, халықаралық стандарттардың талаптарына сәйкес дайындалған өнім осы Техникалық регламенттің талаптарына сәйкес болып саналады.

556. Өнімді олар осы Техникалық регламентке сәйкес болған жағдайда, стандарттау жөніндегі өзге нормативтік құжаттар бойынша дайындауға рұқсат етіледі.

5. Сәйкестікті растау

557. Тіршілік әрекетінің өнімінің (процестер) өрт қауіпсіздігі талаптарына сәйкестігін растау, Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген ерікті немесе міндетті тәртіппен іске асырылуы керек.

558. Тіршілік әрекетінің өнімінің (процестер) осы Техникалық регламент талаптары таралатын өрт қауіпсіздігі талаптарына сәйкестігін ерікті түрде растау өтініш берушінің бастамасы және талабы бойынша жүргізіледі.

559. Тіршілік әрекетінің өнімінің (процестер) сәйкестігін міндетті түрде растау Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 20 сәуірдегі N 367 "Қазақстан Республикасында өнімнің сәйкестігін міндетті түрде растау туралы" қаулысына сәйкес жүргізіледі және мынадай формаларда іске асырылады:

- 1) міндетті сертификаттауды жүргізу;
- 2) жеткізушінің (дайындаушы, сатушы) өнімнің сәйкестігі туралы декларация қабылдауы.

560. Өрт қауіпсіздігі талаптарына сәйкестігін міндетті растауға өрт қауіпті өнім, объектілерді өрт қауіпсіздігімен қамтамасыз ету жүйелері мен құралдары, сондай-ақ өрт сөндіру техникасы жатады.

561. Сәйкестікті растау жөніндегі органдар, олардың қызметтері, құқықтары мен міндеттері "Техникалық реттеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес анықталады.

562. Тіршілік әрекеті өнімінің (процестер) осы Техникалық регламент талаптарына сәйкестігін растау Қазақстан Республикасының техникалық реттеу саласындағы заңында белгіленген сұлбалар бойынша өткізіледі.

563. Объектінің өрт қауіпсіздігі талаптарына сәйкестігін бағалау мынадай формада жүргізіледі:

- 1) өртті мемлекеттік бақылау;
- 2) объектіні, сондай-ақ өрт қауіпсіздігі жүйелерін қабылдау және пайдалануға енгізу;
- 3) өнеркәсіптік объектінің қауіпсіздігін ресми мәлімдеу;
- 4) өрт қаупін тәуелсіз бағалау.

564. Объектінің белгіленген өрт қауіпсіздігі талаптарына сәйкестігін өрт қаупін тәуелсіз бағалау жолымен бағалау тәртібі Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерінде белгіленеді.

6. Үйлестірілген стандарттар тізбесі

565. Үйлестірілген стандарттар және нормативтік құжаттар тізбесі осы Техникалық регламенттің 20-қосымшасында берілген.

7. Ауыспалы қорытындылар

566. Қазақстан Республикасы аумағында өрт қауіпсіздігі саласында нормативтік-құқықтық актілер мен құжаттардың, осы Техникалық регламент талаптарына сәйкес келетін ережелер әрекеті сақталады.

567. Осы Техникалық регламентті қолданысқа енгізумен бірге, объектілерге, өнімге, өндіріс процестеріне, өнімді пайдалануға, сақтауға, тасымалдауға, сатуға және пайдаға асыруға қойылатын өрт қауіпсіздігі талаптарын белгілейтін өрт қауіпсіздігі саласындағы нормативтік-құқықтық актілер мен құжаттардың осы Техникалық регламент талаптарын қайталайтын немесе сәйкес келмейтін ережелері түзетілуге немесе белгіленген тәртіппен жойылуға тиіс.

568. Түзетілуге немесе жойылуға тиіс нормативтік-құқықтық актілер тізбесін, сондай-ақ осы жұмыстарды өткізу мерзімдерін өрт қауіпсіздігі саласындағы өкілетті орган анықтайды.

569. Осы Техникалық регламент бірінші ресми жарияланған күнінен бастап алты ай өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Өрт қауіпсіздігі саласында жіктеу

1. Өрттерді және оның қауіпті факторларын жіктеу

1. Өрттерді жанғыш материал түрі бойынша жіктеу өрт сөндіру құралдарын қолдану саласын белгілеу үшін қолданылады.

Өрттерді сөндіру қиындығына қарай оларды жіктеу өртке қарсы қызмет бөлімшелерінің және өрттерді сөндіруге тартылған басқа қызметтердің күштері мен құралдарының қажетті санын анықтау кезінде пайдаланылады.

Өрттің қауіпті факторларын жіктеу өрт кезінде адамдар мен мүлікті қорғау үшін өрт қауіпсіздігінің қажетті шараларын негіздеу кезінде пайдаланылады.

2. Жанғыш материалының түрі бойынша өрттер мынадай кластарға бөлінеді:

- 1) А - қатты жанғыш заттар мен материалдардың өрттері;
- 2) В - жанғыш сұйықтықтардың немесе балқитын қатты заттар мен материалдардың өрттері;
- 3) С - газдардың өрттері;
- 4) D - металдардың өрттері;

5) Е - кернеуде тұрған электр қондырғыларының жанғыш заттары мен материалдарының өрттері.

3. Адамдарға және материалдық құндылықтарға әсер ететін өрттің қауіпті факторларына мыналар жатады:

- 1) жалын мен ұшқындар;
- 2) жылу ағыны;
- 3) қоршаған ортаның жоғарғы температурасы;
- 4) жанатын және термикалық бөлшектенетін уытты элементтердің жоғарғы концентрациясы;
- 5) оттегінің төменгі концентрациясы;

б) көшіру жолдарындағы түтіннің жоғарғы концентрациясы. Өрттің қауіпті факторларының құрылыс құрастырылымдарына, технологиялық жабдыққа және өрт сөндіру жөніндегі әрекеттерге әсер ететін, адамдардың өмірі мен денсаулығына, материалдық құндылықтарға зиян келтіретін екінші зардаптарына мыналар жатады:

- 1) бүлінген аппараттардың, агрегаттардың, қондырғылардың, құрастырылымдардың сынықтары, бөліктері;
- 2) бүлінген аппараттар мен қондырғылардан шыққан радиоактивті және уытты заттар мен материалдар;
- 3) құрастырылымның, аппараттардың, агрегаттардың ток өткізетін

- бөліктеріне жоғарғы кернеуді шығару;
- 4) өрт салдарынан болған жарылыстың қауіпті факторлары;
 - 5) өрт сөндіретін заттардың әсері және өрттерді сөндіру жөніндегі өртке қарсы қызмет бөлімшелерінің әрекеттері.

2. Өрт-жарылыс қаупі мен өрт қаупі бойынша заттар мен материалдарды жіктеу

5. Өрт-жарылыс қаупі мен өрт қаупі бойынша заттар мен материалдарды жіктеу өрт қауіпсіздігі талаптарының мазмұны мен атау тізімін оларды алу, қолдану, сақтау, тасымалдау, қайта өңдеу және кәдеге жарату кезінде белгілеу үшін қолданылады.

6. Өрт қауіпсіздігі бойынша құрылыс материалдарын жіктеу ғимараттарды (құрылымдарды) құрастырылымдық орындауға және олардың өртке қарсы қорғау жүйесіне қойылатын талаптардың атау тізімі мен мазмұнын белгілеу үшін пайдаланылады.

7. Заттар мен материалдардың өрт қауіпті заттар мен материалдардың агрегаттық жай-күйінің әрбір класы үшін белгіленген өрт қауіпсіздігі көрсеткіштерімен сипатталады.

8. Заттар мен материалдардың агрегаттық жай-күйіне байланысты олардың өрт-жарылыс қаупі мен өрт қаупі көрсеткіштерінің тізбесі осы Техникалық регламенттің 2-қосымшасының 1-кестесінде берілген.

9. Заттар мен материалдардың өрт қаупі көрсеткіштері оларды қолдану жөніндегі талаптарды нормалау үшін, өрттің қауіпті факторларының өсу динамикасын болжау үшін және заттар мен материалдарды өрт қауіпсіздігі бойынша салыстыру үшін пайдаланылуға тиіс.

10. Заттар мен материалдардың өрт қауіпсіздігі көрсеткіштерінің нақты мәні мен оларды анықтау әдістері осы Техникалық регламенттің, Қазақстан Республикасы аумағында қолдануға рұқсат етілген мемлекеттік, мемлекетаралық, халықаралық стандарттардың және өрт қауіпсіздігі саласындағы нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес анықталады.

11. Өрт қауіпсіздігі бойынша заттар мен материалдарды жіктеу (құрылыс, тоқыма және былғары материалдарынан басқа) олардың қасиеттеріне және өрт пен жарылыстың қауіпті факторларының пайда болуына қабілеттілігіне негізделеді.

Заттар мен материалдар жанғыштығы бойынша мынадай топтарға бөлінеді:

- 1) жанбайтын - ауада жануға қабілетсіз заттар мен материалдар. Жанбайтын заттар өрт-жарылыс қауіпті болуы мүмкін (мысалы, сумен, ауа оттегісімен

немесе бір-бірімен өзара әрекеттескен жағдайда, жанғыш өнімдер бөлетін қышқылдар немесе заттар);

2) қиын жанатын - жану көзі әсер еткен кезде ауада жануға қабілетті, бірақ оны жойғаннан кейін өздігінен жануға қабілетсіз заттар мен материалдар;

3) жанғыштар - өздігінен жануға, сондай-ақ тұтану көзі әсерінен жануға және оны жойғаннан кейін өздігінен жануға қабілетті заттар мен материалдар.

12. Сұйықтықтың жанғыштығы бойынша жанғыш сұйықтықтарға (ЖС) және жанбайтын сұйықтықтарға (ЖБС) бөлінеді.

Жанғыш сұйықтықтардың класында тез жанатын сұйықтықтар (ТЖС) жеке топқа бөлінеді.

13. Газдың жанғыштығы бойынша жанғыш газдар (жарылыс қауіпті) және жанбайтын газдар болып бөлінеді.

14. Шаңның жанғыштығы бойынша жанғыш (жарылыс қауіпті және өрт қауіпті) және жанбайтын шаңдар болып бөлінеді.

15. Заттар мен материалдарды жанғыштығына сынау әдістері Қазақстан Республикасы аумағында қолдануға рұқсат етілген мемлекеттік, мемлекетаралық, халықаралық стандарттардың және өрт қауіпсіздігі саласындағы нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес белгіленеді.

16. Құрылыс, тоқыма және былғары материалдарын өрт қауіпі бойынша жіктеу олардың қасиеттеріне және өрттің қауіпті факторларының пайда болуына қабілеттілігіне негізделеді.

Құрылыс материалдарының өрт қауіптілігі мынадай сипаттамалармен сипатталады:

- 1) жанғыштық;
- 2) тұтану;
- 3) үстіңгі беті бойымен жалынның таралуы;
- 4) түтін түзу қабілеті;
- 5) жанатын өнімдердің уыттылығы.

17. Құрылыс материалдары жанғыш (Ж) және жанбайтын (ЖБ) болып бөлінеді.

18. Жанғыш құрылыс материалдары мынадай топтарға бөлінеді:

1) Ж1 (әлсіз жанатын) - түтінді газдарының температурасы 135°C артық емес, сыналатын үлгінің ұзындығы бойынша бүліну дәрежесі 65 % артық емес, сыналатын үлгі салмағы бойынша зақымдалу дәрежесі 20% артық емес, өздігінен жану ұзақтығы 0 с артық емес құрылыс материалдары;

2) Ж2 (орташа жанатын) - түтінді газдарының температурасы 235°C артық емес, сыналатын үлгінің ұзындығы бойынша бүліну дәрежесі 85 % артық емес,

сыналатын үлгі салмағы бойынша зақымдалу дәрежесі 50% артық емес, өздігінен жану ұзақтығы 30 с артық емес құрылыс материалдары;

3) ЖЗ (қалыпты жанатын) - түтінді газдарының температурасы 450°C артық емес, сыналатын үлгінің ұзындығы бойынша бүліну дәрежесі 85 % артық, сыналатын үлгі салмағы бойынша зақымдалу дәрежесі 50% артық емес, өздігінен жану ұзақтығы 300 с артық емес құрылыс материалдары;

4) Г4 (қатты жанатын) - түтінді газдарының температурасы 450°C артық, сыналатын үлгінің ұзындығы бойынша бүліну дәрежесі 85 % артық, сыналатын үлгі салмағы бойынша зақымдалу дәрежесі 50% артық, өздігінен жану ұзақтығы 300 с артық құрылыс материалдары.

19. Ж1 - Ж2 жанғыш топтарына жататын құрылыс материалдары үшін сынау кезінде балқыған заттың ыстық тамшыларының түзілуіне жол беріледі.

20. Құрылыс материалдары өрт қауіптілігімен ғана сипатталады.

Жанбайтын құрылыс материалдары үшін өрт қауіпсіздігінің басқа көрсеткіштері анықталмайды және нормаланбайды.

21. Жанғыштығы бойынша жанғыш құрылыс материалдары (соның ішінде едендік кілем жабындары) жылу ағыны тығыздығының сыни бетінің шамасына байланысты мынадай топтарға бөлінеді:

1) Т1 (қиын тұтанатын) - жылу ағыны тығыздығының сыни бетінің шамасы 35 кВт/м^2 артық емес жанғыш құрылыс материалдары;

2) Т2 (орташа тұтанатын) - жылу ағыны тығыздығының сыни бетінің шамасы 20 кВт/м^2 кем емес, бірақ 35 кВт/м^2 артық емес жанғыш құрылыс материалдары ;

3) Т3 (тез тұтанатын) - жылу ағыны тығыздығының сыни бетінің шамасы 20 кВт/м^2 кем емес жанғыш құрылыс материалдары.

22. Үстіңгі беті бойынша жалынның таралу жылдамдығы бойынша жанғыш құрылыс материалдары (соның ішінде едендік кілем жабындары) жылу ағыны тығыздығының сыни бетінің шамасына байланысты мынадай топтарға бөлінеді:

1) РП1 (тарамайтын) - жылу ағыны тығыздығының сыни бетінің шамасы 11 кВт/м^2 артық жанғыш құрылыс материалдары;

2) РП2 (әлсіз тарайтын) - жылу ағыны тығыздығының сыни бетінің шамасы 8 кВт/м^2 кем емес, бірақ 11 кВт/м^2 артық емес жанғыш құрылыс материалдары;

3) РП3 (орташа тарайтын) - жылу ағыны тығыздығының сыни бетінің шамасы 5 кВт/м^2 кем емес, бірақ 8 кВт/м^2 артық емес жанғыш құрылыс материалдары;

4) РП4 (қатты тарайтын) - жылу ағыны тығыздығының сыни бетінің шамасы 5 кВт/м^2 кем емес жанғыш құрылыс материалдары;

23. Түтін түзетін қабілеті бойынша жанғыш құрылыс материалдары түтін түзу коэффициенті мәндеріне байланысты мынадай топтарға бөлінеді:

1) Д1 (түтін түзетін қабілеті аз) - түтін түзу коэффициенті $50 \text{ м}^2/\text{кг}$ кем емес, бірақ $500 \text{ м}^2/\text{кг}$ артық емес жанғыш құрылыс материалдары;

2) Д2 (түтін түзетін қабілеті орташа) - түтін түзу коэффициенті $50 \text{ м}^2/\text{кг}$ кем емес, бірақ $500 \text{ м}^2/\text{кг}$ артық емес жанғыш құрылыс материалдары;

3) Д3 (түтін түзетін қабілеті жоғары) - түтін түзу коэффициенті $500 \text{ м}^2/\text{кг}$ кем емес, бірақ $500 \text{ м}^2/\text{кг}$ артық емес жанғыш құрылыс материалдары.

Жанатын өнімдердің уыттылығы бойынша жанғыш құрылыс материалдары мынадай топтарға бөлінеді:

1) Т1 (аз қауіпті);

2) Т2 (орташа қауіпті);

3) Т3 (жоғары қауіпті);

4) Т4 (төтенше қауіпті).

Жанатын өнімдердің уыттылық көрсеткішінің мәні бойынша жанғыш құрылыс материалдарын жіктеу осы Техникалық регламенттің 2-қосымшасының 2-кестесінде берілген.

24. Құрылыс материалдарының өрт қауіптілігі топтарына байланысты өрт қауіптілігі кластары осы Техникалық регламенттің 2-қосымшасының 3-кестесінде берілген.

25. Тұтануы бойынша тоқыма материалдары мен былғары материалдары тез тұтанатын және қиын тұтанатын материалдарға бөлінеді.

3. Технологиялық орталардың өрт қауіптілігін жіктеу және оның көрсеткіштері

26. Өрт-жарылыс қаупі мен өрт қаупі бойынша технологиялық орталарды жіктеу технологиялық процесті жүргізудің қауіпсіз параметрлерін белгілеу үшін қолданылады.

27. Технологиялық орталардың өрт қауіптілігі технологиялық процесте қолданылатын заттардың өрт қауіптілігі көрсеткіштерімен және технологиялық процесс параметрлерімен сипатталады.

28. Технологиялық орталардың құрамына кіретін заттардың өрт қауіптілігі көрсеткіштерін анықтау әдістері осы Техникалық регламенттің, Қазақстан Республикасы аумағында қолдану үшін рұқсат етілген мемлекеттік, мемлекетаралық, халықаралық стандарттардың және өрт қауіпсіздігі саласында нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес келуге тиіс.

29. Өрт-жарылыс қауіптілігі мен өрт қауіптілігі бойынша технологиялық орталар мынадай топтарға бөлінеді:

- 1) өрт қауіпсіз;
- 2) өрт қауіпті;
- 3) өрт-жарылыс қауіпті;
- 4) жарылыс қауіпті.

30. Технологиялық орталардың өрт-жарылыс қауіптілігі көрсетілген орталардың (технологиялық жүйеде қолданылатын шикізат заттары мен материалдарының, шала өнімдері мен өнімдерінің) физикалық-химиялық қасиеттері мен параметрлеріне байланысты өрттің және (немесе) жарылыстың туындау және (немесе) даму мүмкіндігімен анықталады.

31. Технологиялық орталарды өрт-жарылыс қауіптілігі бойынша топтарға жатқызу тәртібі осы Техникалық регламенттің, Қазақстан Республикасы аумағында қолдану үшін рұқсат етілген мемлекеттік, мемлекетаралық, халықаралық стандарттардың және өрт қауіпсіздігі саласында нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес анықталады.

4. Жарылыс қауіпті және өрт қауіпті аймақтарды жіктеу

32. Жарылыс қауіпті және өрт қауіпті аймақтарды жіктеу көрсетілген аймақта өрт-жарылыс қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз ететін параметрлері бар электр-техникалық және басқа жабдықты таңдау үшін қолданылады.

33. Аймақтарды өрт қауіпті немесе жарылыс қауіпті аймақтарға жатқызу тәртібі және осы аймақтардың класын анықтау "Қазақстан Республикасы электр қондырғыларын орнату ережелері" талаптарына сәйкес анықталады.

34. Өрт қауіпті аймақтар мынадай кластарға бөлінеді:

1) П-I - тұтану температурасы 61°C жоғары жанғыш сұйықтықтар қолданылатын үй-жайларға орналасқан аймақтар;

2) П-II - тұтанудың төменгі концентрациялы шегі ауа көлеміне 65г/м^3 артық жанғыш газдар немесе талшық бөлетін үй-жайлардағы аймақтар;

3) П-IIa - қатты жанғыш заттар қолданылатын үй-жайлардағы аймақтар;

4) П-III - тұтану температурасы 61°C жоғары жанғыш сұйықтықтар немесе қатты жанғыш заттар қолданылатын үй-жайларға орналасқан аймақтар.

35. Жарылыс қауіпті аймақтар мынадай кластарға бөлінеді:

1) В-I - қалыпты жұмыс режимдерінде ауамен қосылып жарылыс қауіпті қоспалар түзе алатын мөлшерде және қасиеттермен тез тұтанатын сұйықтықтардың жанғыш газдарын немесе буларын бөлетін үй-жайлардағы аймақтар;

2) В-Ia - қалыпты пайдалану кезінде ауамен қосылып тез тұтанатын сұйықтықтардың жанғыш газдарының (тұтанудың төменгі концентрациялы шегіне тәуелсіз) немесе буларының жарылыс қауіпті қоспалары түзілмейтін, апаттар немесе бұзылу нәтижесінде ғана пайда болуы мүмкін үй-жайлардағы аймақтар;

3) В-Iб - қалыпты пайдалану кезінде ауамен қосылып тез тұтанатын сұйықтықтардың жанғыш газдарының (тұтанудың төменгі концентрациялы шегіне тәуелсіз) немесе буларының жарылыс қауіпті қоспалары түзілмейтін, апаттар немесе бұзылу нәтижесінде ғана пайда болуы мүмкін және төмендегідей ерекшеліктерінің бірімен ерекшеленетін үй-жайлардағы аймақтар:

Осы аймақтардағы жанғыш газдардың тұтанудың өте төменгі концентрациялық шегімен (15% және одан артық) және шекті рұқсат етілетін концентрациялар кезінде кенет иісі болады;

Технологиялық процесс шарттары бойынша үй-жайдың бос көлемінің 5 % асатын көлемде жарылыс қауіпті қоспаның түзілуін болдырмайтын, газ тәрізді сутегіні қолдануға байланысты өндірістердің үй-жайларының үй-жайдың тек жоғарғы бөлігінде ғана жарылыс қауіпті аймақ болады;

4) В-Iг - сыртқы қондырғылардағы кеңістік: жанғыш газдар немесе тез тұтанатын сұйықтықтар (сыртқы аммиакты сығымдағыш қондырғылардан басқа) бар технологиялық қондырғылардың, тез тұтанатын сұйықтықтары немесе жанғыш газдары бар (газгольдерлер) жер бетіндегі және жер астындағы сұйыққоймалардың, тез тұтанатын сұйықтықтарды төгуге және құюға арналған эстакадалардың, ашық мұнай орларының, қалқымалы мұнай үлдірі бар тоған-тұндырғылардың.

Ескертпелер:

1. Жарылыс қауіпті аймақ еден деңгейінен, егер болса, кран жолынан жоғары емес деңгейден бастап үй-жайдың 0,75 жалпы биіктігі белгісінен шартты қабылданады.

2. Осы ерекшелік қалыпты ортасы, табиғи ұйытқитын сорғыш желдеткіші бар электр машиналық үй-жай қамтамасыз етілген жағдайда сутегімен салқындайтын турбогенераторы бар электр машиналық үй-жайларға таратылады.

3. Осы аймаққа сондай-ақ ішінде жанғыш газдар мен тез тұтанатын сұйықтықтар үй-жайдың бос көлемінің 5 % аспайтын көлемде жарылыс қауіпті қоспа жасау үшін жеткіліксіз шағын көлемде болатын және жанғыш газдармен және тез тұтанатын сұйықтықтармен жұмыс ашық отты пайдаланбай жүргізілетін зертханалық және басқа үй-жайлар аймақтары да жатады. Егер жанғыш газдармен және тез тұтанатын сұйықтықтармен жұмыс сору шкафтарында немесе сорғыш зонттар астында жүргізілсе, осы аймақтар жарылыс қауіпті аймақтарға жатқызылмайды.

5. Өрт-жарылыс қауіптілігі мен өрт қауіптілігі бойынша электр жабдығын жіктеу

36. Өрт-жарылыс қауіптілігі мен өрт қауіптілігі бойынша электр жабдығын жіктеу оның қауіпсіз қолданылатын саласын және электр жабдығын таңбалаудың тиісті осы саласын анықтау үшін, сондай-ақ электр жабдығын пайдалану кезінде өрт қауіпсіздігі талаптарын анықтау үшін қолданылады.

37. Өрт-жарылыс қауіптілігі дәрежесіне байланысты электр жабдығы мыналарға бөлінеді:

- 1) өрт-жарылыс қорғау құралдары жоқ электр жабдығы;
- 2) өрттен қорғалған электр жабдығы;
- 3) жарылыстан қорғалған электр жабдығы.

38. Өрттен қорғау және жарылыстан қорғау деңгейлері бойынша өрт-жарылыс қорғау құралдары жоқ электр жабдығы жіктелмейді.

39. Өрттен қорғау деңгейлері бойынша өрттен қорғау электр жабдығы мынадай электр жабдықтарына бөлінеді:

- 1) өрттің туындауына қарсы сенімділігі жоғары;
- 2) өрт қауіпсіз;
- 3) ерекше өрт қауіпсіз.

40. Өрттің туындауына қарсы сенімділігі жоғары электр жабдығы оның қалыпты жұмыс режимі кезінде жану көзіне айналмауға тиіс.

41. Өрт қауіпсіз электр жабдығы осы жабдықтың қалыпты жұмысы кезінде де , сол сияқты апаттық жұмыс режимінде де жану көзіне айналмауға тиіс.

42. Өрттен қорғалған электр жабдығы апаттық немесе штаттан тыс жұмыс режимдерінде қорек көздерінен жабдықты автоматты ажыратуға және оның мыналарды болдырмайтын бір немесе бірнеше қорғау түрлері болуға тиіс:

- 1) жабдық құрастырылымының жанғыш материалдары бар қызған элементтердің (соның ішінде, ұшқындардың, доға тәрізді разрядтың) түйіспесі;
- 2) үй-жайда жанғыш материалдары бар жабдықтың қызған элементтердің (соның ішінде, ұшқындардың, доға тәрізді разрядтың) түйіспесі;
- 3) жабдық ішінде түзілетін тұтану көздерінен сұйық және қатты жанғыш материалдардың жану мүмкіндігі;
- 4) электр жабдығы шегінен тыс жерлерге жанудың таралуы.

43. Өрттен қорғалатын электр жабдығының түрін және оның таңбасын анықтау тәртібі "Қазақстан Республикасы электр қондырғылары орнату ережелері" талаптарына сәйкес келуге тиіс.

44. Жарылыстан қорғалған электр жабдығы жарылыстан қорғау деңгейлері бойынша мынадай электр жабдығына бөлінеді:

- 1) жарылысқа қарсы сенімділігі жоғары;
- 2) жарылыс қауіпсіз;
- 3) ерекше жарылыс қауіпсіз.

45. Жарылысқа қарсы сенімділігі жоғары электр жабдығы қалыпты жұмыс режимі кезінде ғана жарылыстан қорғауды қамтамасыз етуге тиіс.

46. Жарылыс қауіпсіз электр жабдығы қалыпты жұмыс режимінде де, сол сияқты оның жарылыстан қорғау құралдарының бүлінуінен басқа бүлінген кезінде де қамтамасыз етілуге тиіс.

47. Жарылыстан қорғалған электр жабдығында мынадай жарылыстан қорғау түрлерінің бірі болуға тиіс:

- 1) жарылыс өткізбейтін қабықша;
- 2) қабықшаны қорғау газымен артық қысыммен толтыру немесе үрлеу;
- 3) ұшқын қауіпсіз электр тізбегі;
- 4) ток жіберетін бөлшектері бар қабықшаны кварцпен толтыру;
- 5) ток жіберетін бөлшектері бар қабықшаны маймен толтыру;
- 6) жарылыстан қорғаудың арнайы түрі.

48. Жарылыстан қорғалған электр жабдығының таңбасында мынадай белгі болуға тиіс:

- 1) электр жабдығын жарылыстан қорғау деңгейінің;
- 2) электр жабдығының жарылыстан қорғалған жабдыққа қойылатын белгіленген талаптарға сәйкестігінің;
- 3) жарылыстан қорғау түрінің;
- 4) электр жабдығының топтары немесе қосалқы топтарының;
- 5) электр жабдығының температуралық класының.

49. Жарылыстан қорғалған электр жабдығының таңбасын топтарға (қосалқы топтарға) температуралық кластарға жатқызу тәртібі "Қазақстан Республикасы электр қондырғылары орнату ережелері" талаптарына сәйкес келуге тиіс.

6. Сыртқы қондырғыларды өрт-жарылыс қауіптілігі және өрт қауіптілігі бойынша жіктеу

50. Сыртқы қондырғыларды өрт-жарылыс қауіптілігі және өрт қауіптілігі бойынша жіктеу өрттің алдын алуға және сыртқы қондырғыларда өрт пайда болған жағдайда адамдар мен мүлікті өртке қарсы қорғауды қамтамасыз етуге бағытталған өрт қауіпсіздігі талаптарын белгілеу үшін қолданылады.

51. Сыртқы қондырғыларды өрт-жарылыс қауіптілігі және өрт қауіптілігі бойынша жіктеу күрделі құрылыс және қайта құрастыру объектілеріне арналған жобалық құжаттамада көрсетіледі, ал санаттарының белгісі қондырғыларда көрсетіледі.

52. Өрт-жарылыс қауіптілігі және өрт қауіптілігі бойынша сыртқы қондырғылар мынадай санаттарға бөлінеді:

- 1) А_н (өрт-жарылыс қауіптілігі жоғары);
- 2) Б_н (өрт-жарылыс қауіптілігі);
- 3) В_н (өрт қауіптілігі);
- 4) Г_н (өрт қауіптілігі орташа);
- 5) Д_н (өрт қауіптілігі төмен).

Сыртқы қондырғылардың өрт-жарылыс қауіптілігі және өрт қауіптілігі санаттары қондырғылардағы жанғыш заттар мен материалдардың өрт қауіпті қасиеттеріне, олардың санына және технологиялық процестерінің ерекшеліктеріне сүйеніп анықталады.

53. Сыртқы қондырғылардың санаттарын анықтау аса жоғары қауіпті санаттардан (А_н) аса төмен қауіпті (Д_н) санаттарға тиістілігін жүйелі түрде тексеру арқылы жүзеге асырылады.

54. Өрт-жарылыс қауіптілігі мен өрт қауіптілігі бойынша сыртқы қондырғылардың санаттарын анықтау тәртібі осы Техникалық регламенттің 3-қосымшасы талаптарына сәйкес келуге тиіс.

7. Ғимараттарды, құрылымдарды және үй-жайларды өрт-жарылыс қауіптілігі және өрт қауіптілігі бойынша жіктеу

55. Ғимараттарды, құрылымдарды және үй-жайларды өрт-жарылыс қауіптілігі және өрт қауіптілігі бойынша жіктеу өрттің пайда болу қаупін жоюға және ғимараттар мен құрылымдарда өрт пайда болған жағдайда адамдар мен мүлікті өртке қарсы қорғауды қамтамасыз етуге бағытталған өрт қауіпсіздігі талаптарын белгілеу үшін қолданылады.

56. Ғимараттарды, құрылымдарды және үй-жайларды өрт-жарылыс қауіптілігі және өрт қауіптілігі бойынша жіктеу олардың тиісті санатқа тиістілігін анықтауға негізделеді.

57. Өрт-жарылыс қауіптілігі және өрт қауіптілігі бойынша ғимараттардың, құрылымдардың және үй-жайлардың санаттары күрделі жөнделетін және қайта құрастырылатын объектілерге арналған жобалық құжаттамада көрсетіледі.

58. Өрт-жарылыс қауіптілігі және өрт қауіптілігі бойынша функциялық арналымына байланыссыз үй-жайлар мынадай санаттарға бөлінеді:

- 1) А (өрт-жарылыс қауіптілігі жоғары);
- 2) Б (өрт-жарылыс қауіптілігі);
- 3) В1 - В4 (өрт қауіптілігі);
- 4) Г (өрт қауіптілігі орташа);
- 5) Д (өрт қауіптілігі темен).

59. Өрт-жарылыс қауіптілігі және өрт қауіптілігі бойынша үй-жайлардың санаттары аппараттар мен үй-жайлардағы жанғыш заттар мен материалдардың түріне, олардың санына және технологиялық процестерінің сипаттамаларына сүйеніп анықталады.

60. Үй-жайлардың санаттарын аса жоғары қауіпті санаттардан (А) аса темен қауіпті (Д) санаттарға үй-жайдың тиістілігін жүйелі тексеру арқылы анықталады.

61. Өрт-жарылыс қауіптілігі және өрт қауіптілігі бойынша ғимараттардың, құрылымдардың санаттары осы ғимараттағы, құрылымдағы осы не басқа санатты қауіпті үй-жайлар үлесіне және оның жинақтық ауданына сүйеніп анықталады.

62. Өрт-жарылыс қауіптілігі мен өрт қауіптілігі бойынша ғимараттар мен үй-жайлардың санаттарын анықтау тәртібі мен әдістемесі осы Техникалық регламенттің 3-қосымшасы талаптарына сәйкес келуге тиіс.

8. Ғимараттарды, құрылымдар мен өрт сөндіру бөлмелерін өрт-техникалық жіктеу

63. Ғимараттарды, құрылымдар мен өрт сөндіру бөлмелерін өрт-техникалық жіктеу олардың функциональдық арналымы мен өрт қауіптілігіне байланысты ғимараттар мен құрылымдардың өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйелеріне қойылатын өрт қауіпсіздігі талаптарын белгілеу үшін қолданылады.

64. Ғимараттардың, құрылымдар мен өрт сөндіру бөлмелерінің отқа төзімділігі, олардың атқарымдық және құрастырылымдық өрт қауіптілігі класы күрделі жөндеу және қайта құрастырылу объектілеріне арналған жобалық құжаттамада көрсетіледі.

65. Ғимараттар, құрылымдар мен өрт сөндіру бөлмелері:

- 1) отқа төзімділік дәрежелері;
- 2) құрастырылымдық өрт қауіптілігі кластары;
- 3) функциональдық өрт қауіптілігі кластары бойынша бөлінеді.

66. Ғимараттардың, құрылымдар мен өрт сөндіру бөлмелерінің отқа төзімділік дәрежесі оның құрылыс құрастырылымдарының отқа төзімділігімен анықталады.

67. Ғимараттардың, құрылымдар мен өрт сөндіру бөлмелерінің құрастырылымдық өрт қауіптілігі класы өрттің дамуына құрылыс құрастырылымының қатысу және оның қауіпті факторларының түзілу дәрежесімен анықталады.

68. Ғимараттардың, құрылымдар мен өрт сөндіру бөлменің функциональдық өрт қауіптілігі класы олардың арналуымен және оларды пайдалану ерекшеліктерімен, соның ішінде оларға орналастырылған технологиялық процестердің ерекшеліктерімен анықталады.

Ғимараттар, құрылымдар мен өрт сөндіру бөлмелері отқа төзімділік дәрежелері бойынша:

- 1) I дәрежелі отқа төзімді;
- 2) II дәрежелі отқа төзімді;
- 3) III дәрежелі отқа төзімді;
- 4) IIIa дәрежелі отқа төзімді;
- 5) IIIб дәрежелі отқа төзімді;
- 6) IV дәрежелі отқа төзімді;
- 7) IVa дәрежелі отқа төзімді;
- 8) V дәрежелі отқа төзімді ғимараттарға, құрылымдар мен өрт бөлмелеріне бөлінеді.

Ғимараттар, құрылымдар мен өрт сөндіру бөлмелері құрастырылымдық өрт қауіптілігі бойынша мынадай кластарға бөлінеді: C0, C1, C2 және C3.

69. Пайдаланылу тәсіліне және өрт болған жағдайда ішіндегі адамдардың қауіпсіздігі олардың жасын, дене жағдайын, ұйқыда болуы мүмкіндігін, негізгі функциональдық контингенті түрін мен оның санын ескеріп, қандай шамада қауіпте тұрғандығына байланысты функциональдық өрт қауіптілігі бойынша ғимараттар (құрылымдар, өрт бөлмелері мен ғимараттардың бөлімдері - бір-бірімен функциональдық байланыстағы үй-жайлар, үй-жайлардың топтары) мынадай кластар мен қосалқы кластарға бөлінеді:

- 1) Ф1 - адамда тұрақты тұруға және уақытша болуға арналған ғимараттар:

Ф1.1 - мектепке дейінгі балаларға арналған мекемелер, мамандандырылған қарттар мен мүгедектер (пәтерлік емес) үйлер, ауруханалар, мектеп-интернаттардың және балалар мекемелерінің ұйықтауға арналған корпустары;

Ф1.2 - қонақ үйлер, жатақханалар, жалпы типтегі санаторийлер мен демалыс үйлерінің, кемпингтердің, мотелдер мен пансионаттардың ұйықтауға арналған корпустары;

Ф1.3 - көп пәтерлі тұрғын үйлер;

Ф1.4 - бір пәтерлік, соның ішінде бұғатталған тұрғын үйлер;

2) Ф2 - көру және мәдени-ағарту мекемелерінің ғимараттары:

Ф2.1 - театрлар, кинотеатрлар, концерт залдары, клубтар, цирктер, трибуналары бар спорттық құрылымдар, кітапханалар және жабық үй-жайларында келушілерге арналған отырғызу орындарының есептік саны бар басқа мекемелер;

Ф2.2 - мұражайлар, көрмелер, би залдары және жабық үй-жайлардағы басқа осыған ұқсас мекемелер;

Ф2.3 - ашық даладағы Ф2.1 көрсетілген мекемелер;

Ф2.4 - ашық даладағы Ф2.2 көрсетілген мекемелер.

3) Ф3 - халыққа қызмет көрсету жөніндегі кәсіпорындардың ғимараттары:

Ф3.1 - сауда кәсіпорындарының ғимараттары;

Ф3.2 - қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарының ғимараттары;

Ф3.3 - вокзалдар;

Ф3.4 - емханалар мен амбулаториялар;

Ф3.5 - келушілерге арналған отырғызу орындарының есептік емес саны бар тұрмыстық және коммуналдық қызмет көрсету кәсіпорындарының келушілеріне арналған үй-жайлар;

Ф3.6 - денешынықтыру-сауықтыру кешендері және көрушілерге арналған трибуналары жоқ спорттық-жаттықтыру мекемелері, тұрмыстық үй-жайлар, моншалар;

3) Ф4 - ғылыми-зерттеу және білім беру мекемелерінің, жобалық ұйымдардың, басқару органдары мекемелерінің ғимараттары:

Ф4.1 - мектептер, мектептен тыс оқу орны, орташа арнайы оқу мекемелері, кәсіби-техникалық училищелері;

Ф4.2 - жоғарғы оқу орындары, біліктілікті арттыру мекемелері;

Ф4.3 - басқару органдары мекемесі, жобалау-конструкторлық ұйымдар, ақпараттық және редакциялық-баспа ұйымдары, ғылыми-зерттеу ұйымдары, банктер, конторлар, кеңселер;

Ф4.4 - өрт депосы;

5) Ф5 - өндірістік немесе қойма мақсатында арналған ғимараттар:

Ф5.1 - өндірістік ғимараттар және құрылыстар, өндірістік және зертхана үй-жайлары, шеберхана;

Ф5.2 - қоймалық бөлмелер және құрылыстар, техникалық қызмет көрсетусіз және жөндеусіз автомобильдерге арналған тұрақтар, кітап қоймасы, мұрағаттар, қоймалық үй-жайлар;

Ф5.3 - ауылшаруашылық ғимараттары.

Өндірістік және қоймалық ғимараттар, оның ішінде Ф1 - Ф4 классты зертхана және шеберхана ғимараттары Ф5 класына жатады.

9. Құрылыс құрастырылымдары мен өртке қарсы кедергілерді өрт-техникалық жіктеу

70. Құрылыс құрастырылымдары белгілі бір дәрежедегі отқа төзімді ғимараттарда, құрылыстарда және өрт бөлігінде оларды қолдану мүмкіндігін белгілеу немесе ғимараттардың, құрылыстардың және өрт бөлігіндегі отқа төзімділігі дәрежесін анықтау үшін отқа төзімділігі бойынша жіктеледі.

71. Құрылыс құрастырылымдары өрттің ұлғайып кетуіне және олардың қауіпті өрт факторларын туғызу қабілеттілігіне құрылыс құрастырылымдарының қатысу дәрежесін анықтау үшін өрт қауіптілігі бойынша жіктеледі.

72. Өртке қарсы кедергілер сәйкесінше қауіпті өрт факторларының таралуын болдырмау тәсілі бойынша, сондай-ақ құрылыс құрастырылымдарын таңдау және отқа төзімділігінің қажетті шектері және өрт қауіптілігі класы болатын өртке қарсы кедергілердегі ойықтарды толтыру үшін отқа төзімділігі бойынша жіктеледі.

73. Стандарттық сынау шарттарында өрт әсеріне және оның қауіпті факторларын таратуға қарсылық көрсететін қабілеттілігіне қарай ғимараттар мен үй-жайлардың құрылыс құрастырылымдары отқа төзімділігі шектері болатын құрылыс құрастырылымдарына бөлінеді:

- 1) нормаланбайтын;
- 2) 15 мин. кем емес;
- 3) 30 мин. кем емес;
- 4) 45 мин. кем емес;
- 5) 60 мин. кем емес;
- 6) 90 мин. кем емес;
- 7) 120 мин. кем емес;
- 8) 150 мин. кем емес;
- 9) 180 мин. кем емес;
- 10) 240 мин. кем емес;
- 11) 360 мин кем емес.

74. Құрылыс құрастырылымдарының отқа төзімділік шектері стандарттық сынау шарттарында анықталады.

75. Стандарттық сынау шарттарындағы немесе есептеу нәтижесіндегі көтергіш және қоршау құрылыс құрастырылымдарының отқа төзімділік шегінің басталуы мынадай белгілерінен тұратын жүйелі бір немесе бірнеше шекті жағдайлардың жету уақытымен белгіленеді:

- 1) R (көтергіш қабілеттілігін жоғалту);
- 2) E (тұтастықты жоғалту);
- 3) I (жылу оқшаулағыш қабілеттілігін жоғалту).

Стандарттық сынау шарттарындағы немесе есептеу нәтижесіндегі өртке қарсы кедергілердегі (оның ішінде өртке қарсы есіктер мен терезелер) ойықтарды толтыру отқа төзімділік шегінің басталуы тұтастықты (E), жылу оқшаулағыш қабілеттілігін (I) және (немесе) газ түтінін өткізбеуді (S) жоғалту уақытымен белгіленеді.

76. Құрылыс құрастырылымдары өрт қауіптілігі бойынша мынадай кластарға бөлінеді:

- 1) K0 (өртке қауіпті емес);
- 2) K1 (өрт қауіптілігі аз);
- 3) K2 (өрт қауіптілігі орташа);
- 4) K3 (өртке қауіпті).

77. Құрылыс құрастырылымдарының өрт қауіптілігі класын анықтау тәртібі мен әдістемесі Қазақстан Республикасында қолдану рұқсат етілген мемлекеттік, мемлекетаралық, халықаралық стандарттар талаптарына сәйкес келуге тиіс.

78. Өрттің қауіпті факторларының таралуын болдырмау тәсіліне қарай өртке қарсы кедергілер мыналарға бөлінеді:

- 1) қабырғалар;
- 2) қалқалар;
- 3) аражабындар;
- 4) үзілулер;
- 5) перделер мен экрандар;
- 6) су бүркеулері;
- 7) минералданған жолақтар.

79. Өртке қарсы кедергілер отқа төзімділігімен және өрт қауіптілігімен сипатталады. Өртке қарсы кедергілердің отқа төзімділігі, оның элементтерінің отқа төзімділігімен анықталады:

- 1) қоршау бөліктері;
- 2) кедергі тұрақтылығын қамтамасыз ететін құрастырылымдар;
- 3) құрастырылымдарға тірейтіндер;
- 4) олардың арасындағы бекіту тораптары.

80. Өртке қарсы кедергілердің отқа төзімділік шектері мен өртке қарсы кедергілердегі ойықтарды толтырудың отқа төзімділік шектері осы Техникалық регламенттің 4-қосымшасының 1 және 2-кестелерінде келтірілген мәндеріне сәйкес келуге тиіс.

10. Басқыштар және басқыш шабақтарын өрт-техникалық жіктеу

81. Басқыштар мен басқыш шабақтарын көлемді-жоспарлы және құрастырылымдық шешіміне қойылатын талаптарды анықтау үшін, сондай-ақ

адамдарды көшіру жолдарында оларды қолдануға қойылатын талаптарды регламенттеу үшін жіктеледі.

82. Өрт кезінде адамдарды ғимараттар мен үй-жайлардан көшіруге арналған басқыштар мынадай типтерге бөлінеді:

- 1) 1 типті - басқыш шабақтарында орналасқан ішкі басқыштар;
- 2) 2 типті - басқыштың іштей ашылуы;
- 3) 3 типті - басқыштың сырттай ашылуы.

83. Өртті сөндіру және құтқару жұмыстарын қамтамасыз ету үшін мынадай типті сыртқы өрт басқыштары қарастырылуға тиіс:

1) П1 - шатырға шығу кезінде, ауданы болатын, 2,5 м биіктіктен басталатын, ені 0,7 м тік болат басқыштар;

2) П2 - кем дегенде 8 м сайын ауданы болатын және тұтқалары бар, жер деңгейінен 2,5 м биіктіктен басталатын, ені 0,7 м, көлбеуі 6:1 артық емес болат марш басқыштар.

84. Өрт кезінде түтіндеп кетуден оларды қорғау дәрежесіне қарай басқыш шабақтары кәдімгі және түтінделетін болып бөлінеді.

Кәдімгі басқыш шабақтары жарықтандыру тәсіліне қарай мына типтерге бөлінеді:

1) Л1 - әр қабаттағы сыртқы қабырғалардағы әйнектеу немесе ашық ойықтар арқылы табиғи жарықтандыруы болатын басқыш шабақтары;

2) Л2 - әйнектеу немесе жабындағы ашық ойықтар арқылы табиғи жарықтандыруы болатын басқыш шабақтары.

Өрт кезінде түтіндеп кетуден қорғау тәсіліне қарай түтінделмейтін басқыш шабақтары мына типтерге бөлінеді:

1) Н1 - ашық өтпемен, түтіндемейтін сыртқы ауа аймағы арқылы қабаттан басқыш шабағына кірісі болатын басқыш шабақтары;

2) Н2 - өрт болған кезде басқыш шабағына ауа тіреуі болатын басқыш шабақтары;

3) Н3 - үнемі немесе өрт кезінде ауа тіреуімен қамтамасыз етілетін тамбур - шлюзы арқылы әр қабатта оларға кірісі болатын басқыш шабақтары.

11. Өрт техникасын жіктеу

85. Арналуы мен қолданылу саласына қарай өрт техникасы мына түрлерге бөлінеді:

- 1) өрт машиналары (автомобильдер, мотопомпалар, тіркемелер);
- 2) өрт сөндіру қондырғылары;
- 3) өрт сөндіруге сигнал беру құрылғылары;
- 4) өрт сөндіруге арналған жеке қорғау құралдары;

- 5) өрт сөндіру құралдары;
- 6) өрт сөндіретін құтқарғыш құрылғылар;
- 7) қолмен басқарылатын өрт сөндіру құралдары мен жабдықтары;
- 8) өрт сөндіргіш.

Объектілерді қорғау үшін өрт техникасының түрлерін жіктеу "Объектілерді қорғау үшін өрт техникасының қауіпсіздігіне қойылатын талаптар" техникалық регламенті талаптарына сәйкес келуге тиіс.

"Өрт қауіпсіздігіне қойылатын жалпы талаптар" техникалық регламентіне
2-қосымша
1-кесте

Заттар мен материалдардың өрт-жарылу және өрт қауіптілігі көрсеткіштері

Көрсеткіштің атауы	Әр түрлі агрегаттық күйдегі заттар мен материалдар			Шаң тозаңдар
	Газ тәрізді	Сұйық	Қатты	
1. Қауіпсіз экспериментальды ең үлкен саңылау, мм	+	+	-	+
2. Жанғыш салмақтық бірлігі болатын уытты өнімдерді бөлу, кг/кг	-	+	+	-
3. Тұтанғыштық тобы	-	-	+	-
4. Жанғыш тобы	+	+	+	+
5. Жалынның таралу тобы	-	-	+	-
6. Түтін туғызу коэффициенті, (м ² /кг)	-	+	+	-
7. Жалынның таралу қабілеттілігі	+	+	+	+
8. Жарылғыш өрт қауіптілігі индексі, Па*м/с	+	-	-	+
9. Жалынның таралу индексі	-	-	+	-
10. Оттек индексі, %	-	-	+	-
11. Газдардағы және булардағы (%), шаң-тозаңдардағы (кг/м ³) жалын (тұтану) таралуының концентрациялық шектері	+	+	-	+
12. Ауадағы газ қоспаларының диффузиялық жануының концентрациялық шегі, %	+	+	-	-
13. Жылу ағынының сындық беттік тығыздығы, Вт/м ²	-	+	+	-
14. Жалын таралуының сызықтық жылдамдығы, м/с	-	-	+	-
15. Жанғыш сұйықтықтың бетімен жалын таралуының ең жоғары жылдамдығы, м/с	-	+	-	-
16. Жарылудың ең жоғары қысымы, Па	+	+	-	+
17. Газ тәрізді флегматизатордың ең үлкен флегматизация концентрациясы, %	+	+	-	+
18. Тұтанудың минимальдык энергиясы, Дж	+	+	-	+
19. Оттектің минимальдык жарылу қауіптілігі құрамы, %	+	+	-	+
20. Жанудың төменгі жұмыс жылулығы, кДж/кг	+	+	+	-

21. Жалын таралуының қалыпты жылдамдығы, м/с	+	+	-	-
22. Жанатын өнімдердің уыттылық көрсеткіші, г/м ³	+	+	+	+
23. Жанғыш салмақтық бірлігінде оттекті тұтыну, кг/кг	-	+	+	-
24. Диффузиялық шамшырақ өшуінің шекті жылдамдығы, м/с	+	+	-	-
25. Жарылу қысымының өсу жылдамдығы, МПа/с	+	+	-	+
26. Сумен, ауа оттегімен және басқа да заттармен өзара әрекет кезінде жану қабілеттілігі	+	+	+	+
27. Адиабаталық сығу кезінде тұтану қабілеттілігі	+	+	-	-
28. Өздігінен жану қабілеттілігі	-	-	+	+
29. Экзотермикалық ыдырау қабілеттілігі	+	+	+	+
30. Тұтану температурасы, °С	-	+	+	+
31. От алу температурасы, °С	-	+	-	-
32. Өздігінен тұтану температурасы, °С	+	+	+	+
33. Бұзылу температурасы, °С	-	-	+	+
34. Жалын (тұтану) таралуының температуралық шегі, °С	-	+	-	-
35. Жанып кетудің меншікті салмақтық жылдамдығы, кг/(м ² *с)	-	+	+	-
36. Жанудың меншікті жылулығы, Дж/кг	+	+	+	+
Ескертпе - "+" белгісі көрсеткіштің қолданылатындығын білдіреді, "-" белгісі көрсеткіштің қолданылмайтындығын білдіреді.				

2-кесте

Жанатын өнімдердің уытты көрсеткіштердің мәні бойынша жанатын құрылыс материалдарының жіктелуі

Қауіптілік класы	Тізілу тәртібі уақытына қарай жанатын (г/м ³) өнімдердің уыттылық көрсеткіші, мин			
	5	15	30	60
T1 (қауіптілігі аз)	210 артық	150 артық	120 артық	90 артық
T2 (қауіптілігі орташа)	70 артық, 210 артық емес	50 артық, 150 артық емес	40 артық, 120 артық емес	30 артық, 90 артық емес
T3 (қауіптілігі жоғары)	25 артық, 70 артық емес	17 артық, 50 артық емес	13 артық, 40 артық емес	10 артық, 30 артық емес
T4 (төтенше қауіптілік)	25 артық емес	17 артық емес	13 артық емес	10 артық емес

3-кесте

Құрылыс материалдарының өрт қауіптілігінің қасиеттері мен кластары

Құрылыс материалдарының өрт қауіптілігі қасиеттері	Топтарына қарай құрылыс материалдарының өрт қауіптілігі класы					
	КМ0	КМ1	КМ2	КМ3	КМ4	КМ5

Жанғыштығы	НГ	Г1	Г1	Г2	Г2	Г4
Тұтанғыштығы	-	В1	В1	В2	В2	В3
Түтін туғызу қабілеттілігі	-	Д1	Д3*	Д3	Д3	Д3
Жанатын өнімдердің уыттылығы	-	Т1	Т2	Т2	Т3	Т4
Еден жабындарына арналған беттің бойымен жалынның таралуы	-	РП1	РП1	РП1	РП2	РП4
Ескертпе - "*" белгісі $D \leq 1000 \text{ м}^2 / \text{кг}$ түтін туғызу коэффициенті кезіндегі КМ2 класты материалға берілуге болады.						

"Өрт қауіпсіздігіне қойылатын жалпы талаптар" техникалық регламентіне
3-қосымша

Жарылу қауіптілігі мен өрт қауіптілігі бойынша үй-жайлардың, ғимараттар мен құрылымдардың және сыртқы қондырғылардың санаттарын анықтау әдістемесі

1-бөлім. Жарылу қауіптілігі мен өрт қауіптілігі бойынша үй-жайлардың санаттары

1. Жарылу қауіптілігі мен өрт қауіптілігі бойынша үй-жайлардың санаттары 1-кесте бойынша қабылданады.

1-кесте

Үй-жайлар санаты	Үй-жайда тұратын (пайда болатын) заттар мен материалдардың сипаттамасы
А (жарылу қауіптілігі жоғары)	Тұтану температурасы 28°C артық емес сұйықтықта жеңіл тұтанатын жанғыш газдар сондай мөлшерде жарылуға қауіпті булы-газды-ауа қоспаларын туғыза алады, олар тұтану кезінде 5 кПа асатын үй-жайларда жарылудың есептік артық қысымы өседі. Сумен, ауа оттегімен немесе бір-бірімен өзара әрекет кезінде жарылуға және жануға қабілетті заттар мен материалдар сондай мөлшерде үй-жайларда жарылудың есептік артық қысымы 5 кПа артады.
Б (жарылу өрт қауіптілігі)	Тұтану температурасы 28°C артық сұйықтықта жеңіл тұтанатын жанғыш шаң-тозаңдар мен талшықтар, жанатын сұйықтықтар сондай мөлшерде жарылуға қауіпті шаңды ауа немесе булы ауа қоспаларын туғыза алады, олар тұтану кезінде 5 кПа асатын үй-жайларда жарылудың есептік артық қысымы өседі.
В1-В4 (өрт қауіптілігі)	Жанатын және аздап жанатын сұйықтықтар, қатты жанатын және аздап жанатын заттар мен материалдар (оның ішінде шаң-тозаңдар мен талшықтар), сумен, ауа оттегімен немесе олар үй-жайларда болған жағдайда немесе А не Б санаттарына жатпайтын жағдайда бір-бірімен жанатын өзара әрекет кезінде қабілетті заттар мен материалдар
Г (өрт қауіптілігі орташа)	Қыздырылған немесе балқытылған күйдегі ыстықта жанбайтын заттар мен материалдар, оларды өңдеу процесі сәулелі жылуды, ұшқындар мен жалындарды бөле отырып қоса жүргізіледі; жанатын газдарды, сұйық және қатты заттарды жағады немесе отын ретінде кәдеге жаратады.
Д (өрт қауіптілігі орташа)	Суық күйде жанбайтын заттар мен материалдар (өрт қауіптілігі төмен)

2. Үй-жайлар санаттары (А) жоғары (Д) төменгі санаттарға үй-жайлар керек-жарақтарын дәйекті түрде тексеру арқылы анықталады.

3. Жарылу қауіптілігі мен өрт қауіптілігі бойынша (В1 - В4) үй-жайларының өрт қауіптілігі санатын анықтау 2-кестеде келтірілген меншікті өрт сөндіру жүктемесінің шамасы болатын учаскелердің кез келгеніне уақытша меншікті өрт сөндіру жүктемесінің (бұдан әрі мәтін бойынша - өрт сөндіру жүктемесі) ең үлкен мәнін салыстыру арқылы жүзеге асады.

2-кесте

Үй-жайлар санаты	Учаскедегі меншікті өрт сөндіру жүктемесі (g), МДж/м ²	Орналастыру тәсілі
В1	2200 артық	Нормаланбайды
В2	1401 бастап 2200 дейін	22-тармақ талаптарына сәйкес әдістемелер
В3	181 бастап 1400 дейін	22-тармақ талаптарына сәйкес әдістемелер
В4	1 бастап 180 дейін	ауданы 10 м ² болатын үй-жай еденінің кез келген учаскесінде

2-бөлім. Үй-жайлардың жарылу - өрт қауіптілігі критерийін есептеу әдістері

1. Есептеу нұсқасын таңдау және негіздемесі

4. Есептеу ретінде жарылу - өрт қауіптілігі критерийінің мәндерін есептеу кезінде апаттың жағымсыз нұсқаларын немесе аппараттардың қалыпты жұмысы кезеңіндегі жарылыста көп мөлшерде заттар немесе материалдар болатын, жарылыс салдарына қатысты қауіпті кезеңді таңдау керек.

Егер есептеу әдістерін пайдалану мүмкін болмаған жағдайда белгіленген тәртіппен келісілген және бекітілген тиісті ғылыми-зерттеу жұмыстары нәтижелерінің негізінде жарылу-өрт қауіптілігі критерийілерінің мәндерін анықтауға рұқсат етіледі.

5. Жарылуға қауіпті газды ауа немесе булы ауа қоспаларын туғыза алатын үй-жайларға кірген заттардың мөлшері мына алғышарттарға негізделе отырып анықталады:

1) осы қосымшаның 4-тармағы бойынша аппараттардың біреуінің есептік апаты болады;

2) аппарат ішіндегісінің барлығы үй-жайға кіреді;

3) құбыржолдарды ажыратуға қажетті уақыт ішінде тура және кері ағындар бойынша қоректендіретін аппарат құбыржолдарынан алынған заттардың кемуі бір мезгілде болады.

Құбыржолдарды ажыратудың есептік уақыты нақты жағдайларға негізделе отырып, әр нақты жағдайда анықталады және тиектеу құрылғысына,

технологиялық процестің сипатына және есептік апаттың түріне арналған паспорттық деректерді ескере отырып қысқа болуға тиіс.

Құбыржолдарды ажыратудың есептік уақытын тең қабылдау керек:

егер автомат жүйесінің жұмыс істемеу ықтималдығы жылына 10^{-6} аспаған немесе оның элементтерінің сақталу қамтамасыз етілген жағдайда, құрылғының паспорттық деректеріне сәйкес құбыржолдарды ажырату автомат жүйесінің жұмыс істеу уақыты;

егер автомат жүйесінің жұмыс істемеу ықтималдығы жылына 10^{-6} аспаған немесе оның элементтерінің сақталу қамтамасыз етілген жағдайда 120 с;

қолмен ажырату кезінде 300 с.

Құбыржолдарды ажыратуға арналған техникалық құралдар үшін ажырату уақыты жоғарыдан келтірілген мәндерден артқан жағдайда оларды пайдалануға тыйым салынады.

Жылдам әрекет ететін айырғыш-клапандар электрімен жабдықтау бұзылуы кезінде газ немесе сұйықтық беруді автоматты түрде бөгеуге тиіс.

Ерекше жағдайларда құбыржолдарды ажырату уақытының жоғарыда келтірілген мәндерінің артуы белгіленген тәртіппен рұқсат етіледі.

4) бөлінген сұйық бетінен булану: еденге құю кезінде булану ауданы: 70 % және одан кем ерітінділері болатын (салмағы бойынша) 1 л қоспалар мен ерітінділер үй-жайлардың $0,5 \text{ м}^2$ жеріне, ал қалған сұйықтықтар 1 м^2 еденге құйылады деген есептеуге негізделі отырып (анықтамалық деректер болмаған кезде) анықталады;

5) сондай-ақ ашық айнамен пайдаланылатын сыйымдылықтың және беті жаңа боялған сұйықтықтың булануы болады;

6) сұйықтықтың булану ұзақтығы 60 мин артық емес, оның толық булану уақытына тең қабылданады.

6. Жарылуға қауіпті қоспа туғыза алатын шаң-тозаң мөлшері:

1) жұмыстың қалыпты режимі шарттарында болатын өндірістік үй-жайларда шаңының жиналуынан болған есептік апат кезіндегі;

2) технологиялық аппараттардың біреуінің жоспарлық (жөндеу

жұмыстары) немесе кенет разгерметизация болатын, кейіннен аппараттағы

барлық шаңнан үй-жайларда апаттың шығуын туғызатын есептік апат кезіндегі алғышарттармен анықталады.

7. Үй-жайлардың бос орны үй-жайлар ауданы мен ондағы технологиялық жабдықтардың алатын ауданы арасындағы айырмашылығы сияқты анықталады. Егер үй-жайлардың бос орнын анықтауға мүмкін болмаған жағдайда, онда үй-жайлардың геометриялық көлемінің 80% тең деп қабылдауға рұқсат етіледі.

Ескертпе - "Уақытша жұмыс істеу" және "уақытша ажырату" деп үй-жайға құбыржолдан (перфорация, үзіліс, номиналды қысымның өзгеруі) жанатын заттардың кіруі басталғаннан газ немесе сұйықтықтың кіруі толық тоқталғанға дейінгі уақыт аралығын айтады.

2. Жанатын газдар, жеңіл тұтанатын және жанатын сұйықтық булары үшін жарылудың артық қысымын есептеу

8. C, H, O, N, Cl, Br, I, F атомдардан тұратын дербес жанатын заттар үшін жарылудың ΔP артық қысымы мына формула арқылы есептеледі

$$\Delta P = (P_{\max} - P_0) \frac{mZ 100}{V_{св} \rho_{z,n} C_{ст} K_n},$$

(1)

мұндағы P_{\max} - экспериментальды анықталатын тұйық көлемдегі стехиометриялық газды ауа немесе булы ауа қоспалары жарылуының ең жоғары қысымы. Берілген мәндері болмаған жағдайда P_{\max} мәні 900 кПа тең қабылдауға рұқсат етіледі;

P_0 - бастапқы қысымы, кПа (101 кПа тең деп қабылдауға рұқсат етіледі);

m - ЖГ үшін (6) формула бойынша, ал ЖТС және ЖС булары үшін (11) формула бойынша есептелетін үй-жайлардағы есептік апат нәтижесінде алынған жанатын газдың (бұдан әрі мәтін бойынша - ЖГ) немесе жеңіл тұтанатын (бұдан әрі мәтін бойынша - ЖТС) және жанатын сұйықтықтар (бұдан әрі мәтін бойынша - ЖС) салмағы), кг;

Z - осы қосымшаның 6-бөлімінде келтірілген әдістемеге сәйкес үй-жайлар көлемінде газдар мен буларды тарату сипаты негізінде анықталуы мүмкін жарылыста болатын жанатын газ коэффициенті. Z мәнін 3-кесте бойынша қабылдауға рұқсат етіледі;

$V_{св}$ - үй-жайлардың бос орны, м³;

$\rho_{z,n}$ - t_p есептік температурасы кезінде газдың немесе будың тығыздығы мына формула бойынша анықталады, кг/м³

$$\rho_{z,n} = \frac{M}{V_0(1+0,00367t_p)},$$

(2)

мұндағы M — молярлық массасы, кг/кмоль;

V_0 - 22,413 м³/кмоль тең мольдік көлемі;

t_p - есептік температурасы, °С.

Ескертпе — Есептік температура ретінде тиісті климаттық аймақтағы үй-жайлардағы ауа температурасының мүмкіндігінше ең жоғары температурасын немесе апаттық жағдайда температураның артуын ескере отырып, техникалық регламент бойынша ауа температурасының мүмкіндігінше ең жоғары температурасын қабылдау керек.

Егер есептік t_p температурасының мәні қандай да бір себептермен анықталмаған жағдайда, оны 61 °С тең деп қабылдауға рұқсат етіледі;

$C_{ст}$ - ЖГ стехиометриялық концентрациясы немесе ЖТС және ЖС булары % (айн) мына формула бойынша анықталады.

$$C_{ст} = \frac{100}{1 + 4,84\beta},$$

(3)

мұндағы

$$\beta = n_c + \frac{n_H + n_X}{4} - \frac{n_O}{2}$$

- жану реакциясындағы оттектің стехиометриялық коэффициенті;

n_c , n_H , n_O , n_X - С, Н, О атомдарының және жанатын молекуладағы галоидтардың саны;

K_H - үй-жайлардың қымталмағандығы және жану процесінің адиабаталығы ескерілетін коэффициент. K_H мәні 3 тең деп қабылдауға рұқсат етіледі.

3-кесте

Жанатын заттың түрі	Z мәні
Сутегі	1,0
Жанатын газдар (сутектен басқа)	0,5
Тұтану температурасына дейін және одан жоғары температурада қыздырылған жеңіл тұтанатын және жанатын сұйықтықтар	0,3
Аэрозоль туғызу мүмкіндігі болған жағдайда, тұтану температурасынан төмен температурада қыздырылған жеңіл тұтанатын және жанатын сұйықтықтар	0,3
Аэрозоль туғызу мүмкіндігі болмаған жағдайда, тұтану температурасынан төмен температурада қыздырылған жеңіл тұтанатын және жанатын сұйықтықтар	0

9. Осы қосымшаның 8-тармағында келтірілген жеке заттар, сондай-ақ қоспалар үшін DP есептеуі мына формула бойынша орындалуы мүмкін.

$$\Delta P = \frac{m H_T P_0 Z}{V_{ce} \rho_e C_p T_0 K_H} \cdot 1$$

(4)

мұндағы H_T - жану жылулығы, Дж/кг;

r_B - бастапқы T_0 , температура кезіндегі жарылуға дейінгі ауаның тығыздығы, кг/м³;

C_p - ауаның жылу сыйымдылығы, Дж/кгК ($1,01 \cdot 10^3$ Дж/кг*К тең деп қабылдауға рұқсат етіледі);

T_0 - ауаның бастапқы температурасы, К.

10. Үй-жайларда (1) және (4) формулаға кіретін m массасының мәнін анықтау кезінде жанатын газдардың, жеңіл тұтанатын немесе жанатын сұйықтықтардың айналысы жағдайында, егер апаттық желдеткіш резервтік желдеткішпен, жарылуға қауіпті концентрациясының рұқсат етілетін шегі артқан кезде автоматты іске қосушымен және апат болуы мүмкін жерге тікелей жақын үй-жайлардың ауасын ауыстырып тұруға арналған құрылғы орналасқан жағдайда, "Қазақстан Республикасының электр қондырғыларын орналастыру ережесі" талаптарына сәйкес беріктіктің бірінші санаты бойынша электр жабдығымен қамтамасыз етілген жағдайда, апаттық желдеткіш жұмыстарын ескеруге рұқсат етіледі.

Мұндайда үй-жай ауданына кіретін тұтану температурасына және одан жоғары температураға дейін қыздырылған жанатын газдардың немесе жеңіл тұтанатын немесе жанатын сұйықтық буларының m салмағы мына формула бойынша анықталатын K коэффициентіне бөлінуі керек.

$$K = AT + 1 \quad (5)$$

мұндағы A - апаттық желдеткішті құратын ауа алмастырғыштың еселігі, 1/с;

T - үй-жайлар ауданына жанатын газдардың және жеңіл тұтанатын және жанатын сұйықтық булардың кіру ұзақтығы, с (осы қосымшаның 5-тармақ бойынша қабылданады).

11. Есептік апат кезінде үй-жайға кірген газдың m салмағы мына формула бойынша анықталады, кг

$$m = (V_a + V_T) r_r, \quad (6)$$

мұндағы V_a - аппараттан шыққан газдың көлемі, м³;

V_T - құбыржолдардан шыққан газдың көлемі, м³.

Демек

$$V_a = 0,01 P_1 V, \quad (7)$$

мұндағы P_1 - аппараттағы қысымы, кПа;

V - аппараттың көлемі, м³;

$$V_T = V_{1T} + V_{2T} \quad (8)$$

мұндағы V_{1T} - ажыратылғанға дейінгі құбыржолдан шыққан газдың көлемі, м³;

V_{2T} - ажыратылғаннан кейін шыққан газдың көлемі, м³;

$$V_{1T} = qT \quad (9)$$

мұндағы q - құбыржолдағы қысымға, оның диаметріне, газдық орта температурасына байланысты технологиялық регламентке сәйкес анықталатын газдың шығыны, м³/с;

T — 5-тармақ бойынша анықталатын уақыт, с;

$$V_{2T} = 0,01 p P_2 (r^2_1 L_1 + r^2_2 L_2 + \dots + r^2_n L_n) \quad (10)$$

мұндағы P_2 - технологиялық регламент бойынша құбыржолдағы ең жоғары қысымы, кПа;

r - құбыржолдардың ішкі радиусы, м;

L - апаттық аппараттан ысырмаға дейін құбыржолдардың ұзындығы, м.

12. Бірнеше булану көздері болған кезде үй-жайға кірген сұйықтық буларының m салмағы (сұйықтық құйылған беті, сұйық құрамы жағылған беті, ашық ыдыстар) мына өрнек бойынша анықталады.

$$m = m_p + m_{емк} + m_{св.окр} \quad (11)$$

мұндағы m_p - сұйық жайылған беттен буланған сұйықтықтың салмағы, кг;

$m_{емк}$ - ашық ыдыс бетінен буланған сұйықтықтың салмағы, кг;

$m_{св.окр}$ - қолданылатын құрам құйылған беттен буланған сұйықтықтың салмағы, кг.

Мұндайда (11) формуладағы қосылғыштардың әрқайсысы мына формула бойынша анықталады

$$m = W F_{и} T, \quad (12)$$

мұндағы W - булану қарқындылығы, кг/с*м²;

$F_{и}$ - m_n , үй-жайға шыққан сұйықтықтың салмағына қарай 5-тармағына сәйкес анықталатын булану ауданы, м².

Егер апаттық жағдай шашыраңқы күйдегі сұйықтықтың кіру мүмкіндігіне байланысты болса, онда ол жұмыстардың ұзақтығына негізделе отырып, шашырататын құрылғыдан кірген сұйықтықтың жалпы салмағы ескерілетін қосымша қосылғыштарды енгізе отырып (11) формулада ескерілуге тиіс.

13. Үй-жайларға шыққан сұйықтықтың салмағы m_n осы қосымшаның 5-тармағына сәйкес анықталады, кг.

14. W булану қарқындылығы анықтамалық және экспериментальды деректер бойынша анықталады. Қоршаған орта температурасынан жоғары қыздырылмаған ЖТС үшін деректер болмаған кезде W мына формула бойынша есептеуге рұқсат етіледі.

$$W = 10^{-6} h \sqrt{M} P_H$$

(13)

мұндағы h - булану бетіндегі ауа ағынының жылдамдығы мен температурасына қарай 4-кесте бойынша қабылдайтын коэффициент;

P_n - анықталатын деректер бойынша анықталатын сұйықтықтың есептік температурасы t_p кезіндегі қаныққан будың қысымы, кПа.

Ескертпе - Заттар мен материалдардың өрт қауіптілігі қасиеті параметрлердің жағдайы (қысымы, температурасы және т.б.) ескеріле отырып, сынау нәтижелері немесе стандарттық әдістеме бойынша есептеулері негізінде жүргізіледі.

4-кесте

Үй-жайдағы ауа ағынының жылдамдығы, м/с	Үй-жайдағы ауаның °С температурасы кезіндегі t коэффициент мәні h				
	10	15	20	30	35
0	0,0	1,0	1,0	1,0	1,0
0,1	3,0	2,6	2,4	1,8	1,6
0,2	4,6	3,8	3,5	2,4	2,3
0,5	6,6	5,7	5,4	3,6	3,2
1,0	10,0	8,7	7,7	5,6	4,6

3. Жанғыш шаңдарға арналған жарылыстың артық қысымын есептеу

15. Жарылыстың артық қысымын DP , кПа есептеу (4) формуласы бойынша жүргізіледі, мұндағы жарылыс кезінде өлшенген шаңның қатысу коэффициенті Z мынадай формула бойынша есептеледі:

$$Z = 0,5 F, (14)$$

мұндағы F - ауа өлшемінің артуымен ауыспалыдан кем болатын өлшемдегі шаң бөлшектерінің жарылыс қауіпсіз, яғни жалында таратуға қабілетсіз болуының салмақтық үлесі. Мәліметтер алу мүмкіндігі болмаған кезде, Z шамасын бағалау үшін, $Z = 0,5$ қабылдауға рұқсат етіледі.

16. Апаттық оқиға нәтижесінде пайда болатын үй-жайдағы шаңның көлемінде өлшенген есептік салмағы m , кг, мынадай формула бойынша анықталады:

$$m = m_{вз} + m_{ав} \quad (15)$$

мұндағы $m_{вз}$ - құйындатылған шаңның есептік салмағы, кг;

$m_{ав}$ - үй-жайға апатты оқиға нәтижесінде келіп түсетін шаңның есептік салмағы, кг.

17. Құйындатылған шаңның есептік салмағы $m_{вз}$ мынадай формула

бойынша анықталады:

$$m_{вз} = K_{вз} m_n, \quad (16)$$

мұндағы $K_{вз}$ - апатты оқиға нәтижесінде, өлшенген күйге өтуге қабілетті үй-жайдағы шаңның сақталған үлесі. Шамасы $K_{вз}$ туралы тәжірибелік мәліметтер болмаған кезде, $K_{вз} = 0,9$ қабылдауға рұқсат етіледі;

m_n - апат сәтінде үй-жайда сақталып шаңның салмағы, кг.

18. Апаттық оқиға нәтижесінде үй-жайға келіп түскен шаңның есептік салмағы, $m_{ав}$ мынадай формула бойынша анықталады:

$$m_{ав} = (m_{ан} + qT)K_n, \quad (17)$$

мұндағы $m_{ан}$ - үй-жайға аппараттан тасталатын ыстық шаңның салмағы, кг;

q - күлдей заттардың құбыр желілері бойымен апаттық аппаратқа оларды сөндіргенге дейін келіп түсуінің жалғасатын өндірушілігі, кг/с;

T - осы қосымшаның 5.3) тармағы бойынша анықталған сөндіру уақыты, с;

K_n - ауада асылған шаңның үй-жайға аппараттан келіп түсетін шаңның барлық салмағына қатысын көрсететін шаңдану коэффициенті. K_n шамасы туралы тәжірибелік мәліметтер болмаған кезде, мыналарды қабылдауға болады:

1) $K_n = 0,5$ - 350 мкм кем болмай шашырайтын шаңдар үшін;

2) $K_n = 1,0$ - 350 мкм кем болып шашырайтын шаңдар үшін.

$m_{ан}$ шамасы 4 және 6-әдістеменің тармақтарына сәйкес қабылданады.

19. Үй-жайда сақталған шаңның апат сәтіндегі салмағы мынадай формула бойынша анықталады:

$$m_n = \frac{K_r}{K_y} (m_1 + m_2),$$

(18)

мұндағы K_r - шаң қыртыстарындағы ыстық шаңның жалпы салмағының үлесі

;

m_1 - негізгі жинау арасындағы уақыт кезеңінде үй-жайдың үстіңгі беттерін жинау үшін, қол жетпейтін жерлерде тұнып қалған шаңның салмағы, кг;

m_2 - ағымдағы жинаулар арасындағы уақыт кезеңінде үй-жайдың үстіңгі беттерінің қол жететін жерлерінде тұнып қалған шаңның салмағы, кг;

K_y - шаң жинаудың тиімділік коэффициенті:

1) құрғақ - 0,6;

2) дымқыл - 0,7.

Механикаландырылған вакуумдық жинау кезінде:

1) тегіс еден - 0,9;

2) шұңқырлары болатын еден (5 % алаңға дейін) - 0,7.

Жинау үшін қол жетпейтін алаңдар деп өндірістік үй-жайлардың негізгі жинаулар кезінде ғана тазарту іске асырылатын үстіңгі беттерін атайды. Ағымдағы шаң жинау процесінде, шаңы кетірілетін үстіңгі беттер жинау үшін қол жететін жерлер болып табылады (ай сайын, тәулік сайын және т.с.с).

20. Жинау аралығындағы кезеңде үй-жайдың әр түрлі беттерінде тұрып қалатын шаңның салмағы m_i ($i = 1,2$) мынадай формула бойынша анықталады:

$$m_i = M_i (1-a) b_i, (i=1,2) \quad (19)$$

мұндағы $M_i =$

$$\sum_j M_{ij}$$

- үй-жай көлеміне негізгі шаң жинаулар аралығындағы уақыт кезеңінде бөлінетін шаңның салмағы, кг;

M_{1j} - шаңдататын жабдықтың бірлігінен аталған кезеңде бөлінетін шаңның салмағы, кг;

$M_2 =$

$$\sum_j M_{2j}$$

- үй-жай көлеміне ағымдағы шаң жинаулар аралығындағы уақыт кезеңінде бөлінетін шаңның салмағы, кг;

M_{2j} - шаңдататын жабдықтың бірлігінен аталған кезеңде бөлінетін шаңның салмағы, кг;

a - үй-жай көлеміне бөлінетін шаңның соратын желдеткіш жүйелермен кетірілетін үлесі. Шамасы a туралы тәжірибелік мәліметтер болмаған кезде, $a = 0$ қабылдайды;

b_1, b_2 - үй-жай көлеміне бөлінетін шаңның үй-жайдың үстіңгі беттерін жинауға арналған тиісінше қол жетпейтін және қол жететін жерлерде тұрып қалған шаңның үлесі ($b_1 + b_2 = 1$).

b_1 және b_2 коэффициенттерінің шамасы туралы мәліметтер болмаған кезде, $b_1 = 1$, $b_2 = 0$ қабылдауға рұқсат етіледі.

21. M_i ($i = 1, 2$) шамасы сондай-ақ мынадай формула бойынша, максималды жүктеу кезеңінде тәжірибе жүзінде (немесе өндірістің қолданыстағы үлгілерімен ұқсастығы бойынша) анықталуы мүмкін:

$$M_i = \sum_{j=(i-1,2)} (G_{ij} \cdot F_{ij}) \tau_i$$

(20)

мұндағы G_{1j} , G_{2j} , - алаңдардағы тиісінше қол жетпейтін F_{1j} (m^2) және жететін F_{2j} (m^2) жерлердегі шаң қыртыстарының қарқындылығы, $кг/м^2 \cdot с$;

t_1 , t_2 - негізгі және ағымдағы шаң жинаулар арасындағы уақытқа сәйкесті аралық, с.

4. В1 - В4 үй-жайларының санатын анықтау

22. Өрт сөндіру жүктемесі кезінде жанғыш, жануы қиын сұйықтықтарды, жанғыш қатты және жануы қиын заттар материалдарды өрт қауіпті учаске шегінде түрлі үйлесімдерді (қоспалар) қамти алатын өрт сөндіру жүктемесі Q , МДж, мынадай формула бойынша анықталады:

$$Q = \sum_{i=1}^n G_i Q_{ni}^p$$

(21)

мұндағы G_i - өрт сөндіру жүктемесінің i -ші материалының саны, кг;

Q_{ni}^p - өрт сөндіру жүктемесінің i -ші материалының ең төменгі жану жылуы, МДж/кг.

Меншікті өрт сөндіру жүктемесі g , МДж/ m^2 , мынадай қатынастардан анықталады:

$$g = \frac{Q}{S}$$

(22)

мұндағы S - өрт сөндіру жүктемесінің орналасу ауданы, m^2 (бірақ $10 m^2$ кем емес).

В1 - В4 санатындағы үй-жайларда осы қосымшаның 5-кестесінде берілген мәндерден аспайтын өрт сөндіру жүктемесі болатын бірнеше учаскелердің болуына рұқсат етіледі.

В4 санатындағы үй-жайларда осы учаскелер арасындағы арақашықтық шекті мәндерден артық болып қабылданады.

5-кестеде жанғыш қатты және жануы қиын материалдардан құралатын өрт сөндіру жүктемесі үшін, құлайтын сәулелі ағындардың $q_{кр}$, кВт/м ауыспалы тығыздығының шамасына байланысты, шекті арақашықтықтың ұсынылатын мәндері $l_{пр}$ берілген.

5-кестеде берілген мәндерді $l_{пр}$ егер:

1) Н - өрт сөндіру жүктемесінің үстіңгі бетінен бастап, аражабын (жабын) фермаларының төменгі белдеуіне дейінгі минималды арақашықтық, м - 11 м артық болса;

2) егер Н-11 м кем болса, онда шекті арақашықтық $l=l+(11-N)$ сияқты анықтау ұсынылады, мұндағы $l_{пр}$ - 5-кесте бойынша анықтайды.

5-кесте

$q_{кр}$, кВт/м ²	5	10	15	20	25	30	40	50
$l_{пр}$, м	12	8	6	5	4	3,8	3,2	2,8

Өрт сөндіру жүктемесінің кейбір материалдарына арналған мәндер $q_{кр}$ осы қосымшаның 6-кестесінде берілген.

6-кесте

Материал	$q_{кр}$, кВт/м ²
Ағаш (ылғалдылығы 12 % қарағай)	13,9
Ағаш-жаңқалы тақтайлар (тығыздығы 417 кг*м ⁻³)	8,3
Мақта-талшық	7,5
Қабатты икемдік	15,4
Шыныикемдік	15,3
Пергамин	17,4
Резеңке	14,8
Көмір	35,0
Орамды төбе	17,4
Шөп, сабан (8%-ға дейінгі минималды ылғалдылық кезінде)	7,0

Егер өрт сөндіру жүктемесі түрлі материалдардан тұратын болса, онда $q_{кр}$ мәні материал бойынша минималды $q_{кр}$ мәнімен анықталады.

Белгісіз мәндері болатын $q_{кр}$ өрт жүктемесінің материалдары үшін шекті арақашықтар мәні ретінде $l_{кр} \geq 12$ м қабылданады.

ТЖС немесе ЖС тұратын өрт сөндіру жүктемесі үшін, өрт сөндіру жүктемесі орналастырылатын (күю) көршілес учаскелер арасындағы ұсынылатын арақашықтық $l_{кр}$ мынадай формулалар бойынша анықталады:

$$l_{пр} \geq 15 \text{ м, } H \geq 11 \text{ кезінде, (23)}$$

$$l_{пр} \geq 26 - H \text{ } H < 11 \text{ кезінде, (24)}$$

Егер В2 немесе В3 санаттарын анықтау кезінде, 21-формула бойынша анықталған өрт сөндіру жүктемесінің саны Q теңсіздікке жауап беретін болса:

$$Q \geq 0,64 g_T H^2,$$

мұндағы, $g_T = 2200 \text{ МДж*м}^2$, 1401 МДж*м^2 кезінде,

$g \leq 2200 \text{ МДж*м}^2$ және $g_T = 1401 \text{ МДж*м}^2$, 181 МДж*м^2 ішінде

$$g \leq 1401 \text{ МДж*м}^2$$

онда үй-жай тиісінше В1 немесе В2 санаттарына қатысты болады.

5. Сумен, ауа оттегісімен немесе бір-бірімен өзара әрекет өткенде, жарылуға және жануға қабілетті заттар мен материалдар үшін жарылыстың артық қысымын анықтау

23. Сумен, ауа оттегісімен немесе бір-бірімен өзара әрекет өткенде, жарылуға және жануға қабілетті заттар мен материалдар үшін, жарылыстың есептік артық қысымы $DP_Z = 1$ шамалай отырып, жоғарыда берілген әдістеме және өзара әрекет кезінде (өзара әрекеттесу өнімдерінің соңғы қосылысқа дейін жануы ескеріліп) бөлінетін энергия шамасы H_T ретінде немесе табиғи сынауларда тәжірибе бойынша анықталады. DP шамасын анықтау мүмкін болмаған жағдайда, оны 5 кПа асатын етіп қабылдау керек.

6. Құрамында жанғыш газдар (булар) және шаңдар болатын жарылыс қауіпті қоспалар үшін жарылыстың артық қысымын анықтау

24. Құрамында жанғыш газдар (булар) және шаңдар болатын жарылыс қауіпті гибридті қоспалар үшін, жарылыстың есептік артық қысымы DP мынадай формула бойынша анықталады:

$$DP = DP_1 + DP_2 \text{ (25)}$$

мұндағы DP_1 - 8 және 9-тармақтарға сәйкес, жанғыш газ үшін есептелген жарылыс қысымы;

DP₂ - осы қосымшаның 15-тармағына сәйкес, жанғыш шаңдар үшін есептелген жарылыс қысымы.

3-бөлім. Ғимараттардың жарылыс қауіптілігі және өрт қауіптілігі бойынша санаттары

25. Ғимарат егер онда А санатты үй-жайдың жиынтық ауданы барлық үй-жайлар ауданынан немесе 200 м^2 5 %-ға артық болса, А санатына жатады.

Ғимаратты егер А санатты үй-жайдың ғимараттағы жиынтық ауданы онда орналасқан барлық үй-жай ауданының жиынтық ауданының 25 %-ынан аспайтын болса (бірақ 1 мың м^2 артық емес) және осы үй-жайлар автоматты өрт сөндіру қондырғыларымен жабдықталатын болса, А санатына жатқызбауға рұқсат етіледі.

26. Егер мынадай екі жағдай бір мезгілде орындалса, ғимарат Б санатына жатқызылады:

ғимарат А санатына жатпайды;

А және Б санатты үй-жайлардың жиынтық ауданы барлық үй-жайлардың жиынтық ауданының немесе 200 м^2 5 %-ынан асатын болса.

Егер ғимараттағы А және Б санатты үй-жайлардың жиынтық ауданы онда орналасқан барлық үй-жай ауданының жиынтық ауданының 25 %-ынан аспайтын болса (бірақ 1 мың м^2 артық емес) және осы үй-жайлар автоматты өрт сөндіру қондырғыларымен жабдықталатын болса, Б санатына жатқызбауға рұқсат етіледі.

27. Егер мынадай екі жағдай бір мезгілде орындалса, ғимарат В1 - В4 санатына жатады:

ғимарат А немесе Б санаттарына жатпайды;

А, Б және В1- В4 санатты үй-жайлардың жиынтық ауданы барлық үй-жайлардың жиынтық ауданының 5 %-ынан (егер ғимаратта А және Б санатты үй-жайлар болмаса, 10 %) асатын болса.

Егер ғимараттағы А, Б және В1 - В4 санатты үй-жайлардың жиынтық ауданы онда орналасқан барлық үй-жайлардың жиынтық ауданының 25%-ынан аспайтын болса (бірақ $3,5 \text{ мың м}^2$ артық емес) және автоматты өрт сөндіру қондырғыларымен жабдықталған болса, ғимаратты В1 - В4 санатына жатқызбауға рұқсат етіледі.

28. Егер мынадай екі жағдай бір мезгілде орындалса, ғимарат Г санатына жатады:

ғимарат А, Б немесе В1 - В4 санаттарына жатпайды;

А, Б, В1 - В4 және Г санатындағы үй-жайлардың жиынтық ауданы барлық үй-жайлардың жиынтық ауданының 5 %-ынан аспайды.

Егер ғимараттағы А, Б, В1 - В4 және Г санатты үй-жайлардың онда орналасқан барлық үй-жайлардың жиынтық ауданының 25 %-ынан аспайтын болса (бірақ 5 мың м² артық емес) және А, Б, В1 - В4 санатты үй-жайлар автоматты өрт сөндіру қондырғыларымен жабдықталған болса, ғимаратты Г санатына жатқызбауға рұқсат етіледі.

29. Ғимарат егер ол А, Б, В1 - В4 немесе Г санаттарына жатпайтын болса, Д санатына жатады.

4-бөлім. Сыртқы қондырғылардың өрт қауіптілігі бойынша санаттары

30. Сыртқы қондырғылардың өрт қауіптілігі бойынша санаттары осы қосымшаның 7-кестесіне сәйкес қабылданады.

31. Сыртқы қондырғылардың санаттарын анықтау жоғарғыдан (A_n) бастап төменге (D_n) дейін, 7-кестеде берілген санаттарға олардың тиесілігін кезекті тексеру жолымен іске асырылуы керек.

7-кесте

Сыртқы қондырғы санаты	Сыртқы қондырғының өрт қауіптілігі бойынша сол және өзге санаттарға қатынасының критерийлері
A_n (жарылыс-өрт қауіптілігі жоғары)	Қондырғы егер онда жанғыш газдар; тұтану температурасы 28 °С артық болмайтын тез тұтанатын сұйықтықтар; сумен, ауа оттегісімен және бір-бірімен өзара әрекеттесуде жануға қабілетті заттар мен (немесе) материалдар болатын болса (сақталатын, қайта өңделетін, тасымалданатын), аталған заттардың қысым толқынын түзіп ықтимал жануы кезінде жеке қауіптілік шамасы сыртқы қондырғыдан 30 м арақашықтықта жылына 10 ⁻⁶ асатын жағдайда, A_n санатына жатады
B_n (жарылыс-өрт қауіптілігі)	Қондырғы егер онда жанғыш шаңдар және/немесе талшықтар; тұтану температурасы 28 °С артық болатын тез тұтанатын сұйықтықтар болатын болса (сақталатын, қайта өңделетін, тасымалданатын), шаң және (немесе) бу-ауа қоспаларының қысым толқындарын түзіп ықтимал жануы кезінде, сыртқы қондырғыдан 30 м арақашықтықтағы жеке қауіптілік шамасы жылына 10 ⁻⁶ асатын жағдайда, B_n санатына жатады
B_n (өрт қауіптілігі)	Қондырғы егер онда жанғыш және (немесе) жануы қиын сұйықтықтар (оның ішінде шаң және (немесе) талшық); жанғыш қатты және (немесе) жануы қиын заттар және (немесе) сумен, ауа оттегісімен және (немесе) бір-бірімен өзара әрекеттесу кезінде жануға қабілетті материалдар болатын болса (сақталатын, қайта өңделетін, тасымалданатын), A_n немесе B_n санаттарына қондырғыны жатқызуға мүмкіндік беретін критерийлер жүзеге асырылмаса, аталған заттар және (немесе) материалдардың ықтимал жануы кезінде, сыртқы қондырғыдан 30 м арақашықтықта жеке қауіптілік шамасы жылына 10 ⁻⁶ асатын болса, B_n санатына жатады
	Қондырғы егер онда өңдеу процесі сәулелік жылу, ұшқын және (немесе) жалын арқылы жүретін жанбайтын заттар және (немесе) материалдар ыстық, қыздырылған және (немесе) балқытылған күйінде, сондай-ақ отын ретінде жағылатын немесе пайдаға асырылатын

Г _н (орташа өрті қауіптілігі)	жанғыш газдар, сұйықтықтар және (немесе) қатты заттар болатын болса (сақталатын, қайта өңделетін, тасымалданатын), Г _н санатына жатады
Д _н (төменгі өрті қауіптілігі)	Қондырғы егер онда негізінен жанғыш заттар және (немесе) материалдар салқын күйінде болатын болса (сақталатын, қайта өңделетін, тасымалданатын) және жоғарыда аталған санаттар бойынша А _н , Б _н , В _н немесе Г _н санаттарына жатпайтын болса, Д _н санатына жатқызылады

32. Егер деректер болмауына байланысты, жеке қауіптілік шамасын бағалау мүмкін болмайтын жағдайда, оның орнына мынадай критерийлерді пайдалануға рұқсат етіледі:

А_н және Б_н санаттары үшін:

Жалынның төменгі концентрациялық таралу шегінен жоғары газ-бу-ауа қоспаларының жанғыш концентрациясын шектейтін аймақтың көлденең өлшемі (бұдан әрі мәтін бойынша - ЖТҚШ), 30 м асады (аталған критерий тек жанғыш газдар мен булар үшін қолданылады) және (немесе) сыртқы қондырғыдан 30 м арақашықтықта газ-бу немесе шаң-ауа қоспаларының жануы кезіндегі есептік артық қысым 5 кПа асады.

В_н санаты үшін:

Сыртқы қондырғыдан 30 м арақашықтықта В_н санаты үшін көрсетілген заттар және (немесе) материалдардың өрт ошағынан жылулық сәулелену қарқындылығы 4 кВт м² асады.

5-бөлім. Сыртқы қондырғылардың өрт қауіптілігі критерийлерінің мәндерін есептеу әдістері

1. Жанғыш газдар мен булар үшін, өрт қауіптілігі критерийлерінің мәндерін есептеу әдістері. Есептеу нұсқасын таңдау және негіздеу

33. Есептеу нұсқасын таңдауды сол және өзге апаттық оқиғалардың жылдық жүзеге асу жиілігін және зардаптарын ескеріп іске асыру қажет. Жанғыш газдар және булар үшін, өрт қауіптілігі критерийлерін есептеуге арналған есептеу ретінде осы нұсқаны Q_w жылдық жүзеге асыру жиілігі және аталған нұсқаны максималды іске асыру жағдайында, газ-бу-ауа қоспалар жанған кезде, есептік артық қысымды DP апат нұсқасы ретінде қабылдау керек, яғни:

$$G = Q_w * DP = \max (26)$$

G шамасын есептеу мынадай жүйелілікпен жүргізіледі:

1) апаттың түрлі нұсқалары қарастырылады және статистикалық деректерден немесе осы нұсқалардың газ-бу-ауа қоспаларының Q_{wi} жануымен болатын апаттардың жылдық жиілігі негізінде анықталады;

2) қарастырылатын нұсқалардың әрқайсысы үшін, есептік артық қысым мәнінің DP_i төменде баяндалған әдістемесі бойынша анықталады;

3) арасында барынша үлкен мәні болатын G_i нұсқа таңдалып

қарастырылатын апат нұсқаларының әрқайсысы үшін $G_i = Q_{wi} * D^P$ шамалары

есептеледі;

4) өрт қауіптілігінің критерийлерін анықтауға арналған есептеу ретінде G_i шамасы максималды болатын нұсқа қабылданады. Мұндайда атмосфераға шығатын жанғыш газдар мен булар мөлшері осы қосымшаның 35 - 40-тармақтары ескеріліп, қарастырылатын апат сценарийіне байланысты есептеледі.

34. Жоғары сипатталған әдісті есептік ретінде іске асыру мүмкін

болмаған кезде, жанғыш газ-бу-ауа қоспалары құрамында, осы қоспалардың жануы салдарына қатысты барынша қауіпті газдар мен булардың барынша көп мөлшері қатысатын барынша қолайсыз нұсқаны немесе аппараттардың қалыпты жұмыс кезеңін таңдау керек. Бұндай жағдайда, атмосфераға шығатын газдар мен булардың мөлшері осы қосымшаның 35 - 40-тармақтарына сәйкес есептеледі.

35. Жанғыш газ-ауа немесе бу-ауа қоспаларын түзуі мүмкін келіп түсетін заттар мөлшері мынадай алғы шарттарға байланысты анықталады:

1) есептік апат аппараттардың бірінен осы қосымшаның 33 немесе 34-тармақтарына сәйкес жүргізіледі (апаттың есептік нұсқасын анықтауға тәсілдердің қайсысын негіз ретінде қабылдауға байланысты);

2) аппараттың ішіндегісінің бәрі қоршаған кеңістікке келіп түседі;

3) құбыр желілерді сөндіру үшін қажетті уақыт көлемінде тура және кері ағын бойынша аппаратты қоректендіретін құбыр желісіндегі заттардың кемуі бір мезгілде жүргізіледі.

Құбыр желісін сөндірудің есептік уақыты шынайы жағдайға байланысты, әрбір нақты жағдайда анықталады және ілгекті құрылғыларға, технологиялық процестің сипатына және есептік апаттың түріне арналған паспорттық деректер ескеріліп, минималды болуға тиіс.

Құбыр желісін сөндірудің есептік уақытын бірдей деп қабылдау қажет:

егер автоматика жүйелерінің істен шығу ықтималдығы жылына 10^{-6} аспайтын болса немесе оның элементтерін резервте сақтау қамтамасыз етілген болса (бірақ 120 с артық емес), қондырғының паспорттық деректеріне сәйкес құбыр желісін сөндірудің автоматика жүйелерінің іске қосылу уақытын;

егер автоматика жүйелерінің істен шығу ықтималдығы жылына 10^{-6} аспайтын болса немесе оның элементтерін резервте сақтау қамтамасыз етілмеген болса, 120 с;

қолмен сөндіру кезінде 300 с.

Сөндіру уақыты жоғарыда берілген мәндерден асатын, құбыр желісін сөндіруге арналған техникалық құралдарды пайдалануға рұқсат етілмейді.

Ерекше жағдайларда, белгіленген тәртіпте жоғарыда берілген мәндердің құбыр желісін сөндіру уақытынан асуына рұқсат етіледі;

4) төгілген сұйықтықтың бетінен булану жүреді; көлденең бетке төгілген кезде, булану ауданы құрамында 70 % және одан аз (салмағы бойынша) еріткіштер болатын 1 л қоспалар мен ерітінділердің есебіне байланысты анықталады (анықтамалық немесе өзге тәжірибелік деректер болмаған кезде, $0,10 \text{ м}^2$ ауданға төгіледі, ал қалған сұйықтықтар үшін - $0,15 \text{ м}^2$;

5) сондай-ақ сұйықтықтың беті ашық пайдаланылатын сыйымдылықтардан және жаңадан боялған беттерден сұйықтықтардың булануы жүреді;

6) сұйықтықтың булану ұзақтығы оның толық уақытына тең болып қабылданады, бірақ 60 минуттан артық емес.

Ескертпе - "Іске қосылу уақыты" және "сөндірілу уақыты" деген сөздерді құбыр желісінен жанғыш заттардың ықтимал келіп түсуінен бастап (перфорация, үзілу, номиналды қысымның өзгеруі және т.с.с.) қоршаған кеңістікке газдың немесе сұйықтықтың келіп түсуінің толық тоқтауына дейінгі уақыт аралығы деп түсіну керек. Тез әрекет ететін клапан-айырғыштар электрмен жабдықтау жүйесі бұзылған кезде, газдың немесе сұйықтықтың берілуін автоматты түрде тоқтатуға тиіс

36. Есептік апат кезінде қоршаған кеңістікке келіп түсетін газдың салмағы m , кг, мынадай формула бойынша анықталады:

$$m = (V_a + V_T) * \rho_r, \quad (27)$$

мұндағы V_a - аппараттан шыққан газдың көлемі, м^3 ;

V_T - құбыр желісінен шыққан газдың көлемі, м^3 ;

ρ_r - газдың тығыздығы, $\text{кг}/\text{м}^3$.

Мұндайда:

$$V_a = 0,01 * P_1 V, \quad (28)$$

мұндағы P_1 - аппараттағы қысым, кПа;

V - аппараттың көлемі, м^3 ;

$$V_T = V_{1T} + V_{2T}, \quad (29)$$

мұндағы V_{1T} - құбыр желісінен оны сөндіргенге дейін шыққан газдың көлемі, м^3 ;

V_{2T} - құбыр желісіне оны сөндіргеннен кейін шыққан газдың көлемі, м^3 ;

$$V_{1T} = q * T, (30)$$

мұндағы q - құбыр желісіндегі қысымға, оның диаметріне, газды ортаның температурасына байланысты, технологиялық регламентке сәйкес анықталған газ шығыны, m^3/c ;

T - 35-тармақ бойынша анықталған уақыт, с;

$$V_{2r} = 0,01 * \pi * P_2 * (r_1^2 L_1 + r_2^2 L_2 + \dots + r_n^2 L_n), (31)$$

мұндағы P_2 - технологиялық регламент бойынша құбыр желісіндегі максималды қысым, кПа;

r - құбыр желілерінің ішкі радиусы, м;

L - құбыр желісінің апаттық аппараттан бастап ысырмаларға дейінгі ұзындығы, м.

37. Бірнеше булану көздері болатын кезде (төгілген сұйықтықтың беті, жаңа салынған құрамы болатын беті, ашық сыйымдылықтар), қоршаған кеңістікке келіп түсетін сұйықтық буларының салмағы t , кг, мынадай өрнекпен анықталады :

$$m = m_p + m_{сый} + m_{св.окр} + m_{пер}, (32)$$

мұндағы m_p - құю бетінен буланатын сұйықтықтың салмағы, кг;

$m_{емк}$ - ашық сыйымдылықтардың бетінен буланатын сұйықтық салмағы, кг;

$m_{св.окр}$ - қолданылатын құрам салынған беттерден буланатын сұйықтық салмағы, кг;

$m_{пер}$ - қоршаған кеңістікке оны қыздырған кезде буланатын сұйықтық салмағы, кг.

Мұндайда (32) формуласына қосылатындардың (m_p , $m_{емк}$, $m_{св.окр}$) әрқайсысы мынадай өрнектен анықталады:

$$m = W * F_{и} * T, (33)$$

мұндағы W - булану қарқындылығы, $кг/с м^2$;

$F_{и}$ - қоршаған кеңістікке шығатын сұйықтық салмағына m_n байланысты, 35-тармаққа сәйкес анықталатын булану ауданы, $м^2$;

T - қоршаған кеңістікке тез тұтанатын және жанғыш сұйықтықтардың осы қосымшаның 38-тармағына сәйкес, тез тұтанатын және жанғыш сұйықтықтардың келіп түсу ұзақтығы, с.

$m_{пер}$ шамасын мынадай формула бойынша анықтайды ($T_a > T_{кип}$ кезінде):

$$m_{\text{пер}} = \min \left\{ 0,8m_{\text{II}}; \frac{2C_p(T_a - T_{\text{кип}})}{L_{\text{исп}}} m_{\text{II}} \right\},$$

(34)

мұндағы m_{II} - шығатын қыздырылатын сұйықтық салмағы, кг;

C_p - сұйықтықты қыздыру кезіндегі сұйықтықтың меншікті жылу сыйымдылығы T_a , Дж/кг*К;

T_a - технологиялық аппаратта немесе жабдықта технологиялық регламентке сәйкес қыздырылған сұйықтық температурасы, К;

$T_{\text{кип}}$ - сұйықтықтың қалыпты қайнау температурасы, К;

$L_{\text{исп}}$ - сұйықтықты қыздыру кезіндегі буланудың меншікті жылуы T_a , Дж/кг

Егер апатты жағдай сұйықтықтың қыздырылған күйінде ықтимал келіп түсуімен байланысты болса, онда ол олардың жұмысының ұзақтығына байланысты, қыздыру құрылғыларынан келіп түсетін сұйықтықтың қосымша қосылатын жалпы салмағы ескеріліп, (32) формуласында ескерілуге тиіс.

38. Шығатын сұйықтықтың салмағы m_{II} , кг, осы қосымшаның 35-тармағына сәйкес анықталады.

39. Булану қарқындылығы W анықтамалық және тәжірибелік деректер бойынша анықталады. Деректер болмаған кезде, қыздырылмаған ТЖС үшін W мынадай формула бойынша есептеуге рұқсат етіледі:

$$W = 10^{-6} \cdot \sqrt{M} \cdot P_H,$$

(35)

мұндағы M - молярлық масса, г/моль;

P_H - анықтамалық деректер бойынша анықталған сұйықтықтың есептік температурасы кезіндегі қаныққан бу қысымы, кПа.

40. Деректер болмаған кезде, сұйытылған көміртекті газдар үшін (бұдан әрі мәтін бойынша - СКГ) ағызудан буланатын СКГ $m_{\text{СУГ}}$ меншікті салмағын мынадай формула бойынша есептеуге рұқсат етіледі, кг/м²:

$$m_{\text{СУГ}} = \frac{M}{L_{\text{исп}}} \cdot (T_0 - T_{\text{ж}}) \cdot \left(2 \cdot \lambda_{\text{ТВ}} \cdot \sqrt{\frac{t}{\pi a}} + \frac{5,1 \cdot \sqrt{\text{Re}} \cdot \lambda_{\text{Б}} \cdot t}{d} \right),$$

(36)

мұндағы M - молярлық масса СУГ, кг/моль;

$L_{исп}$ - СКГ $T_{ж}$ бастапқы температура кезіндегі мольдік булану жылуы, Дж/моль;

T_0 - бетіне СКГ төгілетін материалдың бастапқы температурасы, К;

$T_{ж}$ - СКГ бастапқы температурасы, К;

$\lambda_{ТВ}$

- бетіне СКГ төгілетін материалдың жылу өткізгіштік коэффициенті, Вт/мК;

$$\alpha = \frac{\lambda_{ТВ}}{C_{ТВ} \cdot \rho_{ТВ}}$$

- бетіне СКГ төгілетін материалдың температура өткізгіштік коэффициенті, м²/с ;

$C_{ТВ}$ - бетіне СКГ төгілетін материалдың жылу сыйымдылығы, Дж/кг*К;

$\rho_{ТВ}$ - бетіне СКГ төгілетін материалдың тығыздығы, кг/м³ ;

t - СКГ толық булану уақытына тең болып қабылданатын ағымдағы уақыт, с, бірақ 60 минуттан артық емес;

$$Re = \frac{Ud}{\nu_B}$$

- Рейнольдс саны;

U — ауа ағынының жылдамдығы, м/с;

$$d = \sqrt{\frac{4F_H}{\pi}}$$

- СКГ ағызудың сипатты өлшемі, м;

ν_B - ауаның кинематикалық тұтқырлығы, м²/с;

λ_B

- ауаның жылу өткізгіштік коэффициенті, Вт/м*К.

(36) формуласы температурасы $T_{ж} \leq T_{кип}$ болатын СКГ үшін қолданылады.

СКГ $T_{ж} \geq T_{кип}$ температурасы кезінде (34) формуласы бойынша қыздырылған СКГ $m_{пер}$ салмағы қосымша есептеледі.

2. Жанғыш газдардың және тез тұтанатын сұйықтықтардың қыздырылмаған буларының ашық кеңістікке апаттық келіп түсуі кезінде,

НКПР жоғары ыстық концентрациясы болатын газ және бу-ауа қоспасын шектейтін аймақтардың көлденең өлшемдерін есептеу

41. Жалынның төменгі концентрациялық таралу шегінен ($C_{\text{нкпр}}$) асатын концентрациялар аумағын шектейтін аймақтардың көлденең өлшемдерін, м, мынадай формулалар бойынша есептейді:

1) жанғыш газдар (ЖГ) үшін:

$$R_{\text{НКПР}} = 14,5632 \cdot \left(\frac{m_{\text{Г}}}{\rho_{\text{Г}} \cdot C_{\text{НКПР}}} \right)^{0,333}$$

(37)

2) қыздырылмаған тез тұтанатын сұйықтықтардың (ТЖС) булары үшін:

$$R_{\text{НКПР}} = 3,1501 \cdot \sqrt{K} \cdot \left(\frac{P_{\text{Н}}}{C_{\text{НКПР}}} \right)^{0,813} \cdot \left(\frac{m_{\text{П}}}{\rho_{\text{П}} \cdot P_{\text{Н}}} \right)^{0,333}$$

(38)

$$\rho_{\text{П}} = \frac{M}{V_0 \cdot (1 + 0,00367 \cdot t_p)}$$

мұндағы $m_{\text{Г}}$ - апатты жағдай кезінде ашық кеңістікке келіп түсетін ЖГ салмағы, кг;

$\rho_{\text{Г}}$ - есептік температура және атмосфералық қысым кезіндегі ЖГ тығыздығы, кг/м³;

$m_{\text{П}}$ - толық булану уақытында ашық кеңістікке келіп түсетін ТЖС буларының салмағы, кг;

$\rho_{\text{П}}$ - есептік температура және атмосфера қысымы кезінде ЖТС буының тығыздығы, кг/м³;

$P_{\text{Н}}$ - есептік температура кезіндегі ЖТС қаныққан буының қысымы, кПа;

K - ЖТС үшін $K = T/3600$ тең қабылданатын коэффициент;

T - ЖТС буының ашық кеңістікке түсу ұзақтығы, с;

$C_{\text{нкпр}}$ - ЖГ жалыны немесе ЖТС буы таралудың концентрациялық төменгі шегі, % (об.);

M - молярлық масса, кг/кмоль;

V_0 - 22,413 м³/кмоль тең мольдік көлемі;

t_p - есептік температурасы, °С.

Есептік температура ретінде сәйкес климаттық аймақтағы ауаның максималды ықтимал температурасы немесе апатты жағдайда температураның ықтимал жоғарылауын ескеріп технологиялық регламент бойынша ауаның максималды ықтимал температурасын қабылдаған дұрыс. Егер есептік температураның t_p бұндай мәнін қандай да бір себептер бойынша анықтау мүмкін болмаса оны 61°C тең қабылдауға рұқсат етіледі.

42. Есептеу басында аймақтың көлденең өлшемі деп аппарат, қондырғы, құбыржолдың сыртқы габариттік өлшемдерін қабылдайды. Барлық жағдайда ЖГ және ЖТС үшін $R_{\text{нкпр}}$ мәні $0,3$ м кем болмауға тиіс.

3. Артық қысым және қысым толқыны лүпілінің ашық кеңістікте жанғыш газ және будың ауамен жануы кезіндегі есебі

43. Апаттың қаралып отырған сценарийіне сүйеніп осы қосымшаның 35 - 40-тармақтарына сәйкес технологиялық аппараттан атмосфераға шығатын жанғыш газ және (немесе) будың салмағы m , кг анықталады.

44. Газбуауа қоспасы жанған кезде дамитын артық қысым шамасы DP , кПа мына формула бойынша анықталады

$$DP = P_0 * (0,8 m_{\text{пр}}^{0,33} / r^2 + 5m_{\text{пр}} / r^3), \quad (39)$$

мұндағы P_0 - атмосфералық қысым, кПа (101 кПа тең қабылдауға рұқсат етіледі);

r - газбуауа бұлтының геометриялық ортасынан бастап қашықтық, м;

$m_{\text{пр}}$ - газ немесе будың келтірілген салмағы кг, мына формула бойынша анықталады

$$m_{\text{пр}} = (Q_{\text{сг}} / Q_0) \cdot m \cdot Z, \quad (40)$$

мұндағы $Q_{\text{сг}}$ - газ немесе будың жануының меншікті жылуы, Дж/кг;

Z - $0,1$ тең қабылдау рұқсат етілетін жанудағы жанғыш газ және будың катысу коэффициенті;

Q_0 - $4,52 \cdot 10^6$ Дж/кг тең константа;

m - апат нәтижесінде қоршаған кеңістікке түсетін жанғыш газ және (немесе) бу салмағы, кг.

45. Қысым толқыны лүпілінің шамасын i , Па*с, мына формула бойынша анықтайды

$$i = 123 \cdot m_{\text{пр}}^{0,66} / r \quad (41)$$

4. Жанғыш тозақ үшін өрт қауіптілігі критерийі мәнін есептеу әдісі

46. Жанғыш тозаң үшін өрт қауіптілігі критерийлерін анықтау үшін апаттың есептік нұсқасы ретінде апаттың аса қолайсыз нұсқасын немесе тозаң-ауа қоспасын жанған кезде осындай жану салдарына қатысты аса қауіпті заттар немесе материалдардың көп саны қатысатын аппараттың қалыпты жұмыс кезеңін таңдаған жөн.

47. Жанғыш тозаң-ауа қоспасын жасауы мүмкін түскен заттар мөлшері есептік апат кезінде аппараттағы тозаң болған қоршаған кеңістікке апатты шығарынды түскен технологиялық аппараттың бірінен жоспарлы (жөндеу жұмыстары) немесе кенеттен қымтақтауы ашылғаны туралы алдыңғы жағдайға сүйене отыра анықталады.

48. Есептік апат кезінде қоршаған кеңістікке түскен тозаңның есептік салмағы мына формула бойынша анықталады

$$M = M_{вз} + M_{ав}, \quad (42)$$

мұндағы M - қоршаған кеңістікке түсетін жанғыш тозаңның есептік салмағы, кг,

$M_{вз}$ - құйындаған тозаңның есептік салмағы, кг;

$M_{ав}$ - апатты жағдай нәтижесінде түскен тозаңның есептік салмағы, кг.

49. $M_{вз}$ шамасы мына формула бойынша анықталады

$$M_{вз} = K_{г} \cdot K_{вз} \cdot M_{п}, \quad (43)$$

мұндағы $K_{г}$ - тозаң жиналудың жалпы салмағындағы жанғыш тозаң үлесі;

$K_{вз}$ - апатты жағдай нәтижесінде өлшенген күйге өтуге қабілетті аппаратқа жақын жиналған тозаң үлесі. $K_{вз}$ шамасы туралы эксперименттік деректер болмаған жағдайда $K_{вз} = 0,9$ қабылдауға рұқсат етіледі;

$M_{п}$ - апат сәтінде аппаратқа жақын орналасқан жиналған тозаң салмағы, кг.

50. $M_{ав}$ шамасы мына формула бойынша анықталады

$$M_{ав} = (M_{ан} + q \cdot T) \cdot K_{п}, \quad (44)$$

мұндағы $M_{ан}$ - технологиялық аппараттың қымтақтығы алынған кезде қоршаған кеңістікке шығарылатын жанғыш тозаң салмағы, кг;

Ескертпе - Инженерлік құрылғы тозаңын шектейтін шығарынды болмаған кезде есептік апат сәтінде аппараттың барлық тозаңы қоршаған ортаға апатты шығатынын болжаған жөн.

q - тозаң тәрізді заттардың құбыржол бойымен оларды ажыратқанға дейін апатты аппаратқа түсуі жалғасатын өнімділігі, кг/с;

T - нақты жағдайға сүйене отыра әрбір нақты жағдайда анықталатын ажыратудың есептік уақыты. Ажыратудың есептік уақыты егер оның істен шығу

ықтималдығы жылына 10^{-6} аспаса немесе оның элементтерін резервтеу қамтамасыз етілсе (алайда 120 с аспаса) автоматика жүйесінің іске қосылу уақытына тең қабылданады.

120 с - егер жүйенің жұмыс істемеу ықтималдығы жылына 10^{-6} артады және оның элементтерінің сақталуы қамтамасыз етілмеген;

300 с - қолмен ажыратқан кезде;

K_n - шаңның ауада өлшенген салмағын аппараттан түскен шаңның барлық салмағына қатынасын көрсететін шандану коэффициенті. K_n шамасы туралы экспериментальды деректер болмаған жағдайда мыналарды қабылдауға рұқсат етіледі:

1) 0,5 - майдалығы 350 мкм кем емес шаңдар үшін;

2) 1,0 - майдалығы 350 мкм кем шаңдар үшін.

51. Жанатын шаңдар үшін DP артық қысым мынадай тәртіппен анықталады:

1) $m_{пр}$, жанатын шаңның келтірілген салмағы мына формула бойынша анықталады, кг.

$$m_{пр} = M \cdot Z \cdot N_T / N_{TO}, \quad (45)$$

мұндағы M - апат нәтижесінде қоршаған ортадағы жанатын шаңның салмағы, кг;

Z - мәнін 0,1 тең қабылдауға рұқсат етілетін, жанудағы шаңның болуы коэффициенті.

Жеке негізделген жағдайларда 2 кем дегенде 0,02 дейін түсуі мүмкін.

N_T - шаңның жану жылулығы, Дж/кг;

N_{TO} - $4,6 \cdot 10^6$ Дж/кг тең қабылданатын тұрақты шам;

2) DP есептік артық қысым мына формула бойынша анықталады, кПа.

$$DP = P_0 \cdot (0,8m_{пр}^{0,33} / r + 3m_{пр}^{0,66} / r^2 + 5m_{пр} / r^3), \quad (46)$$

мұндағы r - шаңды - ауа бұлттың ортасының арақашықтығы, м.

технологиялық қондырғының геометриялық ортасынан r шамасын есептеуге рұқсат етіледі;

P_0 - атмосфералық қысым, кПа.

52. i қысымының толқын импульсі шамасын мына формула бойынша есептейді, Па.

$$i = 123 \cdot m_{пр}^{0,66} / r. \quad (47)$$

5. Жылу сәулеленуінің қарқындылығын есептеу әдісі

53. Жылу сәулеленуінің қарқындылығы өрттің екі жағдайы үшін анықталады (немесе олардың осы технологиялық қондырғыда жүзеге асырылатындардың біреуі үшін):

ЖТС, ЖС ағызу өрті немесе қатты жанатын материалдардың (шаңның жануын қоса) жануы;

"Жалынды шар" - сұйыққойма ішіндегісі тұтануымен қысым астында жанатын сұйықтығы немесе газы болатын сұйыққойманың үзіліс кезінде тарайтын ірі көлемді диффузиялық жану.

Егер екі жағдайда болуы мүмкін болса, онда өрт қауіптілігі критерийі мәндерін бағалау кезінде жылу сәулеленуі қарқындылығының екі шамаларының үлкені ескеріледі.

54. Сұйықтық ағызу өрті үшін немесе қатты материалдардың жану кезінде q жылу сәулеленуінің қарқындылығы мына формула бойынша есептеледі, кВт/м^2 .

$$q = E_f \cdot F_q \cdot t, \quad (48)$$

мұндағы E_f — жалынның жылу сәулеленуінің орташа беттік тығыздығы, кВт/м^2 ;

F_q - сәулеленудің бұрыштық коэффициенті;

t - атмосфераның өткізу коэффициенті.

E_f мәні бар экспериментальды деректер негізінде қабылданады. Кейбір сұйық көмірсутекті отын үшін көрсетілген деректер осы қосымшаның 8-кестесінде келтірілген.

Деректер болмаған жағдайда E_f шамасын мыналарға тең қабылдауға рұқсат етіледі:

- 1) СУГ үшін - 100 кВт/м^2 ,
- 2) мұнай өнімдері үшін - 40 кВт/м^2 ,
- 3) қатты материалдары үшін - 40 кВт/м^2 .

8-кесте

Ошақ диаметріне қарай жылу сәулеленуінің орташа беттік тығыздығы және кейбір көмірсутекті отын үшін жанудың меншікті салмақтық жылдамдығы

Отын	$E_f, \text{кВт/м}^2$					M $\text{кг/м}^2 \cdot \text{с}$
	d= 10 м	d=20 м	d=30 м	d=40 м	d=50 м	
СПГ (Метан)	220	180	150	130	120	0,08
СУГ (Пропан-бутан)	80	63	50	43	40	0,10

Бензин	60	47	35	28	25	0,06
Дизельді отын	40	32	25	21	18	0,04
Мұнай	25	19	15	12	10	0,04

Ескертпе — 10 м кем немесе 50 м артық ошақ диаметрі үшін сәйкесінше диаметрі 10 м және 50 м болатын ошаққа арналған сияқты сондай E_f шамасын қабылдау керек.

Ағызудың тиімді d диаметрі мына формула бойынша есептеледі, м.

$$d = \sqrt{\frac{4 \cdot F}{\pi}},$$

(49)

мұндағы F - ағызу ауданы, m^2 .

Жалынның H биіктігі мына формула бойынша есептеледі, м.

$$H = 42d \left(\frac{M}{\rho_B \cdot \sqrt{g \cdot d}} \right)^{0,61}$$

(50)

мұндағы M - отын жанып кетудің меншікті салмақтық жылдамдығы, $kg/m^{2*} \cdot c$;

ρ_B - қоршаған ауаның тығыздығы, kg/m^3 ;

$g = 9,81 m/c^2$ - еркін түсу үдеуі.

Сәулеленудің бұрыштық коэффициенті F_q мына формула бойынша анықталады:

$$F_q = \sqrt{F_V^2 + F_H^2},$$

(51)

мұндағы F_V , F_H - мына өрнектер көмегімен сәйкесінше анықталатын тік және жатық аудандарға арналған сәулелену факторлары:

$$F_V = \frac{1}{\pi} \cdot \left[\frac{1}{S} \cdot \arctg \left(\frac{h}{\sqrt{S^2 - 1}} \right) - \frac{h}{S} \cdot \left\{ \arctg \left(\sqrt{\frac{S-1}{S+1}} \right) - \frac{A}{\sqrt{A^2 - 1}} \cdot \arctg \left(\sqrt{\frac{(A+1)(S-1)}{(A-1)(S+1)}} \right) \right\} \right]$$

(52)

$$F_H = \frac{1}{\pi} \cdot \left[\frac{(B-1/S)}{\sqrt{B^2 - 1}} \cdot \arctg \left(\sqrt{\frac{(B+1)(S-1)}{(B-1)(S+1)}} \right) - \frac{(A-1/S)}{\sqrt{A^2 - 1}} \cdot \arctg \left(\sqrt{\frac{(A+1)(S-1)}{(A-1)(S+1)}} \right) \right]$$

(53)

$$A = (h^2 + S^2 + 1)/(2S); \quad (54)$$

$$B = (1 + S^2)/(2S); \quad (55)$$

$$S = 2r/d; \quad (56)$$

$$h = 2H/d, \quad (57)$$

мұндағы r - ағызудың геометриялық ортасынан сәулеленетін объектіге дейінгі арақашықтығы, м.

Атмосфераның өткізу коэффициенті мына формула бойынша анықталады

$$t = \exp[-7,0 \cdot 10^{-4} \cdot (r - 0,5d)]. \quad (58)$$

55. "Жалынды шар" үшін q жылу сәулелену қарқындылығы (48) формула бойынша есептеледі

E_f шамасы бар экспериментальды деректер негізінде анықталады. E_f шамасы 450 кВт/м² деп қабылдануға рұқсат етіледі.

F_q мәні мына формула бойынша есептеледі.

$$F_q = \frac{H/D_s + 0,5}{4 \cdot [(H/D_s + 0,5)^2 + (r/D_s)^2]^{1,5}},$$

(59)

мұндағы H - "жалынды шар" ортасының биіктігі, м;

D_s - "жалынды шар" тиімді диаметрі, м;

r - сәулеленетін объектіден тікелей "жалынды шар" ортасының астындағы жердің бетіндегі нүктесіне дейінгі арақашықтығы, м.

"Жалынды шар" тиімді D_s диаметрі мына формула бойынша анықталады

$$D_s = 5,33 m^{0,327}, \quad (60)$$

мұндағы m - жанатын заттың салмағы, кг.

H шамасы арнайы зерттеу барысында анықталады. H шамасын $D_s / 2$ тең деп қабылдауға рұқсат етіледі.

"жалынды шардың" болу уақыты i , мына формула бойынша анықталады, с

$$t_s = 0,92 m^{0,303} \quad (61)$$

атмосфераның өткізу коэффициенті t мына формула бойынша есептеледі

$$t = \exp[-7,0 \cdot 10^{-4} \cdot (\sqrt{r^2 + H^2} - D_s / 2)]$$

(62)

6-бөлім. Жарылыста қыздырылмаған жеңіл тұтанатын сұйықтық буы және жанғыш газдың қатысуының Z коэффициенті мәнін анықтау бойынша есептеу әдісі

Z коэффициентін анықтау бойынша есептеу әдісі мына өрнектердің шарттары сақталған жағдайда қолданылуға тиіс:

$100 m/(P_{г,п} V) < 0,5 C_{нкпр}$, мұндағы $C_{нкпр}$ - газ немесе бу жалыны таралуының төменгі концентрациялық шегі, % (айн.), сондай-ақ ұзындығының еніне қатынасы 5 артық емес тік бұрышты параллелепипед форма түріндегі үй-жайлар үшін.

56. Берілген мәнділік деңгейінде $Q (C > \bar{C})$

) жарылыстағы жанатын газдардың және жеңіл тұтанатын сұйықтық буларының Z коэффициенті мына формулалар бойынша есептеледі:

$X_{нкпр} \leq L/2$ және $Y_{нкпр} \leq S/2$ кезде

$$Z = \frac{5 \cdot 10^{-3} \pi}{m} \rho_{г,п} \left(C_0 + \frac{C_{нкпр}}{\delta} \right) X_{нкпр} Y_{нкпр} Z_{нкпр}$$

(63)

$$Z = \frac{5 \cdot 10^{-3} \pi}{m} \rho_{г,п} \left(C_0 + \frac{C_{нкпр}}{\delta} \right) F Z_{нкпр}$$

(64)

мұндағы C_0 - экспонентті көбейткіш мыналарға тең, % (айн.):

1) жанатын газдар үшін ауаның қозғалысы болмаған кезде

$$C_0 = 3,77 \cdot 10^3 \frac{m}{\rho_{г,п} V_{\alpha}}$$

(65)

2) жанатын газдар үшін ауа ортасының қозғалысы кезінде

$$C_0 = 3 \cdot 10^2 \frac{m}{\rho_{г,п} V_{\alpha} U}$$

(66)

3) жеңіл тұтанатын сұйықтық булары үшін ауа ортасының қозғалысы болмаған кезде

$$C_0 = C_H \left(\frac{m \cdot 100}{C_H \rho_H V \alpha} \right)^{0,41},$$

(67)

4) жеңіл тұтанатын сұйықтық булары үшін ауа ортасының қозғалысы кезінде

$$C_0 = C_H \left(\frac{m \cdot 100}{C_H \rho_H V \alpha} \right)^{0,46},$$

(68)

Мұндағы, m - үй-жайлар ауданына кіретін газдар немесе ЖТС буларының салмағы, кг;

–

δ

- берілген мәнділік деңгейіндегі Q ($C > C$) концентрацияның рұқсат етілетін ауытқулары, олардың мәні осы қосымшаның 9-кестесінде келтірілген;

$X_{\text{нкпр}}$, $Y_{\text{нкпр}}$, $Z_{\text{нкпр}}$ - жалын таралуының төменгі концентрациялық шегімен шектелген газ немесе будың кіру көзінен X , Y және Z осьтерінің арақашықтығы сәйкесінше (72 - 74) формулалар бойынша анықталады;

L , S - тиісті үй-жайлар ұзындығы мен ені, м;

F - тиісті үй-жайлар еденінің ауданы, м²;

U - ауа ортасының қозғалысы, м/с;

C_H - үй-жайлардағы ауаның есептік температурасы t_p кезіндегі қаныққан булардың концентрациясы, % (айн.).

C_H концентрациясы мына формула бойынша анықталады.

$$C_H = 100 \frac{P_H}{P_0}$$

(69)

мұндағы P_H - есептік температура кезіндегі қаныққан булардың қысымы (анықтамалық оқулықтарда болады), кПа;

P_0 - 101 кПа тең атмосфералық қысым.

9-кесте


Концентрацияны бөлу сипаты	Q (C>C')	б
Ауа ортасының қозғалысы болмаған кездегі жанатын газдар үшін	0,1	1,29
	0,05	1,38
	0,01	1,53
	0,003	1,63

	0,001	1,70
	0,000001	2,04
Ауа ортасының қозғалысы кезіндегі жанатын газдар үшін	0,1	1,29
	0,05	1,37
	0,01	1,52
	0,003	1,62
	0,001	1,70
	0,000001	2,03
Ауа ортасының қозғалысы болмаған кездегі жеңіл тұтанатын сұйықтық булары үшін	0,1	1,19
	0,05	1,25
	0,01	1,35
	0,003	1,41
	0,001	1,46
	0,000001	1,68
Ауа ортасының қозғалысы кезіндегі жеңіл тұтанатын сұйықтық булары үшін	0,1	1,21
	0,05	1,27
	0,01	1,38
	0,003	1,45
	0,001	1,51
	0,000001	1,75

$Q (C > C')$ мәнділік деңгейінің шамасы технологиялық процесс ерекшеліктеріне негізделі отырып таңдалады.

$Q (C > C')$ 0,05 тең қабылдауға рұқсат етіледі.

57. Жарылыстағы жеңіл тұтанатын сұйықтық буларының қатысуы Z коэффициентінің шамасы мына суретте келтірілген график бойынша анықталуы мүмкін.



X мәні мына формула бойынша анықталады

$$X = \begin{cases} C_H / C^*, & \text{егер } C_H \leq C^*; \\ 1, & \text{егер } C_H > C^*, \end{cases}$$

(70)

мұндағы C^* - қатынасымен берілетін шама

$$C^* = \varphi C_{ст},$$

(71)

мұндағы

φ

- 1.9 тең қабылданатын артық жанудың тиімді коэффициенті.

58. $X_{нкпр}$, $Y_{нкпр}$ және $Z_{нкпр}$ арақашықтығы мына формулалар бойынша есептеледі:

$$X_{нкпр} = K_1 L \left(K_2 \ln \frac{\delta C_0}{C_{нкпр}} \right)^{0.5}$$

(72)

$$Y_{нкпр} = K_1 S \left(K_2 \ln \frac{\delta C_0}{C_{нкпр}} \right)^{0.5}$$

(73)

$$Z_{\text{нкпр}} = K_3 H \left(K_2 \ln \frac{\delta C_0}{C_{\text{нкпр}}} \right)^{0,5}$$

(74)

мұндағы K_1 - жанатын газ үшін 1,1314 тең және жеңіл тұтанатын сұйықтық үшін 1,1958 тең қабылданатын коэффициент;

K_2 - жанатын газдар үшін 1 тең және жеңіл тұтанатын сұйықтық үшін $K_2 = T / 3600$ тең деп қабылданатын коэффициент;

K_3 - мыналарға тең қабылданатын коэффициент:

- 1) 0,0253 - ауа ортасының қозғалысы болмаған кездегі жанатын газдар үшін;
- 2) 0,02828 - ауа ортасының қозғалысы кезіндегі жанатын газдар үшін;
- 3) 0,04714 - ауа ортасының қозғалысы болмаған кездегі жеңіл тұтанатын сұйықтықтар үшін;

4) 0,3536 - ауа ортасының қозғалысы кезіндегі жеңіл тұтанатын сұйықтықтар үшін;

H - үй-жайлар биіктігі, м.

$X_{\text{нкпр}}$, $Y_{\text{нкпр}}$ және $Z_{\text{нкпр}}$ арақашықтығы логарифмдердің теріс мәндері кезінде 0 тең қабылданады.

7-бөлім. Жеке қауіпті бағалау әдісі

59. Осы әдіс газды-булы-шаңды ауа қоспалары жану кезінде тарайтын артық қысым және заттар мен материалдар жану кезіндегі жылу сәулесі сияқты осындай зиян келтіретін факторлардың пайда болуы кезінде сыртқы қондырғылардағы жеке қауіп-қатер (бұдан әрі мәтін бойынша - қауіп-қатер) шамасын есептеу үшін қолданылады.

60. Газды-булы-шаңды ауа қоспаларының жану кезінде R_B жеке қауіп-қатер шамасы мына формула бойынша есептеледі.

$$R_B = \sum_{i=1}^n Q_{B_i} \cdot Q_{B_{\text{ж}}}$$

(75)

мұндағы Q_{B_i} - сыртқы қондырғыларда қарастырылатын газды-булы-шаңды қоспалардың жануымен i -апат болуының жылдық жиілігі, 1/жыл;

$Q_{впi}$ - i -типті көрсетілген апаттың болуы кезіндегі артық қысымымен сыртқы қондырғыдан берілген арақашықтықта болатын адамның зақымдалуы шартты ықтималдығы;

n - қарастырылатын апат типтерінің саны.

$Q_{вi}$ мәндері статистикалық деректер арқылы немесе белгіленген тәртіппен бекітілген нормативтік құжаттарда көрсетілген әдістемелер негізінде анықталады. (75) формулада тек бір жағымсыз апатты ескеруге рұқсат етіледі, $Q_{в}$ шамасы үшін белгіленген тәртіппен бекітілген нормативтік құжаттар бойынша сыртқы қондырғыдағы газды-булы немесе шаңды-қоспалардың жануымен өрт шығуының жылдық жиілігіне тең қабылданады, ал $Q_{вп}$ мәні осы қосымшаның 34-40 тармақтарына сәйкес атмосфераға шығатын жанатын заттардың салмағына негізделі отырып анықталады.

61. $В_{н}$ санаты үшін осы қосымшаның 7-кестесінде көрсетілген заттар мен материалдардың болуы мүмкін жану кезіндегі жеке қауіп-қатердің шамасы мына формула бойынша есептеледі.

$$R_{в} = \sum_{i=1}^n Q_{вi} \cdot Q_{впi},$$

(76)

мұндағы Q_{fi} - i -типті апат кезінде сыртқы қондырғыларда қарастырылатын өрт шығуының жылдық жиілігі, 1/жыл;

$Q_{fпi}$ - i -типті апат тарау кезінде жылу сәулеленуімен сыртқы қондырғылардан берілген қашықтықта болатын адамның зақымдалудың шартты ықтималдығы;

n - қарастырылатын апат типтерінің саны.

Q_{fi} мәні статистикалық деректер арқылы немесе белгіленген тәртіппен бекітілген нормативтік құжаттарда көрсетілген әдістеме негізінде анықталады.

(76) формулада (75) формулада тек бір жағымсыз апатты ескеруге рұқсат етіледі, Q_{f} шамасы үшін белгіленген тәртіппен бекітілген нормативтік құжаттар бойынша сыртқы қондырғыдағы газды булы немесе шаңды-қоспалардың жануымен өрт шығуының жылдық жиілігіне тең қабылданады, ал $Q_{fп}$ мәні осы қосымшаның 34-40 тармақтарына сәйкес атмосфераға шығатын жанатын заттардың салмағына негізделі отырып анықталады.

62. Эпиорталықтан r қашықтықта газды-булы немесе шаңды ауа қоспаларының жану кезінде адамның артық қысымымен зақымдалуының $Q_{впi}$ шартты ықтималдығы осылайша анықталады:

1) DP артық қысымы және i импульсі осы қосымшаның 5-бөлімінде көрсетілген әдістері бойынша анықталады;

2) DP және i мәндеріне негізделе отырып Pr функциясының шамасы мына формула бойынша анықталады.

$$Pr = 5 - 0,26 \ln(V), \quad (77)$$

мұндағы,

$$V = \left(\frac{17500}{\Delta P} \right)^{8,4} + \left(\frac{290}{i} \right)^{9,3},$$

(78)

мұндағы DP - артық қысым, Па;

i - қысым толқынының импульсі, Па*с;

осы қосымшаның 10-кестесіне сәйкес адам зақымдалуының шартты ықтималдығы анықталады.

Мысалы, Pr = 2,95 шамасы кезде $Q_{вп}$ газды-булы-шаңды қоспалардың жану кезіндегі артық қысыммен адам зақымдалуының шартты ықтималдығы 2% немесе 0,02 құрайды, Pr = 8,09 шамасы кезінде $Q_{вп}$ газды-булы-шаңды қоспалардың жану кезіндегі артық қысыммен адам зақымдалуының шартты ықтималдығы 99,9 % немесе 0,999 құрайды.

63. Адамның жылу сәулесімен зақымдалуының шартты ықтималдығы $Q_{пi}$ мынадай тізбектілікпен анықталады:

1) Pr шамасы мына формула бойынша анықталады

$$Pr = -14,9 + 2,56 \ln(t \cdot q^{1,33}) \quad (79)$$

мұндағы t - тізілу тәртібінің тиімді уақыты, с;

q - жылу сәулесінің қарқындылығын есептеу әдісіне сәйкес анықталатын жылу сәулеленуінің қарқындылығы кВт/м².

t шамасы ЖТС, ЖС және қатты материалдардың ағызу өрті үшін анықталады:

$$t = t_0 + x/u \quad (80)$$

мұндағы t_0 - өртті байқаудың өзіндік уақыты, с, ($t = 5$ с тең қабылдануға рұқсат етіледі);

x - адамның тұрған жерінен жылу сәулесінің қарқындылығы 4 кВт/м², аспайтын аймаққа дейінгі арақашықтығы, м;

u - адамның қозғалу жылдамдығы, м/с ($u = 5$ м/с қабылдауға рұқсат етіледі);

жылу сәулеленуінің қарқындылығын ептеу әдістеріне сәйкес "жалынды шардың" әсері үшін;

2) адамның жылу сәулесімен зақымдалуының Q_{Π} шартты ықтималдығы осы қосымшаның 10-кестесінде келтірілген мәндерді ескере отырып, анықталады.

64. Егер қарастырылатын технологиялық қондырғылар үшін ағызу өрті сияқты, "жалынды шар" мүмкін болса, онда (76) формулада жоғарыда көрсетілген типті апаттарда көрсетілгендер ескеріледі.

10-кесте

R_г шамасына қарай адамның зақымдануының шартты ықтималдылық мәні

Зақымдалудың шартты ықтималдығы, %	R _г шамасы									
	0	1	2	3	4	5	6	7	8	9
0	-	2,67	2,95	3,12	3,25	3,36	3,45	3,52	3,59	3,66
10	3,72	3,77	3,82	3,90	3,92	3,96	4,01	4,05	4,08	4,12
20	4,16	4,19	4,23	4,26	4,29	4,33	4,36	4,39	4,42	4,45
30	4,48	4,50	4,53	4,56	4,59	4,61	4,64	4,67	4,69	4,72
40	4,75	4,77	4,80	4,82	4,85	4,87	4,90	4,92	4,95	4,97
50	5,00	5,03	5,05	5,08	5,10	5,13	5,15	5,18	5,20	5,23
60	5,25	5,28	5,31	5,33	5,36	5,39	5,41	5,44	5,47	5,50
70	5,52	5,55	5,58	5,61	5,64	5,67	5,71	5,74	5,77	5,81
80	5,84	5,88	5,92	5,95	5,99	6,04	6,08	6,13	6,18	6,23
90	6,28	6,34	6,41	6,48	6,55	6,64	6,75	6,88	7,05	7,33
-	0,00	0,10	0,20	0,30	0,40	0,50	0,60	0,70	0,80	0,90
99	7,33	7,37	7,41	7,46	7,51	7,58	7,65	7,75	7,88	8,09

"Өрт қауіпсіздігіне қойылатын жалпы талаптар" техникалық регламентіне
4-қосымша
1-кесте

Өртке қарсы кедергілердің отқа төзімділік шегі

Өртке қарсы кедергілердің атауы	Өртке қарсы кедергілердің типі	Өртке қарсы кедергілердің отқа төзімділік шегі, кем емес	Өртке қарсы кедергілердегі ойықтарды толтыру типі	Тамбур-шлюз типі
Қабырғалар	1	REI 150	1	1
	2	REI 45	2	2
Аралық қабырғалар	1	EI 45	2	1
	2	EI 15	3	2
Аражабындар	1	REI 150	1	1
	2	REI 60	2	1
	3	REI 45	2	1

4	REI 15	3	2
---	--------	---	---

2-кесте

Өртке қарсы кедергілерде ойықтарды толтырудың отқа төзімділік шектері

Ескерту. 2-кесте жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2011.10.31 № 1249 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Өртке қарсы кедергілердегі ойықтар элементтерінің атауы	Өртке қарсы кедергілердегі ойықтарды толтыру типі	Отқа төзімділік шектері
Есіктер (25 % артық шыны салынған есіктерден және түтін-газ өткізбейтін есіктерден басқа) қақпалар, люктер, перделер мен экрандар	1	EI 60
	2	EI 30
	3	EI 15
Лифті шахталарының есіктері	2	EI 30 (биіктігі лифт шахталары есіктерінің отқа төзімділік шегі E 30 қабылданады)
Терезе	1	E 60
	2	E 30
	3	E 15
Перделер	1	EI 60
От бөгегіш клапандар	1	EI 90
	2	EI 30
	3	EI 15

"Өрт қауіпсіздігіне қойылатын жалпы талаптар" техникалық регламентіне
5-қосымша
1-кесте

Ғимараттардың, құрылымдардың, құрылыстардың және өрт бөлмелерінің құрылыс құрастырылымдарының отқа төзімділік дәрежесінің және отқа төзімділік шегінің сәйкестігі

Ғимараттардың отқа төзімділік дәрежесі	Құрылыс құрастырылымдарының отқа төзімділігінің ең кіші шегі, оттың таралуының ең кіші (сызық үстінде) үлкен шектері, см, (сызық үстінде)				(Бағандар	Басқыш алаңдар, косоурлар, басқыштар, бөренелер	тақталар, настилы (оның ішінде жылытқышы бар) және аражабындар	эл пл тө он
	негізгі арқалық	Сыртқы арқалық емес (оның	Ішкі арқалық емес					

	және басқыш шабақтардың	өзін өзі көтеретін арқалық	ішінде аспа панельдердің)	аралық қабырғалар)		мен басқыш шабақтардың қадамдары	дың басқа арқалық құрастырылымдары	және баба
I	$\frac{150}{0}$	$\frac{90}{0}$	$\frac{30}{0}$	$\frac{30}{0}$	$\frac{150}{0}$	$\frac{60}{0}$	$\frac{60}{0}$	$\frac{30}{0}$
II	$\frac{120}{0}$	$\frac{60}{0}$	$\frac{15}{0}$	$\frac{15}{0}$	$\frac{120}{0}$	$\frac{60}{0}$	$\frac{45}{0}$	$\frac{15}{0}$
III	$\frac{120}{0}$	$\frac{60}{0}$	$\frac{15; 30}{0 \ 40}$	$\frac{15}{40}$	$\frac{120}{0}$	$\frac{60}{0}$	$\frac{45}{25}$	н.б
IIIa	$\frac{60}{0}$	$\frac{30}{0}$	$\frac{15}{40}$	$\frac{15}{40}$	$\frac{15}{0}$	$\frac{60}{0}$	$\frac{15}{0}$	$\frac{15}{25}$
IIIб	$\frac{60}{40}$	$\frac{30}{40}$	$\frac{15; 30}{0 \ 40}$	$\frac{15}{40}$	$\frac{60}{40}$	$\frac{45}{0}$	$\frac{45}{25}$	$\frac{15}{0}$
IV	$\frac{30}{40}$	$\frac{15}{40}$	$\frac{15}{40}$	$\frac{15}{40}$	$\frac{15}{40}$	$\frac{15}{25}$	$\frac{15}{25}$	н.б
IVa	$\frac{15}{40}$	$\frac{15}{40}$	$\frac{15}{н.н}$	$\frac{15}{40}$	$\frac{15}{0}$	$\frac{15}{0}$	$\frac{15}{0}$	$\frac{15}{н.н}$
V	н.б							

Ескертпелер:

1. Жақша ішінде құрастырылымдардың тік және еніс учаскелері үшін оттың таралуы берілген;
2. "н.б." қысқарған сөзі көрсеткіштің нормаланбайтынын білдіреді.

2-кесте

Ғимараттардың, құрылымдардың, құрылыстардың және өрт бөлмелерінің құрылыс құрастырылымдарының құрылымдық өрт қауіптілігі класының және өрт қауіптілігі кластарының сәйкестігі

Ғимараттың құрылымдық өрт қауіптілігі класы	Құрылыс құрастырылымдарының өрт қауіптілігі класы, төмен емес				
	Арқалық өзектік элементтер (бағандар, ригелдер, фермалар)	Ішкі жағынан сыртқы қабырғалар	Қабырғалар, аралық қабырғалар, аражабындар және шатырсыз жабындар	Басқыш шарбақтар қабырғалары және өртке қарсы тосқауылдар	Басқыш шарбақтардағы баспалдақтардың қадамдарымен алаңдары
C0	K0	K0	K0	K0	K0
C1	K1	K2	K1	K0	K0
C2	K3	K3	K2	K1	K1
C3	Нормаланбайды			K1	K3

"Өрт қауіпсіздігіне қойылатын жалпы талаптар" техникалық регламентіне
6-қосымша

Елді мекенде сырттан өрт сөндіруге жұмсалатын су құбыры желісінің магистральдық және сақиналы тораптары суының шығыны

Елді мекендегі тұрғындардың саны (мың адам)	Бір мезгілдегі өрттердің есептік саны	Елді мекенде бір өртке сыртқы өрт сөндіруге жұмсалатын су шығыны, л/с	
		Отқа төзімділігі дәрежесіне қарамастан қоса екі қабатқа дейін биіктікпен ғимараттар салу	Отқа төзімділігі дәрежесіне қарамастан үш қабат және одан жоғары биіктікпен ғимараттар салу
1 дейін	1	5	10
1 жоғары 5 дейін	1	10	10
5 жоғары 10 дейін	1	10	15
10 жоғары 25 дейін	2	10	15
25 жоғары 50 дейін	2	20	25
50 жоғары 100 дейін	2	25	35
100 жоғары 200 дейін	3	Нормаланбайды	40
200 жоғары 300 дейін	3	Нормаланбайды	55
300 жоғары 400 дейін	3	Нормаланбайды	70
400 жоғары 500 дейін	3	Нормаланбайды	80
500 жоғары 600 дейін	3	Нормаланбайды	85
600 жоғары 700 дейін	3	Нормаланбайды	90
700 жоғары 800 дейін	3	Нормаланбайды	95
800 жоғары 1000 дейін	3	Нормаланбайды	100

"Өрт қауіпсіздігіне қойылатын жалпы талаптар" техникалық регламентіне
7-қосымша

Тұрғын ғимараттар мен қоғамдық ғимараттардағы жекеленген өрттерді сырттан өрт сөндіруге жұмсалатын су құбыры желісінің қосу және тарату тораптары суы шығыны

Ғимараттардың атауы	Ғимараттардың көлемі, мың м ³ кезінде отқа төзімділігі дәрежесіне қарамастан тұрғын және қоғамдық ғимараттарда сыртқы өрт сөндіруге, бір өртке жұмсалатын су шығыны, л/с

	1 дейін	1 жоғары 5 дейін	5 жоғары 25 дейін	25 жоғары 50 дейін	50 жоғары 150 дейін
Бір секциялы және көп секциялы тұрғын ғимараттар, қабаттарының саны:					
2 дейін	10*	10	-	-	-
2 жоғары 12 дейін	10	15	15	20	-
12 жоғары 16 дейін	-	-	20	25	-
16 жоғары 25 дейін	-	-	-	25	30
Қоғамдық ғимараттар, қабаттарының саны:					
2 дейін	10*	10	15	-	-
2 жоғары 6 дейін	10	15	20	25	30
6 жоғары 12 дейін	-	-	25	30	35
12 жоғары 16 дейін	-	-	-	30	35
* Ауылдық елді мекендер үшін бір өртке жұмсалатын су шығыны — 5 л/с.					

"Өрт қауіпсіздігіне қойылатын
жалпы талаптар" техникалық
регламентіне
8-қосымша

Бір және екі қабатты өндірістік нысандар мен бір қабатты қойма ғимараттарында сыртқы өрт сөндіруге су шығыны

1-кесте

Ғимараттың отқа төзімділік деңгейі	Жарылыс-өрт және өрт қауіптілік бойынша үймараттар санаты	Ғимарат көлемдері жағдайда бір өртке ені 60 м шамды, сондай-ақ шамсыз өндірістік ғимараттарда сыртқы өрт сөндіруге арналған су шығыны, л/с, мың м ³						
		3-ке дейін	3 жоғары 5 дейін	5 жоғары 20 дейін	20 жоғары 50 дейін	50 жоғары 200 дейін	200 жоғары 400 дейін	400 жоғары 600 дейін
I және II	Г, Д	10	10	10	10	15	20	25
I және II	А, Б, В1-В4	10	10	15	20	30	35	40
III	Г, Д	10	10	15	25	35	-	-
III	В1-В4	10	15	20	30	40	-	-
IV және V	Г, Д	10	15	20	30	-	-	-
IV және V	В1-В4	15	20	25	40	-	-	-

2-кесте

--	--	--	--	--

Ғимараттың отқа төзімділік деңгейі	Жарылыс қауіптілік және өрт қауіптілік бойынша үймарат санаты	Ғимарат көлемдері жағдайда бір өртке ені 60 м шамды, сондай-ақ шамсыз өндірістік ғимараттарда сыртқы өрт сөндіруге арналған су шығыны, л/с, мың м ³								
		50-ге дейін	50 жоғары	100 жоғары	200 жоғары	300 жоғары	400 жоғары	500 жоғары	600 жоғары	700 жоғары
I және II	А, Б, В1-В4	20	30	40	50	60	70	80	90	100
I және II	Г, Д	10	15	20	25	30	35	40	45	50

"Өрт қауіпсіздігіне қойылатын жалпы талаптар" техникалық регламентіне
9-қосымша
1-кесте

Отқа төзімділік деңгейіне қарай тұрғын үй, қоғамдық және өнеркәсіптік кәсіпорындардың көмекші ғимараттары арасында өртке қарсы қашықтықтар

Ғимарат, құрылыс және құрылымның отқа төзімділік деңгейі	Ғимарат, имараттың отқа төзімділік деңгейлері жағдайда ең кіші қашықтық, м		
	I, II	III	IV, V
I, II	6	8	10
III	8	8	10
IV, V	10	10	15

2-кесте

Өнеркәсіптік кәсіпорындардың ғимараттары мен имараттары арасында отқа төзімділік деңгейі арасында өртке қарсы қашықтықтар мен жарылыс - өрт және өрт қауіптілігі бойынша өндіріс санаттары

Ғимарат, құрылыс және құрылымның отқа төзімділік деңгейі	Ғимарат, үймараттың отқа төзімділік деңгейі жағдайда ең кіші қашықтық, м		
	I, II, IIIa	IIIb,	IV, IVa, V
I, II, IIIa	9* - жарылыс - өрт және өрт қауіптілігі бойынша А, Б және В1 - В4 санатты өндірістермен ғимарат пен үймараттар үшін; Г және Д санатты өндірістермен ғимараттар мен үймараттар үшін нормаланбайды.	9	12
III	9	12	15
IIIb, IV, IVa, V	12	15	18

* Жарылыс - өрт және өрт қауіптілігі бойынша А, Б және В1 - В4 санатты өндірісті І, ІІ, ІІІ отқа төзімділікті деңгейлі ғимараттар мен ұймараттар үшін көрсетілген қашықтықты мына шарттардың біреуін сақтаған жағдайда 9 м-ден 6 м-ге дейін азайту рұқсат етіледі:

- 1) ғимараттар мен ұймараттар өрт сөндірудің орнықты автомат жүйелерімен жабдықталады;
- 2) В1 - В4 санатты өндірісті ғимараттарда жанғыш заттармен меншікті жүктеу қабаттың 1 м^2 алаңына 10 кг-нан кем немесе тең.

Отқа төзімділік деңгейлеріне қарай ауыл шаруашылық кәсіпорындарының ғимараттары мен ұймараттары арасында өртке қарсы қашықтықтар

3-кесте

Ғимарат, құрылыс және құрылымның отқа төзімділік деңгейі	Ғимарат, ұймараттың отқа төзімділік деңгейі жағдайда ең кіші қашықтық, м		
	І	ІІ	ІІІ, IV, V
ІІ	9* - Жарылыс - өрт және өрт қауіптілігі бойынша А, Б және В1 - В4 санатты өндірістермен ғимарат және ұймарат үшін Г және Д санатты өндірісті ғимараттар мен ұймараттар үшін нормаланбайды.	9	12
ІІІ	9	12	15
IV, V	12	15	18

* Жарылыс - өрт және өрт қауіптілігі бойынша А, Б және В1 - В4 санатты өндірісті ІІ отқа төзімділікті деңгейлі ғимараттар мен ұймараттар үшін көрсетілген қашықтық мына шарттардың біреуін сақтаған жағдайда 9 м-ден 6 м-ге дейін азайту рұқсат етіледі:

- 1) ғимараттар мен ұймараттар өрт сөндірудің автомат өрт дабылымен жабдықталады;
- 2) ғимараттарда жанғыш заттармен меншікті жүктеу қабаттың 1 м^2 алаңына 10 кг-нан кем немесе тең.

4-кесте

Қоймалар	Қо й м а сыйымдылығы	Ғимарат, имараттың отқа төзімділігінің деңгейі жағдайда ең кіші қашықтық, м,		
		ІІ	ІІІ	IV, V
1. Шөп, сабан, зығыр, кендір, тартылмаған бидай, мақтаны ашық күйде сақтау	Нормаланбайды	30	39	48
2. Темекі және шай жапырақтарын, жібек құртын ашық күйде сақтау	25 т дейін	15	18	24

Ескертпелер:

1. Материалдарды жабын астына қоймалаған жағдайда көрсетілген қашықтықтарды екі есе кішірейтуге рұқсат етіледі;
2. Қашықтықтарды көрсетілген материалдарды орналастыруға (қоймалауға) арналған алаң шектерінен анықтау керек;
3. Қоймалардан жарылыс өрт және өрт қауіптілігі бойынша А, Б және В1-В4 санатты өндіріспен қоймалардан ғимараттар мен ұймараттарға дейінгі қашықтықты 25%-ға арттыру керек.
4. Қоймалар мен өзге жанғыш материалдар қоймаларына дейінгі қашықтықты отқа төзімділік деңгейі IV, V ғимараттар, ұймараттарға дейін деп қабылдау керек.

5. Ашық сақтау қоймасынан орман шекараларына дейінгі қашықтықтарды 100м-ден кем деп қабылдау керек.

"Өрт қауіпсіздігіне қойылатын жалпы талаптар" техникалық регламентіне
10-қосымша
1-кесте

Мұнай және мұнай өнімдерінің қоймалары аумағындағы ғимараттар мен ұймараттардан көрші нысандарға дейінгі өртке қарсы қашықтықтар

Нысан атауы	Қойма санаты төмендегідей жағдайда мұнай өнімдері қоймаларының ғимараттары мен ұймараттарынан көрші нысандарға дейінгі өртке қарсы қашықтық, м				
	I	II	IIIa	IIIб	IIIв
1. Көрші өндірістік нысан ғимараттары мен ұймараттары	100	40 (100)	40	40	30
2. Орман алабы:	100	50	50	50	50
Қылқан және аралас текті	100	100	50	50	50
Жапырақ текті	100	100	50	50	50
3. Ағаш материалдары, талшықты заттар, шөп және сабан қоймалары	100	100	50	50	50
4. Жалпы желілі темір жолдары (үйме табанынан немесе жиектеме шетіне дейін):	150	100	80	60	50
Стансаларда	80	70	60	50	40
Айырым мен платформаларда	60	50	40	40	30
бекеттерде	60	50	40	40	30
5. Жалпы желілі автомобиль жолдары (жүру жол шеті):	75	50	45	45	45
I, II және III санатты	40	30	20	20	15
IV және V санатты	40	30	20	20	15
6. Тұрғын және қоғамдық ғимараттары	200	100 (200)	100	100	100
7. Жалпы арналған авто жағар май құю стансаларының тарату бағаналары	50	30	30	30	30
8. Гараждар мен автомобильдердің ашық тұрақтары	100	40 (100)	40	40	40
9. Қоймаға жатпайтын тазарту канализациялық құрылғылар мен сорғылық стансалар	100	100	40	40	40
10. Қоймаға жатпайтын су құю құрылымдары	200	150	100	75	75
11. Сұйық қоймалық паркке арналған апаттық сыйымдылық (сыйымдылықтар)	60	40	40	40	40
12. Жарылыс - өрт және өрт қауіптілігі бойынша А және Б санатты технологиялық қондырғылар және газ жағуға арналған шырақтық қондырғылар	100	100	100	100	100

Ескертпе - Жақша ішінде көрсетілген қашықтықтарды жалпы сыйымдылығы 50 мың м артық II санатты қоймалар үшін қабылдау керек.

2-кесте

Ғимараттар мен үймараттардан жанғыш сұйықтықтар қоймаларына дейінгі өртке қарсы қашықтықтар

Қойма сыйымдылығы, м ³	Ғимарат пен үймараттың отқа төзімділік деңгейі жағдайда қашықтық, м		
	I, II	III	IV, V
100-ге дейін	20	25	30
100 жоғары 800 дейін	30	35	40
800 жоғары 2 000 дейін	40	45	50

3-кесте

Мұнай және мұнай өнімдерін сақтауға арналған қойма санаттары

Қойма санаты	Бір сұйыққойманың ең жоғарғы көлемі, мың м ³	Қойманың жалпы сыйымдылығы, мың м ³
I	-	100-ден жоғары
II	-	20 жоғары 100 дейін қоса
IIIa	5-ке дейін қоса	10 жоғары 20 дейін қоса
IIIб	2-ге дейін қоса	2 жоғары 10 дейін қоса
IIIв	0,7-ге дейін қоса	2-ге дейін қоса

"Өрт қауіпсіздігіне қойылатын жалпы талаптар" техникалық регламентіне
11-қосымша
1-кесте

Авто жағар май құю стансаларынан өзге ғимараттар, үймараттар мен авто жағар май құю стансасының кешеніне жатпайтын өзге объектілерге дейінгі ең жақын қашықтық

Оған дейін қашықтық анықталатын объектілер атауы	АЖМС-нан қашықтық, м		
	A түрі	B түрі	C түрі
1. Кәсіпорынның өндірістік, қоймалық және әкімшілік ғимараттары мен құрылымдары (12-жолда көрсетілгеннен басқа):			
отқа төзімділіктің I, II және III-деңгейлері;	12	12	12
Отқа төзімділіктің IV, V-деңгейлері	18	18	18
2. Тұрғын үй және қоғамдық ғимараттар, сауда палаткалары мен дүңгіршіктері	50*	50* (25)	50* (25)

3. Адамдар көп жиналатын орындар (жер беті көлігінің аялдамалары, метро стансасынан шығатын орындар, рыноктар)	50	50	50
4. Гараждар мен автомобильдердің ашық тұрақтары	20	20	20
5. Автомобиль жолдары (жүру бөліктерінің шеттеріне дейін):			
I санатты;	25	25	25
өзге санатты	15	15	15
6. Жалпы желілік темір жолдары (үйінді табаны немесе жиек шеті)	25	25	25
7. Қоймалар: ағаш материалдары, талшықты заттар, шөп, сабандар	20	20	20
8. Орман алқабы:			
Қылқан және аралас текті	50	50	50
Жапырақ текті	20	20	20
9. Инженерлік құдықтар: су құбыры, канализация, газ құбыры (1,2 МПа дейінгі қысымды), байланыс, жылу кабельдері	20	20	20
10. АЖМС қатысы жоқ тазартқыш канализациялық құрылымдар мен сорғы стансалары (канализациялық желілер мен оларға қатысты құдықтардан басқа)	20	20	20
11. АЖМС қатысы жоқ су құбыры құрылымдары (су құбыры желілері мен оларға қатысты құдықтардан басқа)	25	25	25
12. Жарылыс - өрт және өрт қауіптілік бойынша А, Б және Г санатты сыртқы технологиялық қондырғылар, I және II класты қауіптілікті радиобелсенді және зиянды заттардың болуымен ғимараттар мен үймараттар және газ жағуға арналған шырақ қондырғылары	100	100	100
13. Көршілес авто жағар май құю стансалары	100	100	100
Ескертпелер:			
1. Қашықтықты отын сақтайтын жерасты сұйыққоймаларынан, тарату бағандарынан, автоцистернадан төгуге арналған үймараттан балалар мектепке дейінгі мекемелер, жалпы білім беру мектептерінің, мектеп-интернаттардың, жатып емделетін емдік мекемелердің жер телімдерінің шекараларына дейін немесе тұрғын үй және өзге арналған қоғамдық ғимараттар қабырғаларына дейін анықтау керек.			
2. АЖМС-нан электр берудің ауа желілеріне, электр техникалық құрылғылар мен құрылымдарға дейінгі қашықтықтар "Қазақстан Республикасының электр қондырғыларын орнату ережесі" талаптарына (ПУЭ) және Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің аумақтық органымен келісім бойынша қабылданады.			
3. АЖМС-нан өрт қауіпті материалдар қоймаларынан, технологиялық қондырғылар мен 1-кестеде көрсетілмеген өзге нысандарға дейінгі қашықтық белгіленген тәртіпте бекітілген Қазақстан Республикасының құрылыс нормалары мен ережелері талаптарына сәйкес анықталады.			
4. АЖМС теміржол және автомобиль көпірлері астына және оларға 100 м жақындықта орналастыруға тыйым салынады.			
5. Жақша ішінде көрсетілген қашықтықтарды тек жеңіл автомобильдерге қызмет көрсететін АЖМС үшін қабылдау керек.			
6. "*" белгіленген қашықтықтарды толық салмағы 3,5 т артық автокөлік құралдарына қызмет көрсететін АЖМС үшін екі есе арттыру керек.			
7. Жер бетілік сұйыққоймалы АЖМС-нан 1,2, 3,4,7,10,11 жолдарда көрсетілген нысандарға дейінгі қашықтықты екі есе арттыру керек.			

Жер бетілік сұйыққоймалы АЖМС ғимараттары мен құрылымдары арасындағы ең кіші қашықтықтар

АЖМС ғимараттары мен ұймарат атаулары	"...атауы" бағанасында жазу тәртібінде сәйкес ғимараттар мен ұймараттар арасындағы ең кіші қашықтық, м				
	1	2	3	4	5
1. Отын сақтау сұйық қоймалары	-	8	-	10	-
2. Отын тарату бағаналары	8	-	8	9	4
3. Автоцистерналарға арналған алаң	-	8	-	9	-
4. АЖМС операторлығы	10	9	9	-	9
5. Мұнай өнімдерімен ластанған атмосфералық жауын-шашындарға арналған тазарту құрылғылары	-	4	-	9	-

Ескертпе:

1. "-" деп белгіленген қашықтықтар нормаланбайды;
2. Технологиялық бөліктері бір біріне қарама қарсы орналасқан отын сақтау сұйыққоймалары арасында қашықтық кемі 4 м деп қабылдау керек.
3. Жүргізушілер, жолаушылар мен көлік құралдарына сервистік қызмет көрсету ғимаратына дейінгі қашықтық 1-кесте бойынша қабылданады.

3-кесте

Жерасты сұйыққоймалы АЖМС аумағында орналасқан ғимараттар мен ұймараттар арасындағы ең жақын қашықтықтар

АЖМС ғимарат пен ұймарат атауы	"...атауы" бағанасында жазу тәртібінде сәйкес ғимараттар мен ұймараттар арасындағы ең кіші қашықтық, м								
	1	2	3	4	5	6	7	8	9
1. Отын сақтауға арналған жерасты сұйыққоймалары	-	4	-	$\frac{3}{9}$	9	$\frac{9}{15}$	15	-	6
2. Отын тарату бағаналары (ТРК)	4	-	-	$\frac{6}{9}$	9	$\frac{12}{15}$	15	4	9
3. Автоцистернаға арналған алаң	-	-	-	$\frac{6}{9}$	-	$\frac{12}{15}$	15	-	9

АЖМС қызметкерлері мен көлік құралдарына сервистік қызмет көрсетуге арналған ғимараттар (техникалық қызмет көрсету орындары мен автомобильдерді жуу)

4. отқа төзімділік бойынша I және II деңгейлер	$\frac{3}{9}$	$\frac{6}{9}$	$\frac{6}{9}$	6	9	9	9	$\frac{3}{9}$	-
5. отқа төзімділік бойынша III деңгейлер	9	9	9	9	12	9	12	$\frac{6}{9}$	$\frac{6}{9}$

Жолаушылар мен жүргіншілерге сервистік қызмет көрсету ғимараттары (сәйкес тауарлар дүкені, кафе, санитарлық торап)

6. отқа төзімділік бойынша I және II деңгейлер	$\frac{9}{12}$	$\frac{12}{15}$	$\frac{12}{15}$	9	9	6	9	$\frac{9}{15}$	-
--	----------------	-----------------	-----------------	---	---	---	---	----------------	---

7. отқа төзімділік бойынша III деңгейлер	15	15	15	9	12	9	12	$\frac{12}{15}$	$\frac{6}{9}$
8. Мұнай өнімдерімен ластанған атмосфералық жауын-шашынды тазарту құрылғылары	-	4	-	$\frac{3}{9}$	$\frac{6}{9}$	$\frac{9}{15}$	$\frac{12}{15}$	-	6
9. Көлік құралдарының тұрақ алаңы	6	9	9	$\frac{-}{9}$	$\frac{6}{9}$	$\frac{-}{9}$	$\frac{6}{9}$	6	12

Ескертпе:

1. Қашықтықтар көрсетілген: алымда — жақтаусыз ғимарат қабырғаларына дейін, бөлімде жақтаулы ғимарат қабырғасы. "-" белгіленген қашықтықтар нормаланбайды;
2. Қашықтықтар нормаланбайды:
 - 1) егер өзге ғимарат жағына қаратылған барынша кен ғимарат қабырғасы өртке қарсы болса, көлік құралдарына сервистік қызмет көрсету ғимараттары арасында;
 - 2) егер АЖМС қызметкерлеріне арналған ғимаратта жүргізушілерге, жолаушылар мен олардың көлік құралдарына сервистік қызмет көрсету ғимараты болмаса;
3. Көлік құралдарының тұрағына арналған өлшемдер онда бірдей уақытта 10 көлік құралы болуын қамтамасыз етуі керек. 9-жолда жеңіл мен мотокөліктер тұрақтарына дейін қашықтық көрсетілген. Өзге көлік құралдарының тұрақтарын ұйымдастырған кезде отқа төзімділік бойынша I және II санатты жақтаусыз ғимарат қабырғаларына дейінгі қашықтық кемі 9 м, ал қалған қашықтықтарды 50 %-ға арттыру керек.
4. Трансформатор қосалқы стансасынан АЖМС ғимараты мен құрылымдарына дейінгі қашықтық ПУЭ талаптарына сәйкес қабылданады.

"Өрт қауіпсіздігіне қойылатын жалпы талаптар" техникалық регламентіне
12-қосымша

Көлік құралдарын сақтау мен қызмет көрсету орындарына дейін өртке қарсы қашықтықтар

Оларға дейінгі қашықтық анықталатын ғимарат	Көрші ғимаратқа дейінгі қашықтық, м					
	Жеңіл автомобильдер саны жағдайда гараждар мен ашық тұраққа дейін				Орындар саны жағдайда техникалық қызмет көрсету стансасынан	
	10 дейін	11-50	51-100	101-300	10 дейін	11-30
Тұрғын үйлер:						
Жақтаулы қабырғаға дейін	10(12)	15	25	35	15	25
